



Kunaev University

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған
студенттер мен жас ғалымдардың
«Қоғамның цифрлық трансформациясы жағдайында
мемлекет пен құқық дамуының өзекті мәселелері»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми-теориялық
конференциясының**

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

**международной научно-теоретической конференции
студентов и молодых ученых на тему:
«Актуальные проблемы развития государства и права в
условиях цифровой трансформации общества»,
посвящённая Дню Независимости Республики Казахстан**

MATERIALS

**of the International Scientific and Theoretical Conference for
Students and Young Scholars on the topic:
“Current Issues of State and Law Development in the Context
of Digital Transformation of Society,”
dedicated to the Independence Day of the
Republic of Kazakhstan.**

Алматы 2025

УДК 342.9:004
ББК 67.9:32.973
А43

Ответственный редактор: Проректор по научно-исследовательской работе Университета Кунаева, доктор PhD Бегазова Г.Ж.

«Актуальные проблемы развития государства и права в условиях цифровой трансформации общества» материалы международной научно-теоретической конференции студентов и молодых ученых.– г. Алматы, 2025, ТОО «Университет Кунаева»

ISBN 978-9965-627-91-0

В сборнике представлены доклады участников международной научно-теоретической конференции, которая состоялась 6 декабря 2025 года: Университет Кунаева, 2025.- каз., рус., англ.



УДК 342.9:004
ББК 67.9:32.973
А43

ISBN 978-9965-627-91-0

СОДЕРЖАНИЕ

Абишева М. Н., Куналиев А. А. Совершенствование законодательства Республики Казахстан в сфере страхования: проблемы и перспективы.....	3
Алтынбаев Е. Т. Азаматтық қоғам институттарының дамуы және мемлекетпен өзара әрекеттестігі.....	5
Ашимбаев Д. А. Трансұлттық киберқылмыс құрылымдарынан тарайтын киберқылмыстарды ерте ескерту мәселелері мен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдары.....	10
Кенджасарова А. М. Ауыл шаруашылығы жерлерінің деградациясы және оның экономикалық салдары.....	16
Акижанова З. К. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыстары құрамдарының құқықтық зерттеу мәселелері.....	20
Акижанова З. К. Қазақстан Республикасында қылмыстық сот өндірісіне қатысушыларға қарсы жасалатын қылмыстардың жасалу себептері мен жағдайлары.....	26
Анаркулов Б. Е. Қылмыстық құқық субъектісінің ұғымы және негізгі сипаттамалық белгілері.....	31
Анес Б. К. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізуіндегі моральдық зиянды өтеу құқығының пайда болу ерекшеліктері.....	37
Уланқызы А. Особенности и проблемы исполнения наказаний в отношении осуждённых женщин.....	44
Байсамбеков Б. А. Развитие и становление законодательства Республики Казахстан о фондах как некоммерческих организаций.....	47
Жанғазынова М. Е. Кәмелетке толмағандарды саудалау құрамының қылмыстық-құқықтық табиғаты: теориялық негіздер мен концептуалдық мәселелер.....	55
Жайжанова Р.Д. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың қағидалары.....	63
Жумадилова А. Н. Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды цифрландырудың мәселелері мен перспективалары.....	70
Kagazbekova S. The Impact of Digital Technologies on Increasing Motivation and Engagement of Medical Staff.....	75
Абдигалиев А. Актуальные проблемы развития государства и права в условиях цифровой трансформации общества Республики Казахстан....	79
Абдракын Н. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – қоғам дерті.....	82
Айтжан А. С. Қылмыстық заңнаманың түсінігі және сипаттамасы.....	85
Айтбай К. Б. Қазақстандағы NEET жастар.....	87

Алмасқызы Е. Қазақстандағы технопарктер және цифрлық трансформация.....	91
Амангельдинов Д. Влияние искусственного интеллекта на рынок труда в Республике Казахстан.....	97
Аманкос Ж. К. Құмар ойын тәуелділігінің жасырын қырлары.....	101
Бақытбек Ә. Полиция қызметінде жасанды интеллекттің рөлі және адам құқықтарын қорғаудағы мүмкіндіктері.....	105
Бақатай Ұ. Цифрлық мәмілелер мен смарт-келісімшарттарды құқықтық қамтамасыз ету: ЖИ интеграциясының азаматтық құқыққа әсері.....	108
Базарбай Д. Цифрлық Қазақстанда есірткі мәселесін жою: жастар қауіпсіздігі және құқықтық саясат.....	114
Бөкен Н. Ж. Су ресурстары үнемдеудің салдары.....	116
Бекжігіт Е. Т. Терроризмді қаржыландыру тетіктеріне қарсы күрестегі мәселелер.....	119
Дидарқызы Л. Цифрлық мемлекет жағдайында адам құқықтарын қорғаудың тетіктері.....	124
Едіген А. Ғ. Қазақ тіліне жастар сленгі мен эмодзилердің әсері.....	129
Ермагамбетова Ж. Н. Жасанды интеллект және құқық: студенттердің күнделікті өміріне әсері.....	132
Ермагамбетова Ж. Н. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігінің өзекті мәселелері.....	135
Ермек А. Жасанды интеллектіні азаматтық құқықтық реттеу: жауапкершілік моделдерінің салыстырмалы құқықтық талдауы.....	140
Жарылқасын Н. Е. Ауыл мен қала арасындағы теңсіздік және оның құқықтық реттелуі.....	145
Ислам Ж. Цифрландырудың Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметті жетілдірудегі ықпалы.....	152
Кендебаева А. Мемлекеттік басқарудағы өзгерістерді қабылдау қиындығы.....	155
Курманбек І. Өзгерістерге қарсыласықты басқару.....	159
Магжанов Н. Н. Цифровая трансформация государственного управления: анализ инициатив внедрения искусственного интеллекта в министерствах Республики Казахстан.....	164
Максимова Н. А. Қылмыстық құқық бұзушылық түрлері.....	166
Махсуд Е.Қ. Жасанды интеллекттің қазіргі замандағы мүмкіндіктері мен қауіпі.....	168

Мұратбек А. Цифрлық технологиялардың тұрғын үй құқығын

қорғаудағы рөлі.....	170
Мусаева Ж. М. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеудің эволюциялық үдерісі.....	173
Никонова Ж. Этика искусственного интеллекта, влияние и последствия.....	178
Оспанхан А. Отрицательное влияние искусственного интеллекта на экономику Республики Казахстан.....	180
Орынбасар Д.Е. Теоретико-правовые аспекты использования искусственного интеллекта.....	183
Рабатов А. Ұлттық код – еліміздің бағдары.....	185
Солдатова Д. Альтернативные источники энергии как драйвер экономического роста: проблемы и перспективы в контексте Казахстана.....	187
Тоқтасын Э. Ж. ҚР Каспий, Арал теңіздерінің экологиялық қауіпсіздігі.....	189
Төлеуғазы Ш. Қ. Банктердегі киберқауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету.....	194
Устабаева К. Цифровой Казахстан: комплексная трансформация экономики и общества.....	198

Абишева М. Н.

Докторантка 2 курса
КазНУ имени аль-Фараби

Научный руководитель:

доктор PhD Қожабек К.

Куаналиев А. А.

Старший преподаватель Академии
правоохранительных органов
при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан,
Советник юстиции

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СФЕРЕ СТРАХОВАНИЯ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

После обретения независимости Республика Казахстан приступила к формированию собственной системы правового регулирования страховой деятельности. Первым специальным нормативным правовым актом стал Закон Республики Казахстан от 3 июля 1992 года «О страховании в Республике Казахстан», которым страхование было отнесено к предпринимательской деятельности. Данный закон заложил основы страхового рынка, определил формы (обязательное и добровольное) и виды страхования (личное, имущественное, неимущественное), а также ввёл новые для национальной экономики институты сострахования и перестрахования.

Следующим этапом стало принятие Указа Президента Республики Казахстан от 8 апреля 1993 года, которым была введена норма, запрещающая иностранным юридическим лицам осуществлять страховую деятельность на территории Казахстана. Это решение было направлено на защиту национального страхового рынка в условиях его начального становления.

Качественно новый этап развития страхового законодательства связан с изданием Указа Президента Республики Казахстан от 16 апреля 1994 года «Об организационно-правовых мерах по формированию и развитию страхового рынка». Впервые был введён институт государственного регулирования и надзора за страховой деятельностью, а также установлены требования к организационно-правовой форме страховщиков, которые могли создаваться исключительно в форме акционерных обществ.

Указ Президента Республики Казахстан от 3 октября 1995 года «О страховании» обеспечил развитие конкуренции на страховом рынке и частично открыл его для иностранных инвестиций. В дальнейшем, в 1998 году, функции страхового надзора были переданы Национальному Банку Республики Казахстан, что способствовало интеграции страхового сектора в систему финансового регулирования.

Ключевым нормативным правовым актом, определяющим правовые основы страховой деятельности, является Закон Республики Казахстан от 18 декабря 2000 года № 126-ІІ «О страховой деятельности» [1]. Закон закрепил:

- деление страхования на отрасли «страхование жизни» и «общее страхование»;
- классификацию страхования по классам и видам;
- запрет на совмещение отраслей страхования одной страховой организацией;
- правовой статус страховых посредников;
- порядок лицензирования, реорганизации и ликвидации страховых организаций.

Дополнительно страховой рынок был признан частью финансового рынка страны Законом Республики Казахстан от 4 июля 2003 года «О государственном регулировании и надзоре финансового рынка и финансовых организаций» [2].

Закон Республики Казахстан от 12 июля 2022 года № 138-VІІ стал программным документом развития страхового рынка [3]. Его ключевые положения направлены на развитие социально значимых продуктов страхования жизни, расширение системы гарантирования страховых выплат, усиление защиты прав потребителей страховых услуг, цифровизацию страховой отрасли.

Особое внимание уделено обязательному автострахованию, для которого предусмотрен переход к полному цифровому циклу оказания страховых услуг — от заключения договора до получения страховой выплаты.

С 1 января 2024 года введён обязательный досудебный порядок рассмотрения споров со страховщиками через институт страхового омбудсмена [4]. До обращения в суд страхователь обязан обратиться к омбудсману, решение которого является обязательным для страховщика и бесплатным для клиента.

В 2024–2025 гг. реализован механизм онлайн-урегулирования страховых случаев по обязательному автострахованию. Все этапы урегулирования фиксируются в Единой страховой базе данных, что повышает прозрачность и снижает административные издержки [5].

Законодательством введён переход к гибкой системе тарификации обязательного автострахования с учётом региональной убыточности и страховой истории водителя. Развитие коэффициента бонус-малус направлено на стимулирование безопасного поведения участников дорожного движения [6].

С 2025 года страховые агенты обязаны иметь договор страхования гражданско-правовой ответственности, что усиливает защиту прав потребителей страховых услуг и повышает профессиональные стандарты посредников [7].

Современный этап развития страхования в Казахстане характеризуется интеграцией коммерческого и исламского страхования. Законодательство о такафуле формируется с учётом принципов шариата и международных стандартов исламского финансирования, что расширяет спектр страховых услуг и повышает финансовую инклюзивность [8].

Таким образом, страховое законодательство Республики Казахстан эволюционировало от начального этапа становления к комплексной системе регулирования, ориентированной на цифровизацию, защиту прав потребителей

и устойчивость страхового рынка. Изменения 2022–2025 гг. свидетельствуют о переходе к современной модели страхования, соответствующей международным стандартам и потребностям общества.

Список использованной литературы:

1. О страховой деятельности Закон Республики Казахстан от 18 декабря 2000 года № 126.//<https://adilet.zan.kz> (дата обращения: 27.11.2025)
2. О государственном регулировании и надзоре финансового рынка и финансовых организаций Закон Республики Казахстан от 4 июля 2003 г. N 474-ІІ.// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z030000474> (дата обращения: 27.11.2025)
3. О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности Закон Республики Казахстан от 12 июля 2022 г. № 138-VІІ.// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000138> (дата обращения: 27.11.2025)
4. Официальные разъяснения Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка о деятельности страхового омбудсмана.// <https://www.gov.kz/memleket> (дата обращения: 27.11.2025)
5. Материалы АРРФР РК о цифровизации обязательного автострахования.// <https://www.gov.kz/memleket> (дата обращения: 27.11.2025)
6. Аналитические отчёты по применению системы бонус-малус в Республике Казахстан.// <https://kz.kursiv.media> (дата обращения: 27.11.2025)
7. Нормативные акты АРРФР РК о страховых посредниках (2024–2025 гг.).// <https://www.gov.kz/memleket> (дата обращения: 27.11.2025)
8. Мынбаева Н.Б. Страховой рынок Республики Казахстан: этапы формирования и развития. – Алматы: Жеті Жарғы, 2022. – 234 с.

Алтынбаев Е.Т.

Қонаев Университетінің 1 курс докторанты

Ғылыми жетекші:

Заң ғылымдарының кандидаты,

доцент Ильясова Б. Қ.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

Азаматтық қоғам – мемлекеттің демократиялық негізін құрайтын маңызды институт болып саналады. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап Қазақстан азаматтық қоғам институттарының өркендеуіне барлық жағдай жасады [1]. Елде бүгінгі күнге қарай 18 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым (ҰЕҰ) тіркеліп, оларды мемлекет «сенімді серіктес» деп танып отыр. Мысалы, 2025 жылы өткен Азаматтық форумда Қазақстан Президенті бес жыл ішінде

әлеуметтік жобалар мен азамат бастамаларын қаржыландыру сомасы екі есеге жуық артты деп атап көрсетті [2]. Осылайша, азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастар саяси даму мен құқық үстемдігі үшін өзекті болып отыр. Біздің зерттеу мақсаты – азаматтық қоғам ұғымының құқықтық табиғатын ашып, Қазақстандағы оның институционалдық даму жолдарын қарастыру арқылы мемлекеттің азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу тетіктерін анықтау. Міндеттеріміз: азаматтық қоғам ұғымын, институттарын талдау; еліміздегі заңнаманы саралау; салыстырмалы талдау негізінде проблемалар мен құқықтық ұсыныстар жасау.

Азаматтық қоғам – бұл жеке тұлғалар мен олардың ерікті бірлестіктерінен құралған, мемлекеттен тәуелсіз қоғамдық қатынастар жүйесі. Оның басты мақсаты – азаматтардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға жағдай жасау. XX ғасырдың аяғы – XXI ғасырдың басында азаматтық қоғам институттары экономика, мәдениет, білім және әлеуметтік саясат сияқты барлық салаларда белсенділік таныта бастады. Конституциялық және құқықтық тұрғыдан азаматтық қоғам мемлекет алдындағы бақылаушы және құқық қорғаушы рөл атқарады: ол халықтың еркін білдіруін қамтамасыз етіп, «мемлекетті заңға бағындырушы» делдал қызметін атқарады [3, 37 б.]. ҚР Конституциясының 33-бабы азаматтарға «мемлекет істерін басқаруға қатысуға», мемлекеттік органдар мен жергілікті билікке өтініштермен жүгінуге тең құқық береді. Азаматтардың бұл құқықтарын іске асыруға парламенттік сайлау, референдум, жергілікті өзін-өзі басқару сияқты тетіктер жатады. Мәселен, мұнда әрбір азаматтық бастама мен қоғамдық пікір мемлекеттік шешімдерді ықпалдап, саяси мәдениетті нығайтуға бағытталады. Осылайша, азаматтық қоғам – жеке тұлғалар құқығының қорғалуы мен демократиялық басқарудың кепілі ретінде заң жүзінде бекітілген жүйе.

Азаматтық қоғам институттарына адам құқықтарын қорғау ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер мен қорлар, кәсіподақтар, діни қауымдастықтар, медиа ұйымдары, білім және ғылыми қауымдастықтар сияқты ерікті әрі беймемлекеттік ұйымдар кіреді. Олардың негізгі функциялары мыналар:

- Заң шығару және бақылау: Қоғамдық ұйымдар азаматтардың мүддесін қорғап, заң жобаларын талқылауға, Үкімет пен Парламент жұмысына ұсыныстар енгізуге қатысады.

- Билікке бақылау: Азаматтық қоғам институттары мемлекеттік органдардың қызметіне мониторинг жүргізіп, заң талаптарын сақталуын қадағалайды [3, 39 б].

- Сот және әлеуметтік әділдік: Қоғам арқылы азаматтар сот органдарына жүгініп, сот ісін жүргізуде қоғамдық бақылау орнатады; азаматтық бастамалар мен жәрдем көрсету арқылы әлеуметтік әділеттілік орнатуға септігін тигізеді.

- Қоғамдық диалог: ҰЕҰ мен БАҚ қоғамдық пікір қалыптастырып, білім беру, денсаулық сақтау, қоршаған орта қорғау секілді салаларда мәселе көтереді. Олар мемлекет пен халық арасында делдал болып, құқықтық-мәдени қатынастарды дамытуға ықпал етеді.

Бұл функциялардың барлығы азаматтық бастамаларды қолдауға, демократиялық шешім қабылдауды нығайтуға, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі конституциялық жүйесі азаматтық қоғамға жол ашты. 1995 жылы қабылданған Конституция демократиялық, құқықтық мемлекет принциптерін бекітіп, азаматтық қоғам институттарының дамуы үшін құқықтық негіз қалады. Айрықша ескерілген құқықтарға азаматтардың ерікті түрде бірлестік құруы мен бейбіт жиындар өткізуі жатады. 2000-жылдардан бастап азаматтық қоғамды қолдауға арналған заңдар қабылданды: «Қоғамдық бірлестіктер туралы» (1998), «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» (2001), «Қайырымдылық туралы» (2009) заңдары мүгедектер, зейнеткерлер, білім және экологиялық жобаларды қаржыландыру сияқты әлеуметтік бағыттарды реттеді. 2002 жылы тұңғыш рет ҰЕҰ-ларға мемлекеттің гранттық қолдауы енгізілді. 2006–2011 жылдарға арналған Тұжырымдама бойынша Азаматтық қоғамды дамыту іс-шаралар жоспары бекітіліп, онда қоғамдық бастамаларды қолдаудың жаңа тетіктері анықталды. Сарапшылардың бағалауынша, Қазақстанда құқықтық базаның дамуы мен үкіметтік емес секторды қолдау көрсеткіштері жоғары деңгейде. Бұл тұрақты заңнамалық өзгерістер мен мемлекеттік-қоғамдық әріптестіктің нәтижесі: «Құқықтық реттеу жағымды, мемлекет пен үкіметтік емес сектордың толыққанды жүйелі әріптестігі байқалады» [4]. Сонымен бірге, 2020–2030 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамаларда азаматтық қоғамға ден қою ісі жалғастырылды. Қазіргі кезеңде ҰЕҰ саны өсіп, олардың институттық дамуы мен қаржылық тұрақтылығын арттыруға басымдық берілуде.

Мемлекет азаматтық қоғаммен байланыс үшін әртүрлі институтар мен заңнамалық механизмдерді қолданады. Ең бастысы – азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу құқықтарын қамтамасыз ететін конституциялық және заңдық нормалар. ҚР Конституциясы азаматтарға мемлекеттік органдарға заңды өтініштер жолдап, сайлауға қатысуға мүмкіндік береді. Заңдар деңгейінде де ашық басқарудың тетіктері енгізілген: 2016 жылы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы қабылданып, мемлекеттік органдардың шешімдері туралы ақпаратты қолжетімді ету көзделді; Президент пен министрлердің халықпен ашық кездесулерін ұйымдастыру жөніндегі Жарлықтар қабылданды. Сонымен қатар, Парламенттік тыңдаулар, қоғамдық тыңдаулар, жергілікті мәслихаттар, референдум сияқты құралдар халық пікірін ескеріп, шешім шығаруға мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару заңымен азаматтарға жергілікті мәселелерді талқылауға тікелей қатысу қарастырылған. Мемлекет пен ҰЕҰ ынтымақтастығының жаңа формаларының бірі – Қоғамдық кеңестер институты. 2021 жылы «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға түзетулер енгізіліп, квазимемлекеттік секторда да 13 қоғамдық кеңес құрылды. Бұл кеңестер арқылы азаматтық қоғам өкілдері ұлттық компаниялар мен холдингтердің қызметіне мониторинг жүргізеді. Сондай-ақ, үкіметтік емес ұйымдар түрлі салалық мемлекеттік бағдарламаларға, қоғамдық кеңестерге қатысу, бюджеттік жобаларға ұсыныс енгізу және бақылау тетіктерімен тартылуда. Яғни, Қазақстанда мемлекеттік органдардың қоғаммен өзара іс-қимылы

конституциялық кепілдіктермен және арнайы заңдармен бекітілген. Мемлекеттік басқаруда «ашық үкімет» ұстанымы кеңінен енгізіліп, азаматтық бюджеттік жобалар, қоғамдық тыңдаулар, электрондық үкімет платформалары арқылы кері байланыс құру механизмдері қалыптасқан.

- Германия. Германия – федеративтік азаматтық-құқықтық мемлекет, онда ҰЕҰ негізгі үш құқықтық формада тіркеледі: қоғамдық бірлестік (Verein), қайырымдылық қоры (Stiftung) және жауапкершілігі шектеулі серіктестік (GmbH). Қайырымдылық мақсатындағы барлық қызметтер (білім, ғылым, денсаулық, әлеуметтік жәрдем) бойынша салық жеңілдіктері қарастырылған; тек қоғамдық пайдаға бағытталған ұйымдар корпоративтік және мүлік салығынан босатылады. Мысалы, Германияның Федералдық салық кодексінде секция 52-54 бойынша салықтық босату тек қайырымдылық, мәдени немесе ғылыми мақсаттармен айналысатын ұйымдарға ғана беріледі [5]. Мемлекеттік қолдау шаралары ретінде гранттар, салықтық жеңілдіктер және әлеуметтік серіктестік жүйесі кеңінен таралған. Осылайша, Қазақстанмен салыстырғанда Германияда қоғамдық ұйымдардың құқықтық формасы әртүрлі әрі түсінікті, әрі салықтық-құқықтық демеушілік бар [4].

- Оңтүстік Корея. Оңтүстік Кореяда да үкіметтік емес ұйымдар заңда жан-жақты реттелген. Кореяда қоғамдық ұйымдар ассоциация, қор және арнайы бағыттар бойынша реттелетін корпорация ретінде тіркеледі [6]. Мәселен, әлеуметтік қамсыздандыру, мектеп және басқа да секторлар үшін жеке заңнамалық нормалар бар. Елде Қайырымдылық қызметті реттейтін заңдар мен әлеуметтік кәсіпкерлікке арналған арнайы актілер қабылданған. ҰЕҰ үшін лицензиялау және есептілік талаптары бар, әсіресе шетел қаржыландыруына қатысты шектеулер сақталады. Басқа елдермен салыстырғанда, Оңтүстік Кореяда азаматтық белсенділік пен азаматтық бюджетті енгізу жағынан тәжірибе белсенді дамыған. Мысалы, әлеуметтік кәсіпкерлік заңы (2010) бойынша өңірлік кәсіпкерлік бағдарламалары арқылы қоғам қызметтері қолдау табады [6].

- Литва. Литвада әлеуметтік экономика мен азаматтық қоғам дамуы бірнеше заңдық актілермен реттеледі. Елімізде «Қоғамдастықтар туралы» заң (2004) және «Үкіметтік емес ұйымдардың дамуы туралы» заң (2013) қабылданған [7]. Қоғамдастықтар заңы қоғамдық бірлестіктердің құқықтық негізін айқындайды, ал ҰЕҰ заңында мемлекет тарапынан қолдаудың тетіктері – гранттар мен қайырымдылықты ынталандыру көзделеді. Литва ЕО елдері қатарына қосылып, ұлттық даму қорларын және қоғамдық кеңес құралдарын енгізді; Нобелистикасыз азаматтық қатысудың формалары (қырымжазық, жергілікті даму кеңестері) кеңейтілді. Қазақстанға салыстырғанда Литвада азаматтық қоғам институттарына бағытталған арнайы мемлекеттік бағдарламалар (әсіресе ауылдық жерлерде әлеуметтік кәсіпорындарға қолдау) мен бизнес-қоғамдастықтардың корпоративтік жауапкершілік бастамалары белсенді дамыған [7].

Қазіргі таңда Қазақстанда азаматтық қоғам дамуы бірқатар қиындықтармен бетпе-бет келеді. Халықаралық сараптамаларға сәйкес, құқықтық қорғау бар болғанымен, азаматтық бастамаларға шектеулер сақталуда.

«Азаматтық қоғам кеңістігі қатты бақыланады», ұйымдардың тіркелуі мен есептілігіне қатысты бақылау күшті. Шетел қаржыландыруына тәуелді немесе саяси мәселелерді көтеретін ұйымдар қатаң тексеруден өтіп, жиі әкімшілік жауапқа тартылады. Заңсыз жиындарға қатысты да шектеулер бар – жаппай жиналуға рұқсаттық жүйе міндетті және рұқсатсыз жиындар әдетте полиция тарапынан таратылады [2]. Бұдан бөлек, БАҚ пен интернетке шектеу қою арқылы жария пікірді бақылау белсенді жүргізіледі. Осындай тенденциялар азаматтық бастамалардың ашықтығына кедергі жасап, қоғам мен мемлекеттің серіктестігін әлсіретеді.

Осы мәселелерді шешу үшін сарапшылар мен үкіметтік емес ұйымдар бірнеше құқықтық ұсыныстар әзірледі. Біріншіден, тіркеу және есептілік тәртібін жеңілдетіп, шетелдік гранттар есебін айқын және әділ жүргізу қажет. Екіншіден, бейбіт жиын өткізу тәртібін либералдандырып, жиын-жиынтыққа қатысу үшін алдын ала хабарландыру міндетін қайта қарастыру ұсынылады. Үшіншіден, гранттық қолдау жүйесін күшейту мен салықтық жеңілдіктерді кеңейту арқылы ҰЕҰ-лардың қаржылық тәуелсіздігін арттыру көзделуде. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибеден үйреніп, қайырымдылық пен азаматтық бастамаларды реттейтін заңнаманы жетілдіру ұсынылды. Мысалы, Қорғалатын ұйымдар ұсыныстары бойынша ICNL ұсынған Батыс елдерінің тәжірибесі қарастырылып отыр [2]. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан «ашық үкімет» бастамалары жалғасып, мемлекеттік органдардың қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру маңызды. Бұл тұрғыда 2016 жылы қабылданған «Ақпаратқа қол жеткізу» заңы мен азаматтық бюджеттеу тәжірибесі қосымша құрал болып отыр. Жалпы, ұсыныстар құқықтық реформаларды жетілдіру, мемлекеттік-қоғамдық әріптестікті тереңдету және азаматтық секторға сенімді арттыруға бағытталған.

Азаматтық қоғам институттары мемлекет пен қоғам арасындағы байланысты нығайтып, демократиялық басқарудың негізгі буы мен құқықтық мемлекеттің кепілі болып табылады. Қазақстанда азаматтық қоғам дамуы тәуелсіздік жылдарында елеулі алға жылжумен сипатталды: ел Конституциясында азаматтық бастамаларға кепілдіктер қарастырылып, заңнамалық база қалыптастырылды [3, 40 б.]. Мемлекет пен ҰЕҰ ынтымақтастығының құқықтық механизмдері (референдум, қоғамдық кеңестер, тұрғындар жиналысы және т.б.) енгізілуде. Алайда, қоғамның толықтай ашық және белсенді болуы үшін кейбір институтаралық мәселелер мен шектеулерді азайту қажет. Қорыта айтқанда, Қазақстан азаматтық қоғамды қолдауды стратегиялық міндет етіп белгілеп отыр, және алдағы жылдары мемлекет пен қоғамның «бәріміз үшін бірлескен» реттеуді тереңдетуге көңіл бөлінеді [9]. Әділ мемлекет құру жолында үкіметтік емес ұйымдар мен азаматтық бастамалар мемлекеттік құрылымның маңызды серігі болуын жалғастыра береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жолдыбай Б. «Қоғамдық кеңестер құрылды» // Егемен Қазақстан (Қарағанды облысы), 2021 ж. 15 маусым.
2. Ahmetkali A. NGOs are Reliable Partners of State, Says Kazakh President // Astana Times, 16 Oct 2025.

3. Тәуекелова Н.Б. Конституциялық құқық негіздері (азаматтық қоғам) // Юридический вестник КазНУ. – 2014. – №3. – Б. 36–42.
4. Ақашова А., Әжен Қ. «Тәуелсіздік жылдарындағы табысты әріптестік» // Егемен Қазақстан, 2011 ж. 1 қазан.
5. Council on Foundations. *Nonprofit Law in Germany*. (March 2022).
6. ICNL. *The Law Affecting Civil Society in Asia*. (2019).
7. OECD. *Social Economy in Europe: Lithuania*. OECD Publishing, 2020.
8. ICNL. *Kazakhstan: Civic Freedom Monitor*. (September 2025)

Ашимбаев Д. А.

Қонаев Университетінің 2 курс докторанты

Ғылыми жетекші:

Философия докторы (PhD), доцент

Дюсебаев Т. Т.

ТРАНСҰЛТТЫҚ КИБЕРҚЫЛМЫС ҚҰРЫЛЫМДАРЫНАН ТАРАЙТЫН КИБЕРҚЫЛМЫСТАРДЫ ЕРТЕ ЕСКЕРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КИБЕРҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛДАРЫ

Зерттеу жұмысымда киберкеңістік және онда орын алатын киберқылмыс ұғымдарына өзімнің жеке анықтамамды берген дұрыс деп санап, келесідей ғылыми тұжырымдама бердім:

Киберкеңістік дегеніміз – кабельді немесе ғарыштық технологиялармен қуатталған толқынды интернет желілерімен немесе жасанды интеллектпен қамтамасыз етілген сандық коммуникациялық және компьютерлік технологиялырадың артықшылықтарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын виртуалды кеңістік.

Киберқылмыс дегеніміз - кабельді немесе ғарыштық технологиялармен қуатталған толқынды интернет желілерімен немесе жасанды интеллектпен қамтамасыз етілген сандық коммуникациялық және компьютерлік техноогиялырадың киберкеңістік жүйесінде қылмыстық қатер төндірумен немесе сондай қатер төндіруі мүмкін қоғамға қауіпті қылмыстық заңға қайшы іс-әрекетті (әрекет немесе әрекетсіздікті) айтамыз.

Киберқауіпсіздік дегеніміз – адамың өмірі мен денсаулығы, ар-намыс, қадыр – қасиеті, жеке мүлкі мен дербес деректері, сондай – ақ заңды тұлғалардың мүлкі мен заңды мүдделері, сандық технологиялар мен киберкеңістік үйлесімі, ұлттық қаіпсіздік пен елдің біртұтастығы және де демократиялық құндылықтардың сақталуының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді білдіреді.

Жалпы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 10 бабында қылмыс және қылмыстық теріс қылық ұғымдарына анықтама берілген. Менің жоғарыда киберкеңістік және киберқылмыс ұғымдарына берген тұжырымдамам

қылмыстық заңнаманың 3 бабына түсіндірме ретінде кіруін ғылыми тұрғыда дұрыс деп санар едім.

Бұндай терминологиялардың қылмыстық заңнамаға енуі адамдарды, қоғамды және мемлекетті киберқылмыстардан қорғау саласында қылмыстық - процестің міндеті болып табылады деп түсінеміз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде ұйымдасқан қылмыстық топтың он нысаны берілген. Қазіргі жағдайда киберқылмыстардың детерминациясының өсуіне орай, алдағы жылдары киберқылмыстардың жылдам көбеюін және ондай қылмыстардың көп жағдайда сыбайласып жасалатынын ескерсек киберқылмыстық ұйым, киберқылмыс саласындағы ұйымдасқан қылмыстық топ және трансұлттық киберқылмыстық топ нысандарымен белгіленген өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қылмыстық алдын алуда қажетті шара деп білемін.

Будапешт конвенциясы (Киберқылмыс туралы конвенция) 2001 жылы 23 қарашада қабылданған (күшіне 2004 жылы 1 шілде де енді) ең алғашқы халықаралық құжат, алайда оның қатысушылары тек қана еуропа елдері. Сол үшін бұл конвенция өз тиімділігін толық бере алмайды. Қазақстан Республикасы аталған конвенцияның қатысушысы емес. Еліміздегі киберқылмыстардың артуы және кибершабуылдардың көпшілігі еуропа елдерінен басталатынын ескерсек біз осы конвенцияның қатысушысы атанып өзімізде ратификацилауымыз қажет. Сонда ғана бізге қарсы жасалған киберқауіптердің алдын алып және оларды жасаған адамдарды құрықтай аламыз.

Будапешт конвенциясының преамбуласында «киберқылмысқа қатысы бар адамдарды олар қылмысты қай жерде жасаса да, сол қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту арқылы оларға қауіпсіз баспана бермеуге шешім қабылдай отырып, мемлекеттер арасындағы үйлестіру мен ынтымақтастықты кеңейтудің қажеттігін, атап айтқанда техникалық көмек көрсету және әлеуетті нығайту, соның ішінде өзара келісілген шарттарда технологияларды беру арқылы, осы елдердің, әсіресе дамушы елдердің, өтініші бойынша олардың ішкі заңнамасы мен құқықтық нормаларын жетілдіру және киберқылмыстың барлық нысандарына қарсы іс-қимыл жасау үшін ұлттық органдардың әлеуетін арттыру мақсатында, оның ішінде қылмыстардың алдын алу, оларды анықтау, тергеп-тексеру және осы қылмыстар үшін қылмыстық қудалау шараларын жүзеге асыру арқылы», - деп атап өтуі аса маңызды халықаралық құжат екенін көрсетеді.

Зерттеп қарасақ аталған конвенцияда киберқылмыскерлердің жауапқа тартылмай қалмайтындығы және бір-біріне жылдам халықаралық құқықтық көмек көрсету туралы негізгі қағидалардың әрекет етуін аңғарсақ, бұл конвенцияның киберқылмыстылыққа қарсы бір де бір тетік ретінде көруге болады.

Бірақ біздің еліміз БҰҰ киберқылмыстылыққа қарсы конвенциясына 27 қазан 2025 жылы қол қойып қатысушысы атанды. Аталған маңызды іс – шара Ханой қаласында өтті, оған Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің орынбасары, генерал - майор Бауыржан Аленов қатысты.

Будапешт конвенцияда нақты «ұйымдасқан топ» ұғымы берілмеген. Онда тек қылмыстық әрекеттердің күрделілігі, алдын ала келісілген рөлдер, құралдарды заңсыз әзірлеу мен тарату (malware, botnet, exploits) сияқты сипаттар ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарды айқындауға мүмкіндік беретін түсініктер ғана анықталған.

2025 жылғы 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Киберқылмыстарға қарсы іс-қимыл департаменті, ҚР Бас прокуратурасы, Украина Ұлттық полициясы және Украина Бас прокуратурасымен бірлесіп, трансұлттық кибералаяқтық қылмыстық тобының әрекетіне тосқауыл қойды. Ұзақ мерзімді бірлескен жедел-іздістіру іс-шараларының нәтижесінде Черновцы және Одесса қалаларында қазақстандық азаматтарға қарсы алаяқтық әрекеттер жасаған call-орталықтың қызметі тоқтатылды. Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері алдын ала құрылған схема бойынша әрекет еткен. Олар өзін Қазақстанның Ұлттық банкі, құқық қорғау органдары мен арнайы қызмет өкілдері ретінде таныстырып, жәбірленушілерге «күдікті операциялар» және «террористік ұйымдарды қаржыландыру» бойынша қылмыстық жауаптылыққа тарту қаупімен психологиялық қысым жасаған. Соның нәтижесінде азаматтар несие рәсімдеуге, мүліктерін сатуға және ақшалай қаражаттарын бөгде тұлғалардың есепшоттарына аударуға мәжбүр болған. Сондай-ақ ұсталған қылмыстық топтың қатаң иерархиялық құрылымы болған: қатысушылар арасында нақты рөлдер – әкімшілік қызметкерлер, HR-менеджерлер, «клоузерлер», «холдингтер», техникалық персонал және т.н. «күштік блок» болып нақты құрылымдарға бөлінген.[1]

Аталған мысалда көрсетілгендей, біздің елдің азаматтарына алыс – жақын шетелдерден киберқауіптер күнделікті төніп тұр. Жоғарыдағы киберқылмыстардың салдарынан еліміздегі қылмыс құрбандары болған азаматтарға 900 млн. теңге ақшалай шығын келтірілген. Осындай сипаттағы киберқылмыстарға қарсы тұру бүгінгі таңда мүмкін болмай тұр. Бұл еліміздің құқық қорғау органдарының аталған қылмыстармен күресте дәрменсіздігі мен қарсы әрекет ету мүмкіндігінің төмендігін білдіреді. Осы тақырыпты зерттеу барысында бірнеше технологиялық мүмкіндіктер, яғни қауіп пен апаттың алдын алу технологияларының концептуалдық негіздерін баяндай отыра киберкеңістікте болатын қауіп – қатерлерді де ерте ескертетін технология мен оның қандай жағдайда дабыл қағатынын және де қандай жағдайда төнер қауіп – қатерге әрекет ететін сандық технологиялар жүйесінмен жабдықталып та қамтамасыз етілетін алгоритімін жасау басты мақсатымыз болуы керек.

Ұлттық қауіпсіздік аясында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне жүгінсек, мемлекет тарапынан қолданылатын «реттеуші әсерді бағалау» тетігі әртүрлі факторларға байланысты түзетіліп отыратынын атап өткен жөн. Мәселен, 2020 жылы коронавирус биопандемиясы миллиондаған адамдардың өмірін өзгертіп, бүкіл әлемді үй жағдайында оқшаулауға мәжбүр етті. Адамдар арасындағы жүйкелік күйзелістің күшеюі және өзін-өзі оқшаулау кезіндегі қиындықтар параллель түрде басқа бір жаһандық, қолдан жасалған мәселені — киберпандемияны туындатты. Бұл құбылыс көптеген мемлекеттер,

соның ішінде Ресей үшін де экономикалық және тіпті геосаяси тұрақсыздық қаупін төндіріп отыр.

Анық байқалғаны — пайда болған киберпандемия жекелеген хакерлердің интернет-алаңдығы ғана емес, ол цифрлық технологияларды жойып жіберуге, сондай-ақ осы технологияларға тәуелді көптеген елдердің экономикасын құлатуға қабілетті гиперқауіп болып табылады. Бұл құбылыс адамзатты киберқақтығысқа, тіпті киберсоғысқа тартуы мүмкін. Себебі мемлекеттер арасындағы қатынастар мен саяси қарсыластықтың жалғасы көбінесе интернет кеңістігінде көрініс табады, оның ішінде вандализм, үгіт-насихат, тыңшылық, кибертерроризм сияқты әрекеттер түрінде жүзеге асады. [2].

Қазіргі уақытта жасанды интеллект жүйелері, нейросеть және де басқа да ақпараттық қауіпсіздік көздері арқылы соның ішінде дипфейк «Deepfake» (дауыс пен бейнені салу) техникалық жетістіктерін қолдану арқылы биометриялық ақпараттарға қол жеткізіп, солар арқылы интеграцияланған мемлекеттік ақпараттық базаларға ену арқылы дербес деректерге қол жеткізіп киберкеңістік шеңберінде қылмыстық ойын жүзеге асырады. Көп жағдайда аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар виртуалды кеңістікте жасалғандықтан, қылмыстық қауіптің шығу қайнар көзін анықтау қиындықтар туғызады. Мысалға, жасөспірімдердің психикасы мен жалпы дамуына қауіпті әсер ететін интернет ойындары бар, соның ішінде балардың өмірімен қоштасуына алып келетін «Синий кид» және де Schoolboy Runaway ойындарын айтсақ болады. Мұндай қылмыстар Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 105 бабымен өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу бабымен сараланады. Бұндай қылмыстар бойынша негізгі мәселе, осы ойындарды құрастырушы, яғни күдіктілерді анықтау сатысында туындайды. Басым көп жағдайда аталған қылмыстар алдын ала сөз байласқан топтар мен немесе ұйымдасқан қылмыстық топтармен жасалады және де олардың қылмыс жасау кеңістігі бүкіл әлемнің кез-келген нүктесі болуы мүмкін. Мұндай да не істемек керек және қандай алдын алу немесе ескерту шаралары аталған қылмыстарға тосқауыл немесе жасалуына ықтимал мүмкіндік бермейтін іс-әрекеттер болып табылады. Осы мәселені қарау барысында аталған қылмыстың алдын алу үшін келесідей мән-жәйға мән беру керек деп ойлаймын. Біріншіден, азаматтардың құқықтық сана-сезімі мен құқықтық мәдениетін құқық қолдану деңгейінде жетілдіру; Екіншіден, осы қылмыстылықтың алдын алумен айналысатын құзыретті органдарды заманауи техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету; Үшіншіден, азаматтардың заңмен қорғалатын дербес деректерімен жұмыстарын байланыстыратын заңды тұлғалар мен квазимемлекеттік сектор саласы қызметіне заңмен айқындалатын қатаң талаптар қою;- деп түсінеміз. [3]

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы сайтында келесідей ақпарат ұсынылған: «Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы («Қазақстанның киберқалқаны») (бұдан әрі – Тұжырымдама) Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі «Қазақстан-2050» стратегиясының ұстанымдарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауына сәйкес әзірленді. Осы Тұжырымдаманы орындау

қазақстандық қоғамды одан әрі жаңғыртуға қызмет етеді және Қазақстанның БҰҰ жаһандық киберқауіпсіздік бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі болады, – делінген. [4]

Кінәлі адамдардың әрекеттерін "топ болып алдын ала сөз байласып" қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгісі бойынша саралаған кезде екі және одан да көп адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасауға бағытталған кез келген түрдегі уәделесуінің болғанын, яғни осы адамдардың тікелей қылмыстық құқық бұзушылық жасауға бағытталған әрекеттер басталғанға дейін, ең болмаса орындаушылардың бірі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективті жағын орындағанға дейін сөз байласуының болғанын анықтау қажет.

Қылмысты жасау үшін екі немесе одан да көп адамның жалпы күші біріктірілген және бірге қатысушылардың әрқайсының әрекеті басқа бірге қатысушылардың әрекет жасауы үшін қажетті шарт болып табылған және рөлдердің алдын ала бөлінуіне сәйкес барлық бірге қатысушылардың әрекетінен туындаған ортақ қылмыстық нәтижемен себепті байланыста болған жағдайларда ""топ болып алдын ала сөз байласып" қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгісі бойынша сараланады. Мұндай жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылыққа екі және одан да көп орындаушылардың қатысуы міндетті емес, басқа түрдегі бірдей қатысушылар болғанда бір орындаушы жеткілікті.

Ұйымдастырушының, айдап салушының немесе көмектесушінің жауаптылығы, олар бір мезгілде қылмысты орындаушылар болған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы [Қылмыстық кодексінің](#) (бұдан әрі - ҚК) 28-бабына сілтеме жасалып, осы қылмыстық құқық бұзушылық үшін жазаны көздейтін Қазақстан Республикасы [Қылмыстық кодексінің](#) (бұдан әрі - ҚК) тиісті бабы бойынша туындайды.[5]

Жеке тұлғалар бірлестіктерінің болуы: Қылмыстық әрекетпен жүйелі түрде айналысатын жеке тұлғалардың тұрақты, бақыланатын қоғамдастықтарының болуы.

Айқын иерархия: Қатысушылар арасында бағыныштылықтың болуы (басқаша айтқанда, ұйымның ішкі құрылымы мен басқару жүйесінің болуы). Сыбайлас жемқорлық арқылы қорғану: Әлеуметтік бақылаудан қорғау тетігі ретінде сыбайлас жемқорлықты пайдалану (яғни, мемлекеттік органдармен немесе лауазымды тұлғалармен байланыс орнату).[6]

Мақаланы қорытындылайтын болсақ киберқылмыстарды ерте ескерту бұл құқық қорғау органдарының алдында тұрған басты мәселе. Қазіргі таңда көптеген шетел ғалымдары осы киберқауіп туралы және оның алдын алу мәселелерін алға қойыған. Сол бағытта жұмыс жасап еуропа елдері өздерінің конвенцияларын қабылдаған, оған шамамен 45 мемлекет мүше болған. Қазіргі уақытта БҰҰ киберқауіпсіздік туралы өздерінің 2025 жылы конвенциясын қабылдады. Аталған конвенцияға Қазақстан Республикасы мүше болып қабылданды. Конвенцияға 40 мемлекет қол қойғаннан соң барып күшіне енеді деп күтілуде.

Менің осы мақаладағы зерттеуімде киберқылмыс, киберқауіп және киберкеңістік ұғымдарына анықтама берілді. Аталған ғылыми жаңалығыма авторлық құқық алу көзделуде.

Алдағы уақытта өзімнің жағымнан зерттеу қорытындыларыма байланысты қылмыстық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар енгізу қолға алынуда.

Одан бөлек киберқылмыстарды ерте ескерту бойынша концептуалды тұжырымдар мен киберқауіптерді анықтау бойынша әрекет ету алгоритімі дайындалуда. Осы ақпараттарды тұжырымдау диссертациялық жұмысымның негізгі тірек құжаттары болады деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Казахстан и Украина провели совместную спецоперацию в [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://tengrinews.kz/crime/kazakhstan-ukraina-proveli-sovmestnuyu-spetsoperatsiyu-kieve-581141/> (жүгінген күні: 19.10.2025).
2. Пилюгина Т.В., Жуков А.А. «Киберпреступность как угроза национальной безопасности в период пандемии: проблемы и меры предупреждения»/ удк 343.711.9:343.72. право и практика, 2020 – стр 113.
3. «Киберқылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстық топ құрамында жасаудың қоғамдық қауіптілігі мен алдын алу мәселелері», Ашимбаев Д.А. Қонаев Университетінің аға оқытушысы, докторант, з.ғ.м. Жумабекова Л.А., 93-97 беттер, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы алматы академиясы қазіргі жағдайдағы ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері (қылмыстық және криминологиялық аспектілері) халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (5 қараша 2024 ж.)
4. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, 2024 жыл Киберқалқан, сайттан алынған ақпарат.
Об утверждении Плана мероприятий по реализации Концепции кибербезопасности («Киберщит Казахстана») до 2022 года Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 октября 2017 года №676, сноска, с 1 по 5 стр. 4. Журнал предупреждение преступности №3 2014 жыл. с 16 по 18 стр.
5. Нормативные постановление верховного суда РК от 21 июня 2001 года №2. «О некоторых вопросах применения судами законодательства об ответственности за бандитизм и другие уголовные правонарушения, совершенные в соучастии».
6. Криминология изд. «Юрист» г. Москва, профессор Эминов В.Е. – С. 235-279.

Кенджасарова А. М.

І.Жансугуров атындағы Жетісу университеті

1 курс докторанты

Ғылыми жетекші:

э.ғ.к., профессор Байдыбекова С.К.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ ДЕГРАДАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЫ

Ауыл шаруашылығы жерлерінің деградациясы қазіргі таңда ғаламдық деңгейде де, аймақтық деңгейде де аграрлық өндірістің тиімділігіне тікелей әсер ететін аса маңызды стратегиялық проблема ретінде сипатталады. Жер ресурстары - аграрлық сектордың негізгі өндірістік капиталы, олардың сапалық және сандық төмендеуі ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлеміне, құрылымына, өндіріс тиімділігіне, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігіне әсер ететін басты факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан ауыл шаруашылығы жерлерінің деградациясын зерттеу тек табиғи үдерістерді талдаумен шектелмей, оның экономикалық салдарын кешенді бағалауды талап етеді.

Ауыл шаруашылығы жерлерінің деградациясы - топырақтың табиғи құнарлылығының азаюы, физикалық құрылымының бұзылуы, биологиялық белсенділігінің төмендеуі, химиялық ластану, тұздану және шөлдену сияқты факторлардан тұратын көпқырлы үдеріс. Бұл құбылыстар климаттық өзгерістермен, агротехника талаптарының бұзылуымен, жерді тиімсіз пайдаланумен, ирригациялық жүйелердің тозуымен, ресурс үнемдеуші технологиялардың жеткіліксіз қолданылуымен тығыз байланысты. Көптеген аймақтарда ұзақ жылғы интенсивті егіншілік, монодақылдарға сүйену, жайылымдық жүктеменің шамадан тыс артуы топырақтың дегумификациясына, эрозиялық процестердің күшеюіне, өсімдік жамылғысының азаюына себеп болып отыр.

Топырақ эрозиясы - деградацияның ең кең таралған түрлерінің бірі. Жел және су эрозиясы нәтижесінде топырақтың құнарлы қабаты жұқарады, органикалық заттар азаяды, құрылымы бұзылады. Мұндай өзгерістер топырақтың су және ауа өткізгіш қасиеттерін әлсіретіп, дақылдардың өсуіне қажетті жағдайларды нашарлатады. Тұздану мен шөлдену үдерістері әсіресе су тапшылығы бар өңірлерде айқын байқалады. Тиімсіз суару тәсілдері, жер асты суларының көтерілуі, дренаждық жүйелердің болмауы топырақта тұздардың жиналуына әкеледі. Ал климаттың құрғауы, жауын-шашын көлемінің кемуі шөлдену қаупін арттырады.

Сонымен қатар антропогендік химиялық ластану да деградацияның маңызды факторына айналып отыр. Пестицидтер мен минералды тыңайтқыштарды бақылаусыз қолдану топырақтың биологиялық әртүрлілігін төмендетіп, экожүйелік теңгерімді бұзады. Бұл өз кезегінде топырақтағы тірі организмдер әрекетін бәсеңдетіп, табиғи қалпына келу қабілетін әлсіретеді.

Жер деградациясының экономикалық салдары өте ауқымды және көп деңгейлі. Ең алдымен, топырақ құнарлылығының төмендеуі ауыл шаруашылығы

өнімділігінің қысқаруына алып келеді. Дақылдардан алынатын өнім көлемі төмендеп, мал шаруашылығында жайылым сапасы нашарлайды. Өнімділіктің төмендеуі фермерлер табысының азаюына, өндірістік циклдің баяулауына және шаруашылықтардың қаржылай тұрақтылығының әлсіреуіне әкеледі. Сонымен қатар деградацияланған жерлерді игеру үшін қосымша шығындар қажет: тыңайтқыштардың көлемін арттыру, топырақ құрылымын жақсарту шараларын жүргізу, суару жүйелерін жаңғырту, қалпына келтіру технологияларын енгізу және т.б. Мұндай шығындар өнімнің өзіндік құнын арттырып, оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Жер сапасының төмендеуі азық-түлік қауіпсіздігіне де үлкен қауіп төндіреді. Егістік жерлердің қысқаруы мен өнім көлемінің азаюы ішкі нарықтағы ұсыныстың төмендеуіне, бағаның құбылуына, кей жағдайларда стратегиялық өнімдер импортына тәуелділіктің артуына әкеледі. Азық-түлік бағасының өсуі халықтың әлеуметтік осал топтарына ерекше әсер етіп, әлеуметтік теңсіздіктің күшеюіне себеп болуы мүмкін.

Деградацияның әлеуметтік салдары да айтарлықтай маңызды. Өнімділіктің төмендеуі ауылдық жерлерде табыс көздерінің азаюына, жұмыссыздықтың өсуіне, кедейліктің тереңдеуіне әкеледі. Жер ресурстарының тозуы ауылдық аумақтардың демографиялық жағдайына әсер етіп, қалаға бағытталған миграцияны күшейтеді. Бұл ауылдық инфрақұрылымның әлсіреуіне, адами капиталдың азаюына және ауыл аймақтарының экономикалық әлеуетінің төмендеуіне ықпал етеді.

Жер деградациясымен күресу үшін ғылыми негізделген агроэкономикалық шаралар қажет. Инновациялық технологиялар - нөлдік немесе минималды топырақ өңдеу, тамшылатып суару, дәл егіншілік жүйелері, органикалық жер өңдеу тәсілдері деградация қарқынын төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жер ресурстарын басқарудың институционалдық механизмдерін жетілдіру, экологиялық талаптарды күшейту, фермерлерге экологиялық таза технологияларды енгізуге арналған қаржылық ынталандырулар беру маңызды. Мемлекеттік деңгейде жер мониторингінің бірыңғай жүйесін қалыптастыру, топырақ құнарлылығы карталарын әзірлеу және жер пайдалануды жоспарлаудың тиімді модельдерін енгізу қажет.

Ауыл шаруашылығы жерлерінің деградациясы қазіргі кезеңдегі жаһандық азық-түлік жүйесінің тұрақтылығына тікелей қауіп төндіретін негізгі экологиялық-экономикалық сын-қатерлердің бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, топырақтың құнарлылығын жоғалту, эрозияның күшеюі, тұздану, органикалық заттардың азаюы және климаттық экстремалды құбылыстардың жиілеуі ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін біртіндеп төмендетіп, аграрлық сектордың жалпы экономикалық әлеуетіне елеулі нұқсан келтіреді. Жер деградациясының салдары тек өнімділіктің төмендеуімен ғана шектелмей, ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына, табиғи ресурстарды басқару жүйесінің тиімділігіне, өндіріс шығындарының құрылымына және ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігіне ықпал ететіні анықталды.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, деградация процесі еңбек, техника және материалдық ресурстарға жұмсалатын шығындардың ұлғаюына, өндірістік тәуекелдердің күшеюіне және ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарықтағы ұсынысының қысқаруына алып келеді. Топырақтың құнарлылығы төмендеген сайын бір гектардан алынатын өнім көлемі азайып, сол көлемді сақтап қалу үшін қосымша агрохимиялық тыңайтқыштар, суару жүйелері және еңбек ресурстары қажет болады. Бұл жағдай өндірістің өзіндік құнын өсіріп, аграрлық кәсіпорындардың табыстылығын төмендетеді. Мұндай шығындардың аккумуляциялануы агроөнеркәсіп кешенінің жалпы факторлық өнімділігіне теріс әсер етіп, сектордың инвестициялық тартымдылығын әлсіретеді.

Өнімділіктің төмендеуі өндірістік тәуекелдер құрылымын да күрделендіреді: климаттық қолайсыздықтарға, жердің физикалық және химиялық тозуына тәуелділік артып, шаруашылық субъектілерінің табысы маусымдық ауытқуларға бейім болады. Нарықтағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің ұсынысы қысқарған жағдайда ішкі нарықтағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерім бұзылып, азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төнеді. Бұл үдеріс инфляциялық қысымды күшейтіп, импортқа тәуелділікті арттырады, нәтижесінде төлем балансының тұрақтылығына және ұлттық валютаның құнына қосымша қысым түсіреді. Аграрлық сектордың әлсіреуі ауылдық өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына да кері әсерін тигізіп, жұмыссыздықтың артуы мен халықтың әл-ауқатының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, деградацияланған жерлерді қалпына келтіру айтарлықтай жоғары қаржылық шығындарды талап етеді. Топырақты рекультивациялау, органикалық заттарды қайта қалпына келтіру, эрозиядан қорғау инфрақұрылымын орнату және су ресурстарын тиімді басқару үшін күрделі капиталдық инвестициялар қажет. Бұл шығындар мемлекеттік бюджетке де, фермерлік шаруашылықтардың қаржылық тұрақтылығына да қосымша ауыртпалық түсіреді. Әсіресе шағын және орта шаруашылықтар үшін бұл шығындар өндірістің тоқтап қалуына немесе жерден толықтай бас тартуына дейін жеткізуі мүмкін.

Осы себепті жер ресурстарын тиімді және ұтымды пайдалану ұзақ мерзімді экономикалық дамудың стратегиялық бағыты ретінде қарастырылуы тиіс. Топырақ құнарлылығын сақтауға бағытталған шаралар - ресурстық тиімділік, тұрақты егіншілік технологиялары, цифрлық жер мониторингі, агроландшафтық жоспарлау және экожүйелік қызметтерді экономикалық бағалау - аграрлық сектордың орнықтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, деградацияның алдын алу шараларының экономикалық тиімділігі деградация салдарымен күресуге қарағанда әлдеқайда жоғары екені анықталғандықтан, мемлекеттік саясаттың басым бөлігі превентивті тетіктерді күшейтуге бағытталуы қажет. Мұндай стратегиялық көзқарас агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, ұлттық экономиканың азық-түлік, әлеуметтік және экологиялық қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді..

Зерттеу нәтижелері жер деградациясымен күрес шараларының экономикалық тиімділігін бағалау, экожүйелік қызметтердің құнын есептеу және жерді қалпына келтірудің баламалы стратегияларын әзірлеу аса маңызды екенін

Бұл номадалық өркениеттің құрылу, даму және тасымалданып түрлену процесіне Шыңғысханның– «Жаса» немесе «Жасаң» заңдылығы өз үлесін қосты [1, 47-49 бб].

Қазақстанда әлеуметтік қатынастарды реттеушісі негізінде Қасым ханның заңдары– «Қасым ханның қасқа жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғы» - әдет нормаларын түйіндеу нәтижесі болып табылады. Әйелді некеге тұрғанға дейін патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастарда күйеуі өзінің жеке заты, меншігі ретінде сатып алған. Белгілі бір жағдайда қалымның болуына байланысты әйелді сатуға және сатып алуға болатын меншік ретінде, зат ретінде қаралды.

Заң әдебиеттерінде «құлдық» сөзі «адамдарды саудаға салу, сату» терминнің синонимі ретінде қолданылады. Әлбетте аталған терминнің қолданудың себептері де бар, өйткені адамдарды сату кезінде пайдаланушы иелігіндегі адамдарды бұрынғы кездегі құлдарды иеленушімен дәлме дәл келеді. Мұнда бір бір жақ екінші жақтың еңбегін, қызметін және оның физикалық қасиеттерін де пайдаланады.

Халықаралық құқық құжаттарында берілген дефиницияға сәйкес қарасақ олардың арасында өзіндік ерекшеліктері бар.

«1926 жылғы Ұлттар Лигасымен қабылданған Құлдық жайлы Конвенцияда, «құлдық» - меншік құқығы жүзеге асырылған адамның жағдайы, я болмаса жай күйі көзделсе, ал адамдарды сату деп – адамдарды құлдыққа сату мақсатымен оларды кепілге алу, айырбастау, және сату мақсатымен еріксіздерді иелену әрекету; адамдарды айырбастау және сату мақсатсату мақсатымен еріксіздерді жіберу әрекеті, сол сияқты сату немесе еріксіздерді алып өту әрекеттері» [2, 102 б.].

Аталған құқытық құжат мына мәселені бағыттайды:

- адамдарды, еріксіздерді сатуды алдын-алу мен төтеп беру;
- құлдықтың барлық түрлерін жою;
- өзінің шекарасындағы суларында және олардың тулары барлық кемелерінде еріксіздерді алып өтуді алдын алып, төтеп беру қарастырылған.

Құл иеленушілер құлдың жұмыс күші арқылы өздерінің материалдық тұрғыда әл-ақаттарын көтеруді көздейтін.

Сонымен қатар Конвенцияда мұндай құлдықтың жойылуын, адамдардың адамдарды заңсыз қанауын болдыртпауға бағытталған еді. Өз уақытында аталған Конвенция кейбір елдерде осы уақытқа дейін құлдықтың, адам саудасының нысандарын жоятын негізгі құжаты болып табылатын.

Бұл Конвенцияға өткен ғасырдың ортасында дүниежүзінің барлық елдері қосылып, қоғамдық ортада, санада бір адамды екінші адамның қанауы сияқты үрдіске ұқсас, алайда өзінің сипатымен құлдықтан алшақтау біршама дәстүрлер мен институттар сақталды. 1956 жылғы Біріккен Ұлттар Ұйымының құлдық жөніндегі Конвенция құлдықты, құлдарды сату және құлдыққа ұқсас институттар мен дәстүрлерді жоятын Конвенциямен толықтырылды. Конвенцияға сәйкес құлдыққа ұқсас мынандай институттардың түсінігіне кіреді:

- «Құлдық қамыты» - қарызданушы өзінің қарызын өтеу үшін еңбекпен өтеуге негізделсе, нәтижесінде жұмысы қарызын өтеуде есепке алынбайды, я болмаса жұмыс істеу ұзағы шектелмейді, анықталмайды;
- крепостнойлық жағдай - заң, дәстүр, келісім бойынша өзге адамның жерін пайдаланатын тұлға сыйақы немесе онсыз сол жерде жұмыс жасауға және тұруға, басқа тұлға үшін белгілі жұмыс істеуге міндетті. Өзінің жағдайын өзгерте алмайды;
- материалдық жағдайға байланысты ақшалай немесе өзгеде сыйақы үшін әйелдің рұқсатынсыз, оның ата-анасының, қорғаншылардың және жанұя мүшелерінің немесе өзге мүлдем бөлек адамдардың, бір топ тұлғалардың күйеуге беруі;
- күйеуі ақшалай немесе өзге сыйақы үшін әйелін бөтенге күйеуге беруі немесе күйеуі қайтыс болғаннан кезде мұра ретінде басқа тұлғаға өтуі;
- ата-анасы немесе қорғаншысы сыйақы немесе онсыз 18 жасқа дейінгі баланың өзін немесе еңбегін пайдалану мақсатында өзге тұлғаға беру институты немесе дәстүрі [3, 121-123бб].

Адам саудасы, соның ішінде кәмелетке толмағандар саудасы қылмысы барлық мемлекеттердің назарында және оған қарсы іс-қимылдардың жүзеге асырылуы аса қадағалауға алынған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (әрі қарай - ҚР ҚК) кәмелетке толмағандар саудасына қатысты норма енгізіліп, бұл қылмыс санатыны барынша сипатымен мен жазаны айқындап, мүлкі тәркілену арқылы немесе онсыз бес жылдан он сегіз жыл бас бостандығынан айыруды көздейді (ҚК-нің 135-бабы) [4].

Дегенмен, ауыр жазалардың өзі кәмелетке толмаған адамдар саудасының шектеуіне, оны алдын-алуына 100% кепіл бермеуде.

Кәмелетке толмағандарды саудалау қазіргі заманның ең қауіпті және динамикалық түрде өзгертін трансұлттық қылмыстарының бірі болып саналады. Әлемдік статистикаға сәйкес, жыл сайын екі миллионнан астам бала әртүрлі қанау нысандарына тартылатыны анықталған (UNODC, 2023) [5]. Бұл қылмыс тек экономикалық немесе криминологиялық мәселе емес, сондай-ақ мемлекеттердің әлеуметтік тұрақтылығына, ұлттық қауіпсіздігіне және адам құқықтарының қорғалуына тікелей қауіп төндіретін күрделі құбылыс.

Қазақстан үшін де бұл мәселе өзекті. Себебі географиялық орналасуы, еңбек миграциясының жоғары қарқыны және интернет пайдаланушылар санының көбеюі балаларға қатысты киберқылмыстардың өсуіне ықпал етеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде кәмелетке толмағандарды саудалау (128-бап) жеке қылмыс құрамы ретінде бекітілуі — құқықтық жүйенің адам құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды қадамы деп білеміз. Ендігі жағдайда қылмыстың қылмыстық-құқықтық табиғаты ашып қарастырамыз. Бірінші кезекте біз қоғамға қауіптілік сипаты және оның ерекшелігін анықтап алуымыз керек.

Кәмелетке толмағандар — қоғамның ең қорғалатын тобы. Олардың психологиялық, физиологиялық және әлеуметтік тұрғыдан ересек адамдардан әлсіз болуы қылмыстың қауіптілігін арттырады. Бұл қылмыстың қауіптілігі бірнеше факторлардан тұрады:

- жәбірленушінің жасына байланысты әлсіздігі;
- қылмыстан кейінгі ұзақ мерзімді психологиялық жарақат;
- еңбек, жыныстық немесе криминалдық қанау салдарынан денсаулыққа келетін зиян;
- қылмыстың ұйымдасқан түрде жасалуы;
- қылмыстың жасырын (латентті) сипаты.

Аталған факторлар қылмысты аса ауыр категорияға жатқызуға толық негіз береді.

Екінші кезекте халықаралық-құқықтық стандарттар ашып қарастырамыз. Ол Кәмелетке толмағандарды саудалау бойынша негізгі халықаралық құжаттар:

1. БҰҰ Палермо хаттамасы (2000 ж.) [6].

- адам саудасының классикалық анықтамасын береді;
- 18 жасқа толмаған тұлғаларға қатысты келісімнің заңдық күшін жоққа шығарады.

2. Бала құқықтары туралы конвенция (1989 ж.) [7].

о балаларды кез келген қанау нысанынан қорғау міндетін бекітеді.
3. ILO №182 Конвенциясы — Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу туралы [8].

4. Еуропа Кеңесінің Адам саудасына қарсы конвенциясы (2005 ж.) [9].
Қазақстан осы құжаттарға қосыла отырып, ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге міндеттелді. Бірақ өкінішке орай, бұл заңдар бар бірақ жұмыс жасау мәселесіне келгенде ақаулықтар өте көп кездеседі.

Кәмелетке толмағандарды саудалау қылмысының құрамы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128-бабында көзделген кәмелетке толмағандарды саудалау – адам саудасының ең қауіпті, ерекше құрамға ие түрі болып табылады [4]. Бұл қылмыстың құрамын талдау үшін оның объектісі, объективтік жағы, субъектісі және субъективтік жағы жеке-жеке қарастырып кетейік.

1. Қылмыстың объектісі. Қылмыстың тікелей объектісі – кәмелетке толмаған адамның құқықтары, бостандығы және қадір-қасиеті. Нақтырақ ашып көрсететін болсақ, жеке бас бостандығы – еркін жүріп-тұру, өз еркін білдіру құқығы. Адамгершілік қадір-қасиеті – тұлғаның моральдық тұтастығы. Дене және психикалық тұтастығы – физикалық және психологиялық қауіпсіздігі жатқызылады.

Сонымен қатар, Қылмыстың объектісінде қосымша объектілер бар, олар: баланың денсаулығы, жыныстық қол сұғылмаушылығы, еңбек құқығы, қауіпсіз дамуға құқығы.

Кәмелетке толмағандар – қоғамның ең әлсіз, қорғалатын тобы болғандықтан, олардың құқықтары күшейтілген қылмыстық-құқықтық қорғауда.

2. Қылмыстың объективтік жағы. Бұл элемент қылмыстың сыртқы көрінісін – адамның қандай әрекеттер жасағанын сипаттайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 128-бабы бойынша объективтік жағына төмендегі әрекеттер жатады:

- Кәмелетке толмағанды сатып алу немесе сату
- Ақшаға, мүлікке немесе өзге де пайдаға айырбастау.
- Айырбастау немесе басқа тұлғаға беру
- Баланы үшінші тұлғаға белгілі бір пайда үшін беру.
- Тасымалдау (трансфер)
- Мемлекет ішінде немесе шекара арқылы өткізу.
- Жасыру немесе қабылдау
- Қылмыстық мақсатпен баланы белгілі бір жерде ұстау, орналастыру.
- Ұйымдастыру немесе делдал болу
- Адам саудасына көмектесу, делдалдық қызмет көрсету.
- Қанау мақсаты (міндетті белгі)

Қылмыстың басты ерекшелігі – қанау мақсатының болуы. Қанау түрлері:

1) Жыныстық қанау, порнографияға тарту, сексуалдық қызмет көрсетуге мәжбүрлеу.

2) Еңбек қанауы: қауіпті, ақысыз немесе ауыр жұмысқа жегу.

3) Қылмыстық пайдалану: ұрлық, есірткі тасымалдау, попрошайничество.

4) Заңсыз асырап алу: (трафик мақсатында) жалған құжаттар, жалған агенттіктер.

5) Орган саудасы: (кейбір елдерде)— аса қауіпті трансұлттық қылмыс.

Бұл қылмыс құрамында маңызды ерекшелік ол, кәмелетке толмағанның «келісім беруі» қылмысты жоққа шығармайды. Өйткені заң бойынша бала өз пайдасына немесе денсаулығына зиян келтіретін мәмілелер жасай алмайды.

3. Қылмыстың субъективтік жағы. Субъективтік жағы – қылмыскердің ішкі ойы, ниеті, психикалық қатынасы. Бұл қылмыс тек тікелей қасақаналықпен жасалады. Қылмыскер ол әрекеттің заңсыз екенін біледі, кәмелетке толмағанды қанау мақсатында саудалайтынын түсінеді және сол нәтижеге саналы түрде ұмтылады. Бұл жерде міндетті белгісі-қанау мақсатында қылмыс жасау (мақсатсыз қылмыс құрамы болмайды).

4. Қылмыс құрамының 4 белгісі ол - қылмыстың субъектісі. Субъект – қылмыс жасаған адам.

- Жалпы субъект 16-ға немесе 18 жасқа толған, есі дұрыс жеке тұлға.
- Кәмелетке толмағанды саудалау субъектісі – ересек адам.
- Арнайы субъектілер

Кей жағдайларда қылмысты жасайтын тұлғалар: ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелері, делдалдар, жалған модельдік агенттіктер өкілдері, интернеттегі жалған аккаунт иелері, бала күтушілері немесе қамқорлыққа алушылар.

Қылмыстың субъективтік жағы ұғымы субъектінің жасалған әлеуметтік қауіпті әрекеті және оның салдарына психикалық қатынастарын қамтиды. Сипаттайтын белгілеріне кінә, құқық бұзушылықтың, яғни қылмыстың себептері мен мақсаты жатады. Олар сабақтаса келе адам психикасында болып жатқан қауіпті актімен байланысын сипаттайды.

Отандық қылмыстық құқық адамдардың саналы түрдегі әрекет немесе әрекетсіздігіне негізделген. Сот тағайындаған жазаның мақсаты мен күші бойынша тек ақыл-ой қабілеті бар, құбылыстарда жақсы жүре алатын және қылмыстық іс-әрекет пен оның арасын таңдауға қабілетті адамдарға қатысты қолданылуы мүмкін.

Сондықтан кәмелетке толмағандардың саудасы олардың іс-әрекеттерінің мәнін түсінетін және олармен қалай күресуге болатындығын білетін адам ретінде қарастырылады.

Бостандық, адамның жады, қажеттілік пен еркіндік арасындағы қарым-қатынас мәселелерін айтпағанда, мораль мен құқықты тұжырымдауға жатпайды. «Ақыл-есінің дұрыстығымен қатар кәмелетке толмағандардың саудасының субъектісінің бөлінбейтін белгілерінің бірі оның жасы болып саналады. Біздің кәмелетке толмағандардың саудасының материалдарын зерттеу талданатын істі жасаушылардың 45 % ата-аналары болған, 22 % - туысқандары, 33 % бала үшін бөтен адамдар болған. Балаларды сатушылардың ең көп таралған жасы – 16-25 және 25-29» [10, 636].

Жасалған әрекетке психикалық қатынасы заңмен қатаң белгіленген нысандарда – ниет пен немқұрайлылық жағын білдірілсе, ал адам қоғамдық қауіпті әрекеттері (әрекетсіздіктері) үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылуы

мүмкін. Психикалық қатынастардың осы түрлерімен адам қоғамға қауіпті әрекет жасаса, онда қылмыстық заңға сәйкес қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылады.

И.Ш. Борчашвилидің пікірінше «ҚР ҚК ресми түсіндірмесінде бұл қылмыстың субъективті жағын, тек тікелей ниетпен жасалады, яғни кінәлі азаматтық-құқықтық мәміленің жасалғанын түсінеді, оның «мәні» кәмелетке толмаған адам болып табылады, оның іс – әрекеттерінің нәтижесінде (мысалы, сатушы тарапынан – кәмелетке толмаған адамды беру, сатып алушы тарапынан-сатушыға келісілген соманы беру) мәміле жасалатынын және қалаған, сатып алу-сату немесе басқа мәміле жасау үшін. Кәмелетке толмаған баланы сатқан адамның қылмысының себебі әрқашан пайдакүнемдік болып табылады (мысалы, кәмелетке толмаған адамды белгілі бір сыйақыға сатуға немесе оны ағзалар мен тіндерді трансплантациялау кезінде донор ретінде пайдалануға және т.б.)» [11, 1516].

«Бұл қылмыстық істің пиғылы (мотив) альтруистік болуы мүмкін, яғни ата-аналары, қамқоршылары және т. б. оған тиісті көңіл бөлінбейтін қолайсыз отбасында тұратын кәмелетке толмаған баланы құтқаруға деген ұмтылысты білдіреді. Бұл ретте, кінәлі адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін тікелей пиғылды белгілеу және оның осы баптың диспозициясында сипатталған әрекеттерді жасауы жеткілікті». Қылмыс құрамының элементтерінің бірі-қылмыстық әрекеттің субъектісі. Қылмыс жасаған адамдар субъектілер болып табылады. Бірақ кез-келген жеке тұлға қылмыстың тақырыбы бола алмайды. Қылмыстық жауапкершілік адамның іс-әрекеттің нақты жағын және әлеуметтік маңыздылығын түсіну және оның әрекеттерін басқару қабілетімен байланысты. Мұндай қабілетке белгілі бір жасқа жеткен (Қылмыстық кодексте белгіленген) есі дұрыс адамдар ғана ие бола алады.

Аталған белгілер (жеке тұлға, ақыл-ой және қылмыстық жауапкершілік жасына жету) кез келген қылмыс субъектісінің қоғамдық заңды белгілері болып табылады.

Қылмыстық заң еңбектерінің кейбір авторлары тұтастай алғанда субъект ұғымын қылмыс құрамының элементі ретінде қабылдамауды ұсынады, өйткені композиция элементтерінде субъект ұғымы жас пен ақылдылықпен шектеледі және бұл қылмыскердің жеке басын дұрыс бағаламауға әкеледі, өйткені оның көзқарастары мен сенімдерімен, көңіл-күйлерімен және эмоцияларымен танысу қажеттілігі туындайды және қылмыс жасау мотиві, оның құмарлықтары мен құмарлықтары, тәрбиесі мен білімі – сотталушының мінез-құлқына әсер еткен және кейде тікелей анықтайтын барлық нәрселермен қарастырылады.

Халықаралық құқықта “балалар саудасы”, “траффикинг”, “эксплуатация” ұғымдары әртүрлі мазмұнда қолданылады. Қазақстан заңнамасында бұл терминдер үйлестірілгенмен, тәжірибеде:

- “эксплуатацияның дәлелденуі”,
- “пайдакүнемдік бейімділік”,
- “келісімнің заңдық күші”

сияқты мәселелер саралауда қиындықтар туғызады.

3.2. Интернет және цифрлық кеңістіктегі жасырын механизмдер.

Қазіргі қылмыстың ерекшелігі – **онлайн-платформалар, әлеуметтік желілер, даркнет, криптовалюталар** арқылы жасырын мәмілелердің өсуі. Бұл:

- транзакцияларды қадағалауды қиындатады;
- дәлелдемелерді жинауды күрделендіреді;
- кәметке толмағандардың онлайн-қорғаныс деңгейінің әлсіздігін көрсетеді.

3.3. Дәлелдемелік стандарттар

Кәметке толмаған адамның:

- психологиялық қысымға ұшырауы,
 - шын мәніндегі еркі мен келісімінің анықталмауы,
 - жәбірленуші ретінде жауап беру қабілетінің шектеулігі
- дәлелдемелік процесті күрделендіреді. Көп жағдайда саралау қателері орын алады: “адам саудасы” мен “жезөкшелікке тарту”, “сату” мен “заңсыз көшіру” арасындағы айырмашылық дұрыс ажыратылмайды.

3.4. Виктимологиялық аспект

Балалардың қауіпті ортада өмір сүруі, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлығы, отбасы ішілік зорлық фактілері қылмыстың алдын алу шараларын әлсіретеді. Бұл – құрамды қоғамнан оқшау емес, әлеуметтік тамыры бар құбылыс ретінде көрсетеді. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, балалардың құқықтарын қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган жүзеге асыруы қажет [12].

Бұл мақаланы қорытындылай келе, кәметке толмағандарды саудалау — көпқырлы, жасырын және аса қауіпті қылмыс. Оның қылмыстық-құқықтық табиғатын терең түсіну құқықтық саясаттың тиімділігін арттырады. Құқық қолдану тәжірибесінде дәлелдемелер жинау, саралау және интернеттегі қылмыстарды ашу ерекше қиындықтар тудырады. Сондықтан заңнаманы үнемі жаңартып отыру, халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және балаларды қорғау жүйесін күшейту — бұл қылмыспен күрестің негізгі бағыттары болуы тиіс.

Біз кәметке толмаған адамдар саудасының ұғымы мен мәнінің дәстүрлі және халықаралық түсіндірмелерін, оның заңнамалық анықтамасын қарастырдық.

Қылмыстық құқықтың даму тарихын зерттеу оның шығу тегі мен туындаған проблемамен күресудің заңи механизімін зерделеуге мүмкіндік жол ашатына көз жеткіздік.

Бүкіл әлем бұл жағымсыз құбылыспен күресудің сан алуан түрлерін қарастыруда, дегенмен кәметке толмағандар саудасы «атты дерттен» толыққанды арылуға қауқарлары жетпеуде.

Қолданыстағы қылмыстық кодекстің сипаттамасы кәметке толмаған адамды зат, тауар тұрғысынан қарастырылғанын байқалады.

Біздің ұсынып отырған көзқарасымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын

Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттаманы ратификациялау туралы заңына сәйкестіндіру.

Қазақстан Республикасы тәуелсідігін алғанға дейін кәмелетке толмағандар саудасына қатысты заңнамалар болмаған, алғаш рет 1997 жылы ҚР ҚК-нің 133-бабында (қазіргі кездегі 135-бап) кәмелетке толмағандар саудасы туралы жауаптылық қарастырылды.

ҚР ҚК-нің жаңа редакцияда кәмелетке толмаған адамдардың саудасы үшін мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылдан тоғыз жылға дейінгі, ауырлататын мән-жайлар болған жағдайларда жазалар он сегіз жылға дейінгі мерзімге ұлғайтылуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандар саудасын талдау барысында сатушы мен сатып алушы қылмыстық жауаптылыққа тартылатынын көрсетеді. Дегенмен осындай мәміле кезінде өзге қатысушы (үшінші) – делдалдың да болу жағдайлары болуы мүмкін. Сол себепті кәмелетке толмағандар саудасындағы делдалдық үшін қылмыстық жауаптылықты қарастыру қажет екенін пайымдадық.

Біздің мемлекетіміз кәмелетке толмағандар саудасына қарсы іс-қимылдың халықаралық-құқықтық аспектісінің көрінісі ретінде халықаралық құжаттарды ратификациялау арқылы адам саудасы, оның ішінде кәмелетке толмағандар саудасымен күресуге бағытталған негізгі шаралар жүзеге асырылуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мыңбаев М.А. «Еріксіз еңбекті құқықтық реттеу» ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2001. – № 3. – 47 – 49 бб.
2. Қасымов Қ.Н. ҚР адам саудасын болдырмаудың саяси және құқықтық аспектілері// ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. –. 2012.–№ 3 – 102 б.
3. Қапсәлемова С.С. Адам саудасы қылмыстарымен күресудің қылмыстық-құқықтық мәселелері. – Алматы: Жеті Жарғы, 2020. – 121-123бб.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Астана, 2014.
5. UNODC. Global Report on Trafficking in Persons 2023. – Vienna: United Nations Office on Drugs and Crime, 2023.
6. БҰҰ. Адам саудасына қарсы күрес туралы Палермо хаттамасы (2000). – Нью-Йорк, 2000.
7. Бала құқықтары туралы конвенция. – БҰҰ Бас Ассамблеясы, 1989.
8. International Labour Organization (ILO). Worst Forms of Child Labour Convention, No. 182. – Geneva, 1999.
9. Еуропа Кеңесі. Адам саудасына қарсы күрес туралы конвенция. – Варшава, 2005.
10. Абдраимова Г. Кәмелетке толмағандарды қанау және адам саудасы: құқықтық талдау. // Заң журналы. – 2021. – №4. – 63б.
11. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсініктеме: жалпы және ерекше бөлімдер/жалпы ред. Борчашвили Исидор Шамилович. - Алматы: Жеті жарғы, 2007. - 989, [1] с.: 25 см; ISBN 9965-11-261-4.
12. Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» заңы. – Астана, 2002.

Жайжанова Р.Д.

Қонаев Университетінің магистранты

Ғылыми жетекші:

Заң ғылымдарының докторы,

профессор Алибаева Г.А.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Мемлекеттік қаржылық бақылау мемлекеттік бақылаудың басым және сұранысқа ие түрі болып табылады. Бәлкім, осыған байланысты аталған бақылау түрін қамтамасыз ету мәселелеріне ғылыми қызығушылық бәсеңдемей келеді. Экономикалық дағдарыстармен күрделенген тарихтың түрлі кезеңдерінде мемлекеттік қаржылық бақылау мәселелері өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан да қазіргі уақытқа дейін ғылымда оның жалпыға ортақ анықтамасы қалыптаспағаны таңғаларлық емес. Зерттеушілер, шетелдік те, қазақстандық та ғалымдар, әдетте, ең алдымен Халықаралық жоғарғы бақылау органдарының ұйымы (INTOSAI) IX Конгресінде қабылданған бақылау жөніндегі басшылық қағидаларының директивалық халықаралық-құқықтық актісі – Лима декларациясына жүгінеді. Онда бақылаудың мәні өзіндік мақсат ретінде емес, реттеу жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде айқындалады. Ол белгіленген стандарттардан ауытқулар мен заңдылық, тиімділік және материалдық ресурстарды үнемді пайдалану қағидаларының бұзылуын мүмкіндігінше ертерек анықтауға тиіс, сол арқылы түзету шараларын қабылдауға, кейбір жағдайларда кінәлілерді жауапкершілікке тартуға, келтірілген зиянның орнын толтыруға, болашақта мұндай олқылықтардың алдын алу немесе оларды қысқарту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді [1, 56-65 бб.].

Саяси режим мен мемлекеттік басқару әдістеріне байланысты мемлекетте бақылаушылық қатынастар қалыптасады. Ғалымдар өз еңбектерінде мемлекеттік бақылау ұғымына қатысты әртүрлі анықтамаларды келтіреді. Социализм кезеңінде тұжырымдалған мемлекеттік қаржылық бақылау анықтамалары әкімшілік-бұйрықтық шындықты бейнелейді: Н.С.Малеин қаржылық бақылауды «жоспарларды орындау барысында қаржылық, бюджеттік, салықтық, несиелік және кассалық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған, құқықтық нормалармен реттелетін қаржы, несие және шаруашылық органдарының қызметі» ретінде түсінеді, оның мәні ақшалай шығындардың заңдылығын, негізділігін және ұтымдылығын тексеруден тұрады.

Э.А. Вознесенский макроэкономикалық аспектілерді де қарастыра отырып, қаржылық бақылауға мынадай анықтама береді – бұл «кеңейтілген өндірісте жоспарлы үйлесімділікті сақтау мақсатында орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын қалыптастыру және пайдалану үдерістерінің негізділігін тексеруден тұратын мемлекеттік және қоғамдық органдардың қызметі». Ю.А. Данилевский былай деп атап өтеді: «қаржылық бақылау экономика мен өндірісті басқарудың жалпы тетігінің ажырамас бөлігі әрі маңызды функцияларының бірі бола отырып, қаржылық, несиелік және өндірістік

көрсеткіштерді қамтиды. Бақылау саласына өндіріс, бөлу, айналыс және тауар-материалдық құндылықтарды ақшалай мәнде тұтыну кіреді».

Егер кеңестік кезең мен нарықтық қатынастарға өтпелі кезеңдегі басылымдар авторлары мемлекеттік қаржылық бақылаудың мәнін белгілі бір аспектілерде ғана қарастырса, қазіргі дереккөздер оның неғұрлым толық сипаттамасын береді. Л.А. Дробозина, Л.П. Окунева және Л.Д. Андросова былай деп санайды: «қаржылық бақылау – барлық деңгейдегі заң шығару және атқару билігі органдарының, сондай-ақ арнайы құрылған мекемелердің барлық экономикалық субъектілердің (мемлекеттің, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың) қаржылық қызметіне ерекше әдістерді қолдана отырып жүргізетін бақылауы. Ол ақша қаражаттары қорларын қалыптастыру және пайдалану процесінде қаржы-шаруашылық заңнамасының сақталуын бақылауды, қаржы-шаруашылық операциялардың экономикалық тиімділігін және жасалған шығыстардың целесообраздылығын бағалауды қамтиды» [2, 103 б.]. Е.Ю. Грачева «мұны құқық нормаларымен реттелген мемлекеттік, муниципалдық, қоғамдық органдар мен ұйымдардың, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық жоспарлаудың уақтылығы мен дәлдігін, тиісті ақша қорларына түсетін кірістердің негізділігі мен толықтығын, олардың дұрыс әрі тиімді пайдаланылуын тексеруге бағытталған қызметі» деп есептейді [3, 11 б.]. А.Н. Козырин қаржылық бақылауды «мемлекеттік органдардың, ал кейбір жағдайларда заңмен тиісті өкілеттіктер берілген мемлекеттік емес органдардың да арнайы ұйымдастырушылық нысандар мен әдістерді қолдана отырып, қаржылық операциялардың заңдылығы мен шынайылығын, қаржы-шаруашылық қызметтің экономикалық тиімділігін объективті бағалауды және оны арттырудың жаңа резервтерін, бюджетке түсетін кірістерді көбейтудің әрі мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз етудің жолдарын айқындауға бағытталған қызметі» ретінде түсінеді. Л.Н. Овсянников мемлекеттік қаржылық бақылауды «мемлекеттің өз қаржылық мүдделерін және азаматтарының қаржылық мүдделерін заңды тәсілдермен қорғау құқығын іске асыруы» ретінде түсінуді ұсынады.

Белгілі бір қызығушылық тудыратын жайт – «бақылау» және «қадағалау» ұғымдарын теңестіретін әрі ажырататын ғалымдардың пікірлерінің ерекшелігі. В.С. Чернявский оларды теңестіре отырып, қаржылық бақылауды «мемлекет уәкілеттік берген органдар мен ұйымдардың мемлекеттік және муниципалдық құрылымдардың ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалану процесіндегі іс-әрекеттердің заңдылығына қадағалау жүргізу қызметі ретінде, бұл қадағалау қоғамдағы тиімді қаржы саясатын және шаруашылық қызметті жүзеге асыру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында атқарылады» деп түсінуді ұсынады. С.О. Шохин мен Л.И. Воронина мемлекеттік қаржылық бақылауды «көпқырлы, саларалық қадағалау жүйесі, яғни бақылау функцияларымен өкілеттендірілген мемлекеттік және қоғамдық органдардың кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне объективті экономикалық тиімділікті бағалау, шаруашылық және қаржылық операциялардың заңдылығы мен мақсаттылығын айқындау және мемлекеттік бюджет кірістерінің резервтерін анықтау мақсатында жүргізетін қадағалау жүйесі» ретінде анықтайды. И.А. Белобжецкий өз ұстанымын қадағалау жүйесі ретінде

кеңейтілген түрде негіздей отырып, былай дейді: «Қаржы-шаруашылық бақылауды бақылау функцияларымен өкілеттендірілген мемлекеттік және қоғамдық органдардың кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелердің, ұйымдардың және материалдық өндіріс пен өндірістік емес саладағы басқа да бөлімшелердің қаржы-шаруашылық қызметіне объективті түрде экономикалық тиімділігін бағалау, шаруашылық және қаржылық операциялардың заңдылығын, шынайылығын және мақсаттылығын анықтау, мемлекеттік меншіктің сақталуын тексеру, өндіріс тиімділігін арттыру мен мемлекеттік бюджет кірістерінің өсуінің ішкі шаруашылық резервтерін айқындау мақсатында жүргізілетін қадағалау жүйесі ретінде түсіну қажет» [4, 23 б.].

Ғалымдардың басқа бір тобы қарастырылып отырған ұғымдардың арасын ажыратады. Н.М. Кониннің пікірінше, қадағалау – «әкімшілік-құқықтық реттеу саласында заңдылық пен мемлекеттік тәртіпті қамтамасыз етудің бақылаудан өзгеше өзге бір ұйымдастырушылық-құқықтық тәсілі. Ол — уәкілетті мемлекеттік органдардың басқарушылық әкімшілік-құқықтық қатынастар субъектілерінің қызметін олардың шешімдері мен әрекеттерінің қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкестігін тексеру мақсатында жүйелі түрде бақылап, тұрақты түрде қадағалап отыруға бағытталған ерекше, өзіндік нысандағы қызметі» [5, 116–117 бб.].

А.З. Дадашев пен Д.Г. Черник мемлекеттік қаржылық бақылау институтына жеткілікті толық сипаттама береді. Олардың пікірінше, қаржылық бақылаудың мазмұны мен мақсаты шаруашылық жүргізуші субъектілердің, сондай-ақ салалық (ведомстволық) және аумақтық басқару субъектілерінің қаржылық қызметін тексеруге саяды. Қаржылық бақылаудың объектісі - қаржы ресурстарын қалыптастыру және пайдалану барысында туындайтын бөліністік қатынастар, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорлары. Қаржылық тексеру құндық көрсеткіштерге жүргізіледі. Қаржылық бақылау шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметінің құндық көрсеткіштері мен қаржылық нәтижелерінің дұрыс қалыптастырылуын, бюджеттер мен бюджеттен тыс қорларды жасау және орындау тәртібін, коммерциялық емес ұйымдардың сметаларын жұмсау дұрыстығын, бюджет қаражатын мақсатты пайдалануын, салықтық төлемдер мен салықтық аударымдардың толықтығы мен уақтылы орындалуын қамтиды. «Қаржылық бақылау қаржылық, бюджеттік, салықтық, несиелік, ақша-несие саясатының, баға саясатының фактілі түрде жүзеге асырылуына, сондай-ақ сыртқы саясат мен сыртқы экономикалық байланыстарының валюта-қаржылық аспектілерін дамыту мәселелеріне назар аударады», — деп анықтама бере отырып, П.В. Черноморд қазіргі жағдайда барлық көздерден түсетін қаржы ресурстарын қалыптастыру мен пайдалануға, бюджеттердің орындалуына жоғары кәсіби қаржылық-экономикалық бақылаудың рөлі мен маңызы айтарлықтай артқанын атап көрсетеді. Н.Д. Погосян бұл бақылау түрінің белгілерін зерттей отырып, мынадай қорытынды жасайды: «қаржы саласындағы бақылауды оның қатысушылары мемлекеттік сектордың тиімді жұмыс істеуін, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан өзге де шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін заңды нысанда қамтамасыз ететін тұрақты және үздіксіз процестердің жиынтығы ретінде анықтауға болады». Келтірілген әрбір

анықтама мемлекеттік қаржылық бақылаудың көпқырлы әрі көпаспектілі құбылыс ретіндегі мәнін ашуға ықпал етеді.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың мәнін неғұрлым толық түсіну үшін ИНТОСАИ-дың Лима декларациясында баяндалған оның негізгі қағидаттарын айқындау қажет. Олар: заңдылық, тәуелсіздік, мақсаттылық, тиімділік, объективтік, құзыреттілік және жариялылық. Қағидаттардың өзара тығыз байланысты екенін және оларды бөлу белгілі бір деңгейде шартты сипатқа ие екенін ескерген жөн.

Жалпыға ортақ заңдылық қағидаты бақылау қызметінің заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігі ретінде түсіндіріледі, ал кең мағынада - өзара байланысты әлеуметтік, саяси және құқықтық талаптардың жиынтығы және олардың қоғам өмірінде іске асырылуы ретінде айқындалады.

Тәуелсіздік - бақылау органдары қызметіндегі негізгі қағидаттардың бірі. Лима декларациясында жоғары бақылау органы құрылуы және оның қажетті тәуелсіздік дәрежесі Конституцияда бекітілуі тиіс екені ерекше атап өтіледі. Жоғары бақылау органы мүшелерінің тәуелсіздігі де Конституциямен кепілденуі қажет. Бақылаудың тәуелсіздігі бақылау органдарының мәртебесін Конституцияда бекітумен ғана емес, олардың қаржылық дербестігімен, сондай-ақ бақылау органдары басшылары мен мүшелерінің өкілеттік мерзімдерінің ұзақтығымен қамтамасыз етіледі.

Мақсаттылық қағидаты, ең алдымен, бюджеттік қаражатты бөлудің және пайдаланудың мақсатты сипатын, сондай-ақ қойылған мақсаттарға сәйкестігін білдіреді. Аталған қағидат заңдылық және тиімділік қағидаттарымен тығыз байланысты. Бюджет қаражатын жұмсау мақсаттары тиісті нормативтік-құқықтық актілердің нормаларында әрдайым нақты айқындалады және негізгі мақсатты іске асыру кезінде заңдылық қағидатын сақтау үлкен мәнге ие.

Құрылымы жағынан ең күрделі қағидаттардың бірі — тиімділік қағидаты, өйткені оның әрекет ету тетігі құқықтық, әлеуметтік, экономикалық, технологиялық және басқа да қырларында көрініс табуы мүмкін. Біздің зерттеуіміз тұрғысынан ең маңыздысы — құқықтық реттеудің нәтижелілігі, ол нормативтік-құқықтық актілердің (республикалық бюджет туралы заң және т.б.) мазмұнының тиімділігінде байқалады, сондай-ақ экономикалық тиімділік - шығындар мен пайдалы нәтиженің оңтайлы арақатынасына қол жеткізу, артық шығындарды болдырмау, «минималдылық қағидаты», «максималдылық қағидаты» және ішкі резервтерді пайдалану қағидатының үйлесуі.

Объективтік және құзыреттілік қағидаттары өзара екіжақты байланысқа ие болып, бақылау субъектілеріне - уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға қатысты қолданылады. Аталған қағидаттар, біріншіден, бақылаушылардан заңнаманы және ревизиялық жұмыстың стандарттарын мүлтіксіз сақтауды, екіншіден, жоғары деңгейдегі кәсібилікті талап етеді.

Жариялылық қағидаты бақылаушы органдарға бұқаралық ақпарат құралдарын орынды және тиімді пайдалана отырып, қоғаммен тұрақты байланыс орнату міндетін жүктейді. Бұл ретте арнайы бюллетеньдермен ғана шектелмей, халық арасында кең таралған теледидар арналары, газеттер мен журналдарды да қолдану қажет.

Аталған негізгі, базалық қағидаттардан қолданбалы сипаттағы қағидаттар туындайды. Әдетте, олардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі - мемлекеттік қаржылық бақылау процесінің жалпы тиімділігін көрсететін нәтижелілік қағидаты. Тексерудің бастапқы кезеңінде бақылау мазмұнын құрайтын талаптарды нақты және логикалық түрде тұжырымдау қағидатын сақтау зор маңызға ие. Тексеру және ревизия актілерінің ақпараттық мазмұнының негізділігі мен дәлелділігі бақылау субъектілерінің адалдығы, кәсіби деңгейі және олардың іс-әрекеттерінің үйлесімділігі арқылы қамтамасыз етіледі.

Заңдылық қағидатымен қатар мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыруда өзге де жалпықұқықтық бастамаларды назардан тыс қалдыруға болмайды, мәселен, кінәсіздік презумпциясы қағидаты. Тек сот қана мемлекет атынан тұлғаның құқықбұзушылық жасауда, соның ішінде қаржылық қылмыста кінәлі екенін анықтап, үкім шығаруға құқылы.

Бақылаушы органның негізділігі мен объективтілігін қамтамасыз етуге шешім қабылдаудың алқалылық қағидаты, сондай-ақ бақылаушы орган қызметінде алдын ала, ағымдағы және кейінгі бақылауды үйлестіру қағидаты ықпал етеді.

Бақылаушы органдардың іс-әрекеті мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғарыда аталған міндеттерін шешумен қатар ықтимал қаржылық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталуы тиіс - бұл превентивтік қағидаттың мәнін көрсетеді.

Мемлекеттік қаржылық бақылау өзінің ең жоғары және нәтижелі деңгейіне барлық аталған қағидаттар кешенді түрде сақталған жағдайда ғана қол жеткізеді.

Бақылаудың ұғымы мен қағидаттарын жетекші идеялар ретінде қарастыратын тұжырымдамалық ережелерге сүйене отырып, мемлекеттік қаржылық бақылаудың мақсаты мен мәні туралы мынадай қорытынды жасауға болады: біріншіден, мемлекеттік қаражатты қалыптастыру, бөлу және пайдалану қызметінде басқару рәсімдерінің бұзылуын анықтау; екіншіден, бақылау нәтижелері бойынша түзету шараларын қабылдау арқылы анықталған бұзушылықтарды жоюды қамтамасыз ету; үшіншіден, анықталған бұзушылықтардың негізінде жатқан факторларды талдау арқылы алдын алу (превентивтік) функциясын орындау.

Мемлекеттік қаржылық бақылаудың мәнін неғұрлым толық түсіну үшін ИНТОСАИ-дың Лима декларациясында баяндалған оның негізгі қағидаттарын айқындау қажет. Оларға заңдылық, тәуелсіздік, мақсаттылық, тиімділік, объективтік, құзыреттілік және жариялылық жатады. Қағидаттардың өзара тығыз байланысты екенін және оларды белгілі бір дәрежеде шартты түрде ғана бөлуге болатынын ескерген жөн.

Жалпыға ортақ заңдылық қағидаты бақылау қызметінің заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігі ретінде түсіндіріледі, ал кең мағынада - өзара байланысты әлеуметтік, саяси және құқықтық талаптардың жиынтығы және олардың қоғам өмірінде іске асырылуы ретінде айқындалады.

Тәуелсіздік — бақылау органдары қызметіндегі негізгі қағидат болып табылады. Лима декларациясында жоғары бақылау органын құру және оның қажетті тәуелсіздік дәрежесін Конституцияда бекіту қажет екені атап өтіледі. Жоғары бақылау органы мүшелерінің тәуелсіздігі де Конституциямен

кепілдендірілуі тиіс. Бақылаудың тәуелсіздігі бақылау органдарының мәртебесін Конституцияда бекітумен ғана емес, олардың қаржылық дербестігімен, сондай-ақ бақылау органдары басшылары мен мүшелерінің өкілеттік мерзімдерінің ұзақтығымен қамтамасыз етіледі.

Мақсаттылық қағидаты, ең алдымен, бюджеттік қаражатты бөлу мен пайдаланудың мақсатты сипатын және қойылған мақсаттарға сәйкестігін білдіреді. Аталған қағидат заңдылық және тиімділік қағидаттарымен тығыз байланысты. Бюджет қаражатын жұмсау мақсаттары тиісті нормативтік-құқықтық актілердің нормаларында әрдайым нақты айқындалады, ал негізгі мақсатты іске асыру кезінде заңдылық қағидатын сақтау да үлкен мәнге ие.

Құрылымы жағынан ең күрделі қағидаттардың бірі - тиімділік қағидаты, өйткені оның әрекет ету механизмі құқықтық, әлеуметтік, экономикалық, технологиялық және басқа да қырларда көрініс табуы мүмкін. Осы тұрғыда ең қызықтысы - құқықтық реттеудің нәтижелілігі, яғни нормативтік-құқықтық актінің мазмұнының тиімділігі, сондай-ақ экономикалық тиімділік, ол шығындар мен пайдалы нәтиженің оңтайлы арақатынасына қол жеткізу, артық шығындарды болдырмау, «минималдылық қағидаты», «максималдылық қағидаты» және ішкі резервтерді пайдалану қағидаттарының үйлесімі арқылы көрініс табады.

Объективтік және құзыреттілік қағидаттары өзара екіжақты байланысқа ие болып, бақылау субъектілеріне - уәкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға қатысты қолданылады. Аталған қағидаттар бақылаушылардан, біріншіден, заңнаманы және ревизиялық жұмыстың стандарттарын мүлтіксіз сақтауды, екіншіден, жоғары кәсібилікті талап етеді.

Жариялылық қағидаты бақылаушы органдарға қоғаммен тұрақты байланыс орнату міндетін жүктейді, бұған бұқаралық ақпарат құралдарын тиімді пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Бұл тек арнайы бюллетеньдермен шектелмей, халық арасында танымал теледидар арналары, газеттер мен журналдарды қолдануды да қамтиды.

Қазақстан заңнамасы 2015 жылғы 12 қарашадағы Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңы нормаларында мемлекеттік қаржылық бақылаудың келесі қағидаттарын анықтаған:

1) тәуелсіздік – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының тәуелсіздігіне қол сұғатын араласуға жол бермеу;

2) объективтілік – Қазақстан Республикасының заңнамасына, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу кезінде объективті тәсілдерді қолдануы және мүдделер жанжалын болғызбау;

3) кәсіби құзыреттілік – мемлекеттік аудиторлардың білікті және сапалы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білім мен дағдының қажетті көлемінің болуы, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын, кәсіби әдеп қағидаларын сақтауы, сондай-ақ кәсіби борышын орындауы;

4) құпиялылық – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау барысында алынатын немесе өздері жасайтын құжаттарды үшінші тұлғаларға беру не онда қамтылған мәліметтерді ауызша жария ету құқығынсыз сақтау жөніндегі міндеттемесі;

5) анықтық – мемлекеттік аудит нәтижелерін аудиторлық дәлелдемелермен растау;

6) ашықтық – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін баяндаудың анықтығы;

7) жариялылық – құпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтамасыз етуді ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін жариялау;

8) мемлекеттік аудит нәтижелерін өзара тану – мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын сақтаған жағдайда осы органдардың мемлекеттік аудит нәтижелерін тануы. [6].

Аталған негізгі, базалық қағидаттардан қолданбалы сипаттағы қағидаттар туындайды. Әдетте олардың ішіндегі ең маңыздысы — нәтижелілік қағидаты, ол мемлекеттік қаржылық бақылау процесінің жалпы тиімділігін көрсетеді. Ревизияның бастапқы кезеңінде бақылау мазмұнын құрайтын талаптарды нақты және логикалық түрде тұжырымдау қағидатын сақтау үлкен маңызға ие. Бақылау және ревизия актілерінің ақпараттық мазмұнының негізділігі мен дәлелділігі бақылау субъектілерінің адалдығы, кәсіби деңгейі және олардың іс-әрекеттерінің үйлесімділігі арқылы қамтамасыз етіледі.

Заңдылық қағидатымен қатар, мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыруда өзге де жалпықұқықтық бастамаларды назардан тыс қалдыруға болмайды, мәселен, кінәсіздік презумпциясы қағидаты. Тек сот қана мемлекет атынан тұлғаның құқықбұзушылық жасағаны, соның ішінде қаржылық қылмыста кінәлі екенін анықтап, үкім шығаруға құқылы. Бақылаушы органның негізділігі мен объективтілігін қамтамасыз етуге шешім қабылдаудың алқалылық қағидаты, сондай-ақ бақылау органдары қызметінде алдын ала, ағымдағы және кейінгі бақылауды үйлестіру қағидаты ықпал етеді.

Мемлекеттік қаржылық бақылауға қойылатын бірыңғай талаптар мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарымен айқындалады. Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын республикалық бюджеттің орындалуына бақылау жүргізетін Есеп комитеті Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген ішкі бақылау органы бірлесіп әзірлейді және Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттары бақылау органдары үшін міндетті болып табылады.

Бақылаушы органдардың іс-әрекеті мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғарыда аталған міндеттерін шешумен қатар ықтимал қаржылық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталуы тиіс — бұл превентивтік қағидаттың мәнін көрсетеді.

Мемлекеттік қаржылық бақылау өзінің ең жоғары және нәтижелі деңгейіне тек барлық аталған қағидаттар кешенді түрде сақталған жағдайда ғана қол жеткізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лимская декларация руководящих принципов контроля // Контролинг. 1991. №. 1. 56-65 с.
2. Финансы: Денежное обращение. Кредит: Учебник / Под ред. Л.А. Дробозиной.- М: Финансы. ЮНИТИ, 1997. 103
3. Грачева Е.Ю. Финансовая деятельность и финансовый контроль в системе социального управления // Финансовое право.- 2003, № 2. 11
4. Белобжецкий И.А. Финансовый контроль и новый хозяйственный механизм.- М.: Финансы и статистика, 2007. 23
5. Конин Н.М. Административное право России в вопросах и ответах: учебное пособие.- М., 2007. 116–117 бб
6. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V ҚРЗ.

Жумадилова А.Н.

І.Жансугуров атындағы Жетісу университеті
1 курс магистранты

Ғылыми жетекші:

Философия докторы (PhD)

Сыздықбаева Н.Б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру ұлттық деңгейдегі стратегиялық басымдықтардың бірі болып табылады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, Е-Health тұжырымдамасы және денсаулық сақтауды дамытудың салалық бағдарламалары аясында медициналық ұйымдарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жедел енгізу жүзеге асырылып келеді. Денсаулық сақтауды цифрландыру халыққа медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға, көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, ресурстарды тиімді пайдалануға және басқарушылық процестерді оңтайландыруға бағытталған.

Бұл үдеріс медициналық қызмет көрсетудің дәстүрлі моделінен цифрлық экожүйеге өтуді білдіреді. Қазіргі таңда Қазақстанда электрондық денсаулық паспорты, Бірыңғай интеграциялық платформа, медициналық ақпараттық жүйелер және мобильді денсаулық сақтау сервистері кеңінен қолданылуда. Бұл құралдар денсаулық сақтау ұйымдары арасындағы деректер алмасуды

жеңілдетіп, клиникалық процестердің ашықтығын арттырып, медициналық көмектің сапалық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Цифрландыру нәтижесінде медициналық қызмет көрсету жылдамдығы артып, пациенттер қызметтерді цифрлық форматта қашықтан алу мүмкіндігіне ие болуда. Мысалы, пациент электрондық кезек арқылы дәрігерге онлайн жазылып, талдау нәтижелерін үйінен шықпай қарай алады, электрондық рецепт ала алады, еңбекке жарамсыздық парағын электронды түрде рәсімдей алады. Бұл өз кезегінде денсаулық сақтау жүйесіндегі адами фактордан туындайтын уақыт шығынын азайта отырып, процестердің тиімділігін арттырады.

Сонымен қатар, цифрландыру денсаулық сақтау саласының басқарушылық тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаруда. Ақпараттық жүйелерден алынатын деректер медициналық ұйымдардың қызметін мониторингілеуге, қаржылық көрсеткіштерді бағалауға, кадрлық ресурстарды жоспарлауға, емдеу нәтижелерін талдауға және халық денсаулығының жағдайын болжауға мүмкіндік береді. Басқарушылық шешімдерді қабылдау деректерге негізделіп, дәл әрі жедел бола түседі. Бұл - денсаулық сақтау жүйесінің стратегиялық басқару сапасын жаңа деңгейге көтеретін бағыт.

Дегенмен цифрландыру үдерісінің табысты жүзеге асуы барлық өңірлерде біркелкі емес. Ауылдық және шалғай аймақтарда интернеттің төмен жылдамдығы, техникалық жабдықтардың жетіспеушілігі, білікті IT мамандарының тапшылығы сияқты инфрақұрылымдық және кадрлық мәселелер әлі де кездеседі. Мұндай кедергілер цифрлық қызметтерді кеңінен қолдануға мүмкіндік бермей, жалпы ұлттық цифрлы экожүйенің толық қалыптасуына әсер етеді.

Бұған қоса, медициналық ақпараттық жүйелердің әртүрлі форматтарда жұмыс істеуі және толық интеграцияланбауы медициналық ұйымдардың өзара деректер алмасуын күрделендіреді. Бұл мәселе Бірыңғай интеграциялық платформаның дамуын талап етеді. Сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік пен дербес деректерді қорғау мәселесі де өзекті болып отыр. Кибершабуылдардың өсуі және медициналық деректердің құны артқан қазіргі кезеңде киберқауіпсіздік саласы цифрландырудың ажырамас элементі болуы тиіс.

Сонымен қатар денсаулық сақтау саласының цифрлануы азаматтардың цифрлық сауаттылығына да тікелей байланысты. Халықтың ақпараттық технологияларды қолдану деңгейі әртүрлі болғандықтан, әсіресе егде жастағы адамдар үшін мобильді қосымшалар арқылы қызмет алу қиындықтар туғызады. Бұл фактор да цифрлық теңсіздіктің көрінісі ретінде қарастырылуы тиіс.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы денсаулық сақтауды цифрландыру үдерісі халықтың медициналық қызметке қолжетімділігін арттыру, денсаулық сақтау ұйымдарының тиімділігін күшейту және ресурстарды оңтайландыру бағыттарында оң нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Алайда толыққанды цифрлық денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру үшін инфрақұрылымдық, институционалдық, нормативтік, кадрлық және әлеуметтік аспектілердің бірізді дамуы қажет. Осындай жүйелі тәсіл денсаулық сақтау саласының сапалы және нәтижелі қызмет көрсетуіне жағдай жасайды, сондай-ақ ҚР денсаулық сақтау жүйесінің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан денсаулық сақтау жүйесінде цифрландыру үдерісі электрондық денсаулық паспорты, медициналық ақпараттық жүйелер, мобильді қосымшалар, телемедициналық қызметтер және интеграциялық платформалар арқылы қарқынды жүзеге асырылып келеді. Денсаулық сақтауды цифрлық форматқа көшіру бағытындағы мемлекеттік бастамалар саланың тиімділігін арттыруға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және халыққа медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік берді. Бүгінгі таңда «DamuMed», «MedElement», «Qoldau 24/7», «MyDoctor», «Halyq Dauysy», «Ashyq» сияқты ақпараттық жүйелер мен цифрлық сервистер медициналық инфрақұрылымның ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Аталған платформалар халыққа медициналық қызметтерді онлайн форматта ұсынуға жол ашты. Пациенттер дәрігерге тікелей бармай-ақ онлайн түрде алдын ала жазыла алады, зертханалық талдау нәтижелерін қашықтан көре алады, электрондық рецепт алып, оны кез келген өңірдегі дәріханада пайдалана алады, еңбекке жарамсыздық парағын онлайн рәсімдей алады. Бұл жаңашылдықтар медициналық ұйымдардағы бюрократиялық рәсімдерді қысқартып, тіркеу және қабылдау бөлімдеріндегі жүктемені айтарлықтай төмендетті. Сонымен қатар, медициналық құжаттардың электрондық форматқа көшуі қателіктерді азайтып, ақпараттардың сапасын жақсартуға ықпал етті.

Мобильді денсаулық сақтау технологияларының дамуы халық арасында профилактикалық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда. Смарт-қосымшалар арқылы қан қысымын, қант деңгейін, жүрек соғысын бақылау, қабылдаған дәрілерді есепке алу, дене салмағын қадағалау сияқты функциялар қолжетімді болып отыр. Бұл пациенттердің өз денсаулығына деген жауапкершілігін арттыра отырып, созылмалы ауруларды ерте анықтауға және олардың асқынуының алдын алуға мүмкіндік береді. Денсаулық көрсеткіштерін үздіксіз бақылау арқылы дәрігерлер пациенттің жағдайындағы өзгерістерді дер кезінде байқап, тиісті шараларды қабылдай алады.

Телемедициналық қызметтер де Қазақстанда кеңінен дамып келеді. Қашықтықтан консультациялар беру, бейнеқоңырау арқылы дәрігер кеңесін алу, мобильді қосымшалар арқылы сарапшы мамандардан екінші пікір алу сияқты қызметтер шалғай елді мекендердегі тұрғындар үшін ерекше маңызға ие. Бұл ауылдық аймақтардағы медициналық көмектің сапасын жақсартып қана қоймай, өңірлік теңсіздікті азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, телемедицинаның дамуы халықтың уақыттық және қаржылық шығындарын азайтады, науқастардың транспорттық қиындықтарын шешеді.

Интеграциялық платформалар денсаулық сақтау ұйымдары арасындағы ақпарат алмасуды жеңілдетіп, медициналық деректерді бірыңғай жүйеге біріктіруге бағытталған. Бірыңғай интеграциялық платформа (БИП) дәрігерлердің пациенттің толық деректеріне жедел қол жеткізуіне жағдай жасап, клиникалық шешімдердің сапасын арттырады. Бұл жүйелердің артықшылығы – пациенттің медициналық тарихы қай өңірде қаралғанына немесе қай медициналық ұйымға жүгінгеніне қарамастан, біркелкі форматта сақталып, қажет сәтте қолжетімді болады.

Жалпы алғанда, денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру Қазақстанда медициналық қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттырудың маңызды құралдарының біріне айналып отыр. Алайда ақпараттық жүйелердің толық интеграциясы, деректер сапасын жақсарту, киберқауіпсіздікті күшейту, кадрлардың цифрлық құзыреттерін дамыту сияқты мәселелер әлі де өзекті. Осы бағыттарды жетілдіру арқылы Қазақстан цифрлық денсаулық сақтау моделін тиімді әрі заманауи деңгейде қалыптастыруға қадам жасай алады.

Электрондық денсаулық паспорты әрбір азаматтың медициналық тарихын орталықтандырылған түрде сақтауға мүмкіндік береді. Бұл модель медициналық ұйымдар арасында деректердің жедел алмасуын қамтамасыз етеді және пациенттің орналасқан өңіріне қарамастан, оның денсаулық көрсеткіштеріне қолжетімді болуға жол ашады. Сонымен қатар Бірыңғай интеграциялық платформа медициналық ақпараттық жүйелерді ортақ экожүйеге біріктіріп, зертханалар, емханалар және стационарлар арасындағы деректер ағынының үйлесімділігін арттыруды көздейді. Дегенмен, Қазақстанда ақпараттық жүйелердің толық интеграциясы әлі де аяқталмаған, ақпарат алмасу стандарттары толық жетілдірілмеген және өңірлер арасында цифрлық инфрақұрылым теңсіздігі байқалады.

Қазіргі кезеңде денсаулық сақтауды цифрландыруда шешуді қажет ететін мәселелер жеткілікті. Оның ішінде технологиялық инфрақұрылымның аймақтар бойынша әркелкі дамуы, ауылдық жерлерде интернет жылдамдығы мен құрылғылардың жеткіліксіздігі, ақпараттық жүйелердің үйлеспеушілігі және деректердің сапасына қатысты проблемалар өзекті болып отыр. Медициналық деректердің толық болмауы, бұрмалануы немесе стандарттарының сақталмауы клиникалық шешімдердің дәлдігіне теріс әсер етеді. Киберқауіпсіздік тәуекелдері де айтарлықтай жоғары, өйткені медициналық деректер қатаң қорғанысты талап етеді.

Цифрландырудың кадрлық аспектілері де маңызды. Медицина қызметкерлерінің ақпараттық жүйелермен жұмыс істеу дағдылары біркелкі емес, көптеген мамандар үшін жаңа технологияларды игеру қосымша уақыт пен оқытуды қажет етеді. Сонымен қатар IT-мамандардың жеткіліксіздігі цифрлық жүйелердің толыққанды жұмысын тежейді. Халық арасында цифрлық сауаттылықтың төмендігі, әсіресе егде жастағы адамдардың мобильді сервистерді пайдалану дағдыларының әлсіздігі де цифрландыру тиімділігіне ықпал етеді.

Сонымен бірге денсаулық сақтау саласында телемедицинаның даму әлеуеті жоғары. Қашықтан медициналық кеңес беру, диагностика және бақылау қызметтері шалғай өңірлерде тұратын азаматтар үшін аса маңызды. Телемедициналық технологиялар медициналық қызметтердің қолжетімсіздігін азайтып, ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Пандемия кезеңінде телемедицина қызметтері жедел кеңеюі оның маңыздылығын дәлелдеді.

Қазақстанда денсаулық сақтаудың цифрлық трансформациясын дамыту перспективалары бірнеше бағытта көрініс табады. Біріншіден, ақпараттық жүйелердің интеграциясын толық аяқтау және Бірыңғай медициналық ақпараттық кеңістік қалыптастыру қажет. Екіншіден, киберқауіпсіздік саясатын

күшейту, деректерді қорғау және стандарттау міндеттері өзектілігін арттыруда. Үшіншіден, кадрларды оқыту, цифрлық менеджментті жетілдіру және пациенттердің цифрлық сауаттылығын көтеру цифрландыру тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі шарттар болып табылады. Төртіншіден, жасанды интеллект, Big Data, роботтандырылған диагностика, биометриялық технологиялар секілді инновациялық құралдарды енгізу денсаулық сақтау жүйесін жаңа сапалық деңгейге шығарады.

Осылайша, Қазақстанда денсаулық сақтауды цифрландыру бірқатар қиындықтарға қарамастан, тұрақты дамып келе жатқан сала болып табылады. Инфрақұрылымдық, кадрлық және басқарушылық мәселелерді жүйелі түрде шешу арқылы денсаулық сақтау саласының толыққанды цифрлық модернизациясына қол жеткізуге болады.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды цифрландыру саланың құрылымдық, ұйымдастырушылық және технологиялық үлесін жаңғыртатын стратегиялық маңызды үрдіс болып табылады. Цифрлық денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттырып қана қоймай, денсаулық сақтау ұйымдарының басқару тиімділігін, деректердің ашықтығы мен дәлдігін қамтамасыз етеді. Электрондық денсаулық паспорты, медициналық ақпараттық жүйелер, телемедициналық сервистер және мобильді қосымшалар денсаулық сақтау қызметтерін халыққа ыңғайлы, жедел және тиімді етуге бағытталған.

Алайда цифрландырудағы инфрақұрылымдық теңсіздік, ақпараттық жүйелердің үйлеспеушілігі, деректер сапасы мен киберқауіпсіздік, кадр тапшылығы және халықтың цифрлық сауаттылығының төмендігі сияқты мәселелер әлі де шешуді қажет етеді. Оларды жою үшін мемлекет тарапынан институционалдық қолдау, заңнамалық базаны жетілдіру, цифрлық инфрақұрылымды дамыту және кадрлық әлеуетті нығайту қажет.

Қазақстан денсаулық сақтау жүйесін цифрландыруда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізсе де, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, жаңа технологияларды енгізу және цифрлық трансформацияны басқару тетіктерін жүйелендіру болашақтағы маңызды міндеттердің бірі болып қала береді. Тиімді цифрлық денсаулық сақтау жүйесі халық денсаулығының жақсаруына, медициналық қызмет сапасының артуына және саланың тұрақты дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау кодексі. - Астана, 2020. - 235 б.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметі. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017. - 112 б.
3. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі. Е-Health электрондық денсаулық сақтау тұжырымдамасы. - Астана, 2018. - 64 б.
4. Всемирная организация здравоохранения. Global Strategy on Digital Health 2020-2025. - Geneva: WHO Press, 2020. - 78 p.

5. OECD. Health in the Digital Age: Policies for Better Health and Healthcare. - Paris: OECD Publishing, 2019. - 256 p.
6. Kluge H. et al. Digital transformation of health systems// The Lancet Digital Health. - 2021. - Vol. 3(5). - P. 295-302.
7. Сергеев Ю. П. Цифровая медицина: теория и практика. – Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2021. - 312 с.
8. Пархоменко В. В. Медицинские информационные системы в здравоохранении. - Алматы: Фолиант, 2020. - 186 б.
9. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Денсаулық сақтау саласын цифрландыру көрсеткіштері. - Астана, 2023.
10. Назарбаева Д. Н. Денсаулық сақтаудың цифрлық трансформациясы // ҚР Денсаулық сақтау журналдары. - 2022. - №4. - Б. 45-53.
11. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі. Қазақстан Республикасында цифрлық денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасы 2020-2025. - Астана, 2020. - 54 б.
12. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі. Денсаулық сақтау туралы Қазақстан Республикасының Кодексі. - Астана: ҚР Парламенті, 2020. - 178 б.
13. Баймұқанов Т.Ж., Әбдірахманова Г.Е. Қазақстан денсаулық сақтау жүйесін цифрландырудың қазіргі жағдайы және даму бағыттары//Халық денсаулығы журналы. - 2022. - №3(65). -Б. 12-21.
14. Сапарбеков А.Қ., Омарова А.С. Медициналық ақпараттық жүйелерді енгізудің тиімділігі және отандық тәжірибе// Қоғамдық денсаулық сақтау және менеджмент. – Алматы: «ҚДСУ» баспасы, 2021. - №2. - Б. 45-53.
15. Жұмабекова Қ.Ш., Әлібекова Л.М. Қазақстанда электрондық денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру: мәселелер мен перспективалар// Денсаулық сақтау экономикасы. - 2023. - Т. 5, №1. - Б. 30-38.

Kagazbekova S.

1st-year master's student at Zhetysu University
named after I. Zhansugurov

Scientific supervisor:

teacher-lecturer Kenjassarova A.

THE IMPACT OF DIGITAL TECHNOLOGIES ON INCREASING MOTIVATION AND ENGAGEMENT OF MEDICAL STAFF

The digital transformation of modern healthcare has evolved into a foundational factor affecting not only clinical workflows but also the entire system of human resource management (HRM). As healthcare organizations navigate growing demographic pressures, expanding patient expectations, and ongoing workforce shortages, the need to maintain high levels of motivation and engagement among medical personnel has never been more critical. Digitalization introduces new

paradigms of work management, collaboration, and professional development, thereby shaping a more adaptive, resilient, and human-centered healthcare environment. Through the integration of innovative HR technologies, institutions are better positioned to address the complex relational, emotional, and organizational needs of their staff.

Motivation and engagement in the healthcare sector are deeply intertwined with the emotional and ethical nature of medical work. Healthcare professionals typically operate under conditions of heightened responsibility, moral stress, and unpredictable clinical demands. Digital technologies, when implemented thoughtfully, offer the potential to reduce operational complexity, enhance professional autonomy, and create meaningful opportunities for skill development - all of which serve as essential drivers of motivation. Engagement, which comprises cognitive, emotional, and behavioral dimensions, is strengthened when healthcare workers experience trust, recognition, and a sense of purpose. Digital tools serve as enablers of these organizational conditions by promoting transparency, supporting communication, and facilitating continuous learning.

One of the most impactful digital solutions in healthcare HRM is the adoption of advanced Learning Management Systems (LMS) and digital educational ecosystems. These platforms increasingly incorporate virtual simulations, augmented reality (AR) training modules, serious games, and microlearning formats designed to align with different learning preferences and clinical specialties. AI-powered learning analytics can identify individual skill gaps, predict future competency needs, and propose personalized curriculum pathways. Such systems not only enhance knowledge retention but also elevate self-efficacy, professional confidence, and long-term career satisfaction. Continuous access to high-quality educational resources is recognized as a central factor in reducing skill obsolescence and improving workforce adaptability.

In parallel, the wide adoption of mobile HR applications and enterprise communication platforms has redefined everyday work interactions. These tools streamline administrative tasks, offer immediate access to institutional policies, enable seamless communication with supervisors, and provide employees with a unified channel for addressing work-related concerns. In many organizations, mobile platforms also incorporate digital onboarding modules, mentoring programs, and community-building features that support social cohesion. The reduction of administrative burdens translates directly into improved emotional well-being, as employees gain more time to focus on patient care and meaningful clinical activities.

Digital performance management systems represent another critical area of transformation. Through continuous feedback mechanisms, objective performance analytics, and structured competency frameworks, healthcare institutions are moving away from outdated annual appraisal models toward more dynamic and developmental approaches. These digital platforms can integrate data from multiple sources - clinical performance metrics, patient satisfaction scores, peer reviews, training participation - and synthesize these insights into actionable dashboards. The shift toward data-driven performance evaluation reinforces fairness, clarity, and accountability, which are fundamental to fostering motivation and engagement.

Furthermore, digital HR ecosystems increasingly incorporate People Analytics - a sophisticated use of statistical analysis, machine learning, and predictive modeling to understand workforce patterns and optimize HR decisions. In healthcare, People Analytics can forecast turnover risks, identify factors contributing to burnout, optimize staff allocation, and evaluate the impact of training programs on clinical outcomes. These insights not only inform leadership decisions but also enhance organizational transparency and promote the perception of procedural justice, a key determinant of engagement.

Digital well-being platforms, AI-driven burnout detection tools, and psycho-emotional monitoring systems are becoming essential components of organizational support. These solutions can evaluate sentiment trends through employee feedback, detect anomalies in work-life balance indicators, and recommend personalized well-being strategies. Some platforms offer guided meditation, stress-reduction modules, cognitive-behavioral therapy tools, and access to remote mental health professionals. Their adoption aligns with global efforts to strengthen the psychological resilience of healthcare workers and counteract the negative effects of chronic occupational stress.

Gamification, as a motivational strategy, is also gaining traction. Digital badges, reward milestones, skill progression maps, and leaderboards generate intrinsic motivation through recognition and friendly competition. In clinical settings, gamification can reinforce adherence to training programs, encourage participation in quality improvement initiatives, and support collaborative problem-solving. Importantly, gamified environments must be designed with sensitivity to healthcare ethics to ensure inclusivity and avoid excessive competitiveness that could undermine teamwork.

Telemedicine, electronic health records (EHRs), decision-support systems, and diagnostic AI further influence workforce motivation indirectly by enhancing clinical accuracy, reducing redundant tasks, and increasing patient safety. When digital tools improve the quality of clinical workflows, healthcare workers experience greater professional satisfaction and reduced emotional strain. Interprofessional collaboration platforms promote teamwork by facilitating knowledge exchange and collaborative case management, further enriching engagement.

Despite these advances, digital transformation in healthcare HRM is not without challenges. Barriers include uneven digital literacy across age groups, fears of job displacement due to automation, perceived intrusiveness of monitoring systems, and resistance to change among certain professional categories. Inadequate system interoperability can lead to fragmented workflows, undermining efficiency. Additionally, ethical concerns regarding data privacy, algorithmic bias, and employee autonomy require careful governance.

To address these challenges, organizations must adopt digital leadership strategies that emphasize inclusion, transparency, and empowerment. Leadership commitment to change, combined with comprehensive digital literacy training, ensures smoother adoption and reduces resistance. Multi-stakeholder engagement - incorporating clinicians, managers, IT specialists, and HR professionals - is essential for designing tools that genuinely meet workforce needs. A continuous improvement

approach, feedback loops, and participatory design frameworks can further align technological solutions with organizational culture.

In conclusion, digital technologies have a transformative impact on the motivation and engagement of medical personnel by creating a modern, adaptive, and supportive work environment. They enhance the fairness and transparency of HR processes, reduce administrative burdens, and foster continuous learning and psychological resilience. As healthcare systems move toward AI-driven HR ecosystems, integrated digital platforms, and predictive workforce management, the potential to build sustainable, highly motivated, and deeply engaged clinical teams will continue to grow. Ultimately, effective digital transformation in HRM not only strengthens human resource capacity but also improves patient outcomes, organizational performance, and the long-term stability of healthcare systems.

References:

1. Дюжев В.В. Цифровая трансформация управления персоналом в здравоохранении // Менеджмент в здравоохранении. - 2022. - № 4. - С. 15-24.
2. Мельникова Е. А. Влияние цифровых HR-технологий на мотивацию работников медицинских организаций // Вестник экономики и права. - 2023. - № 9. - С. 85–92.
3. Иванова Л.Н. Цифровые платформы в развитии компетенций медицинского персонала // Современные проблемы здравоохранения. - 2021. - № 6. - С. 112–119.
4. Агапова Т.А. Электронные системы оценки эффективности в медицинских учреждениях // Учет и статистика. - 2022. - № 3. - С. 54-62.
5. World Health Organization. Digital Health Transformation and Workforce Engagement. - Geneva: WHO Press, 2022. - 56 p.
6. Kluge A., Sauer J. Digital Technologies in Healthcare Personnel Management // Journal of Medical Systems. - 2021. - Vol. 45, No. 7. - P. 1-12.
7. Venkatesh V. Adoption of Digital Tools in Healthcare HRM // International Journal of Human Resource Studies. - 2020. - Vol. 10, No. 3. - P. 45-63.
8. Shanafelt T. Burnout and Digital Tools for Well-being in Healthcare Workers // The Lancet Digital Health. - 2022. - Vol. 4, No. 5. - P. e321-e330.
9. Deloitte. Global Health Care Outlook 2023: Digitalization and Workforce Sustainability. - London: Deloitte Insights, 2023. - 72 p.
10. Peterson R. Digital Engagement Systems and Employee Motivation in Healthcare // Health Management Review. - 2021. - Vol. 18, No. 2. - P. 89–104.

Абдигалиев А.

Студент 4 курса Университета Кунаева

Научный руководитель:

кандидат юридических наук,

доцент Курманалиева Э. Б.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБЩЕСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

В условиях стремительного развития информационных технологий цифровая трансформация становится одним из ключевых факторов модернизации государства и права. Переход бизнеса и государственных услуг в цифровую среду, рост роли данных, алгоритмов и автоматизированных систем в процессе принятия управленческих решений формируют новые возможности, но одновременно создают серьезные вызовы для правовой системы и государственного управления. Для Республики Казахстан цифровизация выступает стратегическим направлением развития, закреплённым в государственных программах, что делает исследование правовых и институциональных проблем особенно актуальным.

Основные понятия цифровой трансформации

Цифровая трансформация представляет собой процесс глубокой интеграции цифровых технологий в социальные, экономические и управленческие процессы общества. Важным элементом данного процесса является электронное правительство, или e-gov, которое обеспечивает предоставление государственных услуг в онлайн-формате и упрощает взаимодействие граждан с государственными органами. Существенное значение приобретают вопросы защиты персональных данных и обеспечения кибербезопасности, а также использование таких технологий, как искусственный интеллект и блокчейн, которые всё активнее внедряются в сферу государственного управления и правоприменения.

Ключевые проблемы цифрового развития государства и права

Одной из центральных проблем является регулирование цифровых технологий и развитие законодательства. Правовые нормы зачастую не успевают за быстрым технологическим прогрессом, что приводит к задержке принятия нормативных актов, регулирующих новые формы общественных отношений. Дополнительные сложности вызывает нечеткость правовых определений, в частности понятий персональных данных и автоматизированного принятия решений, а также несоответствие отдельных норм национального законодательства международным стандартам.

Не менее значимыми остаются вопросы безопасности и защиты данных. Рост объемов обрабатываемой информации увеличивает риски утечек и неправомерного использования данных, а также повышает уязвимость критической цифровой инфраструктуры. Ограниченный уровень киберкомпетентности в государственных органах и бизнесе усугубляет данные

проблемы и требует системных мер по повышению профессиональной подготовки специалистов.

Серьезные изменения происходят и в сфере правосудия. Формирование правил использования электронных доказательств, обеспечение их аутентичности, целостности и надлежащего хранения становятся необходимым условием справедливого судебного разбирательства. Одновременно появляются новые формы преступлений, связанные с киберпространством, включая онлайн-мошенничество и иные виды киберпреступности, что требует адаптации уголовного и процессуального законодательства.

Цифровая трансформация также порождает социальные и этические риски. Цифровое неравенство, выражающееся в различном уровне доступа к технологиям и цифровым навыкам, может усиливать социальную дифференциацию. Возрастает угроза нарушения приватности и чрезмерного контроля, а использование искусственного интеллекта поднимает вопросы дискриминации, прозрачности алгоритмов и ответственности за принимаемые автоматизированные решения.

Последствия для права и государственного управления

Внедрение цифровых технологий обуславливает необходимость адаптации процедур принятия управленческих решений и административных процессов. Государство всё чаще переходит к проактивной нормативной политике, включая использование регуляторных песочниц для тестирования инноваций. Усиливается роль международного сотрудничества и унификации стандартов, а также возрастает потребность в подготовке кадров и повышении цифровой грамотности государственных служащих.

Практические примеры и тенденции в Республике Казахстан

В Казахстане цифровая трансформация находит отражение в развитии электронного правительства, внедрении цифровых идентификаторов и расширении перечня онлайн-государственных услуг. Принятые законы о персональных данных и кибербезопасности свидетельствуют о прогрессе в правовом регулировании, однако сохраняются отдельные пробелы и проблемы правоприменения. Активно реализуются проекты в сфере онлайн-обучения и цифровой экономики, при этом особое внимание требует вопрос внедрения цифровых решений в отдалённых регионах, где сохраняются проблемы с инфраструктурой и доступом к технологиям.

Стратегии и рекомендации по совершенствованию правового регулирования

Для эффективного развития цифрового государства необходима системная законодательная и институциональная работа, направленная на обновление и гибкую адаптацию правовых норм к таким технологиям, как искусственный интеллект, большие данные и блокчейн. Важным шагом является закрепление понятия ответственности за автоматизированные решения и создание межведомственных центров по обеспечению цифровой безопасности.

Практические меры должны включать повышение уровня киберграмотности государственных служащих, инвестиции в цифровую инфраструктуру и защиту данных, а также разработку четких процедур работы с

электронными доказательствами. Существенное значение имеет обеспечение прозрачности алгоритмов и проведение открытых аудитов систем искусственного интеллекта, используемых в государственном управлении.

Заключение

Цифровая трансформация открывает широкие возможности для повышения эффективности государственного управления и развития правовой системы, однако одновременно ставит перед государством и правом новые, сложные вызовы. Успешное развитие возможно лишь при условии гармоничного сочетания инноваций с защитой прав человека, обеспечением прозрачности и расширением международного сотрудничества. Республика Казахстан находится в активной фазе адаптации к цифровым реалиям, и ключевыми задачами на данном этапе остаются совершенствование законодательства, укрепление кибербезопасности, расширение доступа к цифровым услугам и развитие образования.

Плюсы цифровой трансформации государства и права

Цифровизация способствует ускорению и упрощению предоставления государственных услуг, снижению влияния человеческого фактора и сокращению бюрократических и коррупционных рисков. Она повышает прозрачность государственного управления, улучшает качество принимаемых решений за счёт аналитики данных и расширяет доступ граждан к информации и реализации их прав. Кроме того, цифровая трансформация создает условия для автоматизации юридических процессов, развития электронного суда, экономии ресурсов и стимулирования инноваций, искусственного интеллекта и новых отраслей экономики.

Список использованной литературы:

1. Конституция Республики Казахстан.
2. Закон Республики Казахстан «О персональных данных и их защите».
3. Закон Республики Казахстан «Об информатизации».
4. Государственная программа «Цифровой Казахстан».
5. Официальный портал электронного правительства Республики Казахстан (e-gov.kz).
6. Стратегия кибербезопасности Республики Казахстан «Киберщит Казахстана».

Абдракын Н.

Қонаев Университетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы Буранбаева С.Р.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

Кіріспе

Тұрмыстық зорлық-зомбылық (ТЗЗ) — жеке адамның денсаулығы мен құқықтарына, отбасылық тұрақтылыққа және балалардың дамуына кешенді зиян келтіретін маңызды әлеуметтік-құқықтық мәселе. Қазақстанда 2023–2025 жылдары бұл мәселе мемлекеттің назарында болып, заңнамалық және институционалдық өзгерістерге әкелді. Осы мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымы, оның түрлері, Қазақстандағы құқықтық негіз, ресми статистика және нақты мысалдар негізінде қазіргі ахуал сараланады.

1. Теориялық негіздер

1.1. Ұғым және түрлері

Тұрмыстық зорлық-зомбылық — отбасында немесе жақын адамдар арасында жасалатын физикалық, психологиялық, экономикалық және жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттерінің жиынтығы. Бұл анықтама халықаралық және ұлттық деңгейдегі құқықтық құжаттарда кең қолданылады.

1.2. Себептері

Тұрмыстық зорлық-зомбылық -тың көпқырлылығы оның себептерінің де көп болып келуінде: гендерлік теңсіздік, экономикалық қиындықтар, маскүнемдік және басқа да тәуелділіктер, құқықтық сауатсыздық пен жазасыздық сезімі, дәстүрлі мәдени құндылықтардағы гендерлік стереотиптер.

2. Құқықтық реттелу Қазақстанда

2.1. Негізгі нормативтік база

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықты реттейтін негізгі нормативтік акт — «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңы (2009 жыл). 2024 жылы қоғамда төтенше резонанс тудырған істер мен азаматтық бастамалар нәтижесінде ТЗЗ-ға қатысты қылмыстық жауапкершілік күшейтілді және жаңа шаралар қабылданды.

2.2. Құқық қорғау органдары мен қорғау тетіктері
Полиция, прокуратура, сот және әлеуметтік қызметтер жәбірленушілерді қорғау бойынша жауапты. Қорғау нұсқамалары, уақытша қоныс және дағдарыс орталықтары маңызды рөл атқарады. Дегенмен құқықтық нормаларды нақты қолдану тәжірибесінде қиындықтар бар.

3. Қазақстандағы ресми статистика мен динамика
Ресми және сараптамалық деректер тең емес көрсеткіштер береді: бірқатар дереккөздер 2023 жылы Қазақстанда тіркелген ТЗЗ фактілерінің саны шамамен 99 мыңға жеткенін көрсетсе, 2024 жылғы заңнамалық және институционалдық өзгерістерден кейін 2024 жылдың екінші жартысында дағдарысқа қатысты хабарламалар төмендеді деп есептеледі. Мысалы, 2024 жылдың маусымының ортасынан 2024 жылғы желтоқсанның соңына дейін тіркелген хабарламалардың

мөлшері 2023 жылмен салыстырғанда төмендегені туралы ресми мәліметтер бар. Бұл өзгерістердің себебі — заңнамадағы қатаңдатулар, қоғамдық назар мен жедел шаралар болуы мүмкін, алайда статистика толық көрініс бермейді және жәбірленушілердің шағымданбау факторы әлі де бар.

4. Қоғамдық резонанс пен нақты мысалдар

2023–2024 жылдары мемлекеттік және қоғамдық назарды аударған бірнеше резонансты қылмыстық істер ашық талқыланды. Ең белгілі мысалдардың бірі — бұрынғы министр Қуандық Бишімбаевтың әйелі Салтанат Нүкенованы қорлап, оның өліміне әкелген ісі. Бұл іс қоғамда "Салтанат заңы" деп аталған заңнамалық өзгерістерге жол ашып, қылмыстық құқықтағы жауапкершілікті қайта қарауға ықпал етті.

Петропавл тұрғыны түрмеге қалай түскенін айтып берді. Әйел күйеуінің соққысынан қорғанып, оны өлтіргені үшін тоғыз жылға бас бостандығынан айырылды, деп хабарлайды turkystan.kz Солтүстік Қазақстан облысы полиция департаментінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Сол күні ол жұмыстан үйге жүгіріп келген, себебі күйеуі телефонға жауап бермеген. Әйел жұмысқа кеткенде оның қасында бір жасар қызы қалған.

Үйге келгенде күйеуінің бірге ішімдік ішетін достарын көрген, ал өзі ұйықтап қалған, бала мас еркектердің арасында еденде жалаңаш отырған. Ол мастарды үйден қуған, бірақ күйеуі оянып кетіп, оған жұдырық ала жүгіреді. Әйел өзін қорғамақ болып, қолына пышақ алып, оны пышақтап тастаған. Күйеуі алған жарақатынан жедел жәрдем келгенше қайтыс болды.

Тәртіп сақшылары егер ол үнсіз қалмағанда, дер кезінде көмекке жүгінгенде немесе ондай қарым-қатынасты ертерек үзгенде бәрі басқаша болуы мүмкін екенін атап өтті.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық жеке мәселе емес, бұл – адам құқығын бұзу және жалпы ұлт денсаулығына қауіп төндіру. Әрбір үнсіздік, агрессияны ақтау жаңа қайғылы оқиғаларға әкеледі», - дейді Солтүстік Қазақстан облысы ПД жергілікті полиция қызметінің басшысы Әлібек Ғабдуллин.

Бүгінгі таңда жәбірленушілерді қорғау бойынша бірқатар шара қабылдануда: заңдар мен құқықтық қолдау тетіктері жетілдіріліп жатыр, сенім телефондары мен дағдарыс орталықтары жұмыс істеп тұр.

«Бірақ мемлекеттік шаралардың жалғыз өзі жеткіліксіз. Бізге «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» деп айту үшін әрқайсымыздың ерік-жігеріміз қажет. Агрессияға төзбейтін қоғам ғана күшті бола алады», - деп толықтырады Ғабдуллин.

Полицей адамдарды зорлық-зомбылыққа төзбеуге шақырады.

«Азаматтардың өздері «жоқ» демейінше жағдайды өзгерту мүмкін емес. Егер сіз зорлық-зомбылықтың куәгері немесе құрбаны болсаңыз, үндемей қалмаңыз. Енжарлық агрессорды күшейтеді, ал дер кезінде көмек қолын созу адам өмірін сақтап қалуы мүмкін», - деп түйіндеді полиция басшысы.

Жалпы бүкіләлемдік жағдайда қарастырып көрсек тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі жаһандық проблема ретінде қарастырылады. Әлемдік кең тараған мәселе бойынша көште соңынан емес алдыңғы қатардан көрініп тұрғаны көңілді түсіретіні анық.

Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық – қазіргі таңдағы ең жойқын адам құқығы бұзылуының бірі. Зорлыққа жол бермеуіміз керек. Бұл денсаулық пен өмірге қауіпті мәселе гендерлік теңсіздік, билікті теріс мақсатта пайдалану және жағымсыз нормалардан бастау алады. Зорлық-зомбылық әйелдердің қоғамдық өмірге араласуына кедергі келтіреді. Гендерлік зорлық-зомбылық отбасылар мен қоғамдастық арасындағы байланысты әлсіретіп, елдердің әлеуметтік тұрақтылық пен экономикалық дамуға қол жеткізуіне жол бермейді.

Гендерлік зорлық-зомбылық жайттары экономикалық дағдарыс, конфликт немесе эпидемия сияқты кез келген төтенше жағдай кезінде өседі. БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш COVID-19 пандемиясы кезінде үйдегі зорлық-зомбылық туралы хабарламалар санының күрт өскенін атап өтті. Гутерриш мырза әлем елдерін әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға қатысты қатаң шараларды қолға алуға шақырды.

25 қарашада біз Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою бойынша халықаралық күрес күнін атап өтеміз. Және бұл күні гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-әрекеттің 16 күндік науқаны басталады. Бұл науқан маңызды мәселелерді көтеру және гендерлік зорлық-зомбылық туралы күрделі пікірталастарды қолдау үшін таптырмас құрал болып табылады.

Біз БҰҰ Бас хатшысының «2030 жылға қарай әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты бірлесіп тоқтатамыз» науқанына қосыламыз. Біз гендерлік зорлық-зомбылықты Қазақстанмен екіжақты ынтымақтастық, Орталық Азия елдерімен аймақтық ынтымақтастық және халықаралық ұйымдармен бірлесіп, көпжақты қолдау арқылы тоқтатуға тырысамыз.

5.Талдау және проблемалар

5.1.Статистиканың шынайылығы Тіркелген деректер нақты жағдайдың тек бір бөлігін ғана көрсетеді — көптеген оқиғалар жәбірленушілер тарапынан хабарланбайды немесе ішкі жанжал деп жіктеледі. Сондықтан ресми статистика мүмкін төмен бағаланған болуы ықтимал.

5.2. Заңнамалық және институционалдық кемшіліктер

Заңдар жетілдірілгенімен, олардың практикалық қолданысында проблемалар сақталады: құқық қорғау органдарының гуманитарлық-психологиялық көмектің жеткіліксіздігі, дағдарыс орталықтарының шектеулігі, азық-түлік және уақытша баспана сияқты материалдық қолдаудың тапшылығы.

6. Халықаралық тәжірибе және оны адаптациялау

БҰҰ және халықаралық ұйымдар тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі бойынша кешенді тәсілді ұсынады: құқықтық жауапкершілік, жәбірленушілерге кешенді көмек (психологиялық, медициналық, құқықтық) және профилактика шаралары. Қазақстан үшін ең маңыздысы — полиция мен әлеуметтік қызметтер арасындағы координацияны күшейту мен жәбірленушілерге қолжетімді қызметтер спектрін кеңейту.

7.Ұсыныстар

- Заңнаманы нақты механизмдермен толықтыру: қорғау ордертерінің орындалуын бақылау, жәбірленушілер үшін құқықтық көмек механизмін

жеңілдету.

- Институционалдық ресурстарды көбейту: дағдарыс орталықтары, кризистік желілер, уақытша баспаналар.
- Полиция қызметкерлерін және әлеуметтік мамандарды арнайы даярлау.
- Қоғамдық-білім беру бағдарламаларын іске асыру: мектептерден бастап, бұқаралық ақпарат құралдарында кампаниялар жүргізу.

Қорытынды

Тұрмыстық зорлық-зомбылық — Қазақстанда құқықтық және әлеуметтік деңгейде шешуді талап ететін көпқырлы мәселе. Соңғы жылдардағы заңнамалық өзгерістер маңызды қадам болса да, практикалық іске асыру, статистиканы дұрыстау және профилактиканы күшейту арқылы ғана мәселені түбегейлі төмендетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңы (Қазақстан Республикасы, 2009). (ADILET).
2. Reuters, 'Former Kazakh minister gets 24 years in prison for murdering wife', 13 May 2024.
3. Kursiv, '1 жылда 99 мың тұрмыстық зорлық-зомбылық фактісі', 25 Nov 2024.
4. Astana Times, 'One Year Since Kazakhstan Criminalized Domestic Violence', 26 May 2025.
5. UN Women, 'Ending domestic violence in Kazakhstan: stories from survivors and allies', July 2025.
6. Human Rights Watch, 'Kazakhstan: Abused Woman Facing Murder Conspiracy Retrial', 24 June 2025.

Айтжан А. С.

Қонаев Университетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекші:

Заң ғылымдарының магистрі

Абишева М. Н.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ

Қылмыстық заңнама — мемлекеттегі құқықтық тәртіпті, қоғамның қауіпсіздігі мен азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған құқық саласының маңызды құрамдас бөлігі. Ол қылмыстық жауаптылықтың негіздерін, қылмыстардың түрлерін, жаза шараларын және қылмыстық жауаптылықтан босату тәртібін белгілейді. Қазақстан Республикасында қылмыстық заңнама Қылмыстық кодекстен және соған байланысты өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2014 ж.) — қылмыстық құқықтың негізгі және бірден-бір көзі. Бұл кодекс қылмыстық

жауаптылықтың барлық аспектілерін, жаза түрлерін, олардың мөлшері мен қолданылу тәртібін белгілейді. [1]

Заңдылық қағидасы адам тек қылмыс құрамының барлық белгілері заңда нақты көрсетілген жағдайда ғана қылмыстық жауаптылыққа тартылады. «Заңда жоқ қылмыс үшін жаза болмайды» қағидасы сақталады.

Адам мен азаматтың құқықтарын қорғау қылмыстық құқық жеке тұлғаның өмірін, денсаулығын, ар-намысын, мүлкін, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауға бағытталады.

Әділдік қағидасы жаза қылмыстың ауырлығына, тұлғаның кінәсінің деңгейіне және қоғамдық қауіптілік дәрежесіне сай болуы тиіс. Гуманизм қағидасы қылмыстық жазалар адамның қадір-қасиетін қорлауға, азаптауға немесе оның денсаулығына зиян келтіруге бағытталмауы керек. Кінәлілік қағидасы адам тек өзінің кінәсі дәлелденген жағдайда ғана жауаптылыққа тартылады. Кінәсіз жауаптылыққа жол берілмейді.

Қылмыстық заңнаманың мақсаты мен міндеттері-қылмыстық заңнаманың негізгі мақсаттары:қоғамның, мемлекеттің және азаматтардың қауіпсіздігін қорғау;

қылмыстың алдын алу;құқық бұзушыларды жазалау және қайта тәрбиелеу; әділеттілікті қамтамасыз ету;құқықтық тәртіпті нығайту.

Қылмыстық заңнаманың міндеттері-қоғамға қауіпті әрекеттердің тізбесін белгілеу. Әрбір қылмыс үшін нақты жаза түрлерін анықтау.Қылмыстық жауаптылықтан босатудың тәртібін көрсету.Жаза тағайындау механизмін реттеу.

Қылмыстық заңнаманың принциптері-Заңдылық,әділеттілік,ізгілік,жеке жауаптылық қағидасы,кінәсіздік презумпциясы.

Уақыт бойынша қолдану — жаңа заң тек күшіне енгеннен кейінгі қылмыстарға қолданылады.Кеңістікте қолдану — Қазақстан аумағында жасалған барлық қылмыстарға қолданылады.

Азаматтылық принципі — шетелде қылмыс жасаған ҚР азаматы да жауапқа тартылуы мүмкін. Қылмыстың субъективтік жағы — адам қасақаналықпен немесе абайсыздықпен жасағаны қаралады.

Қылмыстық заңнаманың қазіргі заманғы даму тенденциялары цифрлық қылмыстарға қарсы нормаларды күшейту,сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүйелеу,киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету,қылмыстық процесте адам құқықтарын кеңейту,жазаны ізгілендіру саясат.

Қылмыстық заңнама — кез келген мемлекеттің құқықтық жүйесінің маңызды әрі ажырамас бөлігі. Ол қоғамдағы құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. Қоғамның дамуы, жаңа технологиялардың пайда болуы, әлеуметтік қатынастардың күрделене түсуі қылмыстық заңнаманың да үнемі жаңарып, жетіліп отыруын талап етеді [2].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі — ұлттық қылмыстық саясаттың негізгі тірегі болып табылады. Онда қылмыстың түрлері, қоғамға қауіпті әрекеттердің белгілері, жаза шараларының жүйесі және қылмыстық жауаптылықтан босатудың тәртіптері айқын белгіленген. Қылмыстық

заңнаманың басты мақсаты – тек қылмыскерді жазалау емес, сонымен қатар қылмыстың алдын алу, қоғамды қорғау және құқық бұзушыны түзету. Осыған байланысты қазіргі қылмыстық саясат ізгілендіру бағытына, баламалы жазаларды кеңінен қолдануға, кәмелетке толмағандарға қатысты ерекше тәртіптерді енгізуге басымдық беріп отыр. Сонымен қатар қылмыстық заңнама – қоғамдағы әділдікті орнатудың негізгі тетігі. Ол кінәлі мен кінәсізді айырып, әр қылмысқа теңдей жауаптылық жүктейді, кінәсіздік презумпциясын қамтамасыз етеді [3]. Бұл норма адам құқықтарының қорғалуының жоғары деңгейін көрсетеді. Қылмыстық құқық нормаларының нақты әрі түсінікті болуы құқық қорғау органдарының тиімді жұмыс істеуіне, құқық бұзушылықтың азаюына тікелей әсер етеді. Заманауи кезеңде киберқылмыстардың, интернет алаяқтықтың, экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстарының көбеюі қылмыстық заңнаманың жаңа бағытта дамуын қажет етеді. Осыған байланысты Қазақстанда цифрлық қауіпсіздікті күшейтетін, ақпараттық деректерді қорғауды қамтамасыз ететін нормалар енгізіліп жатыр. Бұл – қылмыстық заңнаманың қоғамдағы өзгерістерге бейімделе алатынының белгісі. Қорытындылай келе, қылмыстық заңнама – қоғам қауіпсіздігінің, құқықтық тәртіптің және азаматтық тұрақтылықтың негізгі құралы [4]. Оның тиімді жұмыс істеуі мемлекеттің демократиялық даму деңгейін көрсетеді. Сондықтан қылмыстық заңнаманы жетілдіру, оны заманауи талаптарға бейімдеу, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға басымдық беру – құқықтық мемлекетті қалыптастырудағы маңызды қадам болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. — Астана, 2014.
2. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім). — Алматы: Жеті Жарғы, 2020.
3. «Қазақстан Республикасының Конституциясы». — Астана, 1995.
4. Тілешов Е. Қылмыстық процесс және қылмыстық саясат. — Нұр-Сұлтан, 2021.

Айтбай К. Б.

Қонаев Университетінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекші:

Заң ғылымдарының магистрі,

аға оқытушы Мамырова С.Т

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ NEET ЖАСТАР

Жастар – бұл болашақтың жарқын айнасы и мемлекеттің ертеңі болып табылады их болашақ ұлттың үміті болып саналады Қазіргі таңда Қазақстан үшін жастар саясатының өзекті бағыттарының бірі NEET санатындағы жастардың көбеюі болып табылады NEET немесе Not in Education, Employment or Training –

білім алмайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби немесе қосымша оқытудан өтпейтін жастар тобы.

Бұл мәселе тек экономикалық сипатқа ие емес, ол әлеуметтік жағдайға, адами капитал сапасына және елдің даму процесіне тікелей әсер етеді. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, NEET деңгейінің жоғары болуы елдің даму қабілеттілігінің төмендеуіне әкелетін негізгі факторлардың бірі болып саналады. Сондықтан бұл бағытта ауқымды және ғылыми негізделген саясаттарды қалыптастыру жастар үшін аса маңызды.

NEET жастарының саны мемлекеттің білім беру, еңбек нарығы және әлеуметтік қолдау жүйелерінің мықтылығын көрсететін маңызды индикатор болып табылады. Ал NEET деңгейінің өсуі еңбек нарығындағы әлсіздікті, жастар арасындағы мотивациялық мәселелерді, қоғамдық және экономикалық белсенділіктің төмендігін және болашақта жұмыссыздық пен әлеуметтік қиындықтардың артуын білдіреді.

Қазақстанда бұл құбылыстың жоғары болуы өңірлік теңсіздікті және инфрақұрылымдық проблемаларды айқындайды.

NEET санын көбейтетін себептерді бірнеше топқа бөлуге болады.

Әлеуметтік-экономикалық факторлар
Ауылдық жерлердегі жұмыс орындарының шектеулілігі, жалақының төмендігі және ресми емес секторлардың көп болуы
Отбасылық қиындықтар мен қаржылық тапшылық.

Білім беру жүйесіндегі мәселелер

Жастардың кәсіптік бағдарлануының әлсіздігі
Колледж және ЖОО бітірушілерінің практикалық дағдыларының жеткіліксіздігі.

Жеке мотивациялық және психологиялық факторлар.

Өзін-өзі дамыту бағытындағы төмен белсенділік
Өзіне деген сенімсіздік

Психологиялық күйзеліс, отбасылық қысым және ішкі мәселелер, жақындарына сенімнің болмауы

Қалаға немесе басқа аймақтарға көшу кезіндегі бейімделу қиындықтары
Цифрлық кеңістікте уақыт жоғалту, интернетке тәуелділік және қысқа мерзімді табыс көздеріне артық сену.

Халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ
NEET мәселесі көптеген мемлекеттерде өзекті тақырып болып отыр.

Еуропалық Одақ.

Жастар кепілдігі саясаты арқылы әрбір жас азаматқа 4 ай ішінде тиімді оқу немесе жұмыс ұсынылады және жергілікті жұмыс берушілер қаржылай ынталандырылады

Оңтүстік Корея

Жастарды жұмыспен қамту орталығы кәсіби тренингтер мен қысқа мерзімді курстар ұйымдастырады

Финляндия

Психологиялық қолдау бағдарламалары мен менторинг жүйесі жастардың мотивациясын арттыруға бағытталған

Бұл тәжірибелер кешенді модельге сүйенеді, яғни оқыту, жұмысқа орналастыру, психологиялық қолдау және қоғамдық серіктестік Қазақстанда осындай жобалардың іске асуы NEET деңгейін төмендетуге септігін тигізеді

Қазақстанда NEET санын азайтуға арналған ұсыныстар

Білім беру жүйесін еңбек нарығымен сәйкестендіру үшін колледждер мен ЖОО-ларда еңбек нарығына қажетті мамандықтар тізімін жыл сайын жаңарту, кәсіпорындармен бірлескен практикалық оқытуды ұлғайту және аймақтарда сұранысқа ие мамандықтар бойынша бағыт-бағдар беру қажет

NEET жастарына арналған арнайы бағдарлама жасалып, 15-29 жас аралығындағы жастарға жеке даму жоспары ұсынылып, оқыту, жұмысқа орналастыру, тәжірибелік қолдау және әлеуметтік қызметтер қамтылуы тиіс

Ауылдық аймақтарда жаңа жұмыс орындарын құру маңызды болып табылады, агро-стартаптарды қолдау, IT саласына арналған ауылдық қызмет орындарын ашу және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру арқылы жастарды жұмыспен қамту тиімді болады

Психологиялық және мотивациялық орталықтар мектептер мен колледждерде тегін психологиялық тренингтер мен менторинг жүйесі арқылы тәжірибелі мамандардан қолдау көрсетеді

Цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында ақпараттық әсерлерге қарсы технологиялық курстар ұйымдастырылады және интернет арқылы қысқа мерзімді табысқа сенуден сақтандыру шаралары жүргізіледі

Жастар кәсіпкерлігін қолдау үшін аймақтық деңгейде шағын гранттар және жеңілдетілген бизнес бағдарламалары ұсынылады

Өмірлік дағдылар бағдарламасы жастарға уақытты басқару, қаржылық сауаттылық, коммуникация, командалық жұмыс және стрессті басқару дағдыларын үйретуге бағытталады

Компаниялар үшін жастар квотасын енгізу арқылы ірі және орта кәсіпорындарға 15-20% вакансияны жастарға бөлу, жас мамандарды қабылдаған компанияларға салықтық жеңілдіктер және еңбек стажын жинау бағдарламаларын ұйымдастыру мүмкіндігі беріледі

Жаңа мамандықтарды енгізу арқылы жасанды интеллект, цифрлық маркетинг, агро-технология, биотехнология, жасыл экономика және логистика салалары бойынша жастарды оқыту NEET деңгейін төмендетуге септігін тигізеді

Жылдам жұмыс жобасы арқылы 1-3 айлық жылдам курстардан кейін жастар дереу жұмысқа орналастырылып, алғашқы 6 айда жалақының бір бөлігін мемлекет субсидиялайды

Мектептерде кәсіби бағдар беру жүйесін күшейту үшін 11-сыныптан бастап психолог пен кәсіби кеңесші міндетті түрде болуы, болашақ мамандықтар туралы ақпараттық сессиялар өткізілу және оқушыларды кәсіпорындарға таныстыру ұсынылады

NEET жастарына арналған онлайн платформа арқылы тегін курстар, онлайн кеңесшілер, жұмыс іздеу, психологиялық қолдау және жеке даму картасы ұсынылады

Еріктілікті кеңейту арқылы жастар қоғамға қосылып, оқу гранттарына қосымша балл алады және волонтерлік қызмет еңбек өтілі ретінде танылады

Second Chance Education бағдарламасы мектепті ерте тастап кеткен, оқудан шығып қалған немесе әлеуметтік қиындық көрген жастарға екінші мүмкіндік береді

Егер бұл ұсыныстар жүйелі түрде іске асырылса, NEET жастар саны айтарлықтай төмендейді, жастардың экономикалық белсенділігі артады, жұмыссыздық деңгейі төмендейді, аймақтар арасындағы әлеуметтік теңсіздік азаяды, елдің адами капиталы артады және халықаралық рейтингтер жақсарады, жастардың өмірге деген көзқарасы өзгереді және мемлекет жастарға нақты, тиімді мүмкіндіктер беретініне көз жеткізеді

NEET мәселесі тек жастарға қатысты проблема емес, бұл жалпыұлттық стратегиялық міндет болып табылады Қазақстан халықаралық тәжірибені ескере отырып, өзіне бейімделген жаңа форматтағы саясат әзірлеуі тиіс NEET санын азайту елдің тұрақты дамуының негізгі алғышарттарының бірі болып табылады, сондықтан жастарды қолдау шаралары нақты қажеттіліктерге бағытталған, ұзақ мерзімді, ғылыми негізделген және аймақтық ерекшеліктерді ескеретін болуы керек

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. «Қазақстан жастары – 2024» ұлттық есебі. -Астана, 2024.
2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. «Жастарды жұмыспен қамту: талдау және болжау». -Астана, 2023.
3. Назарбаев Университеті Қоғамдық саясат жоғары мектебі. «NEET жастардың әлеуметтік портреті» зерттеу баяндамасы. Астана, 2022.
4. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ұлттық баяндама. Астана, 2023.
5. OECD. «Education at a Glance: Kazakhstan Country Review». – Paris, 2023.
5. International Labour Organization (ILO). «Global Employment Trends for Youth». Geneva, 2022.
6. Бекенов С., Жұмабекова А. «Қазақстан жастарының еңбек нарығындағы орны» // Әлеуметтік зерттеулер журналы, №2. -Алматы, 2023.
7. Әбдіғалиұлы Қ. «Жастар саясаты және еңбек нарығы». – Алматы: Экономика баспасы, 2022

Алмасқызы Е.

І.Жансугуров атындағы Жетісу университеті
3 курс студенті

Ғылыми жетекші:

экономика ғылымдарының магистрі,
оқытушы-дәріскер Сюмебаева Ж. К.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЕХНОПАРКТЕР ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ

Қоғамдық және мемлекеттік қызметтердің цифрлануы — халыққа қызмет көрсету, әкімшілік рәсімдер, құжат айналымы, бизнес жүргізу т.б. цифрланып, тиімділік пен ашықтық артып жатыр. Жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнім түрлерін өндірістің түрлі салаларына және қоғамды басқару салаларына енгізуге негізделген Қазақстанның инновациялық қызметі республика экономикасын дамытудың аса маңызды факторларының бірі болып табылады.

Индустриялық - инновациялық даму саласындағы саясатты әзірлеуге және іске асыруға жауапты уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі болып табылады, оның функцияларына: инновациялық қызметтің басым бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу; инновациялық гранттар бөлу; инновациялық жобалар есебінен жүзеге асырылатын инновациялық жобаларды іске асыру мониторингін жүргізу және олардың орындалу тиімділігін бағалау кіреді гранттар; Қазақстан Республикасының инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамасының орындалуын, оның ішінде инновациялық даму шаралары кешенінің орындалуын мемлекеттік бақылау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі елде жүргізілетін барлық іргелі және қолданбалы зерттеулерді қалыптастыруға, іске асыруға және үйлестіруге, ғылыми-зерттеу инфрақұрылымының жай-күйі мен дамуына, ғылыми кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын ғылыми жобалар мен бағдарламаларға мемлекеттік ғылыми-зерттеу сараптамасын жүргізуге жауапты уәкілетті орган болып табылады бюджет.

"Инновациялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы инновациялық қызмет саласындағы қатынастарды реттейді және мемлекеттік инновациялық саясатты іске асырудың негіз қалаушы қағидаттарын, бағыттары мен нысандарын айқындайды. Бұл ретте тез дамып келе жатқан бағыттарға, атап айтқанда ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен электроникаға ерекше назар аударылады.

Табысты шетелдік тәжірибені талдау инновацияларды генерациялаудың тиімді жүйесінің негізгі шарттарының бірі осы процеске жоғары оқу орындарын тарту болып табылатынын көрсетті.

Қазақстанда Ұлттық инновациялық жүйе 2003 жылы институционалдық және физикалық Инфрақұрылым түрінде қалыптаса бастады: "ұлттық

инновациялық қор" АҚ (бұдан әрі - "ҰИҚ" АҚ) атынан жобалық қаржыландыру, "инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы" АҚ (бұдан әрі - "ИТТО" АҚ) атынан инжиниринг және технологиялар трансферті, венчурлік қаржыландыру "ҰИҚ" АҚ қатысуымен бірқатар венчурлық қорлар және Алматы, Қарағанды, Орал қалаларында 4 технопарк, сондай-ақ Алатау АТП түрінде физикалық Инфрақұрылым түрінде қаржыландыру.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, инфрақұрылым элементтерін құрудың өзі инновациялық белсенділіктің өсуіне әкелген жоқ. Осыған байланысты ұлттық инновациялық жүйені (ҰИЖ) қалыптастыруға, оның элементтерінің өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға (инновациялық қолдаудың "тізбегіндегі" жетіспейтін буындарды толықтыруды қоса алғанда), сондай-ақ түпкілікті мақсатқа қол жеткізу үшін осы элементтердің өзара іс-қимылы мен үйлестірілуін күшейтуге жаңа тәсілдерді әзірлеу және іске асыру талап етіледі.

Ұлттық инновациялық жүйе 4 негізгі элементтен тұрады – ғылыми әлеует, инновациялық кәсіпкерлік, инновациялық және қаржылық инфрақұрылым.

ҰИЖ бағдарламасын іске асыруды заңнамалық қамтамасыз ету үшін инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыру шараларын көздейтін "инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Смарт-контракттардың негізгі артықшылықтары автоматты орындалу, кодтағы шарттардың міндетті орындалуы, делдалсыздық, ашықтық. Алайда, проблемалар да бар: классикалық шарттық құқық (offer & acceptance, ерік

білдіру, шарттың өзгертілуі, шарттың орындалмауы немесе бұзылуы, т.б.) нормаларымен код арасындағы сәйкессіздік; смарт-контракт кодын өзгерту мүмкін еместігі бұл бір жағынан тұрақтылықты қамтамасыз етсе, екінші жағынан шартқа түзетулер енгізуді қиындатуы мүмкін [4].

Сонымен қатар егер смарт-келісім шартқа ЖИ жүйесі интеграцияланса (мысалы, шарттың орындалуын бақылау, шарт жағдайларын бағалау, алгоритмдік шешімдер):

- смарт-контракттың заңды салмағы, құқықтық субъектілік және жауапкершілік мәселелері күрделенеді.

- шарттың орындалмауы, код қатесі, алгоритмдік қателік, ЖИ-нің дұрыс емес шешім қабылдауы себепті даулар туындауы мүмкін; кодтың автоматикасы мен адамдық бақылаудың арақатынасы, құқықтық жауапкершілік субъектісі анықталуы керек.

- адам мен ЖИ қатысушы ретінде: келісім шартында кім жауап береді, және құқықтық салдарлар қалай анықталады? Код шарттың шарттарын орындаса да, классикалық азаматтық шарттардағы кей түсініктер (етікеттілік, шарттық ерік білдіру, өзгерту, тараптардың жіктелуі) қалай жүзеге асады?

Смарт-келісім шарттарды міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін құралдар қатарына енгізу олардың жүзеге асу механизмдерін және құқықтық реттелу ерекшеліктерін қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыда баяндалған тұжырымдарды ескере отырып, смарт-келісімшарттарды тек алгоритмдік код ретінде ғана қарастыруға ішінара келісуге болады. Дегенмен, оның құқықтық және техникалық қырларын назардан тыс қалдыру қисынға келмейді. Себебі бұл екі аспект міндеттеменің тиісті деңгейде орындалуына ықпал ететін маңызды тетік ретінде көрінеді.

Смарт-келісімшарттың құқықтық табиғатын айқындауда ерекше өзектілік оның қалыптасу нысанымен байланысты мәселені тудырады. Шарттың жасалғанын дәлелдеу, сондай-ақ оның негізінде туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді болашақта растау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану мәміленің электрондық нысанын оның жазбаша нысанының баламасы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 152-бабының 1-1-тармағы мәмілені электрондық түрде жасау оны жазбаша нысан деп тануға негіз болатынын бекітті [6]. Алайда «электрондық нысан» ұғымының өзі Азаматтық кодексте нақты анықталмаған. Сондықтан бұл ұғымды толыққанды түсіндіру үшін арнайы заңнамалық нормаларға және реттеудің қосымша талаптарына жүгіну қажет.

Осыған байланысты Азаматтық кодекстің 152-бабының 1-2-тармағын нақтылай отырып, мәміленің электрондық нысанына мынадай анықтама беруді орынды деп санаймыз:

«Электрондық мәміле - тараптардың еркі электрондық немесе өзге техникалық құралдар арқылы білдірілетін, электрондық құжат, файл немесе компьютерлік бағдарлама нысанында жасалған келісім».

Сонымен қатар, электрондық келісімшарттарды жасау барысында классикалық айналымда талап етілетін нотариалдық куәландыру біршама

өзектілігін жоғалтады. Осы себепті нотариалдық растау институтын цифрлық қатынастарға бейімдеу қажеттілігі туындайды. Бұл тұрғыда электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ), әсіресе білікті ЭЦҚ, негізгі сәйкестендіру және растау құралы ретінде маңызды рөл атқарады.

Мәмілеге тараптардың қол қоюы туралы талап (электрондық форматта ЭЦҚ арқылы) іскерлік айналымды жеделдетуге бағытталғанымен, кейбір жағдайларда цифрлық технологиялардың ыңғайлы мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін. Біріншіден, ЭЦҚ қол қою және оның түпнұсқалығын тексеру процестерін қамтамасыз ету үшін үшінші тұлғалардың қатысуын қажет етеді. Екіншіден, бұл өз кезегінде мәміле тараптарының өзара іс-қимыл жасауына арналған балама электрондық құралдарды қолдану мүмкіндігін тарылтады. [7,120].

Зерттеу нәтижелері:

1. Құқықтық вакуум: Қазақстанда қазіргі уақытта смарт-келісімшарттар мен цифрлық мәмілелерді реттейтін арнайы нормативтік база толық жоқ. ЖИ арналған жаңа заң жалпы принциптер береді, бірақ «смарт-контракт» сияқты технология-бағытталған құралдарға арнайы нормалар енгізбейді.

2. Заң мен технология сәйкессіздігі: Смарт-контракт кодымен шарттық құқық арасындағы қайшылықтар классикалық шарттық ережелердегі еркіндік, шарттың өзгертілуі, тараптардың ерік білдіруі сияқты принциптер кодта қарастырылмайды немесе кодқа толық бейімделмейді.

3. ЖИ интеграциясы тәуекелі: Егер ЖИ жүйесі смарт-келісімшартпен бірге қолданылса кодтың орындалуын бақылау, шарттың шарттарының орындалуын бағалау, автоматты орындау процесінде жауапкершілік, код қателері, алгоритмдік шешімдер мен нәтижелер үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүйесіне нақты жазылулар қажет.

4. Гибридтік модель қажеттілігі: Түпкі жағдайда тек кодқа сеніп қалмай смарт-контракт пен классикалық «құқықтық мәтін» арасындағы «гибридтік келісім» (hybrid contract) моделі практикаға қолайлы көрінеді. Бұл модельде код автоматты орындаушы механизм, ал құқықтық мәтін тараптардың құқықтық міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейтін негіз. Әлемдік зерттеулер де дәл осындай тәсілді ұсынады [8].

Зерттеу нәтижесіне қарап, төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

- **ұлттық нормативтік база әзірлеу.** Қазақстан заңнамасына смарт-келісімшарттар мен цифрлық мәмілелерді нақты реттейтін арнайы ережелер енгізу смарт-контракттардың құқықтық мәртебесін, шарттың формасы, тараптар, құқықтық салдар, орындалу тәртібі, даулар мен жауапкершілікті қамтитын құқықтық акт.

- **гибридтік келісімдерді дамыту.** Смарт-контракт пен классикалық жазбаша шарт арасындағы «гибридтік модель» қолданысқа енгізілуі кодтың автоматтандырылған тиімділігін сақтау, сонымен бірге азаматтық-құқықтық кепілдіктер мен құқық қорғауды қамтамасыз ету.

- **ЖИ смарт-контракттардың интеграциясына арналған ережелер.** Егер ЖИ қолданылады алгоритмдік шешімдер, код қателері, шарттардың орындалуын бағалау, жауапкершілік субъектілері, қауіпсіздік, сенімділік сияқты

элементтерге құқықтық талаптар (мысалы, human-in-the-loop, аудит, есеп беру, лог жазу, деректерді қорғау) енгізу.

- **сот практикасы мен құқық қолдануды дамыту.** Осындай жаңа құқықтық қатынастар бойынша нақты даулар пайда болмас бұрын сот тәжірибесін қалыптастыру, құқық қорғаушылар мен заңгерлерге арналған әдістемелер, прецеденттер жиналған нормативтік база қажет.

- **халықаралық тәжірибе мен стандарттармен сәйкестендіру.** Смарт-контракттар мен блокчейн-технологияларды реттеу саласында халықаралық тәжірибе мен ұсыныстар (гибридтік модель, код пен заң балансын сақтау, транспаренттік, есеп беру, қауіпсіздік) негізге алынуы тиіс.

Цифрлық мәмілелер мен смарт-келісімшарттар азаматтық құқық пен экономикалық қатынастарды автоматтандыру, тиімді ету әлеуеті бар инновациялық құралдар. Бірақ олардың құқықтық табиғаты, азаматтық-құқықтық мәртебесі және ЖИ-мен интеграцияланған кезде туындайтын тәуекелдер құқық жүйесін бейімдеуді, жаңа нормативтік базаны, жауапкершілік механизмдерін талап етеді.

Қазақстандағы «Жасанды интеллект туралы» заң ЖИ реттеуге арналған тарихи құқықтық қадам, бірақ смарт-контракттар мен цифрлық мәмілелерге қатысты нақты ережелер мен құқықтық кепілдіктер әлі де жетіспейді. Сондықтан, смарт-келісімшарттар мен цифрлық мәмілелерді құқықтық қамтамасыз ету, ЖИ-мен интеграцияны реттеу үшін ұлттық деңгейде нақты, жүйелі, кешенді құқықтық модель қалыптастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жасанды интеллект туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230>
2. Махамбетжанова А.Т. Искусственный интеллект в правовой системе казахстана: проблемы и перспективы развития // Научные исследования и экспериментальные разработки / Юридические науки – 2025. - № 9. – С. 153-168
3. Елькин А. Что такое смарт-контракты на блокчейне / А. Елькин. - [Электронный ресурс]. -Режим доступа: <https://vc.ru/crypto/373518-что-такое-smart-kontrakty-na-blokcheyne>
4. Primavera De Filippi, Samer Hassan Blockchain Technology as a Regulatory Technology From Code is Law to Law is Code // https://arxiv.org/abs/1801.02507?utm_source=chatgpt.com
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (2025.20.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51006061
6. Базаров М.М., Токатов Р.А. Смарткелісім-шартты құқықтық реттеу тұжырымдамаларын талдау // Вестник Карагандинского университет. Серия «Право». – 2024. Т 29, - № 1 (113). – Б. 114-127
7. Нотланд Й.С., Моррисон Д. Минимальный гибридный контракт: Объединение легальных и блокчейн-смарт-контрактов// https://arxiv.org/abs/2002.06850?utm_source=chatgpt.com

Базарбай Д.

Қонаев Университетінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекші:

заң ғылымдарының магистрі,

аға оқытушы Тарап Ж.Д.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДА ЕСІРТКІ МӘСЕЛЕСІН ЖОЮ: ЖАСТАР ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТ

Қазіргі таңда Қазақстан қоғамы ауқымды әрі қарқынды цифрландыру кезеңін бастан өткеріп отыр. Интернетке жаппай қолжетімділік, цифрлық сервистер мен әлеуметтік желілердің дамуы экономиканың, білім берудің, мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Алайда цифрлық технологиялардың жедел дамуы әлеуметтік және құқықтық қауіптердің жаңа түрлерін де қатар алып келді. Солардың ішіндегі ең өзектілерінің бірі – жастар арасында есірткі заттарының интернет арқылы таралуы.

Цифрлық кеңістікте жасырын арналардың, анонимді мессенджерлердің, криптовалюталық төлем жүйелерінің кең таралуы есірткі саудасын бақылауды едәуір қиындатып отыр. Бұл жағдай қылмыстық топтардың әрекетін жеңілдетіп, әсіресе ақпаратты тез қабылдайтын, жаңа үрдістерге бейім жастарды негізгі нысанаға айналдырды. Мұндай қауіп жастардың өмірі мен денсаулығына, психологиялық тұрақтылығына, сондай-ақ елдің болашақ адами капиталына тікелей әсер етеді.

Осыған байланысты «Цифрлық Қазақстан» жағдайында есірткі мәселесін тиімді шешу үшін құқықтық саясатты жаңарту, киберқауіпсіздікті күшейту және жастар арасында алдын алу жұмыстарын жүйелі жүргізу – уақыт талабы. Бұл мақалада цифрлық ортадағы есірткі саудасының ерекшеліктері, оның жастар қауіпсіздігіне әсері, сондай-ақ құқықтық және профилактикалық тетіктер жан-жақты қарастырылады.

Цифрлық ортадағы есірткі айналымының ерекшеліктері

Цифрландыру есірткі саудасының дәстүрлі емес, жасырын тәсілдерінің кеңінен қолданылуына ықпал етті. Қазіргі таңда есірткі айналымына тән негізгі белгілер мыналар болып отыр:

- әлеуметтік желілер мен мессенджерлер (Telegram, Instagram, TikTok) арқылы жасырын жарнама жүргізу;
- анонимді аккаунттар, VPN және шифрланған байланыс құралдарын пайдалану;
- криптовалюта арқылы қолма-қол ақшасыз төлем жасау;
- «қойма» (закладка) әдісі арқылы байланыссыз жеткізу жүйесін қолдану.
- Аталған тәсілдер құқық қорғау органдарының бақылауын қиындатып қана қоймай, интернетті белсенді пайдаланатын жастарды заңсыз айналымға тарту қаупін арттырады.

Жастар қауіпсіздігіне төнетін негізгі қатерлер

Жастардың цифрлық платформаларда белсенді болуы оларды есірткі саудасының негізгі мақсатты тобына айналдырып отыр. Бұл бағыттағы қауіптер бірнеше қырынан көрінеді:

- интернеттегі жалған ақпарат пен «қауіпсіз есірткі» туралы мифтерге сену;
- психологиялық тәуелділікке бейімділіктің жоғары болуы;
- курьерлік немесе жарнамалау арқылы қылмыстық әрекеттерге тартылу;
- денсаулықтың нашарлауы және өмір сапасының төмендеуі.
- Бұл мәселе тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақты дамуына кері әсер етеді.

Құқықтық саясат және мемлекеттік шаралар

Қазақстан Республикасында есірткімен күрес аясында цифрлық кеңістікті бақылауға бағытталған құқықтық және институционалдық тетіктер кезең-кезеңімен жетілдірілуде.

Қылмыстық заңнама

Интернет арқылы есірткі жарнамалағаны және таратқаны үшін қатаң қылмыстық жауапкершілік көзделген. Жастарды қылмысқа тарту ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылады.

Киберполиция қызметі

- әлеуметтік желілер мен онлайн платформаларды тұрақты мониторингтеу;
- заңсыз контентті анықтап, тыйым салынған арналарды бұғаттау;
- жасанды интеллект негізіндегі автоматтандырылған іздеу жүйелерін енгізу.

Халықаралық ынтымақтастық

Интерпол, ШЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдар аясында кибересірткі саудасына қарсы бірлескен операциялар жүргізілуде.

Алдын алу және профилактикалық шаралар

Есірткімен күрес тек жазалау шараларымен шектелмей, алдын алу жұмыстарына сүйенуі тиіс. Осы бағытта келесі шаралар маңызды рөл атқарады:

- мектептер мен жоғары оқу орындарында цифрлық қауіпсіздік және құқықтық сауаттылық сабақтарын өткізу;
- жастарға арналған әлеуметтік роликтер мен ақпараттық акциялар ұйымдастыру;
- ата-аналар мен педагогтарға арналған арнайы тренингтер;
- психологиялық қолдау көрсететін орталықтар мен онлайн кеңес беру қызметтерін дамыту.

Жастардың цифрлық мәдениетін қалыптастыру – интернет арқылы таралатын есірткіге қарсы күрестің негізгі әрі тиімді шарттарының бірі.

Цифрландыру жағдайындағы жаңа есірткі түрлері және олардың таралу динамикасы

Цифрлық технологиялардың дамуы синтетикалық және «дизайнерлік» есірткі түрлерінің пайда болуына да ықпал етті. Жасырын зертханалар интернет арқылы химиялық формулаларды өзгертіп, заңда нақты көрсетілмеген жаңа заттарды айналымға шығарып отыр.

Мұндай есірткілердің негізгі қауіптілігі:

1. құрамын анықтаудың күрделілігі;
2. адам денсаулығына әсерінің толық зерттелмеуі;
3. заңнамада нақты бекітілмегендіктен, жастарға оңай сатылуы.
4. Осыған байланысты құқық қорғау органдары тыйым салынған заттардың тізімін үнемі жаңартып, ғылыми-сараптамалық жұмыстарды күшейтіп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми материалдары.
4. БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының (UNODC) есептері.
5. Жастар және киберқауіпсіздік мәселелері бойынша ғылыми мақалалар мен талдамалық баяндамалар.

Бөкен Н.Ж.

Қонаев Университетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекші:

заң ғылымдарының магистрі,

аға оқытушы Тарап Ж.Д.

СУ РЕСУРСТАРЫ ҮНЕМДЕМЕУДІҢ САЛДАРЫ

Су – адам өмірінің, ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің және бүкіл табиғат жүйесінің тірегі. Жер бетіндегі судың көп бөлігі тұщы емес, ал ішуге жарайтын су өте аз. Сондықтан суды үнемдеу – тек табиғатты қорғау емес, елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету деген сөз. Егер су тапшылығы көбейсе, азық-түлік өндірісі төмендейді, денсаулық сақтау қиындайды, экологиялық апаттар жиілейді. Су – стратегиялық ресурс, ол мұнай мен газдан да маңызды. Су тапшылығы ХХІ ғасырдағы жаһандық сын-қатерлердің, күрделену бағытына қарай бет алған мәселелердің бірі. Бүгінде әлемдік су ресурстары қатты қысым көріп отыр. Соңғы 60 жылда Жер шарында ауыз суды пайдалану 8 есе өскен. Демек, осы жүзжылдықтың ортасына қарай көп ел суды сырттан алдыруға мәжбүр болуы мүмкін. Сарапшылардың пайымынша, келешекте, дәлірек айтқанда, әрбір он жылда «шартты сценарий» бойынша әлемдегі су пайдалану үдерісі 10-12 пайызға өсіп, 2025-2030 жылдарға қарай 1995 жылмен салыстырғанда, 1,4 есеге артады, ал Қазақстанда су ресурстары 2030 жылға қарай 21 пайызға азаяды. Азаю үдерісі, негізінен, трансшекаралық өзендер есебінен болады, яғни көршілес елдерден келетін су көлемі 60 пайыздан астам мөлшерге кемиді. Себебі бүгінгі таңда көрші мемлекеттер өздерінің

экономика салаларын дамыту үшін су ресурстарын пайдалану көрсеткіштерін арттырып келеді.

Су жетіспеушіліктен туындаған даулар Қазақстан үшін су қауіпсіздігі — өте маңызды мәселе, өйткені елдің көптеген өзендері көрші мемлекеттерден ағып келеді. Соның салдарынан Қазақстан бірнеше жылдар бойы түрлі су дауларына тап болып отыр. Мысалы, Қытаймен 2000-жылдардан бүгінге дейін Іле және Ертіс өзендері бойынша келіспеушіліктер бар. Қытай өз аумағында су қоймалары мен егістік алқаптарын көбейткен сайын, Қазақстанға келетін су көлемі азаюы мүмкін деген қауіп туындайды. Қырғызстанмен су мәселесі 2005 жылдан бері жалғасып келеді. Шу мен Талас өзендерінің маңызды су қоймалары Қырғызстанда орналасқандықтан, кей жылдары су жіберу режимі өзгеріп, Қазақстанның оңтүстігінде тапшылық байқалған. Өзбекстанмен де Сырдария бойынша 1990 жылдардан бері тұрақсыз жағдай сақталып келеді, себебі жоғарғы ағыстағы елдер су ағысын тым көп ұстап қалса, Түркістан мен Қызылорда облыстарында су азаяды. Сонымен бірге 1991 жылдан бері Арал теңізінің тартылуы — бүкіл аймақтағы дұрыс бөлінбеген су саясатының нәтижесі. Тәжікстанмен де 2010–2018 жылдары Роғун ГЭС құрылысына байланысты Сырдария жүйесіндегі су балансы өзгеруі мүмкін деген алаңдаушылық болды. Осы оқиғалардың бәрі Қазақстан үшін трансшекаралық суды әділ бөлісу, көрші елдермен тұрақты келісімдер жүргізу және ұлттық су қауіпсіздігін күшейту қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Баяндаманың мақсаты: Бұл баяндаманың негізгі мақсаты – су ресурстарын үнемдемеу салдарын түсіндіру, қазіргі жағдайды талдау, әлемдік тәжірибені көрсету және жеке деңгейде қандай шаралар қабылдауға болатынын ұсыну. Сондай-ақ қоғамдағы су мәдениетін арттырудың маңызын жеткізу.

Қазіргі жағдай Қазір Қазақстанда су тапшылығы нақты сезіліп жатыр. Сарапшылардың бағалауынша:

Елдегі су ресурстарының 40%-ы көрші мемлекеттерден келетін өзендерге тәуелді (Қазақстанның Экология министрлігі елдегі су ресурстарына қатысты жаңа деректер жариялап, Қазақстан тұщы су қорының 40 пайызы көрші мемлекеттерден келетін өзендерге тәуелді екенін мәлімдеді. Бұл тәуелділік әсіресе Алматы қаласы мен Алматы облысы үшін өзекті болып отыр. Іле өзені Қытай аумағынан бастау алатындықтан, оның деңгейіне сыртқы климаттық жағдайлар мен көрші елдегі су пайдалану көлемі тікелей әсер етеді. Соңғы жылдары аймақтағы құрғақшылық пен Іле суының азаюы Қапшағай су қоймасындағы судың төмендеуіне әкеліп, Алматы қаласының ауызсу және энергетикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіруде); Кей аймақтарда тозығы жеткен су құбырларынан 30%-ға дейін таза су далаға ағып кетеді; Ауыл шаруашылығында судың 60%-ға жуығы тиімсіз, ескі суару әдістеріне жұмсалады; Кей өзендер мен көлдердің деңгейі жыл сайын төмендеп келеді; Климаттың өзгеруі құрғақ кезеңдердің ұзаруына себеп болып отыр. Бұл жағдай болашақта судың бағасының өсуіне, ауыл шаруашылығы өнімдерінің азаюына, экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соғады. Су ресурстарын үнемдемеудің салдары, экожүйенің бұзылуы, көлдер мен өзендердің тартылуы, егістік пен мал шаруашылығындағы шығын, қала инфрақұрылымының нашарлауы, сумен

қамтамасыз ету қиындықтары, өндіріс саласында судың жетіспеушілігі, адам денсаулығына әсер (лас су, санитарлық жағдайдың нашарлауы) Мемлекетті миллиондаған қаржылық шығынға ұшырату Арал теңізінің тарихы – дұрыс су саясаты болмағанда не болатынының нақты мысалы. Шешу жолдары: Ауыл шаруашылығында тамшылатып суару, жаңбырлату әдістерін енгізу, қаладағы ескі су жүйелерін жаңартуды, қайта пайдалану технологияларын енгізу, жаңбыр суын жинау, жаңа су қоймаларын салу, халық арасында су мәдениетін қалыптастыру, зергерлік өнеркәсіп, құрылыс, өндіріс салаларында су айналымдық жүйелерді міндеттеу, су ысырабы көп аймақтарда бақылауды күшейту, басқа мемлекеттер қолданып жүрген практика.

Израиль:

Әлемдегі ең дамыған тамшылатып суару жүйесі, тұзды суды тұщыландыратын заманауи зауыттар, су үнемдеуді бала кезден үйрететін ұлттық бағдарлама.

Сингапур:

«NEWater» технологиясымен ағын суды 100% қайта өңдеп, қайта пайдалану, жаңбыр суын арнайы жүйелермен жинау, су тарифтерін әділ басқару, бұл елдердің тәжірибесі суды ақылмен пайдаланса, тапшылықты басқаруға болатынын дәлелдейді. Ұсыныс Мен өз үлесімді қосу үшін төмендегі қарапайым, бірақ тиімді қадамдарды орындауға болады, краннан суды бекер ағызбау, тіс жуғанда немесе қол сабындағанда суды өшіру, ақаулы кранды уақтылы жөндеу, өсімдіктерді артық суармау, су үнемдейтін душ, кран және тұрмыстық техника қолдану, судың маңызын отбасыма, достарыма түсіндіру, бөтелкедегі суды аяқтаған соң төкпей, қажетке пайдалану. Әр адамның кішкентай әрекеті үлкен нәтижеге әсер етеді.

Қорытындылай келе, суды тиімді пайдалану және көрші елдермен су ресурстарын әділ бөлу — Қазақстанның тұрақты дамуы үшін шешуші фактор. Егер мемлекет пен қоғам су үнемдеу мәдениетін қалыптастырып, суды басқаруды жақсартса, онда трансшекаралық өзендерге байланысты даулар азаяды. Су жеткілікті болса, ауыл шаруашылығы дамиды, экономика тұрақтанады, экологиялық жағдай жақсарады. Яғни су ресурстарын дұрыс пайдалану — елдің қауіпсіздігі мен болашағын қамтамасыз ететін маңызды қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Су кодексі.
2. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми деректері.
3. «Қазақстан–2050» стратегиясы.
4. БҰҰ Су ресурстары жөніндегі дүниежүзілік есептері (UN Water).
5. Дүниежүзілік банк. Су қауіпсіздігі және тұрақты даму жөніндегі баяндамалар.
6. Арал теңізі мәселесіне арналған ғылыми-зерттеу еңбектері.
7. Израиль және Сингапурдың су ресурстарын басқару тәжірибесі туралы халықаралық талдамалық мақалалар.

Бекжігіт Е. Т.

Еуразия технологиялық
университетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекші:

заң ғылымдарының магистрі

Кулажанова А.Н.

ТЕРРОРИЗМДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазіргі уақытта қоғамдық қауіпсіздікке төнетін өзекті қатерлердің бірі – экстремизм мен терроризмнің әртүрлі нысанда байқалуы. Көптеген зерттеулер бұл салада айтарлықтай өзгерістер бар екенін көрсетеді, бұл өз кезегінде неғұрлым мұқият назар мен нақты шараларды талап етеді. Елеулі үрдістердің қатарынан мыналарды атап өтуге болады: Бұл өзгерістер аталған қатерлермен күресу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүйелі көзқарасты және әлемдік деңгейде күштердің үйлесімділігін талап етеді.

Қазіргі геосаяси жағдайда терроризм мен экстремизмнің негізгі ұйымдастырушылық, ақпараттық және қаржылық ресурстары да айтарлықтай трансформацияға ұшырады.

Экстремистік-террористік қызметті ұйымдастыруда «ұйымдастырушылық қару» элементтері белсенді қолданыла бастады, оған мыналар жатады:

- «жүйеден тыс оппозицияның» манифестік сөздері;
- «үкіметтік емес ұйымдардың ұйықтап жатқан жауынгерлік жасушаларын», «фанаттық» клубтарды, желілік қауымдастықтарды құру және пайдалану;
- кәметке толмағандарды экстремистік-террористік әрекеттерге белсенді әрі жаппай тарту.

Экстремистік-террористік құрылымдар заманауи ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға ерекше көңіл бөледі [1].

Бүгінде Қазақстан аумағында қызметі тыйым салынған және әрекет етіп тұрған 20-ға жуық террористік ұйым өз идеологиясын әлемнің түрлі тілдерінде әртүрлі интернет-ресурстар арқылы таратады. 2023 жылғы 1 қаңтардан 27 қыркүйекке дейін интернетте терроризм мен экстремизмді насихаттайтын **14 313 материал** анықталды. Әлеуметтік желілерге заңсыз жарияланымдарды жою үшін Комитет тарапынан **700** хабарлама жолданып, **13 821** материалды өшіру шаралары қабылданды. 264 интернет-ресурс пен сілтеме бойынша қол жеткізуді шектеу шаралары уәкілетті органның **15 нұсқамасының** негізінде қолданылды.

Соңғы бес жылда Қазақстан билігі терроризм мен экстремизмді насихаттайтын **563 007 материал** анықтады:

- 2020 жылы – **148 902**;
- 2021 жылы – **56 311**;
- 2022 жылы – **72 028**;
- 2023 жылы – **231 346**;
- 2024 жылы – **54 420** материал.

Деструктивті контентті анықтау және оған қол жеткізуді шектеу мақсатында 2019 жылдың ақпанынан бастап Ақпарат комитеті «Кибернадзор» ақпараттық жүйесін пайдаланып келеді. «Кибернадзор» АЖ интернеттегі құқыққа қайшы материалдарды анықтау, есепке алу, бағалау және бұғаттау бойынша мемлекеттік органдар жүргізетін жұмысты жүйелеуге және оңтайландыруға арналған [2].

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң күшінде, ол Интернетте құқыққа қайшы ақпараттың, соның ішінде террористік және экстремистік мазмұндағы мәліметтердің таралуын шектеу және тоқтату тетіктерін реттейді [3].

Сонымен бірге, арнайы әдебиеттерде бұрын айтылған пікірмен келісуге болады: террористік қызметтің интенсивтілігі оның қаржыландыру деңгейіне және материалдық-техникалық жабдықталуына тікелей байланысты [4]. Сондықтан экстремистік-террористік қызметті қаржыландыру арналарының анықталуы, сондай-ақ террористік ұйымдардың қаржылық активтерді, қаражаттарды және өзге де экономикалық ресурстарды жылжытуына және пайдалануына жол бермеу – экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады, әрі бұл ұлттық деңгейде де, халықаралық деңгейде де маңызды.

Құқық қорғау органдарының қызмет нәтижелеріне сүйенсек, Қазақстан Республикасы аумағындағы экстремистік-террористік ұйымдарға қаржылық және материалдық-техникалық қолдау ішкі және сыртқы көздер есебінен қалыптасады және үш негізгі кезеңнен тұрады:

- а) қаржыландыру көздерін анықтау,
- б) ақшалай қаражаттарды заңдастыру,
- в) экстремистік-террористік ұйымдардың мақсаттарын іске асыру үшін қаржы құралдарын тікелей пайдалану.

Бастапқы кезеңде қаржы қаражатын тұрақты түрде алу жүйесі құрылады. Ол заңды тәсілдермен (жеке қайырымдылықтар, коммерциялық емес ұйымдар арқылы қаражат жинау, коммерциялық және рұқсат етілген өзге де қызметтен табыс табу) де, қылмыстық жолдармен (қару-жарақ пен есірткі құралдарының заңсыз айналымы, адамдарды ұрлап, олардың туыстарынан ақша талап ету, жеке тұлғаларға немесе қаржы мекемелеріне шабуыл жасау және т.б.) де жүзеге асуы мүмкін.

Екінші кезең – жиналған ақшалай қаражаттарды экстремистік-террористік ұйымдардың басшылары арқылы тікелей жеткізу үшін түрлі қаржылық тетіктерді қолдануды көздейді.

«Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы» (Financial Action Task Force – FATF) халықаралық ұйымының сарапшылары экстремистік-террористік ұйымдардың ақша жылыстатуда қылмыстық қауымдастықтар қолданатын әдістерді пайдаланатынын атап өтеді. Мұндай әдістерге мыналар жатады: қолма-қол ақша контрабандасы (куррьерлер арқылы немесе ірі көлемде); банктік шоттарға қаражат еstructureлап енгізу немесе алу, түрлі қаржы құралдарын сатып алу (жол чектері, банктік чектер, ақша

аударымдары); оффшорлық және заңсыз банктер арқылы қаржылық ағындарды жүргізу мақсатында ұлттық несие-қаржы жүйелерін пайдалану; жалған фирмалар арқылы бағалы қағаздар сатып алып, кейін оларды қор биржаларында қайта сату және т.б.

Сонымен қатар, FATF талдаушыларының пікірінше, жаңа технологиялар «терроризмді қаржыландыруға қатысты жаңа осалдықтар әкелді» [5]. Мұнда заңсыз немесе бейресми жолмен ақша жеткізу немесе заңды түрде қолма-қол ақшаға айналдыру тәсілдері ерекше орын алады.

Мысалы, отандық және шетелдік құқық қорғау органдарының деректеріне сәйкес, «Хавала», «Хунди» және «Фэйчиэнь» тәрізді бейресми қаржы жүйелері қылмыстық, экстремистік және террористік ұйымдарды қаржыландыруда белсенді қолданылып келеді.

Әлеуметтік желілердің кең ауқымды қамтуы мен анонимдігі, сондай-ақ жаңа төлем әдістерінің пайда болуы оларды терроризмді қаржыландыру барысында ең тартымды құралдарға айналдырады.

Қорытынды кезеңде экстремистік-террористік құрылымдар алған қаражатты өз мақсаттарын іске асыру үшін тікелей пайдаланады: үгіт-насихат жүргізу, ұйымдардың жаңа мүшелерін вербовка жасау және оқыту, құқыққа қайшы акцияларды ұйымдастыру, террористік актілерді дайындау және жүзеге асыру және т.б.

Бүгінгі таңда Қазақстанда экстремистік-террористік қызметті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жүйесі әртүрлі шаралар кешенін қамтиды, оларды шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1. Инфрақұрылым мен ресурстарға тиімді бақылау орнату және олардың экстремистік-террористік ұйымдардың жоспарларын іске асыруда қолданылуын болдырмау;

2. ЭТО (экстремистік-террористік ұйымдар) жүргізетін насихатқа ақпараттық қарсы іс-қимыл;

3. Қарастырылып отырған құқыққа қайшы қызмет түрін қаржыландыруға қатысы бар адамдарды анықтау және оларды жауапкершілікке тарту жөніндегі кешенді жұмысты жүзеге асыру.

Аталған шараларды Қазақстан аумағында кешенді және уақтылы қолданудың тиімділігі статистикалық көрсеткіштермен дәлелденеді: ҚР ҚК 258-бабы бойынша тіркелген қылмыстар саны 2024 жылы – 7 (экстремизм мен терроризмге байланысты барлық қылмыстар – 208), 2023 жылы – 2 (барлығы – 197), 2022 жылы – 7 (барлығы – 192) [6].

Сондай-ақ Қазақстанда қабылданып жатқан шаралардың оң сипаты беделді халықаралық тәуелсіз зерттеу – Терроризмнің ғаламдық индексі (Global Terrorism Index) аясындағы шетелдік мамандар тарапынан да атап өтіледі. Бұл зерттеуде әлемнің 134 еліндегі террористік белсенділік деңгейі талданып, мемлекеттерге төнетін террористік қатерлер индексі есептеледі. Индекс Сидней университетінің (Австралия) Экономика және бейбітшілік институты базасында халықаралық сарапшылар тобы дайындаған, онда соңғы ондаған жылдардағы 100 мыңнан астам террористік актілер жөніндегі жиынтық ақпарат қарастырылады. Халықаралық сарапшылардың деректеріне сәйкес,

Қазақстандағы террористік қатерлер коэффициенті оң динамикаға ие: Қазақстан 98-орында және индексі нөлдік көрсеткіште [7].

Сонымен бірге, статистикалық мәліметтердің салыстырмалы түрде оң динамикасына қарамастан, терроризм мен экстремизмге қарсы күрес мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басым бағыттардың бірі болып қала береді.

Террористік сипаттағы қылмыстардың құрылымы олардың басым бөлігі осы қылмыстық құрылымдарды ұйымдастыруға және олардың қызметіне жәрдем көрсетуге байланысты екенін айқын көрсетеді. Ал олардың қаржылық компоненті анықталған барлық қылмыстардың тек 2 %-ында ғана қылмыстық іс жүргізудің нысанасы болған. Басқаша айтқанда, экстремистік-террористік қылмыстардың жалпы деңгейінің өсуі жағдайында терроризмді қаржыландыруға қатысты тіркелген жағдайлардың саны төмен деңгейде қалып отыр.

«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданып, оның негізінде уәкілетті орган – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі құрылды. Заң қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздерін, қаржылық мониторинг субъектілерінің, уәкілетті органның және басқа мемлекеттік органдардың осы саладағы құқықтық қатынастарын, сондай-ақ терроризм мен терроризмді қаржыландырудың алдын алу және жолын кесуге, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды және оны қаржыландыруды болдырмауға бағытталған мақсатты қаржылық санкцияларды іске асыру тетіктерін айқындайды [8].

Аталған Заңның 19-4-бабына сәйкес: «Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдары қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған ақша және (немесе) өзге де мүлікті іздестіру, тұтқындау, тәркілеу және қайтару мақсатында жедел-іздестіру қызметін, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді, сот талқылауын және сот актілерін орындауды жүргізу барысында шетел мемлекеттерінің тиісті органдарымен ақпарат алмасуды қоса алғанда, халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады».

Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдары өз өкілеттіктері шеңберінде және Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық заңнамасында көзделген тәртіппен шетел мемлекеттерінің тиісті органдарымен халықаралық ынтымақтастықты мынадай нысандарда жүзеге асыра алады:

1. ҚР құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарының иелігінде бар немесе қолжетімді ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды сұрату және алу, егер бұл ақпараттың кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландырумен байланысты екеніне жеткілікті негіздер болса, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған ақша және (немесе) өзге де мүлікті іздеу, тұтқындау, тәркілеу және қайтару мақсатында;

2. ақша және (немесе) өзге де мүлікті іздестіру, тұтқындау, тәркілеу және қайтару, қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) мен терроризмді қаржыландыру фактілерін анықтау, жолын кесу және тергеу мәселелері бойынша, сондай-ақ осы құқыққа қайшы әрекеттерге қатысы бар жеке немесе заңды тұлғаларды анықтау жөнінде көмек көрсету;

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, шетел мемлекетінің тиісті органының атынан және оның сұрау салуы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу және ақпарат алу мақсатында тергеу әрекеттерін жүзеге асыру;

4. халықаралық бірлескен тергеулер жүргізу үшін тергеу топтарын, сондай-ақ ақша және (немесе) өзге де мүлікті іздеу, тұтқындау, тәркілеу және қайтару мақсатында ведомствоаралық жұмыс топтарын құру [8].

Жүргізілген жедел және тергеу тәжірибесін зерделеу экстремистік-террористік қызметті қаржыландырумен айналысатын тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерін анықтау, әшкерелеу және кейін дәлелдеуге бағытталған қылмыстық процесті жедел-іздестірумен сүйемелдеуде елеулі проблемалардың бар екенін көрсетеді.

Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі нысандары мен қалыптасу үрдістерін орнықты түсіну – осы қоғамдық қауіпті құбылыстың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың тиімді тетіктерін әзірлеуге ықпал ететін басты факторлардың бірі болып табылады [9].

Сондай-ақ келіссөздер жүргізу барысындағы қызметкерлердің коммуникативтік аспектілерін, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің келіссөз қызметінің ерекшеліктерін, функцияларын, әдістері мен міндеттерін қарастыру қажет [10].

Жарияланымның ашық сипатын ескере отырып, біз тек негізгі мәселелерді атап өтеміз. Атап айтқанда, оларға мыналар жатады:

- құқық қорғау органдарының осы құқыққа қайшы қызмет түрін жолын кесуде жеткілікті белсенділік танытпауы, бұл әдетте тұлғаның экстремистік немесе террористік қызметті қаржыландыру фактісін жасап қойғаннан кейін ғана жедел ақпарат алынуына әкеледі;

- қылмыстық іс жүргізуде олардың нәтижелерін кейін пайдалану перспективасын ескермей, тексерілетін тұлғалардың қылмыстық әрекеттерін құжаттандыруға бағытталған жедел-іздестіру іс-шараларын сапасыз жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу;

- жедел-іздестіру нәтижелерін дәлелдеуде пайдалану барысында алдын ала тергеп-тексеру органдарымен өзара әрекеттесудің уақытылы жүргізілмеуі және формалды сипатта болуы;

- жедел материалдар іске асырылғаннан кейін жедел-іздестіру жұмыстарының айтарлықтай төмендеуі.

Қорытындылай келе, жедел-іздестіру іс-шараларының маңыздылығын атап өту қажет. Олар ең алдымен жедел алдын алу сипатындағы ақпарат алуға, сондай-ақ террористік топтар пайдаланатын қаржылық, ақпараттық және өзге де арналарды жоюға бағытталуы тиіс. Бұл арналар жаһандық және трансшекаралық сипатқа ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Террористік ұйымдардың тізімі:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/pravstat/press/article/details/17671?lang=ru>
2. Қазақстан билігі әлеуметтік желілерден экстремизмді насихаттайтын 13 мыңнан астам материалды өшіруді талап етті <https://kz.kursiv.media/2023-09-29/zhrb-min-kom/>
3. «Ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 128-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1700000128>
4. Ульянова, В. В. Терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл: құқық ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияның авторефераты. – Екатеринбург, 2010. – 25 б.
5. Emerging Terrorist Financing Risks. FATF, Paris, 2015. P. 35
6. Құқықтық статистика <https://qamqor.gov.kz/crimestat/statistics>
7. Әлем елдерінің терроризм деңгейі бойынша рейтингі <https://gtmarket.ru/ratings/global-terrorism-index>
8. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Қазақстан Республикасының Заңы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000191>
9. Шхагапсоев З.Л., Тарчоков Б.А. Халықаралық терроризмге қарсы іс-қимылдың тиімді тетіктерін әзірлеуге ықпал ететін негізгі факторлар туралы. 2018. № 3. 20–21 бб.
10. Машекуашева М.Х., Кочесокова З.Х., Геляхова Л.А. ПО қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі құқықтық психологиялық ықпал ету мәселелері. Қоғамдық дамудың теориясы мен практикасы. 2014. № 12. 153–155 бб.

Дидарқызы Л.

Қонаев Университетінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекші:

заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

Алтынбаев Е.Т.

ЦИФРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ ЖАҒДАЙЫНДА АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ТЕТІКТЕРІ

Қазіргі заманда цифрлық технологиялар қоғамның барлық саласын терең түрлендіріп жатыр. Цифрландыру үрдісі – біз талай жылдар бойы куә болмаған бірқатар өзгерістерге алып келіп, қоғамның күнделікті өміріне аса зор әсер етуде. Мұндай жағдайда адам құқықтарын қорғау мәселесі жаңа форма мен тәсілдерге көшуін талап етеді. Халықаралық құжаттар мен сарапшылар интернеттегі адам

құқықтары оффлайндағы құқықтармен тең дәрежеде қорғалуы тиіс деп есептейді. Қазақстанда да цифрлық мемлекетке көшу мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады: Президенттің тапсырмасымен әзірленген стратегия үш жыл ішінде Қазақстанды толық цифровизациялауды көздейді. Осы тұрғыдан, мақалада цифрлық мемлекет ұғымы мен оның құқықтық табиғаты талданып, цифрлық ортадағы адам құқықтарының ерекшеліктері, халықаралық стандарттар мен Қазақстандағы құқықтық тетіктер қарастырылады.

«Цифрлық мемлекет» ұғымы Мемлекеттік басқарудың, заңнамалық және сот билігінің барлық жүйесін цифрлық технологиялар мен деректер негізінде жүзеге асыруды білдіреді. Бұл үдерістің мақсаты – мемлекеттік қызметтерді жеделдетіп, халыққа қолжетімді ету, басқару тиімділігін арттыру. Сонымен бірге, жаңа құқықтық қатынастар туындап, бұрынғы жүйелерді қайта қарастыруды қажет етеді [1]. Мысалы, Қазақстанда 2003 жылы қабылданған «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңында электрондық құжаттарға қолтаңбалар арқылы құқықтық мәртебе берілді; бұл заң электрондық құжаттарды құру және пайдалану кезіндегі азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған [2]. Жакында әзірленіп жатқан «Цифрлық кодекс» жобасы да осындай құқықтық платформа болуды көздейді: ол цифрлық экономиканың және цифрлық мемлекет архитектурасының негізін қалауы тиіс. Кодекс цифрлық сәйкестендіру, электрондық қолтаңба және биометриялық аутентификация тәртібін бекітіп, цифрлық ортадағы деректердің айналымы мен қауіпсіздігін реттейді [3]. Осының нәтижесінде елімізде цифрлық құқық саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің қабылдануы шұғыл қажеттілікке айналып отыр, себебі әртүрлі елдерде жеке тұлғалардың деректерін қорғау және киберқылмыспен күрес шаралары белсенді жүргізілуде [1].

Цифрландыру барысында дәстүрлі адам құқықтары жаңа қырынан іске асады. Сандық технологиялар ақпаратқа қол жеткізу, білім мен пікір алу-беруді жеңілдеткенмен бірге, жеке өмірге араласу мен бақылау мүмкіндігін де арттырады [4]. Адам құқықтарының цифрлық эквиваленті – «цифрлық құқықтар» – негізінен дәстүрлі құқықтардың интернет және цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асуын білдіреді. Мысалы, онлайн режимдегі бейбіт жиналыс құқығы электрондық үндеу немесе чатта пікір білдіру арқылы көрінуі мүмкін. 2005 жылғы Жоғары деңгейдегі Дүниежүзілік кездесуден бастап дағдарыс пен кибершабуылдар сұрақтары қозғалған, ал 2011 жылы «Хартия Интернетте адамның құқықтары – оффлайндағы құқықтармен бірдей» деген тұжырымды ұсынды [5]. Осылайша халықаралық қауымдастық адам құқықтарының сандық ортада да толық қорғауға лайық екенін атап көрсетеді.

Сандық кеңістік адам құқықтары жүйесіне жаңа міндеттер қойып отыр. Біріншіден, жеке деректердің қорғалуы мен интернеттегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мәселесі өткір тұр. Мәселен, цифрлық құқықтың басты міндеті – цифрлық ортадағы құқықтық тәртіпті сақтау, жеке мәліметтерді қорғау және киберқұқық бұзушылықтармен күресу екенін мамандар атап көрсеткен [1]. Бұған сәйкес, қазіргі цифрлық ортада тұлғаның дербес деректерін қауіпсіз сақтау және қорғау аса маңызды талапқа айналды. Екіншіден, цифрлық технологиялардың

мүмкіндіктері мен тәуекелдері қатар жүреді. Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі өте маңызды: жеке мәліметтердің ұрлануы, хакерлік шабуылдар мен киберқылмыс артып келеді. Үшіншіден, цифрлық теңсіздік мәселесі де өзекті – кейбір әлеуметтік топтардың цифрлық құралдарға қол жеткізуі шектеулі болуы олардың құқығын шектей алады. Осыған қарамастан, цифрлық даму адам құқықтарын қорғауда жаңа мүмкіндіктер береді: мемлекеттік қызметтерді онлайн алу азаматтардың уақытын үнемдеп, тәртіптілікті арттыруға септігін тигізеді [1]. Осылайша, цифрлық кеңістіктегі адам құқықтары «әдеттегі адам құқықтары» болып қала береді, бірақ оларды іске асыру үшін мемлекеттік органдармен қатар IT-компаниялар мен интернет-платформалар да жауапты бола бастайды. Заманауи заңнамада азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтары – ақпаратқа қол жеткізу, жеке дербестік пен құпиялылықты қорғау, сандық сәйкестендіру құқығы сияқты – нақты көрініс табуда [6]. Мысалы, дайындалып жатқан Цифрлық кодексте азаматтың цифрлық сәйкестендіруге құқықты болуы және оның заңсыз араласудан қорғалуы қарастырылып, дербес деректерді жоюды немесе анонимизациялауды талап ету (яғни «ұмытылу құқығы») бекітілуде. Сонымен қатар, алгоритмдік жүйелер тарапынан кемсітушілікке тыйым салынып, азаматтардың автоматтандырылған шешімдер туралы ақпарат алып, ол адамның құқықтарына әсер етсе, қайта қарауды талап ету құқығы қамтамасыз етіледі. Осы тұрғыдан азаматтық қоғамда «цифрлық конституционализм» идеясы қалыптасып, технологиялық дамуды адам құқықтарының басымдылығына бағындыру мәселесі басымдыққа ие болуда [4].

Цифрлық ортада адам құқықтарын қорғау халықаралық деңгейде де өзіндік стандарттар мен құралдарды талап етеді. UNESCO-ның «Интернеттің универсалдылық» тұжырымдамасы бойынша интернет адам құқықтары, инклюзия және даму үшін күш-қуат көзі болуы тиіс, мұнда негізгі қағидат – құқықтық-нысандық (Rights-based) болуы керек [6]. 2022 жылы Еуропалық Одақ цифрлық құқықтар мен қағидаттар жөніндегі декларация қабылдап, онда оффлайндағыдай барлық фундаменталдық құқықтар цифрлық ортада да толық қорғалуы тиіс екені белгіленді. 2023 жылғы Еуропалық Кеңес қорытындысы сандық білім берумен бірге цифрлық ортада адам құқықтарын одан әрі нығайту қажеттігін, негізі құндылықтар онлайн мен офлайнда тең дәрежеде екенін растады [7]. Сонымен қатар, БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі шолуында цифрлық технологиялар адамның мінез-құлқын қадағалау мен тіпті манипуляциялауға мүмкіндік беретінін, бұл қауіп адамның қадір-қасиетіне, автономиясына және құпиялылығына айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін екенін меңзеді [8]. Еуропа Кеңесінің мәлімдемелерінде Қауымдастықтың негізгі халықаралық құжаты – Еуропа адами құқықтар конвенциясы – әлемнің кез келген жерде, соның ішінде цифрлық ортада да қолданылатыны атап көрсетіледі. Кең ауқымды шеңберде, интернет қауіпсіздігіне, ақпараттық бақылау мен сөз бостандығын қорғауға арналған халықаралық декларациялар мен конвенциялар (UNESCO, Еуропа Кеңесі, Еуроодақтың цифрлық актілері) адам құқықтарының цифрлық ортада да қорғауға алынуы керектігін дәлелдейді.

Қазақстанда цифрлық мемлекет жағдайында құқықтық қорғанысты қамтамасыз ету мақсатында бірқатар жаңа заңдар мен институттар құрылуда.

Мысалы, жоғарыда айтылған 2003 жылғы ЭЦҚ заңы (№ 370-II) қазірге дейін электрондық құжат айналымының құқықтық негізін қалыптастырады. Жақында Парламент Мәжілісінде екінші оқылымда мақұлданған Цифрлық кодекс жобасы цифрлық құқықтық тәртіптің барлық маңызды салаларын біріктіретін құқықтық платформа болуды көздейді. Бұл жоба цифрлық мемлекеттің архитектурасын анықтап, деректерді реттеу, киберқауіпсіздік, цифрлық экономиканың және тұрғындардың құқықтарын қорғайтын нормалар жиынтығын қамтиды. Кодекс мәтінінде адам құқықтары цифрлық ортада ең жоғары құндылық ретінде белгіленіп, олардың тек заңмен бекітілген негізде ғана шектелуі мүмкін екені айтылған. Сонымен бірге, цифрлық сәйкестендіруге құқық, «ұмытылу құқығы» және алгоритмдік әділеттілік сияқты жаңа ұғымдар енгізілмек. Мәселен, Цифрлық кодекс азаматтардың цифрлық сәйкестендіруге құқығын танып, оны заңсыз араласудан қорғауға мемлекет міндеттілігін белгілейді; сондай-ақ дербес деректерді жоюды немесе анонимдеу мүмкіндігін, бұлайша «ұмытылу құқығын» енгізеді [4]. Бұл қадамдар Қазақстанда цифрлық құқықтарды конституциялық басымдыққа шығаруды көздейтін «цифрлық конституционализм» қағидатына сай келеді.

Нормативтік актілер қатарында дербес деректерді қорғау (2013 ж. – № 94-V, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заң) және ақпараттық қауіпсіздік заңдары бар. Электрондық үкімет пен цифрлық даму саласында жауапты мемлекеттік орган – Аэроғарыш саласындағы Цифрлық даму агенттігі (Ұлттық ақпараттық технологиялар корпорациясы құрамында); киберқауіпсіздікті бақылау ісі Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүктелген. Сондай-ақ Конституцияда және азаматтық заңнамаларда көзделген құқықтар интернетте де сақталуы тиіс. Қазақстан халықаралық ұйымдарға белсенді мүше болып, ЕҚЫҰ мен басқа ұйымдардың сандық құқық стандарттарын қолдайды. Осылайша, елімізде құқықтық-нормативтік база цифрлық мемлекеттің талаптарына қарай қайта құрылуда, азаматтардың цифрлық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа тетіктер енгізілуде.

Цифрлық технологиялар адам құқықтарын қорғауда да құрал бола алады. Біріншіден, электрондық үкімет порталы мен мобильді қосымшалар арқылы азаматтар мемлекеттік қызметтерді онлайн ала алады, бұл өз кезегінде қызметке қолжетімділікті арттырып, бюрократия мен жемқорлықты азайтуға ықпал етеді. Мысалы, eGov.kz порталы мен eLicense.kz платформасы арқылы 2025 жылы үш миллионнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілген. Egov-тың мобильді қосымшасында ерекше қажеттілігі бар азаматтарға («мүгедектігі бар балалардың үйдегі білім шығындарын өтеу») арналған жаңа қызмет енгізілді, бұл цифрлық инклюзияны қамтамасыз етуге бағытталған [9]. Екіншіден, сот төрелігінде цифрлық шешімдер пайда болуда. АХҚО және ХТО соттары eJustice жүйесін іске қосып, арыз-шағымдарды Астанадағы соттарға әлемнің түкпір-түкпірінен онлайн режимде жолдауға мүмкіндік берді [10]. Бұл технология партерлерге сотқа қатыспай-ақ құқықтарын қорғауға жағдай жасайды. Үшіншіден, ақпараттық қауіпсіздікті және құпиялықты қамтамасыз ететін құралдар маңызды. Қазақстан заңнамасында электрондық құжаттарға цифрлық қол қоюға рұқсат беріліп, оларды заңды түрде рәсімдеу қарастырылған. Жақында кодекстің

жобасында көпфакторлы және биометриялық аутентификация енгізілетіні айтылды. Сонымен қатар, технологиялық дамыған елдер сияқты шифрлау, деректерді маскировкалау және блокчейн жүйелері құпиялылықты қамтамасыз етуде қолданылуда. Осылайша, цифрлық тетіктер (электрондық қолтаңба, eGov жүйелері, электронды сот және т.б.) Қазақстанда адам құқықтарын тиімді қорғау құралы ретінде іске асырылуда.

Цифрлық мемлекетте адам құқықтарын қорғау мәселелері бірқатар қиындықтармен байланысты. Бір жағынан, жеке өмірді қорғау қиындықтары артып келеді: деректердің бұрмалануы мен жымқыруы, жаппай бақылау және алгоритмдік қателер жеке құқықтарға қауіп төндіруде. Екінші жағынан, интернет арқылы дезинформация мен сөз еркіндігі мәселелері туындайды. Сонымен қатар, цифрлық теңсіздік әлеуметтік топтардың кейбірі интернетке қол жеткізе алмауына, мемлекеттік қызметтерді ала алмауына әкеледі [1]. Осының бәрі адам құқықтарына нұқсан келтіру қаупін арттырады.

Осы қиындықтарды жеңу үшін кешенді шаралар қажет. Ең алдымен, азаматтарды цифрлық сауаттылыққа және киберқауіпсіздік негіздеріне оқыту маңызды. Еуропалық Кеңес пен Одақ сандық сауаттылықты дамыту қажеттігін ерекше атап көрсетеді. Екіншіден, дербес деректерді қорғау мен бақылауға қатысты құқықтық нормаларды жетілдіру керек. Мысалы, цифрлық кодексте азаматтардың жеке деректерін қорғау, алгоритмдердің әділеттілігі және құқықтарды сақтау шаралары қарастырылуда. Үшіншіден, мемлекет пен жеке сектор арасындағы әріптестік күшейтілуі тиіс: халықаралық тәжірибе көрсеткендей, цифрлық жүйелерді бақылау мен есеп беруді қамтамасыз ететін тәуелсіз аудит, құқықтық бақылау органдары қажет. Төртіншіден, халықаралық ынтымақтастық арқылы Интернет кеңістігіндегі қылмыстарға қарсы күрес пен траншеаралық деректер алмасуға қатысты келісімдерді нығайтуға болады. Еуропалық және халықаралық деңгейде цифрлық салада демократиялық нормалармен реттеу мәселесі де көтеріліп отыр – мысалы, Еуропа Кеңесі цифрлық орта демократиялық жолмен бекітілген нормалармен реттелуі керектігін баса айтады. Осы шаралардың жиынтығы цифрлық мемлекетте адам құқықтарын қорғауды күшейтіп, цифрлық даму қауіп-қатерлерін азайтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыдағы талдаулардан көрінгендей, цифрлық мемлекет жағдайында адам құқықтарын қорғау жүйесі жаңа тәсілдер мен құралдарды талап етеді. Ақпараттық технологиялардың дамуымен бірге қоғамдық қатынастар мен құқық нормалары да жетілдірілуі қажет. Халықаралық стандарттарға сәйкес, фундаментальдық құқықтардың цифрлық ортада да толық іске асуы қамтамасыз етілуі тиіс. Қазақстанның жаңа Цифрлық кодексі мен басқа да нормативтік актілерінде құқық қорғау қағидаттары цифрлық ортаға бейімделіп, мысалы, азаматтарға «ұмытылу құқығын» жүзеге асыру, алгоритмдік әділеттілікті қамтамасыз ету мүмкіндіктері енгізілуде. Сандық трансформацияның барлық артықшылықтарын пайдаланғанмен, технология адам қадір-қасиеті мен автономиясына айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін екендігі ұмытылмауы тиіс. Сондықтан цифрлық дамуды адам құқықтары басымдығына бағындыратын «цифрлық конституционализм» қағидаты мен халықаралық тәжірибе негізінде

ақпараттық қауіпсіздік пен заңдық бақылауды қамтамасыз ететін тетіктерді дамыту – қазіргі заманның басты міндеті болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дарханова С.Д. *Цифрлық мемлекет және құқық: заманауи қауіптер және мүмкіндіктер*. Электронды портал «Евразийская наука», 28.03.2025.
2. Interfax-Kazakhstan. *Қазақстан Мәжілісі Цифрлық кодексті қабылдады*. 03.12.2025.
3. DKNNews.kz. *Қазақстанның жаңа Цифрлық кодексінің негізгі мақсаттары*. 13.11.2025.
4. Digitalrights Asia. *Цифрлық адам құқықтары: Қазақстанның Цифрлық кодексі негізін өзгертеді*. 29.12.2025 (қабылдау күні: 01.01.2026).
5. Council of the EU. *'A digital future for Europe' — European declaration on digital rights and principles*. 14.11.2022 (қабылдау күні: 01.01.2026).
6. UNESCO. *Internet Universality Indicators – Rights-based (R) principle*. UNESCO Publishing, 2024.
7. Council of Europe. *Symposium: Human Rights in the Digital Sphere*. Страсбург, 18.10.2021.
8. OHCHR. *OHCHR and privacy in the digital age*. (<https://www.ohchr.org/en/privacy-in-the-digital-age>, қабылданған: 01.01.2026).
9. Электронды үкімет порталы (eGov.kz). *Over 3 million public services delivered via eLicense.kz in 2025*. 29.12.2025 (<https://egov.kz>, қабылданған: 01.01.2026).
10. AIFC Court. *Электрондық сот төрелігі (eJustice)*. Астана, 26.02.2019 (<https://court.aifc.kz>, қабылданған: 01.01.2026).

Едіген А.Ғ.

Қонаев Университетінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі:

гум.ғ.м., аға оқытушы Бейсеғұл Д.Т.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЖАСТАР СЛЕНГІ МЕН ЭМОДЗИЛЕРДІҢ ӘСЕРІ

Жастар арасындағы тілдік өзгерістердің табиғаты, олардың қазақ тілінің құрылымдық, әлеуметтік және функционалдық жүйесіне ықпалы талданды. Жастар сленгінің ең басты ерекшелігі — тілдің икемділігі мен бейресми стильдегі қолданыстардың белсенділігі. Яғни, «краш», «флекс», «қатырды», «рофл» сияқты сөздер қазақ жастарының лексиконында қалыпты қолданысқа айналып, кейбірі тіпті медиа дискурсқа да еніп үлгерді. Мұндай сөздер тілдің табиғи даму үдерісін көрсеткенімен, олардың шамадан тыс көбеюі әдеби нормалардың әлсіреуіне алып келіп отыр. Эмодзи — вербалды емес таңбалық жүйе, сондықтан оның көп қолданылуы тілдің экспрессиялық мүмкіндіктерін

кеңейткенімен, мәтіннің мағыналық нақтылығын әлсіретеді. Бұл жұмыста біз қазақ тілінің болашағына ықпал ететін жаңа мәдени феномендердің рөлін бағамдауға тырстық. Сленг пен эмодзилерді дұрыс қолдану тілді жаңғыртудың бір тәсілі ретінде қарастырылып, ал олардың реттелмеген қолданылуы тілдің орфографиялық және стилистикалық нормаларына теріс әсер етеді. Осыған орай жастар тіліне ғылыми көзқараспен баға беріп, оның табиғи және жасанды өзгерістерін саралау маңызды. Қазақ тілі ғасырлар бойы түрлі тарихи, саяси және мәдени өзгерістерді бастан өткеріп, үнемі жаңарып отырған тірі тіл. ХХІ ғасырда бұл өзгерістердің қарқыны күрт жылдамдап, тілдің дамуына цифрлық коммуникация, әлеуметтік желілер, интернет мәдениеті айтарлықтай ықпал етуде. Соның ішінде жастар сленгі мен эмодзилер қазіргі қазақ тілінің жаңа қабаттарын қалыптастырып, тілдік нормалардың трансформациясына әсер етіп отыр. Бұл мақалада аталған құбылыстардың негізгі сипаты, пайда болу себептері және қазақ тілінің болашағына ықпалы жан-жақты қарастырылды. Жастар сленгі — белгілі жас топтарының қарым-қатынасында қолданылатын бейресми, экспрессивті сөздер мен тіркестердің жүйесі. Қазақстандық жастар арасында шет тілдерінен енген «краш», «флекс», «рофл», «крінж», «вайб» сияқты сөздер жиі кездеседі. Бұлар көбіне эмоциялық бояуы қанық, қысқа әрі қолдануға жеңіл. Сленгтің пайда болуының бірнеше себептері бар: 1) Жылдам коммуникацияға ұмтылу; 2) Жаһандану әсері мен ағылшын тілінің ықпалы; 3) Қоғамдағы жаңа құндылықтар мен мәдени трендтер; 4) Топтық бірлікті нығайту қажеттілігі. Таяу уақытта лингвисттер сленгті жай ғана терминнен, неологизмнен кеңірек ауқымда қарастыра бастады [1, 57]. Гальперин сленгизм терминін жаргонның синонимі деп қарастырса [2, 15], Дж.Лайтер сленгті жоғары статус өкілдерінің тіліне қарама-қарсы тіл деп түсіндіреді [3, 68]. Д.В.Громовтың анықтамасына қарағанда, сленг — оны қолданып жүрген қауымдастықтың реалияларын бейнелейтін лексикалық құрамы бар социолекттің бір түрі [4, 13-15].

Сленг сөздер тілдің лексикалық қорын байытады, бірақ олардың нормативті стильде шамадан тыс қолданылуы әдеби тіл нормаларын әлсіретеді. Сондықтан, сленг бұл табиғи тілдік процесс болғанымен, оның қолдану аясын дұрыс ажырата білу маңызды. Жастар сленгі белгілі бір буынның өзіндік сөздік қоры ретінде айта аламыз, ерекше қарым-қатынас тәсілі десек те болады. Ол көбіне қысқа, әсерлі, эмоцияны дәл жеткізетін сөздерден тұрады. Бүгінгі таңда, коммуникацияның дамуына байланысты жастар белгілі сленгтерді қолдануда: 1) ағылшын тілінен (*краш, флекс, хайп*) 2) орыс тілінен (*токсик, кринж, угар*) 3) қазақ сөздерінен өзгертілген нұсқаларды (*базар жоқ, сындырды, лапша ілді, құлақтан тепті, картонды жарды, тартыл, қуады екенсің, бітіп қалдым, лақтырып кетті, жыртыты, қоянның суретін салып кетті, қораға кірді, өшті, мат қылды, ат екенсің, күлкіден қырылып қалды, шашып тастады, менің артымды жабыңдаршы, әрі ойна, қашып кетші, қума*) 4) интернеттен таралған мемдік сөздерді кеңінен қолданады. Көрсетілген мысалдан сленгтің тілге әсерін байқасақ болады: 1) күнделікті сөйлеу тіліне жеңілдік әкеледі; 2) жастар мәдениетінің өзіндік ерекшелігін қалыптастырады; 3) жаңа сөздердің тәжірибе ретінде енгізілуін жылдамдатады; 4) тілдің табиғи эволюциясын жеделдетеді. Алайда, сленгтің тым артық қолданылуы әдеби норманың әлсіреуіне, сөздік

қордың шектелуіне әкеледі. Осы орайда, тіл мәдениетінің сақталу маңыздылығын көріп отырмыз. Эмодзилер — цифрлық ортада эмоция, көңіл-күй, ишара білдіретін визуалды таңбалар. Олар жазбаша мәтінде интонация мен ым-ишараның орнын жартылай толтырады. Жастар күнделікті хат алмасуда эмодзилерді жиі қолданып, көбіне сөздің орнына немесе мағынаны күшейту үшін пайдаланады. Эмодзилер коммуникацияны жеңілдетіп, тез түсінісуге мүмкіндік береді. Соған қарамастан, тым көп қолданылуы мәтіннің мазмұнын жалпылап, сөздік қорды аз қолдануға әкелуі мүмкін. Жастар сленгі мен эмодзилер тілдің табиғи өзгерісін көрсететін белгілердің бірі. Олар коммуникация стилін жеңілдетіп, жаңа лексика қабатын қалыптастырады. Бұл процесстің тіл дамуына орай: 1) тілдің функционалдық мүмкіндігін кеңейтеді; 2) бейресми стильдің белсенділігін арттырады; 3) медиатіл мен интернет тілінің дамуына әкеледі. Сонымен қатар, жағымды және жағымсыз ықпалы қатар жүреді: 1) жағымды: жаңа сөздер тілдің икемділігін көрсетеді, жастарды тілдік шығармашылыққа жетелейді. 2) жағымсыз: орфографиялық нормаларға салғырт қарау, грамматикалық қателердің артуы, сөз мәнін дұрыс қолданбау тенденциясы байқалады. Дегенмен тіл — тірі организм. Ол қоғам өзгерсе, бірге өзгереді. Жастардың жаңа формалары да қазақ тілінің даму тарихының бір бөлігіне айналып жатыр [5,15-16]. Болашақтағы даму үрдістері қазақ тілінің эволюциясы бірнеше жаңа бағытта өрбіп келеді: 1) Цифрлық тілдің қалыптасуы — қысқарған сөздер, интернет терминдер, мем мәдениеті. 2) Көптілді жастардың әсері — ағылшын, орыс сөздерінің қазақша нұсқалары. 3) Жаңа стильдік нормалар — ресми, бейресми, интернет тілі болып үшке бөлінуі. 4) Қазақша контенттің көбеюі — *TikTok, Instagram, YouTube* тілдің дамуын жеделдетуде. Бұлардың барлығы қазақ тілінің заманға бейімделген, функционалды әрі икемді тілге айналып келе жатқанын көрсетеді [6,34].

Қорытынды

Жастар сленгі мен эмодзилер — қазіргі қазақ тілінің жаңа даму кезеңінің көрінісі. Олар тілдің серпінділігін, қоғамдағы цифрлық мәдениеттің ықпалын, ұрпақаралық қарым-қатынастың ерекшелігін айқындайды. Бұл құбылыстарды толықтай шектеу мүмкін емес және қажет те емес, себебі тіл — үнемі өзгеріске бейім ашық жүйе. Дегенмен, оларды дұрыс стильдік шектеуде пайдалану, әдеби нормаларды сақтай отырып қолдану — тіл мәдениетін қорғаудың маңызды шарты. Тілдің болашағы осы тепе-теңдікті сақтай алуға байланысты. Сленг — жастар дискурсына тек жай тән құбылыс емес, жастардың айрықша коммуникативтік стилін айқындап көрсетуге мүмкіндік беретін оның бір ерекше қасиеті. Коммуникативтік стиль болып қалыптасу үшін тілге өзіндік модус, тоналдылық, регистрлер және микро деңгейдегі айырмашылықтар болуы тиіс десек, осы мақалада біз жастар

Дискурсының соңғы параметрі бойынша сипаттамамызды бердік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Eckert P. Language and adolescent peer groups // Journal of language and social psychology.— 2003. — Vol. 22. — P. 57.
2. Гальперин И.Р. О термине сленг // Вопросы языкознания. — 1956. — С. 15.

3. Lighter J.E. Introduction. Historical Dictionary of American Slang. – New York: Random House. – 1978. – Vol. 1. – P. 13-15.
4. Громов Д.В. Сленг молодежных субкультур: лексическая структура и особенности формирования // Русский язык в научном освещении.–2009. – №1. – С. 9.
5. Мырзалина Н. Цифрлану дәуіріндегі тілдік өзгерістер // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – 2022.
6. Юнусова А. Жаңа медиа және тіл мәдениеті. – Нұр-Сұлтан: ЕҰУ баспасы 2020

Ермагамбетова Ж. Н.

Қонаев Университетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекші:

Заң ғылымдарының кандидаты,

доцент Курманалиева Э.Б.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ: СТУДЕНТТЕРДІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ

Соңғы жылдары жасанды интеллект (ЖИ) адам өмірінің барлық саласына еніп, күнделікті тұрмыстың маңызды элементіне айналып отыр. Әсіресе студенттер үшін ЖИ оқу процесін жеңілдететін, ақпаратты жылдам табуға мүмкіндік беретін және зерттеу жұмыстарын оңтайландыратын құралға айналды. Сонымен қатар жасанды интеллекттің құқық саласына әсері де артып келеді. Дербес деректерді қорғау, авторлық құқық, алгоритмдік жауапкершілік сияқты құқықтық мәселелер жаңа деңгейге көтерілді.

Бұл мақалада жасанды интеллекттің студенттердің күнделікті өміріне және құқық саласына әсері талданып, оның оң және теріс жақтары қарастырылады.

1. Жасанды интеллекттің жалпы түсінігі

Жасанды интеллект – компьютерлік жүйелерге адам секілді ойлау, үйрену, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін беруге бағытталған технологиялар жиынтығы. ЖИ-дің негізгі бағыттарына машиналық оқыту, нейрондық желілер, табиғи тілдерді өңдеу және компьютерлік көру жатады. Бүгінгі таңда бұл технология смартфондарда, әлеуметтік желілерде, интернет платформаларында кеңінен қолданылып келеді.

2. ЖИ-дің студенттердің күнделікті өміріне әсері

2.1. Оқу процесіне ықпалы

Студенттер ЖИ-ді көбінесе:

- конспектілерді түзуге;
- мәтіндерді қысқартуға;
- күрделі тапсырмаларды түсіндіруге;
- зерттеу жұмыстарын жоспарлауға;
- құқықтық нормаларды талдауға;

- ғылыми стильде мәтін жазуға пайдаланады. Бұл оқу процесін жеңілдетіп, уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді.

2.2. Уақытты тиімді жоспарлау

Жасанды интеллект күнтізбе мен еске салғыштарға интеграцияланып, студентке сабақ кестесін, жеке тапсырмаларын және демалыс уақытын тиімді жоспарлауға көмектеседі.

2.3. Ақпаратқа жылдам қол жеткізу

Іздеу жүйелеріндегі жасанды интеллект алгоритмдері ақпаратты бұрынғыдан тез табуға мүмкіндік береді. Әсіресе құқық саласындағы жиі өзгеретін заңдар мен жаңа нормативтік актілерге қол жеткізу студентке маңызды.

2.4. Коммуникация құралдарында қолданылуы

ЖИ студенттердің әлеуметтік желілер мен хабарламаларда қарым-қатынасына әсер етеді. Автоматты аударма, дыбысты мәтінге айналдыру, ұсыныстар жүйесі – бәрі ЖИ жұмысының нәтижесі.

3. Жасанды интеллекттің құқық саласына әсері

3.1. Құқықтық талдаудағы рөлі

ЖИ заңгерлер мен құқықтану студенттеріне:

- заң мәтіндерін талдауға;
- нормативтік актілер арасындағы байланысты табуға;
- сот тәжірибесін зерттеуге;
- күрделі құжаттарды салыстыруға көмектеседі. Кейбір мемлекеттерде ЖИ сот шешімдерінің ықтимал нәтижелерін де болжай алады.

3.2. Дербес деректерді қорғау мәселесі

ЖИ үлкен көлемдегі ақпараттарды жинап, сақтағандықтан, дербес деректер қауіпсіздігі өзекті проблемаға айналды. Студенттер әртүрлі қосымшаларға жеке ақпараттарын енгізеді, сондықтан олардың қалай қолданылатынын құқықтық тұрғыда бақылау маңызды.

3.3. Авторлық құқық және ЖИ контенті

ЖИ жасаған материалдарға байланысты сұрақтар туындайды:

- ЖИ жасаған мәтіннің авторы кім?
- Студент ЖИ көмегімен жазылған жұмысты өз еңбегі ретінде көрсете ала ма?
- Материалдарды ЖИ-ге беру авторлық құқықты бұза ма? Бұл мәселелер әлі толық шешілмеген.

3.4. Жауапкершілік мәселесі

ЖИ қате шешім шығарып, зиян келтірсе, жауапкершілікті кім көтереді? Бұл – құқық саласындағы жаңа бағыттардың бірі. «Алгоритмдік жауапкершілік» ұғымы алдағы жылдары маңызды бола түседі.

4. ЖИ-дің студент өміріндегі оң әсерлері

- Уақыт үнемдеу.
- Оқу сапасын арттыру.
- Ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдету.
- Креативті ойлау мүмкіндігін кеңейту.
- Зерттеу жұмыстарын жеңілдету.

- Тіл үйренуді оңтайландыру.

5. ЖИ-дің теріс жақтары мен қауіптері

5.1. Тәуелділік пен жалқаулық

Студенттер барлық тапсырманы ЖИ орындасын деген ойға үйреніп кетуі мүмкін. Бұл олардың жеке дағдыларының дамуын тежейді.

5.2. Ақпараттың шынайылығына қатысты қауіп

ЖИ кейде шынайы емес немесе қате ақпарат бере алады. Құқық саласында мұндай қателік салдары ауыр болуы мүмкін.

5.3. Академиялық адалдық мәселесі

ЖИ көмегімен дайын жұмысты көшіру – плагиаттың жаңа түрі. Көптеген университеттер мұндай әрекеттерді анықтайтын жүйелер енгізуде.

5.4. Құпиялылықтың бұзылуы

ЖИ қосымшалары енгізілген мәтіндерді өз базасына сақтап, оларды басқа мақсатта қолдануы мүмкін. Бұл жеке ақпараттың таралу қаупін арттырады.

6. Болашақтағы дамуы және құқықтық реттеу қажеттілігі

Келешекте ЖИ күнделікті өмірдің толыққанды бөлігіне айналады. Сондықтан:

- ЖИ шығарған контентке авторлық құқық нормаларын анықтау;
- алгоритмдердің ашықтығын қамтамасыз ету;
- деректерді қорғауды күшейту;
- оқу орындарында ЖИ қолдану ережелерін әзірлеу сияқты құқықтық шаралар қажет.

Қорытынды

Жасанды интеллект студенттерге көп мүмкіндіктер береді: оқу процесін жеңілдетеді, уақыты тиімді пайдалануға көмектеседі, ақпаратқа қол жеткізуді жылдамдатады. Құқық саласында да ЖИ заңдарды талдауға, құжаттарды салыстыруға және сот тәжірибесін зерттеуге үлкен көмек беруде.

Сонымен қатар ЖИ-ді қолдану кезінде қауіптер мен этикалық мәселелер де бар. Сондықтан студент ЖИ-ді өз білімін толықтыру мақсатында ғана пайдаланып, оны негізгі құралға айналдырмауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы. – Астана, 2013.
2. Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы. – Алматы, 1996.
3. ҚР Президентінің 2022 жылғы Цифрлық трансформация туралы Жолдауы.
4. Daniel J. Artificial Intelligence for Students and Educators. – Springer, 2020.
5. European Union. General Data Protection Regulation (GDPR). – 2016.
6. UNESCO. Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policy-makers. – Paris, 2021.
7. Kaplan J., Haenlein M. Siri, Siri in My Hand: Who's the Fairest in the Land? On the Interpretations, Illustrations and Implications of Artificial Intelligence. – Business Horizons, 2019.

8. Kate Crawford. Atlas of AI: Power, Politics, and the Planetary Costs of Artificial Intelligence. – Yale University Press, 2021.
9. Хамитов А., Жолдасбекова А. Цифрлық технологиялар және құқық. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

Ермагамбетова Ж. Н.

Қонаев Университетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы Буранбаева С.Р.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кіріспе

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі – бұл мемлекет дамуының стратегиялық бағыты, ұлттық қауіпсіздік жүйесінің ажырамас бөлігі және қоғамның тұрақты өркендеуін қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі. Кең байтақ қазақ жері табиғи ресурстарға бай болғанымен, соңғы онжылдықтарда антропогендік әсердің күшеюі, индустриялық аймақтардың кеңеюі, уран, мұнай және металл өндірістерінің қарқындауы экологиялық ахуалды күрделендірді. Осыған байланысты экологиялық қауіпсіздік мәселесі тек табиғат қорғау саласының ғана емес, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және құқықтық саясаттың да өзегіне айналып отыр.

Табысты экологиялық саясаттың негізгі мақсаты – табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаны ластанудан қорғау, халық денсаулығына қауіп төндіретін факторларды азайту және болашақ ұрпаққа сапалы өмір сүру ортасын сақтау. Бұл тұрғыда Қазақстан үшін жаһандық экологиялық процестерге бейімделу, халықаралық стандарттарға үйлесу және ұлттық экологиялық заңнаманы жетілдіру — уақыт талабы.

1. Қазақстандағы экологиялық қауіпсіздік ұғымы және оның құқықтық негіздері:

Экологиялық қауіпсіздік ұғымы Қазақстан заңнамасында қоршаған ортаға зиян келтіретін әрекеттердің алдын алу, табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану, халықтың өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін экологиялық қатерлерді болдырмау шараларының жиынтығы ретінде қарастырылады. «Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» заңдар — экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық базасы.

2021 жылы қабылданған жаңа Экологиялық кодекс халықаралық экостандарттарға бейімделген. Онда «ластаушы төлейді», «ең үздік қолжетімді технологиялар», «қоғамдық қатысу», «өнеркәсіптік бақылау» сияқты принциптер енгізілді. Бұл реформалар Қазақстанның экологиялық басқару жүйесін жүйелі түрде жаңартуға бағытталған.

Экологиялық қауіпсіздік — тек мемлекеттік органдар немесе табиғат пайдаланушылардың міндеті ғана емес. Бұл — бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Экологиялық мәдениет қалыптастыру, азаматтық белсенділікті арттыру және экосаясаттың ашықтығы — құқықтық негіздердің толық іске асырылу шарты.

2. Қазақстандағы экологиялық ахуалдың жалпы сипаттамасы

Қазақстан аумағының көп бөлігі бұрыннан экологиялық қиын аймақтарға айналған. Оның себептері:

1. Кеңес кезеңіндегі әскери-өндірістік нысандардың салдары
2. Ирригация мен агротехникалық қателіктер
3. Полигондар мен қалдықтарды басқарудың тиімсіздігі
4. Мұнай және көмір өнеркәсібінің әсері
5. Климаттық өзгерістер

Мәселен, Арал теңізі, Семей полигоны, Каспий маңы, Жезқазған–Балқаш индустриялық белдеуі, Батыс Қазақстан мұнай аймақтары — бүгінгі күнге дейін экологиялық қиын аймақтардың тізімінде.

Ел бойынша атмосфералық ауа сапасы, су ресурстарының ластануы, топырақ деградациясы, орман қорының қысқаруы, биологиялық әртүрліліктің сиреуі сияқты күрделі экосын-қатерлер жиі кездеседі. Қалаларда өнеркәсіп және көліктерден шығатын зиянды газдар деңгейі жоғары.

Сондықтан экологиялық қауіпсіздік бүгінде ел дамуының негізгі индикаторларының бірі болып отыр.

3. Қазақстанның экологиялық проблемалары: себептері мен салдары

Қазақстандағы экологиялық дағдарыстың негізгі факторларын бірнеше блокқа бөлуге болады:

Біріншіден, өнеркәсіптің ескі технологиялармен жұмыс істеуі. Көптеген өндіріс нысандары 1970–1980 жылдардағы жабдықтармен жұмыс істейді. Олардың фильтрлік жүйелері тозған, ал қалдықтарды өңдеу механизмі мүлде қарастырылмаған.

Екіншіден, табиғи ресурстардың шамадан тыс пайдаланылуы. Мұнай, газ, металл кендері мен көмір өндірісі экожүйелердің тепе-теңдігін бұзады. Қазба жұмыстарынан кейінгі жерлерді рекультивациялау толық жүргізілмейді.

Үшіншіден, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтардың жиналуы. Қазақстанда 100 млн тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдықтар бар. Полигондардың басым бөлігі экологиялық талаптарға сай емес.

Төртіншіден, көліктен бөлінетін зиянды қалдықтар. Автопарктің ескі болуы, отын сапасының төмендігі және көлік санының жыл сайын артуы ауа сапасына елеулі әсер етеді.

Бесіншіден, су ресурстарының тапшылығы. Қазақстан Орта Азиядағы ең аз су ресурсы бар елдердің бірі. Климаттық өзгерістер мен трансшекаралық су мәселелері жағдайды одан әрі қиындатады.

Бұл мәселелердің салдары көпқырлы: халық денсаулығының нашарлауы, ауыл шаруашылығының өнімділігінің төмендеуі, су мен ауа сапасының нашарлауы, табиғи апаттардың жиілеуі, биологиялық әртүрліліктің азаюы және әлеуметтік-экономикалық даму қарқынының тежелуі.

4. Арал теңізі: XX ғасырдың экологиялық қасіреті

Қазақстанның ғана емес, әлемнің ең ірі экологиялық қасіреттерінің бірі — Арал теңізінің тартылуы. Суармалы егіншілікті тиімсіз дамыту нәтижесінде Өмудария мен Сырдарияның суы теңізге жетпей қалды. 1960 жылдары әлемдегі төртінші үлкен көл болған Аралдың 90%-дан астамы құрғады.

Арал өңірінде тұзды-шанды дауылдар жылына 80 млн тонна зиянды қалдықты желмен таратады. Бұл тек Қазақстанға ғана емес, Орта Азия елдеріне де әсер етеді. Арал маңындағы халық арасында өкпе аурулары, анемия, онкологиялық сырқаттар, бала өлімі жоғары деңгейде.

Қазіргі кезде Кіші Аралды қалпына келтіру жұмыстары «Сырдария – Арал теңізі» жобасы аясында іске асырылуда. Дегенмен, бұл мәселенің толық шешімі трансшекаралық су саясатымен тығыз байланысты.

5. Семей полигоны және радиациялық қауіп

1949–1991 жылдары Семей ядролық полигонында 456 ядролық сынақ жүргізілді. Оның 116-сы атмосфералық сынақ болған. Бұл аймақ Қазақстан тарихындағы ең ауыр экологиялық және гуманитарлық апаттардың біріне айналды.

Полигонның салдары:

1. 1,5 миллионнан астам адам радиацияның әсеріне ұшырады;
2. аймақта қатерлі ісік аурулары бірнеше есе жоғары;
3. генетикалық мутациялар, иммунитеттің әлсіреуі, жүрек-қан тамыр аурулары кең таралған;
4. топырақ пен су көздері радионуклидтермен ластанған.

Семей полигонын рекультивациялау, медициналық-әлеуметтік көмек көрсету, ғылыми зерттеу жүргізу – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып отыр.

6. Су ресурстарының тозуы және трансшекаралық су проблемасы

Қазақстан аумағындағы судың 50%-ға жуығы көрші елдерден келеді. Бұл елдің су қауіпсіздігін сыртқы факторларға тәуелді етеді. Ертіс, Іле, Сырдария, Талас, Шу өзендері Қытай, Қырғызстан, Өзбекстанмен байланысты болғандықтан, трансшекаралық су саясаты маңызды.

Кейбір өзендерде су деңгейінің төмендеуі:

1. ауыл шаруашылығына,
2. энергетикаға,
3. экологиялық теңгерімге,
4. халық тұрмысына тікелей әсер етеді.

Климаттың жылынуы да су тапшылығын күшейтуде. Мұздықтардың көлемі жыл сайын азайып, өзендердің деңгейі төмендеп жатыр. Сондықтан су ресурстарын басқарудың жаңа стратегиясы қажет.

7. Атмосфералық ауаның ластануы және қалалардың экологиялық жағдайы

Ауа сапасы нашар қалалар қатарына Астана, Алматы, Қарағанды, Өскемен, Балқаш, Теміртау жатады. Ластанудың негізгі көздері — көлік, металлургия, жылу электр станциялары.

Алматыда қыс мезгілінде смог мәселесі ушығады. Географиялық орналасуы, көліктің көптігі, ауа циркуляциясының әлсіздігі жағдайды қиындатады.

Теміртау мен Қарағандыда металлургиялық кәсіпорындардан бөлінетін қалдықтар ерекше проблемаға айналған. Өскеменде ауыр металдармен ластану деңгейі жоғары. Бұл қалаларда тыныс алу жолы аурулары, астма, аллергия, жүрек-қан тамыр аурулары жиі кездеседі.

8. Жасыл экономикаға көшу және Қазақстанның экологиялық саясаты

2013 жылы Қазақстан «Жасыл экономикаға көшу концепциясын» қабылдады. Онда келесі бағыттар айқындалды:

1. жаңартылатын энергия көздерін дамыту;
2. энергия тиімділігі;
3. су ресурстарын басқаруды жетілдіру;
4. ауыл шаруашылығының экологиялық тұрақтылығы;
5. қалдықтарды өңдеу және қайта пайдалану;
6. экотуризмді дамыту.

2050 жылға қарай энергияның 50%-ы жаңартылатын көздерден алынуы жоспарланған. Бүгінгі таңда жел, күн электр станциялары көбейіп келеді, бірақ жалпы энергия балансында үлесі әлі де төмен. Жасыл экономикаға көшу — экономикалық өсімді экологиялық шектеулермен үйлестірудің ең тиімді жолы.

9. Экологиялық мәдениет және қоғамның рөлі

Экологиялық қауіпсіздік тек заңдар мен технологияларға тәуелді емес. Халықтың санасы, табиғатқа деген көзқарасы басты рөл атқарады. Жапония, Германия сияқты елдер экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы табиғатты қорғауды тиімді жүзеге асырды.

Қазақстанда да экологиялық білім беру, халық арасында ақпараттандыру, еріктілер қозғалысын дамыту қажет. Әсіресе жастардың экосана қалыптастырудағы орны ерекше.

Экологиялық мәдениет — табиғатты қорғау әрекетін күнделікті өмір нормасына айналдыру.

10. Экологиялық қауіпсіздіктің болашағы және ұсыныстар

Қазақстан экологиясын жақсарту бір күнде шешілетін мәселе емес. Ол ұзақ мерзімді, кешенді стратегияны талап етеді. Экологиялық қауіпсіздікті күшейту үшін:

1. өндірістерге жоғары экостандарттарды енгізу;
2. табиғи ресурстарды үнемдеу технологияларын кеңейту;
3. қалдықтарды басқару жүйесін толық реформалау;
4. ауа, су, топырақ мониторингін автоматтандыру;
5. ерекше қорғалатын аумақтарды көбейту;
6. трансшекаралық су саясатын дипломатиялық деңгейде күшейту;
7. экологиялық білім беру бағдарламаларын енгізу қажет.

Экологиялық қауіпсіздік — бұл мемлекеттің тұрақты дамуының кепілі. Табиғат — ұрпақтан-ұрпаққа қалатын аманат. Оны сақтау әр азаматтың борышы.

Қорытынды:

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі — ел дамуының стратегиялық маңызы бар бағыты. Қазіргі экологиялық жағдай күрделі болғанымен, оны жақсартуға мемлекет те, қоғам да белсенді қадамдар жасауда. Экологиялық кодекстің жаңаруы, жасыл экономикаға көшу, қалдықтарды басқару реформалары, экологиялық мәдениетті арттыру — болашақта экологиялық қауіпсіз Қазақстан құруға негіз бола алады. Бүгінгі таңда бізге ең бастысы — табиғатты қорғауды формальді міндет емес, ұлттық идеология деңгейіне көтеру. Экология — экономиканың, денсаулықтың, ұлттық қауіпсіздіктің өзегі екенін түсіну.

Табиғат — біздің ортақ үйіміз, ортақ байлығымыз. Оны сақтай алсақ қана, Қазақстанның болашағы жарқын болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 2023.
2. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Астана: ҚР Әділет министрлігі, 2021.
3. Назарбаев Н.Ә. “Жасыл экономикаға көшу – Қазақстанның тұрақты дамуының негізі”. – Астана, 2013.
4. Тоқаев Қ.К. Қазақстан халқына жолдауы. «Әділетті Қазақстан: адам игілігі мен ел мүддесі жолында». – Астана, 2022.
5. Артықбаев Ж. Арал теңізі мәселесі және халықаралық су саясаты. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2022.
6. Сауранбаев Т. Қазақстандағы радиациялық қауіпсіздік және Семей полигонының зардаптары. – Алматы: Ғылым, 2018.
7. Қалиев Н., Тұрсағынова А. Жаңартылатын энергия көздері және жасыл технологиялар. – Алматы: ҚазҰУ, 2021.
8. ҚР Ұлттық статистика бюросы. Қоршаған орта бойынша статистикалық жинақ. – Астана, 2023.
9. Жанғазин М. Қазақстандағы трансшекаралық өзендер проблемасы: құқықтық аспектілер. – Алматы: Заң, 2020.

Ермек А.

Қонаев Университетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекші:

заң ғылымдарының магистрі

Амирова Б. К.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ: ЖАУАПКЕРШІЛІК МОДЕЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУЫ

Қазіргі кезеңде жасанды интеллект (ЖИ) жүйелері - ақпараттандыру мен цифрландырудың ең ірі драйверлерінің бірі. Олар медицинадан бастап - білім беру, мемлекеттік басқару, көліктен - қаржы, коммерциялық қызметке дейін енгізіліп, қоғам мен экономика құрылымдарын түбегейлі өзгертіп келеді.

Осындай тез даму қоғамның құқықтық институттарына жаңа міндеттер артады:

1) дәстүрлі құқықтық нормалар, әсіресе азаматтық-құқықтық нормалар, ЖИ арқылы жасалатын жаңа қатынастарды қамти ма?

2) ЖИ-ні құқық субъектісі деп тану керек пе, әлде ол - жай құрал ма?

3) Оның әрекеттері үшін жауапкершілік кімге жүктеледі?

Дәстүрлі азаматтық-құқықтық жүйелер негізінен адамдар мен заңды тұлғалар арасындағы қатынастарға бағытталған; ал ЖИ - деректермен, алгоритмдермен, кодпен жұмыс істейтін ерекше «субъект емес» нысан. Оның салдарынан туындайтын зиян, құқық бұзушылық, міндеттер бұрын белгіленбеген. Сондықтан ЖИ-ге қатысты құқықтық негіздерді жасау азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

Бұл тұрғыдан алғанда, 2025 жылы қол қойылған «Жасанды интеллект туралы» заң - үлкен құқықтық жаңалық, әрі ұлттық құқық жүйесінде ЖИ-ге қатысты нақты нормативтік базаның қалыптасқанын білдіреді. Бірақ жаңа заң азаматтық-құқықтық қатынастардың барлық аспектілерін толық реттемей қалуы мүмкін. Осы себепті ЖИ-ді азаматтық-құқықтық реттеудің жауапкершілік модельдерін салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан зерттеу өзекті.

Зерттеу мақсаты: ЖИ-дің азаматтық-құқықтық реттелуіндегі жауапкершілік модельдерін салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан талдап, Қазақстан жағдайына лайық құқықтық механизмдерді ғылыми негізде ұсыну.

Зерттеу міндеттері:

1. ЖИ-нің құқықтық мәртебесін, оның азаматтық-құқықтық қатынастар жүйесіндегі ролін анықтау;

2. Қазақстан заңнамасында «Жасанды интеллект туралы» заң мен оған өзгерістер енгізілген нормативтік актілерде жауапкершілік қағидалары мен реттеу нормаларын талдау;

3. Халықаралық (әсіресе Еуропа Одағында) ЖИ-ні реттеу тәжірибесін салыстыру, сол арқылы Қазақстан үшін ЖИ-ге қатысты азаматтық-құқықтық реттеуді жетілдіруге практикалық ұсыныстар жасау.

Ғылыми жаңашылдығы:

- ЖИ-нің құқықтық мәртебесіне қатысты дәстүрлі түсініктерді тек құрал немесе ақпараттандыру нысаны ретінде ғана қараудың орнына, азаматтық-құқықтық қатынастар теориясында ЖИ-мен байланысты қатынастарды нақтылай түседі.

- Жаңа заңды негізге ала отырып, ЖИ-ге тән тәуекелдерді (кодтың ақауы, алгоритмдік қателер, манипуляция, деректердің заңсыз өңделуі) және жауапкершілік модельдерін жүйелі талдау жасалады.

- Халықаралық әсіресе Еуропалық тәжірибені пайдаланып, салыстырмалы-құқықтық анализ негізінде Қазақстанға лайық, нақты ұсыныстар әзірленеді.

Зерттеу барысында төмендегі әдістер қолданылды:

- **Салыстырмалы-құқықтық талдау** Қазақстан мен шетелдік (әсіресе Еуропалық) заңнамаларды, құқықтық модельдерді салыстыру;

- **Нормативтік талдау** «Жасанды интеллект туралы» заңы мен оған сәйкес нормативтік актілердің мәтінін, сондай-ақ халықаралық нормативтерді зерттеу;

2025 жылғы 17 қарашада Мемлекет басшысы қол қойған «Жасанды интеллект туралы» заң Қазақстанда ЖИ-ні алғаш рет азаматтық-құқықтық контекстте реттейтін негізгі нормативтік акт [1].

Заңның негізгі ережелері және жаңа құқықтық белгілер

- заң ЖИ жүйелерін **ақпараттандыру нысаны** ретінде анықтайды; яғни, ЖИ - адамның белгілі міндеттерін орындауға көмектесетін құрал.

- заң шеңберінде ЖИ-ні құрушы, иеленуші, пайдаланушы сияқты рөлдерге бөлінеді; әр рөл бойынша жауапкершілік пен міндеттер белгіленеді.

- заң ЖИ жүйесінің жұмысында негізгі қағидаттарды бекітеді: заңдылық, әділдік, теңдік, ашықтық (transparency), түсіндірілгіштік (explainability), адам құқықтары мен бостандықтарының, жеке деректер мен құпиялықтың жоғары деңгейі.

- белгісіз - manipulyativті, эмоция талдайтын, адамның сенімсіздігін, осалдықтарын пайдаланып, мінез-құлыққа әсер ететін, әлеуметтік «скоринг», әлеуметтік топтар бойынша бағалау, немесе басқа да осындай функциялары бар ЖИ жүйелеріне тыйым салынады.

- сондай-ақ, ЖИ арқылы жасалған синтетикалық контент - мәтін, сурет, аудио, бейне - айқын белгіленуі тиіс; deepfake, дип-манипуляциялар, жалған ақпарат тарату саласында құқық қорғау міндеттері қарастырылған.

- заңмен бірге қабылданған қосымша нормативтік актілер (мысалы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жасанды интеллект және цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң - № 231-VIII ҚРЗ) қабылданды; олар ЖИ Заңымен үйлесімділікті қамтамасыз ету және цифрлық саланы реттеуді кеңейтуге бағытталған [2,310].

Заңның шектеулері мен құқықтық «шұңқырлар»

Алайда, Заң азаматтық-құқықтық қатынастардың барлық спектрін толық қамти бермейді. Мысалы:

- ЖИ-мен жасалатын **шарттық қатынастар**, келісімдер, лицензиялау, делдалдық қызметтер, сервис келісімдері (service-level agreements) т.б. заң шеңберінде нақты реттелмеген;

- ЖИ жүйелерімен жасалған - шарт, сервистік қатынас, тапсырыс беру, контент жасау - нәтижелеріне қатысты **міндеттер мен жауапкершіліктер** (мысалы, зиянды өтеу, келісімдік жауапкершілік, шарттық тәуекел) нақты рәсімделмеген;

- ЖИ арқылы келетін зиян, құқық бұзу, алгоритмдік дискриминация, deepfake, деректерді заңсыз пайдалану сияқты тәуекелдер үшін **цивильді, әкімшілік, әкімшілік-құқықтық** емес, шарттық жауапкершілік механизмі нақты белгісіз.

Сонымен қатар, Заң қабылданғанымен - құқық қолданушылар (соттар, адвокаттар, қызмет көрсетушілер) үшін тәжірибе әлі жасалмады, яғни сот практикасы, ағымдағы қолдану, құқықтық даулар - әлі қалыптасуы тиіс.

ЖИ-ні реттеуде халықаралық тәжірибе маңызды. Әсіресе, Еуропалық Одақ 2023–2024 жылдары әлемдегі ең кешенді заңнамалық акт - «EU Artificial Intelligence Act» қабылдады [3,147].

EU AI Act: негізгі қағидастар

- Реттеу тәуекелге (**risk-based**) негізделген: ЖИ жүйелері 4 категорияға бөлінеді — «**қабылданбайтын тәуекел**» (unacceptable risk), «**жоғары тәуекел**» (high-risk), «**шектеулі тәуекел**» (limited risk), және «**аз тәуекел**» (minimal / no risk).

- «Қабылданбайтын тәуекел»ке жататын - адам мінез-құлқын манипуляциялайтын, әлеуметтік скоринг, эмоция тану, жеке өмірге, құқыққа, теңдікке қауіп төндіретін жүйелер - тыйым салынған.

- «Жоғары тәуекел» жүйелері - медициналық, қауіпсіздік, көлік, құқық қорғау, білім, жұмыспен қамту, банк/қаржы саласындағы ЖИ - қатты реттеледі: салынмас бұрын, пайдалану кезінде, өмірлік цикл барысында қауіп басқару, сәйкестік (conformity) және мониторинг талаптары қойылады.

- «Шектеулі тәуекел» жүйелері - чат-боттар, генеративтік ЖИ, контент жасау жүйелері - ашықтық, белгілеу (AI-generated) және түсіндірілушілік (transparency) талаптарына бағынады.

- «Аз тәуекел» жүйелеріне (мысалы, спам-фильтр, қарапайым алгоритмдер) арнайы реттеу жоқ [4].

Пайдасы мен нәтижелері

- EU AI Act - әлемде ЖИ-ні біртекті, үйлесімді түрде реттеуге бағытталған алғашқы толыққанды заңнамалық акт болып отыр. Бұл -ЖИ дамуындағы белгіленген құқықтық стандарт.

- Заң ЖИ жүйелерінің жауапкершілігін, қауіптерін ескертеді, адамдардың жеке құқықтарын, деректерді қорғау, әділдік, ашықтық, алгоритмдік әділдік (algorithmic fairness) мен дискриминацияға қарсы алгоритмдік талаптар туралы нормаларды енгізеді.

- Сондай-ақ, заң инновацияны тежемейді -аз тәуекелді, қарапайым ЖИ жүйелері үшін реттеу жеңіл, open innovation, стартаптар үшін «реттеу құралы емес - сенімді инфрақұрылым» ретінде жұмыс істейді [5].

Халықаралық салыстырманың маңызы

Бұл тәжірибе Қазақстан үшін - құқықтық референс: ЖИ-ні азаматтық-құқықтық қатынастар жүйесіне енгізуде тәуекелге негізделген, бірақ икемді — реттеу моделі бар. Қазақстандық Заң да осы принциптерге жақындаған, бірақ халықаралық стандарттар деңгейімен кешіктірмеу үшін - әрі қарай жетілдіру керек.

1-кесте. Салыстырмалы-құқықтық талдау: Қазақстан vs Еуропа

Негізгі критерий	Қазақстан (2025)	Еуропа (EU AI Act)
ЖИ мәртебесі	Ақпараттандыру нысаны; құрал (tool) ретінде танылған.	«AI system» ұғымы — тәуекелге қарай жүйе; жүйені дұрыс реттеу арқылы жауапкершілік жүктеледі.
Реттеу моделі	Жалпы қағидаттар + тыйым салынған функциялар; бірақ тәуекелге бағалау/санаттау моделі толық енгізілмеген	Тәуекелге негізделген (risk-based) классификация; төрт деңгей; әр деңгейге сәйкес талаптар.
Жауапкершілік субъектілері	Иеленуші, оператор, пайдаланушы — міндеттері мен жауапкершілігі белгіленген.	Провайдерлер, deployer-лер, операторлар — өмірлік цикл арқылы жауапкершілік; сәйкестік, бақылау, аудит талаптары.
Манипуляция, әлеуметтік скрининг	Тыйым салынған — эмоция тану, манипуляция, соц.скоринг, деректерді заңсыз пайдалану.	«Unacceptable risk» санатына жататын — тікелей тыйым; мысалы, эмоция тану, әлеуметтік скоринг, манипуляция, биометрикалық идентификация (реал); тыйымдар нақты.
Генеративтік контент (deep-fake, сурет, мәтін)	Синтетикалық контент белгіленуі тиіс; анықтама: ЖИ-жасалған жұмыс айқын белгіленгені шарт.	«Limited risk» деңгейінде — ашықтық, белгілеу, түсіндірілушілік талаптары; AI-generated label міндетті.
Жоғары тәуекелді жүйелер (медицина, қауіпсіздік, т.б.)	Заңда жалпы ережелер бар; бірақ жүйелі тәуекелге негізделген классификация, мұқият сәйкестік /audit механизмдері/ регистрация - көзделмеген	Толық: сынақтар, сәйкестік бағасы, өмірлік цикл бақылауы, міндетті human-in-the-loop, қауіпсіздік, жауапкершілік.

Қазақстан заңы ЖИ-ні азаматтық-құқықтық реттеу жолында маңызды қадам, бірақ халықаралық стандарттар деңгейіне толық сәйкес емес. Әсіресе тәуекелге негізделген классификация, сәйкестік аудиті, жоғары тәуекелді жүйелерге арналған нақты талаптар мен бақылау механизмдерінің жетіспеушілігі байқалады.

Зерттеу нәтижесіне қарап, төмендегідей ұсыныстар жасауға болады:

1. Тәуекелге негізделген (risk-based) классификация енгізу. ЖИ жүйелерін тәуекел деңгейіне қарай жіктейтін нақты заңнамалық модель жасау - «аз тәуекел», «орташа», «жоғары», «қабылданбайтын» секілді категориялар. Бұл - реттеуді нақты әрі икемді етеді.

2. Жоғары тәуекелді ЖИ жүйелері үшін сәйкестік (conformity) механизмдері мен аудит талаптарын енгізу. Медицина, көлік, қауіпсіздік, білім саласындағы ЖИ жүйелері реттеліп, соларға human-in-the-loop, тестілеу, сертификаттау талаптары қойылуы керек.

3. Синтетикалық контент үшін ашықтық және белгілеу талаптарын жүйелеу. ЖИ жасалған суреттер, мәтіндер, аудио-бейнелер анық және айқын белгіленіп, пайдаланушыларға AI-generated екенін хабарлау міндеті заңда нақты жазылуы тиіс.

4. Шарттық қатынастарды (сервистік, лицензиялық) реттеу. ЖИ сервисін қамтамасыз ететін компаниялар мен қолданушылар арасындағы шарттарды нақты реттейтін құқықтық база жауапкершілік, міндеттер, сервистік кепілдіктер, деректерді қорғау, қолдау шарттарын қамтуы тиіс.

5. Сот практикасы мен құқық қолдану тәжірибесін қалыптастыру. ЖИ саласында азаматтық-құқықтық даулар (деректерді бұзу, зиян келтіру, шарттық даулар) үшін сот іс-тәжірибесін дамыту, құқық қорғаушылар мен адвокаттар үшін арнайы дайындық, прецеденттер жинақтау.

6. Халықаралық тәжірибе мен стандарттарға интеграция. Еуропалық стандарттар, халықаралық нормалар мен этикалық кодекстер (мысалы, алгоритмдік әділдік, жауапкершілік, транспаренттік, деректерді қорғау) Қазақстан заңнамасына кіріктірілуі қажет.

ЖИ ақпараттандыру нысаны ретінде заңмен танылып, оған жауапкершілік пен бақылау қағидалары енгізілгендігі Қазақстан үшін маңызды тарихи қадам. «Жасанды интеллект туралы» заң ЖИ азаматтық-құқықтық қатынастар жүйесіне ресми енгізіп, манипуляция, дискриминация, деректерді заңсыз пайдалану сияқты тәуекелдермен күрес негізін қалады.

Алайда, қазіргі заң ЖИ байланысты барлық азаматтық-құқықтық қатынастарды әсіресе шарттық қатынастарды, сервис пен лицензиялау шарттарын, жоғары тәуекелді жүйелерді толық реттемейді; тәуекелге негізделген классификация, сәйкестік аудиті, human-in-the-loop сияқты механизмдер жетіспейді. Бұл халықаралық тәжірибе мен стандарттар жағынан алғанда кемшілік.

Сондықтан 2025 жылғы заңды әрі қарай дамыту, халықаралық стандарттар мен тәжірибелерді ескере отырып, нақты, жүйелі, икемді әрі қауіпсіз құқықтық модель қалыптастыру Қазақстанның цифрлық және құқықтық дамуының маңызды бағыты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жасанды интеллект туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230>
2. Ізтұрғанова Г.Қ., Serkan Kaş. Жасанды интеллект және құқықтық мәселелер // Yessenov Science Journal - № 2 (47). – 2024. Pp 308-316
3. Құлажанова А.Н. Жасанды интеллект азаматтық құқық объектісі ретінде// Dulaty University хабаршысы. – 2024. - № 3. – Б. 143-153
4. Recommendations for implementing the Artificial Intelligence Act: risk-based regulation of AI systems in the EU / PwC. - 2024. // [PwC](#)
5. Meding K. It's complicated: The relationship of algorithmic fairness and non discrimination regulations in the EU AI Act 22 Jan. 2025 // [arXiv](#)

Жарылқасын Н. Е.

Қонаев Университетінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекші:

Заң ғылымдарының кандидаты,

доцент Ильясова Б. Қ.

АУЫЛ МЕН ҚАЛА АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢСІЗДІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Қазақстанда ауыл мен қала тұрғындарының өмір сүру сапасы арасындағы алшақтық – әлеуметтік мәселелердің бірі. Мысалы, 8000-ға жуық мектептің 67%-ы ауылдық жерлерде орналасқанына қарамастан, қала мектептеріндегі білім сапасы анағұрлым жоғары екені мәлім. Тіпті халықаралық PISA зерттеулері де ауыл балаларының математикалық, жаратылыстану пәндері мен шет тілдерін меңгерудегі деңгейі қалалықтарға қарағанда әлсіз екенін көрсетеді. Мұның бір себебі – ауыл мектептеріндегі мұғалім тапшылығы мен ресурстардың аздығы. Мысалы, көпшілік ауыл мектебінде бір мұғалім бірнеше пәнді оқытып, артық жүктеме алады, бұл білім беру сапасына кері әсерін тигізеді. Алайда үкімет тарапынан бұл олқылықты жоюға бағытталған шаралар қабылдануда: ауылдық жерлерде 2027 жылға дейін шамамен 180 жаңа мектеп салу жоспарланып, соңғы үш жылда 2500 мектеп жаңғыртылғанын атап өту керек. Сонымен қатар ауыл мектептеріндегі санитарлық жағдайды жақсарту үшін де жұмыстар жүргізілуде: қазір тек 10-ға тарта мектептің ауласында сыртқы әжетхана ғана қалғаны, ал алдағы уақытта ондай мектеп қалмайтыны хабарланды[1]. Осы көрсеткіштерден көрініп тұрғандай, білім беру саласындағы теңсіздікті анықтайтын негізгі бағыт – ауылдық мектептердің материалдық-техникалық базасының нашарлығы. Оның тереңірек себебін сарапшылар солтүстік өңірдегі шағын қалашықтар жағдайымен салыстыра отырып талдайды: мысалы, Мамлютка кентінде жұмысшылардың орташа жалақысы 253,8 мың теңгені құраса, Астанада ол екі есеге артық (563,3 мың). Бұған қоса, отбасылық меншіктің даму деңгейі мен әлеуметтік инфрақұрылым да басқаша: Солтүстік Қазақстан облысында үйлердің

53,5%-ын көмір қатты отынымен жылытып, 21,1%-ы сыртқы әжетханаға жуады, ал Астанада мұндай төмен жағдайдағы үй 1%-дан аз ғана [2]. Бұл тұрғыдан алғанда, білім беру теңсіздігі – үлкен әлеуметтік және экономикалық проблеманың бөлігі. Жеке тұрғын үй жайлылығы мен кіріс айырмашылығы білім алу мүмкіндігіне де тікелей әсер етеді: ауыл балаларындағы мұғаліммен қарым-қатынас аздық етеді, ал қалалықтарда бейіндік мектептер мен онлайн-ресурстар кең қолжетімді.

Денсаулық сақтау саласында да қала мен ауыл арасындағы кемшіліктер анық байқалады. Конституция бойынша әр азаматтың денсаулығын қорғау және кепілдендірілген тегін медициналық көмек алу құқығы бар [3]. Алайда ауылдық жерлерде дәрігер мен медбикелер тапшылығы әлі де сақталуда. Ұлттық жоба «Сельской медициныны модернизациялау» аясында ауылдық медициналық қызметті жетілдіру мақсатында көп шаралар қолға алынғанымен, олардың сапасы әлі қала ауруханаларымен теңестірілмегені байқалады. Мәселен, 2022 жылдың басына дейін Қазақстанда ауылдық жерлерде 228 елді мекенде медициналық мекеме ғимараты мүлдем жоқ болып, инфрақұрылым ескіргені 50%-дан астам тіркелген [4]. Бұрынғы аудандардағы ауруханалар «алтын сағат» қағидаты бойынша шұғыл көмекті толық бере алмайды, ал инсульт немесе инфаркт тәрізді асқынулар үшін науқастарды ірі қалаларға жіберу қажет. Осының нәтижесінде кейбір ауыл тұрғындары қарапайым медициналық көмек алу үшін ондаған шақырым жол жүріп, қалаларға баруға мәжбүр. Соңғы бірнеше жылда ауылдағы денсаулық сақтау нысандарын жаңарту үшін 38,6 млрд теңге қаралып, оның ішінде 22,9 млрд құрылысқа және 11,8 млрд жабдыққа бөлінген. Алайда Аудиторлық палатаның тексерісі оларды жүзеге асыруда кемшіліктерді анықтады: «Нацжоба» аясындағы қаражаттың бір бөлігі қала ауруханаларына жұмсалып, ауыл медицинасын дамытуға қатысы жоқ деп сыналған [4]. Нәтижесінде, ауылдық емхана-дәрігерлік пункттер мен фельдшерлік-акушерлік пункттер әлі күнге дейін қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылмаған күйде қалуда.

Сонымен бірге демографиялық көрсеткіштер ауыл мен қала арасындағы денсаулық айырмашылығына қызықты оқиғаларды көрсетеді. Мысалы, 2021 жылы ауылдықтар орташа есеппен 70,79 жасқа дейін өмір сүрсе, қала тұрғындары – 69,91 жас. Ауылда туу көрсеткіші де едәуір жоғары болса, балалар өлімі төмендеу, ана өлімі қаламен салыстырғанда екі есе аз екені хабарланды. Бұл ауыл тұрғындарының дәстүрлі өмір салты мен тазалыққа қатаң талаптың әсері болуы мүмкін. Алайда жаңа туылған нәрестелер өлімі соңғы жылдары ауылда өскені (2022 жылғы 30,6%-ға) ескерілмей қалмайды [5]. Яғни кейбір өмір сүру индикаторлары бойынша ауылдықтар көш басында болғанымен, медициналық жәрдем сапасы мен қолжетімділігі тұрғысынан теңсіздік сезіледі. Мысалы, ауылда туылған балаға жасалған алғашқы жылдағы медициналық бақылау артқанымен, ауылдық емханалар мен ауруханалардағы техника мен білікті маман жетіспеушілігі әлі де ауылдарды кері ілгері тастауда.

Инфрақұрылым саласындағы теңсіздік те ауыл мен қала арасындағы өмір сүру сапасының маңызды факторы. Қалаларда жарық, жылу, су, жол, байланыс желілері кешенді дамыған болса, ауылдық жерлерде бұлардың барлығы бір

деңгейде емес. Мысалы, кеңейтілген есеп бойынша солтүстік өңірде әрбір екінші ауыл тұрғыны таза ауызсу, орталық жылу жүйесінсіз өтіп жатыр. Автономды жылу жүйесін (пеш, котел) пайдаланатын үйлердің үлесі ауылда 80%-ды құраса, қалада 73,4% үй орталық жылумен қамтылған. Тасадағы үйлердің көпшілігі газды немесе көмірмен жылыса да, ортақ желілерден шет қалу мәселені қиындатады. Ішкі жолдардың сапасы да ағымдағы жағдайды көрсетеді: соңғы деректер бойынша 3000-нан астам шағын ауылдық жолдарға жөндеу жұмыстары жүргізілгенімен, әлі де жүздеген ауыл байланыссыз қалған. Электр желілерінің тозуы да шектеулі инвесторлық тартымдылық туғызады – кейбір ауылдарда қайта құру жұмыстарын күту әлі жалғасуда [6]. Сондықтан азаматтар ішкі көшу арқылы жұмыс пен тұрғын үй жағдайын жақсартуға ұмтылады: өткен бес жылда мегаполистерге 1 млн-нан астам ішкі мигрант келгені мәлім. Сондай-ақ экономикалық жағдай да айқын: мысалы, қалада азық-түлік бағасы жоғары болуы мүмкін, бірақ қалада жалақы жоғары болғандықтан, ауыл тұрғындарының табысы азық-түлік шығынына көп кетеді. Қорыта келгенде, ауылдық жерлердегі инфрақұрылымның әлсіздігі – өмір сапасына тікелей әсер ететін әлеуметтік теңсіздік көзі.

Қазіргі әлемде интернет пен цифрлық технологиялар өмір сүру деңгейінің ажырамас бөлігіне айналғандықтан, олардың қолжетімділігіндегі айырмашылық ауыл мен қала арасындағы теңсіздіктің жаңа қырына айналуға. Шеткі және таулы аудандарда елді мекендердің иеленбесі әлі күнге дерлік байланысты болмағаны байқалады. Мысалы, шығыс өңірдің өзінде 357 ауылдық елді мекеннің тек 234-інде интернет қолжетімді, ондаған мың тұрғын әлі де байланыссыз күйде қалып отыр. Жергілікті сандық даму басқармасы ақпараты бойынша аймақ халқының 97%-ына желілік қызмет берілсе де, қағаз жүзінде бар желі шындықта жиі істемейді, сондықтан көптеген ауылда интернет «бар болуы да бар, жоқ болуы да бар» күйде қалып отыр. Нәтижесінде, жоғары жылдамдықты байланыс жоқ ауыл тұрғындары электрондық үкімет, онлайн білім, телемедицина сияқты қызметтерден шет қалады. Бұл ауыл азаматтарының технологиялық оқшаулануына алып келеді: олар мемлекеттік қолдауды рәсімдеуге, қашықтықтан оқуға, онлайн-банкінге немесе тіпті электронды сауаттылыққа қол жеткізе алмайды. Инженерлік кедергілер де бар: географиялық қиындықтар мен операторлардың экономикалық негізсіздігі салдарынан ауылға оптикалық кабель жүргізу қымбатқа түседі [7]. Салдарынан кейбір аудандарда (Маркаколь сияқты) тұрғындар шетелдің желісін тұтынуға дейін жеткен.

Мемлекет бұл мәселеге де назар аударып отыр. Жоспар бойынша 2025–2027 жылдары 3000-нан астам ауылды тез интернетпен қамту көзделіп, ауыл мектептерінің барлығы 2025 жылдың қыркүйегіне дейін жоғары жылдамдықты желіге қосылуы тиіс [8]. Орталық аз қамтылған аумақтарда спутниктік технологиялар қолданылуда: кейбір шалғай ауылдарға Starlink және OneWeb терминалдары орнатылуда, бұл оқушылар мен дәрігерлердің онлайн ресурстарға қатынасын қамтамасыз етеді. Сандық даму министрлігінің мәлімдеуінше, 2027 жылға дейін елді мекендердің барлығы «интернетпен қамтылып», цифрлық теңсіздік жойылуы керек. Осыған байланысты «интернет – инженерлік инфрақұрылым секілді» қағидасы маңызды декларациялануда [7]. Алайда қазіргі

жағдай әлі де нашар: депутаттардың айтуынша, ел бойынша 1000-нан астам ауылда тұрақты интернет жоқ, ал 58%-ға жуығын оптикалық байланыс желісі толық қамтымайды [6]. Сандық теңсіздік ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік алшақтықтың заманауи көрінісі болып отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетті «әлеуметтік» және «заңды» деп жариялап, адамның өмірі мен құқықтарын жоғары құндылық ретінде қарастырады. Әлеуметтік мемлекеттің қағидаты бойынша мемлекет азаматтарға білім, денсаулық, әлеуметтік көмек сияқты негізгі құқықтарды қамтамасыз ету міндетіне ие. Мысалы, 29-бапта әр азаматтың «денсаулық сақтау құқығы» қорғаулы екені, ал азаматтарға заңмен белгіленген кепілдендірілген көлемдегі тегін медициналық көмек көрсетілетіні анық жазылған. 30-бапқа сай орта білім беру мемлекеттік оқу орындарында міндетті түрде тегін қарастырылып, жоғары білім бәсекелестік негізінде тегін алуға кепілдік берілген [2]. Алайда ауылдық аймақтардағы білім мен денсаулық қызметтерінің қолжетімсіздігі осы конституциялық кепілдіктердің толық орындалмауына алып келеді.

Конституция «барлық адам заң алдында тең» деп белгілеп, ешкімге ұрпаққа, тұрмыс деңгейіне, нәсіліне, дініне немесе – ерекше атап айтқанда – «тұрғын орнына» қарай кемсіту болмауы керектігін айтқан. Яғни заң тұрғысынан ауыл мен қала азаматтары тең құқықты болуы тиіс. Бірақ практикалық тұрғыда қалада тұратындар орта білімді жаңаша әрі сапалы алып, заман талабына сай қызметтерге қол жеткізгенде, ауыл тұрғындары осы мүмкіндіктерден таяр ортада қалуда. Бұл өз кезегінде азаматтардың әлеуметтік құқықтары мен теңдігін іске асыруға тікелей кедергі болып отыр. Оның үстіне ауыл халқы халықтың көп бөлігін құрайтындықтан, олардың құқықтық әлсіздігі жалпы халықтың құқықтық теңдігін бұзуы мүмкін. Әлеуметтік мемлекет қағидаты азаматтардың әл-ауқаты үшін жағдай жасауға міндеттесе де, қазіргі теңсіздік әлеуметтік қорғау мен әділеттілік талаптарын толық жүзеге асырмай отыр. Осы жағдайлардан шығып, Конституцияда көзделген әлеуметтік және адам құқықтарының қорғауын күшейту қажеттілігі туындайды.

Білім туралы заң. Қазақстанда білім беру саласын реттейтін «Білім туралы» заңдық актілер білім алудың тең құқықты екендігін белгілейді. Заң бойынша жалпы орта білім тегін әрі міндетті болып табылады, ал жоғары білім мемлекеттік оқу орындарында конкурстық жүйе негізінде ақысыз беріледі [2]. Мемлекет білім беру сапасын арттыруға, мектептерді заманауи жабдықтармен қамтуға бағытталған. Елімізде «Комфортты мектеп» науқаны аясында ауылдағы бірнеше мектеп жаңа оқу құрал-жабдықтармен және құрылғылармен жарақталған. Дегенмен мектептер санының көптігіне қарамастан ауылдық мектептердің көбісі азықалаулы болып, мұғалім тапшылығы бар екенін алдыңғы бөлімде айттық [8]. Қазіргі білім туралы заң ауылдық жердегі білім беру саласы туралы арнайы нормалар қоймаса да, жалпы білім беру стандарттарын тең дерлік қарастырады.

Денсаулық туралы заң. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заң азаматтардың медициналық қызмет алуға тең құқықты екенін негіздейді. Ол ауылдық халықтың медициналық көмекті алуға құқығын және

ауылдық медициналық объектілерге қойылатын стандарттарды анықтайды. Алайда жоғарыда аталғандай, ауылдық емханалар құрылысын салу мен жабдықтаудағы кешігулер жүруде. Медицина саласының заңдарына сәйкес ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық көмек пен санитарлық-эпидемиялық қызмет стандартты түрде көрсетілу керек, бірақ ол қамтамасыз етілмей жатқаны байқалады [4].

Мемлекеттік қызметтер туралы заң. Азаматтарға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін реттейтін заңның негізгі мақсаты – мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру, бюрократияны жою. «Азаматтарға қызмет көрсету туралы» заң салынған кезде-ақ ауылды жерлердегі тұрғындар үшін «пилоттық» жобалар жасалды (ақылдасу орталықтары, мобильді қызмет көрсетушілер). Қазіргі таңда «eGov» порталы арқылы медициналық анықтамадан бастап, зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерге дейінгі қызметтер алуға болады. Десе де ауылда интернет жылдамдығы төмен болғандықтан, электронды үкіметті пайдалану мүмкіндігі шектеулі. Бұл да өз кезегінде ауыл тұрғындарының конституциялық қағидаттары шеңберінде қызметтерден алшақтатады.

«Ауыл – Ел бесігі». 2019 жылы басталған арнайы жобаның мақсаты – ауылдық инфрақұрылымды кешенді жаңарту арқылы ауылды өмір сүруге ыңғайлы ету. 2025 жылға дейін 500-ге жуық ауылда шамамен мыңнан астам жоба іске қосылмақ, жалпы 176,4 млрд теңге қаралды. Осы жобамен 2019–2024 жылдары ел бойынша 524 млрд теңге жұмсалып, 6600-ден астам жоба жүзеге асырылған. Соның ішінде 772 коммуналдық ғимарат, 2100 әлеуметтік нысан (мектептер, дәрігерлік емханалар, клубтар) салынған немесе жөнделген, 3000-нан астам ішкі ауыл жолдары төселген [9]. Яғни арнайы қаражаттың басым бөлігі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жаңартуға бағытталған. Алайда депутаттардың дерегі бойынша, соңғы жылдары бағдарламаны жүзеге асыруда сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған және миллиард теңгеге жуық қаржы заңсыз жұмсалғаны айтылды [2]. Яғни аталған жоба теоретикалық тұрғыдан ауылды дамыту құралы болса да, оның іс жүзіндегі тиімділігіне күдік келтірген жағдайлар кездеседі. Мұндай фактілер мемлекеттік бағдарлама ресурстарының мақсатты жұмсалуын қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді.

«Ауыл аманаты». Бұл бағдарлама ауыл шаруашылығын қаржыландыруға бағытталған «субсидияландыратын несиелер» жобасы ретінде іске қосылған. Негізгі мақсаты – ауыл кәсіпкерлері мен фермерлерге микрокредит беру арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайту, инвестиция тарту. Аталған жобаның шарттарына сәйкес, үй шаруашылықтарына 5-7 жыл мерзімге жылдық 2,5%-бен займ беріледі [9]. Әзірге бұл жобаның тиімділігі туралы ресми статистика жоқ, бірақ оның мақсаты ауыл кәсіпкерлерінің қаржыландырылуын жақсарту екенін атап өткен жөн.

«Цифрлық Қазақстан». 2018–2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама ел экономикасын цифрландыруды жеделдету мен цифрлық инфрақұрылымды кеңейтуге бағытталған. Оның басты бөлімдерінің бірі – ауылды цифрландыру: шалғай аймақтарда ғарыштық және жерсерік технологиялар арқылы байланыс орнату, электронды мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті арттыру. Осы бағдарламамен 4000-нан астам ауылдық мектепті

ғаламторға қосу, ауылдарға 4G/5G мобильді байланыс орнату жоспарланды. Шын мәнінде, бұл бағдарлама шеңберінде ауылдардың 33%-ын ғана қамтитын жылдам желілер құру талап етілген. Қазіргі мәлімет бойынша республика бойынша 1000-ға жуық ауыл енді ғана тұрақты интернетке ие болып жатыр [6]. Сонымен қатар кейбір мектептер мен денсаулық нысандарының Starlink интернеті арқылы қамтылуы цифрлық мүмкіндіктерді арттыруда. Жалпы, «Цифрлық Қазақстан» шарты бойынша ҚР сандық даму министрлігі мен облыстар әкімдігі 2025 жылға дейін барлық мектеп пен медициналық мекеменің жоғары жылдамдықты интернетке қосылуын қамтамасыз етуді міндеттеген [8].

Ауыл мен қала арасындағы теңсіздікті төмендету үшін құқықтық реттеуді жетілдірудің бірнеше нақты шарасы ұсынылады:

- Инфрақұрылым мен қызмет стандарттарын теңестіру. Заңнамаға ауылдағы базалық қызметтерге (білім, денсаулық, байланыс) қолжетімді болуын міндеттейтін нормалар енгізу қажет. Мәселен, «Әлеуметтік қызметтер туралы» заң аясында ауылдық тұрғындарға қолжетімді медициналық, білім беру және мәдени нысандардың нормативті көлемін қамтамасыз ету керек. Әрбір өңірде ауылдық елді мекендердің кемінде белгілі бір бөлігін қоса алғанда, негізгі инфрақұрылымға қолжетімділік кепілдендірілгенін заң тұрғысынан бекіту ұсынылады.

- Бюджеттік және қаржылық бақылауды күшейту. Жоба және мемлекеттік бағдарламалар бойынша ауылдық нысандарды қаржыландыру ашықтығын қамтамасыз ету керек. Мысалы, «Ауыл – Ел бесігі» жобасына бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуды қадағалайтын көпсалалы мониторинг жүйесін енгізу керек. Бұл тұрғыда Есеп комитетінің, мемлекеттік аудит пен азаматтық қоғамның бақылау мен есеп беруін заңнамалық қамтамасыз ету талап етіледі. Депутаттардың ұсынысы бойынша сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау үшін «аузды жабатын» емес, көпжақты қарауды, жергілікті атқарушы мен орталық органдардың бірлескен жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету керек [6].

- Кадрлар мен ынталандыру. Білім мен денсаулық жүйесіндегі адам ресурстарының теңсіздігін азайту үшін ауыл мектептері мен емханаларында жұмыс істейтін мамандардың жалақысы мен әлеуметтік кепілдіктерін көтеру қажет. Заң аясында ауыл мұғалімдеріне қосымша төлем, тұрғын үй беру сияқты ынталандыру механизмдерін бекіту керек. Сол сияқты дәрігерлер мен медбикелердің ауылдағы жұмысына жеңілдіктерді ұлғайту арқылы ауыл медицинасына бейімді арттыру ұсынылады.

- Цифрлық қолжетімділікті заң жүзінде қамтамасыз ету. «Интернет-инфрақұрылым» ұғымын заң тұрғысында мойындап, ауылдық жердегі интернетпен қамтамасыз етуді электрлік және жолдық инфрақұрылыммен тең деңгейде қарастыруға тиіспіз [7]. Бұл салаға лицензиялану ережелерін реттеп, сымсыз байланыс реттеушілеріне шалғай ауылдарға қызметті экономикалық тұрғыдан тиімдірету үшін субсидиялар немесе арнайы квота беру мүмкін. Сонымен қатар ауыл тұрғындарын цифрлық сауаттылыққа үйрететін заңнамалық базаны дамыту керек: мысалы, ауылдық кітапханалар мен мәдени орталықтарға

цифрлық тренингтер мен техникалық жабдықтар беру туралы заңға өзгерістер енгізуге болады.

- Жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейту. Ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту үшін әкімшілік-территориялық заңнаманы жетілдіріп, ауыл әкімдіктеріне көп делегатталған құқықтар беру керек. Мысалы, жергілікті бюджеттен әлеуметтік нысандарды салуға бөлінетін қаражат көлемін арттырып, ауылдық жерлерде басымдықты жобаларды әкімдік өзі анықтау мүмкіндігін кеңейту ұсынылады. Осы арқылы жергілікті халық өз жағдайын жақсартуға тікелей ықпал ете алады.

- Заңнамалық аутотикалық мониторинг енгізу. Мысалы, «әлеуметтік стандарттар» деген ұғымды заңда бекітіп, әртүрлі типтегі ауылдарда (монша ауыл, шалғай елді мекен, қалашық) қолжетімді болуы тиіс негізгі әлеуметтік қызметтер тізімін анықтау қажет. Осы ретте кейбір елді мекендерде интернет, клуб, медициналық пункт сияқты нысандардың болмауы заң бұзушылық ретінде қарастырылып, бұл мәселені жергілікті әкімдік жыл сайын мониторингілеуі тиіс.

Ұсыныстарды жүзеге асыру ауыл мен қала арасындағы теңсіздікті азайтып, Конституцияда белгіленген әлеуметтік құқықтардың шын мәнінде тең орындалуына ықпал етеді. Мысалы, цифрлық инфрақұрылымға мемлекет тарапынан кепілдік беру әлеуметтік мемлекет қағидатын нығайтады, ал білім беру мен денсаулық саласын жақсарту адам құқықтарының орындалуына тікелей қолдау болады.

Қорыта айтқанда, Қазақстандағы ауыл мен қала арасындағы теңсіздік білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылым мен цифрлық мүмкіндіктер сияқты көптеген салада көрініс табады. Жалпы заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар бұл мәселелерді шешуге бағытталса да, әлеуеті толық іске аспаған. Ауылдағы өмір сүру жағдайлары қалалықтармен салыстырғанда әлдеқайда төмен болып отырғандықтан, Конституцияда кепілдендірілген әлеуметтік құқықтардың толық орындалмауына алып келеді. Осы орайда заңнаманы күшейту арқылы ауыл азаматтарының құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етіп, әлеуметтік теңдік қағидатына негізделген әділетті қоғам құруға ұмтылу керек. Ауылдық жерлердің дамуын қолдау үшін қаражатты тиімді жұмсау, инфрақұрылымды жаңарту, білім мен денсаулықты жақсарту сынды кешенді шаралар жүзеге асырылса, еліміздің әлеуметтік-саяси тұрақтылығы нығая түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ulysmedia.kz. *Сапалы білім беру мәселесі* (білім саласындағы айырмашылықтар туралы жарияланым) astanatv.kz.
2. Ranking.kz. *Насколько отличается жизнь горожанина и сельчанина...* (2025) ranking.kz.
3. Қазақстан Республикасы Конституциясы (1995). 1-бап – «Әлеуметтік мемлекет» online.zakon.kz; 14-бап – «Заң алдындағы теңдік, тұрғылықты жер бойынша кемсітуге тыйым салу» online.zakon.kz; 29-бап – «Денсаулық сақтау құқығы» online.zakon.kz; 30-бап – «Білім алуға кепілдік» online.zakon.kz.

4. StanRadar.com. *Сельская медицина Казахстана: далеко ли ей до города?* (2025)stanradar.com.
5. BAQ.kz. *В Казахстане сельчане живут дольше, чем городские жители* (2022)rus.baq.kz.
6. APK-news.kz. *Программа «Ауыл – Ел бесігі»: жобалардың тиімділігі және проблемалары* (2024)apk-news.kz.
7. Inform.kz. *Цифровое неравенство: почему села ВКО все еще вне сети* (2025)inform.kz.
8. Astana TV. *Качество знаний в городских школах выше, чем в сельских* (2024)astanatv.kz.
9. Primeminister.kz (gov.kz). *В 2025 году в селах реализуют около тысячи проектов...* (2025)gov.kz.

Ислам Ж.

І.Жансугуров атындағы Жетісу университеті
4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі:

экономикалық ғылымдарының магистрі
Корабаева Н.Б.

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӘСІПкерлік Қызметті ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ЫҚПАЛЫ

Қазақстанның экономикасы соңғы онжылдықтарда айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, әсіресе цифрландыру және ақпараттық технологиялардың дамуымен байланысты. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – кәсіпкерлік саласын оңтайландыру, тиімділігін арттыру, сондай-ақ кәсіпкерлік экожүйесін жаңа деңгейге көтеру болып табылады. Цифрландыруды енгізу арқылы бизнес-процестерді автоматтандыру, деректерді өңдеу, қаржылық операцияларды жеңілдету, сондай-ақ басқарушылық шешімдерді жылдам қабылдау мүмкіндігі пайда болды. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлік ортаның сапасын жақсартуға, бизнестің өсуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы цифрландыру процестері елдің кәсіпкерлік қызметіне үлкен өзгерістер әкеліп, жаңа мүмкіндіктер мен тәуекелдерді туғызды. Мемлекеттік қолдау шаралары, сондай-ақ жеке сектордың жаңашылдыққа бейімділігі цифрландыруды тиімді қолданудың негізгі шарттары болып табылады. Осы мақалада цифрландырудың Қазақстан кәсіпкерлігінің дамуына әсері зерттеледі [1, 2116].

Цифрландыру тек ақпараттық технологиялардың дамуын ғана емес, сонымен қатар экономикалық жүйенің барлық саласында ақпаратты өңдеу мен пайдалануды оңтайландыруды білдіреді. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуында цифрландырудың маңызды бағыттарының бірі – бизнес-процестердің автоматтандырылуы мен сандық платформаларды пайдалану.

Мысалы, электрондық коммерцияның дамуымен кәсіпкерлер интернет-сауданы дамыта отырып, өнімдер мен қызметтерді үлкен аудиторияға ұсына алады. Бұл кәсіпкерлердің нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрландырудың әсерінен Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) саласы жаңа нарықтарды игеру мен экспорт мүмкіндіктерін кеңейтуде айтарлықтай жетістіктерге жетті. Осылайша, цифрландыру кәсіпкерлерге үлкен аудиторияға қызмет көрсету мүмкіндігін береді, сонымен қатар логистикалық және қаржылық операцияларды жеңілдетеді.

Еркін нарықтық экономикаға бейімделу және шетелдік инвестициялар тарту үшін Қазақстанның кәсіпкерлері цифрлық құралдарды пайдалануды үйреніп, бизнесінің жаңа бағыттарына көшуде. Қазақстанда жұмыс істейтін кәсіпкерлердің 45%-ы қазіргі уақытта сандық технологияларды өз бизнесінде қолданады.

Қазақстандағы кәсіпкерлер үшін цифрлық құралдар, әсіресе қаржылық технологиялар (финтех) саласы үлкен рөл атқарады. Қазіргі уақытта цифрлық төлем жүйелері, мобильді қосымшалар, онлайн банкинг қызметтері кәсіпкерліктің қаржылық операцияларын жеңілдетеді. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлікке инвестиция тартуға, бизнес-шешімдерді жылдам қабылдауға және қаржылық қорларды тиімді басқаруға мүмкіндік береді [2, 146.].

Мысалы, Қазақстанда түрлі мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар аясында цифрландыруды жүзеге асыру үшін кәсіпкерлерге қолжетімді қолдау құралдары бар. Олар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және оған байланысты жобалар. Бұл бағдарламалардың аясында қаржылық қолдау, салықтық жеңілдіктер, сондай-ақ бизнес үшін қажетті инфрақұрылым ұсынылады.

Мемлекет цифрландыруды дамыту арқылы кәсіпкерлік сектордың дамуын ынталандырады. 2017 жылы басталған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында кәсіпкерлерге арналған түрлі бастамалар жүзеге асырылуда, кәсіпкерлер үшін инновациялық шешімдерді енгізуге қажетті қаржылық және инфрақұрылымдық қолдау көрсетіледі. Мемлекет шағын және орта бизнестің цифрландыру жобаларын қаржыландыру үшін 150 миллиард теңге бөлді.

Сонымен қатар, мемлекеттік басқару саласында цифрландырудың маңызы өте жоғары. Қазақстандағы «eGov» порталы сияқты электронды үкімет жүйесі мемлекеттік қызметтерді жеңілдетіп, кәсіпкерлердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді және процестерді оңтайландыруға көмектеседі [3, 256.].

Цифрландыру инновациялық шешімдерді енгізуге үлкен мүмкіндіктер береді. Қазақстандық кәсіпкерлер цифрлық өнімдер мен қызметтерді дамытумен қатар, жаңа стартаптар мен инновациялық бизнес-моделдерді қалыптастыра алады. Бұл өз кезегінде экономиканың әртүрлі салаларында жоғары бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарында цифрландыру, ақпараттық технологиялар және инновациялар саласында жаңа білім беру бағдарламалары енгізіліп, жас кәсіпкерлер мен стартапшыларға арналған оқыту курстары мен

акселераторлар ұйымдастырылуда. Бұл бағытта мемлекеттік және жеке сектордың ынтымақтастығы маңызды рөл атқарады.

Цифрландырудың кәсіпкерлікке әсері тек экономикалық ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан да зор маңызға ие. Мысалы, цифрландыру еңбек нарығын өзгертуге, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін күшейтеді. Мысалы, 2022 жылы Қазақстанда IT және цифрлық технологиялар саласында жұмыс істейтін мамандар саны 100 мыңнан асты. Бұл сандар жастардың цифрлық салаларға қызығушылығының артып, оларға қажетті дағдыларды дамытуға септігін тигізді. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында 2023 жылға дейін 1,5 миллионнан астам қазақстандықтар цифрлық дағдыларды игерді. Бұл көрсеткіш әр түрлі аймақтарда цифрлық сауаттылықты арттыруды көздейтін жобалар мен тренингтерді іске асыру арқылы қол жеткізілді [4].

Қазақстанның цифрлық саясатындағы басты мақсаттардың бірі – халықтың, әсіресе ауылдық жерлердегі тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру. Бұл мәселе, өз кезегінде, кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асыру үшін қажетті қолдауды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда цифрландыру кәсіпкерлік саласында жаңа мүмкіндіктер мен артықшылықтар туғызды. Бұл үрдіс экономикада өндіріс тиімділігін арттыруға, кәсіпкерліктің бәсекеге қабілеттілігін жақсартуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Әсіресе, электрондық коммерция, қаржылық технологиялар және мемлекеттік қолдау шаралары кәсіпкерлер үшін маңызды рөл атқаруда [5].

Дегенмен, цифрландырудың барлық артықшылықтарын толықтай пайдалану үшін кәсіпкерлік саласындағы заңнамалық өзгерістер мен инфрақұрылымды дамыту қажет. Сонымен қатар, цифрландырудың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану үшін кәсіпкерлердің цифрлық сауаттылығын арттыру және инновациялық идеяларды енгізуге ынталандыру өте маңызды. Мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау, сондай-ақ жеке сектордың цифрлық трансформациясы Қазақстандағы кәсіпкерліктің жаңа дәуірін ашып отыр.

Қазақстанның кәсіпкерлік саласын цифрландыру мен автоматтандыру тек экономикалық тиімділікті ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени өзгерістерді де қозғауда. Бұл зерттеу Қазақстандағы цифрландыру үрдісінің кәсіпкерлікке ықпалын тереңірек түсінуге және оны дамыту жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Қаржылық технологиялар мен цифрландырудың басқа да бағыттары туралы болашақ зерттеулерге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.В.Краузе, У.С.Алимбетов, Б.С.Битенова, Е.А.Самусенко. Цифровизация: формирование и развитие в Республике Казахстан. – Вестник университета «Туран». – №4. – 2019. – 211-217бб.
2. И.В.Упорова, И.В.Селезнёва, М.В.Штиллер. Оценка эффективности предпринимательской деятельности в условиях цифровой экономики. – Вестник университета «Туран». – №4. – 2018. – 14-19бб.

3. И.С.Ильясова, Т.Б.Сәткей, Н.Е.Жексембаева. Жаһандық жағдайында цифрлық кәсіпкерлікті қорғаудың құқықтық аспектілері. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРИШЫСЫ. – №1(150). – 2025. – 25-9966. // ISSN: 2616-6844. eISSN: 2663-1318
4. Brynjolfsson, E., & McAfee, A. The Second Machine Age: Work, Progress, and Prosperity in a Time of Brilliant Technologies. November(2014). DOI:10.1080/14697688.2014.946440
5. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жоба. –ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №728 қаулысы. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34854889&pos=11;-55#pos=11;-55 [дата обращения – 25.11.2025г.]

Кендебаева А.

І.Жансугуров атындағы Жетісу университеті
4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі:

Философия докторы (PhD), оқытушы-
дәріскері Тұрғамбекова Ж. Е.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ҚИЫНДЫҒЫ

Кіріспе

Қазіргі халықтар дамып келе жатқан қоғамдық, экономикалық, технологиялық және саяси өзгерістерге үнемі бейімделуге мәжбүр. Мемлекеттік басқару реформалары операциялық тиімділікті арттыруға, ашықтықты арттыруға, цифрлық шешімдерді енгізуге және мемлекеттік қызметтердің деңгейін арттыруға бағытталған. Соған қарамастан, қоғамдық салаға өзгерістер енгізу қатаң нормативтік-құқықтық базаның, қалыптасқан бюрократиялық жүйелердің және көптеген қатысушы тараптардың арқасында жеке кәсіпорындармен салыстырғанда айтарлықтай үлкен кедергілерді тудырады.

Мемлекеттік Басқарудағы Өзгерістерді анықтау

Мемлекеттік басқарудағы өзгерістер мемлекеттік органдардың ұйымдық құрылымындағы, операциялық процестеріндегі, функционалдық міндеттеріндегі және технологиялық инфрақұрылымындағы өзгерістерге жатады. Олар әкімшілік қайта құруды, цифрлық интеграцияны, институционалдық өзгерістерді, өкілеттіктерді қайта бөлуді, процедураларды оңтайландыруды және басқарудың инновациялық тәсілдерін енгізуді қамтуы мүмкін.

Мемлекеттік сектор өзін жеке сектордан саяси есеп беру, формальдылықтың жоғары деңгейі, заңды мандаттарды қатаң сақтау және қоғамдық көңіл-күйге айтарлықтай тәуелділік жағдайында реформалар жүргізу арқылы ерекшелендіреді.

Өзгерістерді басқарудың модельдері мен тұжырымдамалары

Курт Левиннің "мұздату-мұздату-қайта мұздату" моделі және Джон Коттердің сегіз сатылы процесі сияқты өзгерістерді басқарудың белгіленген жүйелері мемлекеттік құрылымдарға қолданылады, бірақ олардың бірегей институционалдық сипаттамаларына бейімделуді қажет етеді.

Мемлекеттік басқарудың заманауи парадигмалары, соның ішінде Жаңа Мемлекеттік басқару, тиімді басқару және жаңа мемлекеттік менеджмент азаматтардың нақты нәтижелерге, ашықтыққа және цифрландыруға баса назар аудара отырып, олардың қатысуының маңыздылығын көрсетеді.

Ұйымдастырушылық факторлар

Мемлекеттік органдарда кең таралған күрделі және қабатты ұйымдық құрылымдар.

Мемлекеттік басқару жүйесінің моделі көбіне иерархиялық болып келеді, бұл өз алдында ақпарат тарату кезеңінде бірқатар мәселелерге алып келеді. Атап айтқанда, жоғарыдан төменге жіберілген ақпараттың уақытылы жетпеуі, және кері байланыстың жеткілікті деңгейде орнамауы.

Ұзартылған әкімшілік процедуралар және бекіту жолдары.

Кез - келген жаңа шешім немесе жобаны іске асыру көптеген тексерістер, келісімдер, заңдық сараптамалар қажет етеді. Бұл процестердің негізгі мақсаты — ашықтық пен заңдылықты сақтау, алайда іс жүзінде олар процессті баяулатып, өзгерістердің уақытында орындалуына кедергі келтіреді.

Шешім қабылдау процессінің баяулығы.

Мемлекеттік мекемелер иерархия мен заңның сақталуына қатты тәуелді, сондықтан кез- келген шешімді қабылдау алдындағы ауқымды бюрократиялық кедергілер өзгерісті енгізуді қиындатып жібереді.

Мәдени және мінез-құлық әсерлері

Қызметкерлердің өзгерістерден қорқуы.

Адамдар белгісіздіктен қорқады. Мемлекеттік қызметкерлерге өзгерістер жұмысына қосымша жүктеме әкеледі, жаңа талаптардың қойылуы жұмысынан айырылуға себеп болуы мүмкін деп ойлайды. Осындай қорқыныш ашық талқылау мәдениеті жоқ болғандықтан пайда болады.

Мотивацияның жеткілікті деңгейде болмауы.

Мемлекеттік секторда жаңа идеялар мен бастамалар үшін ынталандыру аз. Қателік үшін жауапкершілік жоғары, ал жаңашылдық үшін марапат кейде болмайды. Сондықтан көптеген қызметкерлер «қауіпсіз» жолды тандап, бұрынғы тәсілмен жұмыс істей береді.

Саяси басымдықтардың жиі ауысуы.

Үкімет пен басшылық ауысқанда, саясаттың негізгі бағыттары да өзгереді. Сол себепті, көптеген басталған реформалар аяқталмай қалады немесе түпкілікті өзгерістерге ұшырайды. Бұл мемлекеттік қызметкерлер арасында белгісіздік туғызып, өзгерістерге деген жағымыз ахуалды туғызады.

Саяси басшылардың өкілеттілік мерзімі реформалардың ұзақтағымен сәйкес келмейді, соның әсерінен ұзақ мерзімдік өзгерістермен салыстырғанда қысқа мерзімдік приоритетте болады.

Институционалдық қарсылық.

Белгіленген заңдар, ережелер және стандартты жұмыс процедуралары сияқты болжамдылық пен әділдікті қамтамасыз етуге арналған тетіктердің өзі қатаң болып, жаңа идеялардың жүзеге асырылуын қиындатуы мүмкін. Бұл инерция қалыптасқан тәжірибелерден ауытқуға құлықсыздық ретінде көрінуі мүмкін.

Бюрократиялық Күрделілік Және Бытыраңқылық

Мемлекеттік басқару көбінесе өзара байланысты ведомстволардың және басқару деңгейлерінің күрделі желісімен сипатталады. Осы субъектілердің әрқайсысының өзіндік мәдениеті, басымдықтары және операциялық процедуралары болуы мүмкін. Бұл ведомствоаралық ынтымақтастықты қажет ететін өзгерістерді жүзеге асыруға тырысқанда үйлестіруде айтарлықтай қиындықтар тудыруы мүмкін. Ақпарат ағынына кедергі келтіреді, шешім қабылдау орталықтандырылмаған және баяу болуы мүмкін, қайшылықты мүдделер туындайды, бұл консенсус пен біртұтас әрекетке қол жеткізуді қиындатады.

Саяси араласу және қысқа мерзімділік.

Мемлекеттік басқару үкіметтің немесе саяси басшылықтың өзгеруіне байланысты басымдықтар тез өзгеруі мүмкін саяси ортада жұмыс істейді. Бұл реформалардың басталуына, содан кейін олардың тамыр жайып, тиімділігін көрсетуге мүмкіндігі болмай тұрып, одан бас тартуына немесе айтарлықтай өзгеруіне әкелуі мүмкін. Қысқа мерзімді саяси жетістіктерге баса назар аудару кейде ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау мен тұрақты реформалық күш-жігердің қажеттілігін жоққа шығаруы мүмкін. Сонымен қатар, саяси ойлар шешім қабылдауға әрдайым ең тиімді немесе тиімді әкімшілік тәжірибеге сәйкес келмейтін тәсілдермен әсер етуі мүмкін.

Тиімділікті өлшеудің және есеп берудің болмауы.

Мемлекеттік басқару мәні бойынша жұртшылық алдында есеп беретін болса да, реформалардың сәттілігі немесе сәтсіздігі үшін тиімділікті өлшеу және жеке тұлғалар мен ведомстволарды жауапкершілікке тарту тетіктері дамымауы немесе сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл жеделдіктің болмауына және өзгерістерге ынталандырудың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Нақты көрсеткіштер мен салдарларсыз ненің жұмыс істейтінін, ненің істемейтінін және жақсартуға кім жауапты екенін анықтау қиын болуы мүмкін. Бұл өзгеріс маңызды қажеттілік емес, міндетті емес қосымша ретінде қарастырылатын мәдениетті жалғастыруы мүмкін.

Қоғамдық бақылау және тәуекелден бас тарту.

Мемлекеттік сектордағы реформалар көбінесе қоғамның жіті назарында болады. Кез келген болжамды қате қадам немесе жағымсыз салдар қоғамдық наразылық пен саяси реакцияға әкелуі мүмкін. Бұл мемлекеттік шенеуніктер өздерінің мансабына немесе институттарының беделіне қауіп төндіретін қателіктер жіберуден қорқып, инновациялық немесе тексерілмеген тәсілдерді қолданудан тартынатын тәуекелдерден бас тарту мәдениетін дамытуға ықпал етуі мүмкін. Қоғамдық есеп беру өте маңызды болғанымен, кез-келген ықтимал жағымсыз нәтижелерден аулақ болуға шамадан тыс көңіл бөлу шығармашылықты тежеп, ықтимал пайдалы өзгерістерді енгізуге жол бермейді.

Инновация мен оқытудың шектеулі мүмкіндіктері

Жеке сектормен салыстырғанда, мемлекеттік басқарудың ресурстары аз және инновациялар мен үздіксіз оқытуды ынталандырудың белгіленген тетіктері аз болуы мүмкін. Белгіленген процедураларға баса назар аудару және ауытқудан қорқу эксперимент мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін. Сонымен қатар, мемлекеттік сектордың әртүрлі салаларында білім мен озық тәжірибелерді беру уақытылы жүзеге асырылмайды. Бұл басқа елдердегі сәтті реформалардан сабақ алу немесе инновациялық шешімдерді жергілікті жағдайларға бейімдеу мүмкіндігін жіберіп алуға әкелуі мүмкін.

Қорытынды және ұсыныстар.

Мемлекеттік басқарудағы өзгерістерді енгізудегі қиындықтар институционалдық, ұйымдастырушылық, мәдени, саяси және құқықтық факторларға байланысты көп қырлы болып табылады. Бұл міндеттерді шешу мемлекеттік сектордың бірегей ерекшеліктерін мойындайтын стратегиялық және тұрақты тәсілді қажет етеді.

Реформалардың тиімділігін арттыру үшін келесі ұсыныстарды қарастыруға болады:

Көшбасшылық пен көзқарасты нығайту: басшылықтың реформаларға нақты, дәйекті және ұзақ мерзімді міндеттемесі өте маңызды. Көшбасшылар өзгерістерге деген сенімді көзқарасты тұжырымдап, тіпті қарсылық жағдайында да оны жүзеге асыруды жақтауы керек.

Әлеуетті арттыруға инвестициялау: Мемлекеттік сектор қызметкерлері жаңа технологияларға, процестерге және басқару тәсілдеріне бейімделу үшін қажетті дағдылар мен білімдерді меңгеру үшін үздіксіз оқыту мен дамуды қажет етеді. Бұл өмір бойы білім алу мәдениетін дамытуды қамтиды.

Ынтымақтастық пен ведомствоаралық үйлестіруді ілгерілету: тиімді ведомствоаралық байланыс пен ынтымақтастық тетіктерін нығайту қажет. Бұл ведомствоаралық жұмыс топтарын, ақпарат алмасу үшін ортақ платформаларды және бірлескен жоспарлау бастамаларын құруды қамтуы мүмкін.

Тиімділік пен есептілікті өлшеудің сенімді жүйесін әзірлеу: барлық реформалар үшін нақты, өлшенетін мақсаттар мен тиімділік көрсеткіштері белгіленуі керек. Прогресті бақылау және жеке тұлғалар мен ведомстволардың қажетті нәтижелерге қол жеткізуге жауапты болуын қамтамасыз ету үшін есеп берудің сенімді тетіктерін енгізу қажет.

Инновация мәдениетін дамыту және тәуекелдерді саналы түрде қабылдау: қателіктен қорықпай, мемлекеттік басқару жақсы ойластырылған инновацияларды бағалайтын мәдениетті ынталандыруы керек. Бұл эксперименттер үшін қауіпсіз кеңістіктер құруды, сәтсіздіктерден сабақ алуды және сәтті бейімделулерді атап өтуді қамтуы мүмкін. Инновациялық шешімдерді ұсынуға және енгізуге ынталандыруды зерттеуге болады. Осы кезде жобаларды жүзеге асыру үшін пилоттық кезеңдер жақсы құрал бола алады.

Азаматтардың белсенділігін арттыру және Мүдделі тараптармен кеңесу: азаматтарды және басқа да мүдделі тараптарды реформалар процесіне белсенді түрде тарту қолдауды арттыруға, ықтимал тұзақтарды ерте анықтауға және реформалардың қоғамдық қажеттіліктер мен үміттерге сәйкес келуін қамтамасыз

етуге мүмкіндік береді. Реформалардың негіздемесі мен күтілетін нәтижелері туралы ашық ақпарат беру өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Lewin, K. Field Theory in Social Science. — New York: Harper & Row, 1951.
2. Kotter, J. Leading Change. — Harvard Business School Press, 1996.
3. Osborne, D., Gaebler, T. Reinventing Government. — Addison-Wesley, 1992.
4. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы.
5. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің реформалар туралы жылдық есептері.
6. Саяси менеджмент және мемлекеттік басқару бойынша отандық зерттеулер (Назарбаев Университеті, ҚазҰУ, Академия Госслужбы материалдары).

Курманбек І.

І.Жансугуров атындағы Жетісу
университеті 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі:

Философия докторы (PhD), оқытушы-
дәріскері Тұрғамбекова Ж. Е.

ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҚАРСЫЛЫҚТЫ БАСҚАРУ

Кіріспе.

Кез-келген ұйымның дамуында өзгерістер айтарлықтай маңызды рөл ойнайды. Қазіргі замандағы бәсекелестік орта жағдайында, технологиялық прогресстер, әр түрлі саладағы инновациялар мен клиенттердің талаптарының артуы ұйымды өзгерістерсіз қалдыра алмайды. Өзгерістер атқаратын негізгі міндеттер мыналар:

Бәсекелестікке қабілеттілікті арттыру

Өзгерістердің негізі міндеттерінің бірі нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті нығайту мен арттыру болып табылады. Жаңа технологиялар енгізу, өндірістік технологияларды жаңарту, ұйымдастырушылық тәсілдерді жаңарту ұйымға немесе компанияға нарық өзгерістеріне жылдам бейімделуге және өз өнімдері мен қызметтерінің өзектілігін сақтап қалуға ықпалын тигізеді.

Ұйымдастырушылық мәдениеттің дамуы

Өзгерістерді енгізу процессінде қызметкерлер арасындағы өзара әрекеттесудің жаңа қағидалары, мінез құлық нормалары мен құндылықтар қалыптасады. Дұрыс енгізілген өзгерістер ұйым мәдениетін нығайтады, ұжымдағы сенім деңгейін арттырады және командалық жұмыстың тиімділігін арттырады.

Дағдарыстың алдын алу және оларды барынша азайту

Тұрақты түрде жүзеге асырылатын өзгерістер ұйым жұмысының әлсіз тұстарын анықтап, одан әрі күрделеніп кетпей тұрып, болуы мүмкін қауіптерді

жоюға мүмкіндік береді. Бұл тәуекелдерді азайтып, тұрақты жұмыс істеуге әсер етеді

Алайда, өзгерістер әр-қашан қызметкерлер тарапынан қарсылықтар туғызады. Кез-келген ұйымда өзгерістерді енгізу процессі кезінде персонал тарапынан туындайтын белгілі бір деңгейдегі қарсылықты болдырмау мүмкін емес. Бұл жағдай қызметкерлердің үйреншікті іс-әрекет тәртібінің бұзылуына, еңбек жағдайларының өзгеруіне не болмаса жаңа қалыптасқан жағдайға бейімделу қажеттілігіне беретін қалыпты реакциясы болып табылады. Қарсылықтарды жағымсыз фактор деп қарастырған дұрыс болып табылмайды, керісінше ол ұжымның өзгерістерге қаншалықты деңгейде дайын екенін көрсетеді және өзгерістерді басқарудағы нақты мәселелерді анықтап береді.

Зерттеу әдістері

Мақалада аналитикалық, синтез, жүйелеу, классификация, салыстырмалы зерттеу, кейс-стади әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім

Қарсылықтардың себебін түсіну арқылы басшылық өзгеріс процесстерін тиімді жүзеге асыра алады және болуы ықтимал тәуекелдердің алдын алады. Белгісіздіктен қорқу.

Қарсылықтың кең тараған себептерінің бірі болашаққа қатысты перспективалардың анық болмауы. Қызметкерлер өзгерістердің олардың жұмыстағы үйреншікті міндеттеріне, жұмыстағы тұрақтылық пен кәсібиліктеріне әсер етуінен қорқады. Онымен қоса ақпараттың жеткіліксіз болуы да алаңдаушылықты арттырып, өзгерістерге деген жағымсыз пікірге алып келеді.

Өз орнын немесе ықпалын жоғалту қаупі

Өзгерістер қызметкерлердің белгілі бір ықпалын, жауапкершілік деңгейін немесе әдеттегі жұмыс процесстеріне әсер етуі мүмкін. Әсіресе мықты позицияда отырған қызметкерлер өзгерістерді өз беделіне не болмаса ықпалына төнген қауіп ретінде қабылдауы да ғажап емес.

Басшылыққа немесе өзгерісті алып келген тұлғаға деген сенімсіздік

Егер де қызметкерлер басшылықтың біліктілігіне сенімсіз болса, немесе өзгерістердің астарында басқа мақсат бар деген ой олардың өзгерістерге деген қарсылығына немесе процессті баяулатуына алып келуі әбден мүмкін. Ашықтықтың төмен болуы және қызметкерлер мен басшының арасындағы кері байланыстың аз болуы бұл проблеманы арттыра түседі.

Бейімделуге деген ресурстардың немесе мүмкіндіктердің болмауы

Қызметкерлер өзгерістерге ғана емес, оған деген дайындықтың, уақыттың, оқытулардың немесе техникалық қолдаулардың болмауынан да қарсылық тудыруы мүмкін. Мұндай жағдайда өзгерістер қызметкерлерге артылған қосымша жүк сияқты сезіледі.

Бұрын болған жағымсыз тәжірибелер

Егер де осыған дейін болған өзгерістер сәтсіз болған немес еңбек жағдайларының нашарлауына алып келген болса, онда қызметкерлер кез-келген өзгерістерге деген көзқарасқа күдікпен қарайды.

Осылайша өзгерістерге деген қарсылық тәуекелдер алып келетін және қызметкерлердің субъективті пікірлеріне әсер ететін қиын әрі күрделі процесс болып табылады.

Қызметкерлер тарапынан болатын қарсылық ашық және жасырын түрде болатындықтан әр түрлі формада көрінуі мүмкін. Қарсылықтың нақты қай түрі екенін анықтау басшылыққа мәселені дер кезінде анықтап, өзгерістерді енгізу процессін оңтайландыра түседі.

Өзгерістерге деген қарсылық әр түрлі формада болуы мүмкін. Ашық түрдегі қарсылық тікелей түрде көрсетіледі – қызметкерлер өзгерістерге деген қарсылықтарын ашық түрде көрсетіп, басшылықтың шешімдерін критикаға салып немес шағымдарын білдіруі мүмкін. Қарсылықтың бұл түріне қарағанда жасырын түрін анықтау қиындық тудыруы мүмкін: жасырын түрдегі қарсылық қызметкерлер тарапынан жаңа талаптарға деген енжарлық, өнімділіктің төмендеуі немес қабылдамау сияқты іс-әрекеттермен сипатталады.

Сонымен қатар индивидуалды қарсылық болады. Ол қызметкердің сенімі, жеке қорқыныштары, өз мүмкіндіктеріне деген сенімсіздігінен туындайды. Қарсылықтың бұл түрімен бірге - қызметкерлер бірігіп өзгерістерге ұжыммен қарсылық білдіру арқылы топтық қарсылықты туындатады. Топтық қарсылық өзгерістерге деген көпшіліктің пікірін жағымсыз жаққа өзгертеді.

Мұндай қарсылықтың салдары ұйым жұмысына жағымсыз әсер етеді. Алғашқы салдарының бірі өнімділіктің төмендеуі: қызметкерлер жұмысқа деген мотивациясын жоғалтып, тапсырмаларды әдеттегіден баяу орындайды және көп қателіктер жібереді. Бұл бөлім жұмысына кері әсерін тигізіп, мақсатқа жетуін баяулатады.

Сонымен қатар ұжымдағы қақтығыстар мен шиеленістер арта түседі. Өзгерістерге деген қарсылық қызметкерлер мен басшылық арасындағы келіспеушіліктерді тудырып, ұйымдағы психологиялық климатты ушықтырады. Аталған мәселелермен бірге коммуникация да төмендейді: ақпарат өзгертіліп жеткізіледі, ортақ талқылаулардан қашу және ұжым арасындағы қауесеттердің таралуы орын алады.

Қарсылықтар көп түзетулер, жиналыстар мен оқытударды талап ететін болғандықтан, уақыт пен ресурстардың артық шығындарына алып келеді. Бұл өзгерістерді енгізу процессін созуы немесе оның жүзеге асуын мүлде тоқтатып қоюы да мүмкін.

Жиналған мәселелер қызметкерлердің арасында стресс және күйіп кету туғызады, олардың жұмысқа деген ынтасын және сапасын төмендетеді. Бұл жағдайларда ұжымда өзгерістердің тиімділігіне деген күмән пайда болып, басшылыққа деген сенім азаяды.

Дегенмен, аталған қарсылық түрлерін тиімді басқару арқылы тәуекелдерді азайтуға болады. Қарсылықты басқарудың негізгі әдістерінің бірі алдағы туындайтын өзгерістердің себебі туралы, мақсаты және әр өзгерістің сатысы туралы ақпарат беру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Ақпараттың ашықтығы алдағы белгісіздік деңгейін төмендетіп, өзгерістерге деген сенім туғызады.

Тағы бір маңызды тәсілдердің бірі қызметкерге деген қолдау, тәлімгерлік және психологиялық көмек пен консультация беру. Бұл қызметкерлердегі стресс деңгейін түсіріп, өздеріне деген сенімділіктерін арттырады. Сонымен өатар коммуникация деңгейін де жақсарту керек, себебі жиі болатын кездесулер, қызметкерлердің сұрақтарына жауап алуы, және әр қашан берілетін кері байланыс мәселені бақылауға мүмкіндік береді.

Өзгерістерге дайындалу кезінде қызметкерлерге белсенді қатысқаны үшін және өзгерістерді дәріптегені үшін материалдық және материалдық емес ынталандыру мен мотивация да беріледі. Өзгерістерге қарсылық топтық жағдайда туындаған болса, топтың жалпы ойымен сәйкес келетін келіссөздер немесе компромисске бару қолданылады.

Тек кейбір жағдайларда ғана басшылық қатаң шаралар қолдануы мүмкін. Олар шұғыл немесе құрылымдық маңызы бар өзгерістерді енгізу кезінде тиімді болады. Алайда абайлап қолданбаса қарсылықты одан әрі күшейтуі де ғажап емес.

Палермо университетінің зерттеулері көрсеткендей, ұйымдағы өзгерістердің 70% - ға жуығы басшылық тарапынан тиісті қолаулардың болмауының себебінен сәтсіздікке ұшырайды екен. Қосымша зерттеулер бойынша:

- Қарсылықтарды басқарудың дұрыс тәсілін қолданған компаниялардың 83% - ы қарсылық танытқан қызметкерлермен жұмыс жасай отырып, өзгерістерді қабылдауды 72% - ға арттырған екен

- Кадр тұрақсыздығын 10% - ға дейін қысқартқан

- Қызметкерлерді оқыту мен беймідеуден 23 млн долларға жуық қаржы үнемдеген.

Енді ұйымға енгізілген өзгерістерге қарсылықты басқарудың сәтті жағдайларын атап өтсек:

Starbucks компаниясы өз баристаларын оқытудың жаңа бағдарламасын енгізді. Қарсылықтар туындамас үшін қызметкерлерге өзгеріс мақсатын алдын-ала түсіндірді, жайлы тренингтер ұйымдастырып, өзгерістерді талқылау барысында қызметкерлердің де пікірлерін ескерді. Нәтижесінде сервис сапасы өсіп, тұрақсыздық азайды.

Алысқа бармай-ақ өз еліміздегі әкімдіктерге eGov платформасын енгізгені жайлы айтсақ та болады. 2010 жылдардың бас кезінде Қазақстанда электронды үкіметті енгізу және цифрландыру белсенді жүзеге аса бастады. Әрине қызметкерлер тарапынан қарсылықтар болды. Қарсылық себептері: қызметкерлердегі цифрлық сауаттылықтың төмен болуы, қағазбен жұмыстың үйреншікті болуы, ашықтықтың жоғарғы деңгейінен қорқу және оқытулардың болмауы. Өзгерістерге қарсылық ашық түрде де (шағым, критика, ескі жұмыс форматын қалдыру), жасырын да: жұмыс барысының баяулауы, процесстердің көбеюі және электронды жүйені елемеу арқылы жүзеге асты. Қарсылық деңгейін төмендету үшін персоналды оқыту, сервисті сатылы түрде енгізу, техникалық қолдауды күшейту және цифрлық ашықтықты арттыру деген сияқты шаралар жүргізілді. Нәтижесінде елімізде қазіргі күні eGov қосымшасы және eGov

платформасы арқылы ағымдағы жылдың бірінші жартысының өзінде 26 млн мемлекеттік қызмет көрсетілген екен.

Алайда өзгерістерге деген қарсылықтардың сәтсіз болған жағдайлары да кездеседі. Мысалы айтсақ, Nokia компаниясының смартфондарға бейімделуден бастартуы. Ұзақ уақыттар бойы Nokia компаниясы ұялы телефондар индустриясында көш бастап тұрды, алайда өзгерістерге деген айтарлықтай күрделі ішкі қарсылықтарға тап болды. Смартфондардың пайда болуы жаңа технологияларға ауысуды, жаңа операциялық жүйені енгізуді және стратегияны өзгертуді талап етті. Қарсылықтың негізгі себептері мыналар болды: басшылықтың өз өнімдеріне деген аса сенімділігі, менеджерлер мен қызметкерлердің қорқынышы, бәсекелестерді тиісті деңгейде бағаламау және нарықтағы өзгерістер мен трендтерге деген баяу реакциясы болды. Нәтижесінде компания өз саласындағы көшбасшылығын жоғалтып алды және нарықтан кетуге мәжбүр болды. Соңында ұялы телефон бөлімін Microsoft компаниясына сатуға тура келді.

Сонымен қорыта айтқанда өзгерістерге қарсылық кез-келген компания қызметкерлерінің үйреншікті реакциясы болып табылады. Алайда тек өзгерістерге деген қарсылықты уақытылы тапқан және оларды тиімді басқара алған басшылық қана өзгерістерді сәтті енгізіп, компания жұмысын одан әрі дамытып алып кете алады. Зерттеулердің көрсетуі бойынша қарсылықтың түрлері көп: ашық қарсылық түрінен, жасырын саботаждың дейін және жеке тұлғаның бастауымен немесе топтық та болуы мүмкін екен. Қарсылықтың соңы егерде оны тиімді басқарып, дұрыс назар аударылмаса ұйымның жұмысына айтарлықтай кері әсерін тигізеді, тіпті кейбір жағдайда мүлде құрдымға ұшыратуы да мүмкін. Сондықтан қарсылықтарды тиімді басқару ұйымға өзгерістерді сәтті енгізуге және ұйым жұмысын одан әрі тиімді етуге ықпалын тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Коттер Дж. П. Лидерство и изменения в организациях. — Москва: Альпина Паблишер, 2018.
2. Роббинс С. П., Джадж Т. А. Организационное поведение. — Москва: Вильямс, 2019.
3. Левин К. Field Theory in Social Science. — New York: Harper & Row, 1951.
4. Армстронг М. Практика управления человеческими ресурсами. — Москва: Инфра-М, 2020.
5. Burnes B. Managing Change. — Pearson Education, 2017.
6. Shah, P., & Oppenheimer, J. The Psychology of Change Management. — Harvard Business Review, 2020.
7. Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі. Egov.kz ресми порталы. [egov.kz]
8. OECD. Digital Government in Kazakhstan: Strengthening Public Sector Capacity. — OECD Publishing, 2021.
9. Hiatt J. ADKAR: A Model for Change in Business, Government, and Our Community. — Prosci, 2006.

10.K. Dierking: How to Overcome Resistance to Change in the Workplace
[<https://www.yourthoughtpartner.com/blog/resistance-to-change-in-the-workplace>]

Магжанов Н. Н.

Студент 4 курса Университета Кунаева

Научный руководитель:

кандидат юридических наук,

доцент Курманалиева Э. Б

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ: АНАЛИЗ ИНИЦИАТИВ ВНЕДРЕНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В МИНИСТЕРСТВАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ВВЕДЕНИЕ

Современный этап развития государственного управления в Казахстане характеризуется масштабным переходом на цифровую платформу. Если раньше мы говорили просто об автоматизации госуслуг через портал eGov, то сегодня речь идет о внедрении элементов искусственного интеллекта непосредственно в процессы принятия управленческих решений. Глава государства неоднократно подчеркивал необходимость построения IT-страны, где технологии служат инструментом повышения качества жизни населения и эффективности государственного аппарата. Данный доклад ставит своей целью рассмотреть конкретные примеры того, как различные министерства уже сегодня интегрируют нейросети и алгоритмы в свою повседневную работу, меняя сам облик государственной службы.

АНАЛИЗ ВНЕДРЕНИЯ ИИ В ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ

Начать анализ следует с одной из самых передовых сфер - социальной защиты населения. Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан стало пионером в проактивном оказании услуг благодаря внедрению «Цифровой карты семьи». Это уникальная система, работающая на базе платформы Smart Data Ukimet, которая собирает и анализирует данные из десятков государственных баз. Искусственный интеллект здесь выступает в роли невидимого социального работника. Алгоритм самостоятельно оценивает уровень благосостояния семьи, наличие кредитной нагрузки, состояние здоровья домочадцев и автоматически определяет, нуждается ли семья в государственной поддержке. Гражданину даже не нужно писать заявление - система сама присылает уведомление о назначении пособия. Это яркий пример того, как ИИ устраняет бюрократию и человеческий фактор, делая помощь адресной и своевременной.

Не менее значимые изменения происходят в секторе правосудия и юстиции. Министерство юстиции активно внедряет роботов в систему исполнительного производства. Программные алгоритмы уже сейчас способны без участия судебного исполнителя возбуждать производство, направлять запросы в банки и регистрирующие органы, а также накладывать аресты на счета должников. Более того, при погашении долга система автоматически снимает все ограничения, включая запрет на выезд за границу, что раньше могло занимать несколько дней из-за загруженности сотрудников. Такая автоматизация не только ускоряет процессы, но и снижает коррупционные риски, так как робот действует строго по прописанному сценарию и с ним невозможно «договориться».

В сфере здравоохранения Министерство здравоохранения также берет курс на использование передовых технологий. Основной упор делается на помощь врачам в диагностике заболеваний. Пилотные проекты по использованию ИИ для анализа медицинских снимков (рентген, МРТ, КТ) показывают высокую эффективность в раннем выявлении онкологии и туберкулеза. Искусственный интеллект способен заметить микроскопические изменения в тканях, которые может пропустить уставший человеческий глаз. Кроме того, ведется работа по созданию цифровых паспортов здоровья, где алгоритмы будут анализировать историю болезней пациента и выдавать персональные рекомендации по профилактике, переходя от реактивной медицины к превентивной.

Вопросы общественной безопасности также не остаются в стороне от цифровизации. Министерство внутренних дел в сотрудничестве с местными исполнительными органами масштабирует использование систем видеонаблюдения с функцией распознавания лиц и аналитики поведения, таких как «Сергек». Данные системы позволяют в режиме реального времени выявлять правонарушения, находить людей, находящихся в розыске, и анализировать дорожный трафик. Искусственный интеллект помогает полиции действовать на опережение, прогнозируя места возможного скопления людей или потенциально опасные ситуации. Это существенно повышает уровень раскрываемости преступлений и дисциплинирует участников дорожного движения.

Наконец, стоит упомянуть и фискальный сектор. Министерство финансов и Комитет государственных доходов используют аналитические системы на базе больших данных для выявления теневой экономики и уклонения от уплаты налогов. Алгоритмы сопоставляют данные о доходах и расходах, таможенных декларациях и банковских транзакциях, выявляя аномалии и подозрительные схемы. Это позволяет проводить проверки точно, не беспокоя добросовестный бизнес, и повышать собираемость налогов в бюджет.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Подводя итог вышесказанному, можно утверждать, что внедрение искусственного интеллекта в министерствах Казахстана - это уже свершившийся факт, а не далекая перспектива. Переход к сервисной модели государства, где услуги оказываются проактивно и незаметно для гражданина, становится реальностью благодаря технологиям. Однако этот процесс требует постоянного контроля. Важно помнить, что за каждым решением алгоритма стоит судьба конкретного человека, поэтому, несмотря на высокую эффективность цифровых

инструментов, окончательный контроль и ответственность должны оставаться за компетентными государственными служащими. Казахстан уверенно движется по пути цифровой трансформации, и задача юридического сообщества - обеспечить надежный правовой фундамент для этих изменений.

Список использованной литературы:

1. Концепция развития искусственного интеллекта в Республике Казахстан на 2024–2029 годы.
2. Государственная программа «Цифровой Казахстан».
3. Официальные отчеты Министерства труда и социальной защиты населения РК по проекту «Цифровая карта семьи».
4. Материалы международной конференции Digital Almaty: Digital Evolution.
5. Мусин Б. «Цифровая трансформация государственного управления: кейсы и перспективы».
6. Аналитические доклады АО «Национальные информационные технологии» (НИТ).

Максимова Н. А.

Қонаев Университетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекші:

Заң ғылымдарының магистры

Абишева М. Н.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Қылмыстық құқық бұзушылық – қоғамдық қатынастарды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық заңмен қорғалатын жолмен бұзатын қауіпті әрекеттердің жиынтығы. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі қылмыстық құқық бұзушылықтарды жүйелеу үшін бірнеше құқықтық критерийлерді қолданады. Олардың ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік дәрежесі, кінәнің нысаны, зардаптың сипаты және құқыққа қарсы әрекеттің формасы негізгі мәнге ие.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы түсінігін ашу үшін алдымен оның құқықтық табиғатына тоқталу қажет. ҚР ҚК-нің 10-бабы бойынша, қылмыстық құқық бұзушылық екі негізгі түрге бөлінеді: қылмыс және қылмыстық теріс қылық. Бұл бөлініс құқық бұзушылықтың ауырлығын бағалауға және оған қолданылатын жаза шараларын анықтауға мүмкіндік береді. Қылмыстық теріс қылық – қоғамға онша қауіпті емес, қылмыстық заңда көрсетілген әрекет. Мұндай құқық бұзушылықтар үшін, әдетте, бас

бостандығынан айыру тағайындалмайды. Жаза ретінде айыппұл, қоғамдық жұмыстар немесе қамақ қолданылуы мүмкін.[1].

Қылмыстық теріс қылықтардың белгілері:

1. қоғамдық қауіптіліктің төмен деңгейі;
2. зардаптың аса ауыр болмауы;
3. жазаның жеңіл түрлерінің қолданылуы.

Оған мысал ретінде денсаулыққа жеңіл зиян келтіру, мүлікті ұсақ жымқыру немесе мас күйінде көлік жүргізудің кейбір нұсқаларын келтіруге болады.

Қылмыстар қоғамдық қауіптілік деңгейіне қарай төрт санатқа бөлінеді. Бұл жүйелеу құқықтық реттелудің тиімділігін арттырып, қылмыстық жауапкершілікті әділ белгілеуге мүмкіндік береді.

1) Онша ауыр емес қылмыстар

Онша ауыр емес қылмыстар қоғамға айтарлықтай қауіп төндірмейді. Олар үшін заңда 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе одан жеңіл жаза түрлері қарастырылған. Мысалы: жеңіл дене жарақатын келтіру, мүлікті ұрлаудың кейбір түрлері.

2) Ауырлығы орташа қылмыстар

Бұл топтағы қылмыстардың қауіптілік деңгейі орташа, жаза 5 жылға дейінгі мерзімді қамтуы мүмкін. Оларға орташа ауыр дене жарақаты, алаяқтықтың жекелеген түрлері жатады.

3) Ауыр қылмыстар

Қоғамға елеулі зиян келтіретін әрекеттер осы санатқа кіреді. Жаза мерзімі 5 жылдан 12 жылға дейін болуы мүмкін. Тонау, ірі көлемдегі ұрлық, есірткі тасымалдау сияқты қылмыстар ауыр қылмыс болып табылады.

4) Аса ауыр қылмыстар

Аса ауыр қылмыстар – қоғамдық қауіптілігі өте жоғары, адам өмірі мен мемлекеттің қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін әрекеттер. Мұндай қылмыстар үшін 12 жылдан бастап өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейінгі жаза қарастырылған. Мысалы: кісі өлтіру, терроризм, адам саудасы, экстремистік әрекеттер.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды жіктеудің негізгі мақсаты – қоғамдық қауіпті әрекеттерді дәл бағалап, оларға лайықты жаза белгілеу. Қылмыстық құқық теориясында жіктеу бірнеше құқықтық өлшемдер бойынша жүргізіледі:[2].

1. Қоғамға қауіптілік дәрежесі – қылмыстың ауыр немесе жеңіл екенін айқындайды.

2. Кінәнің нысаны – қасақана немесе абайсызда жасалған әрекеттер.

3. Нысан мен объект – қылмыстың қай саладағы қоғамдық қатынастарға қол сұққанын анықтайды (жеке адамға қарсы, мүлікке қарсы, қоғамдық қауіпсіздікке қарсы және т.б.).

4. Жасалу тәсілі мен зардаптың сипаты – қылмыстық жауапкершіліктің шегін анықтауға көмектеседі.

Осындай жан-жақты тәсіл қылмыстық заңнаманы жүйелі әрі тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Қылмыс құрамын талдау құқық қорғау органдарының

тәжірибесінде маңызды рөл атқарады, өйткені әрбір құқық бұзушылық нақты квалификациялауды қажет етеді.

Қылмыстық құқық бұзушылық түрлерін ғылыми тұрғыда жіктеу елдегі құқықтық саясатты онтайландыруға, құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіруге және қылмыстылықпен күрес тиімділігін арттыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, қылмыстық құқық бұзушылықтарды дәл анықтау, олардың құрылымын, ауырлық дәрежесін және құқықтық салдарын белгілеу қылмыстық құқық ғылымындағы негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық саясаты соңғы жылдары қылмыстық теріс қылық институтын енгізу арқылы қылмыстық жауапкершілікті ізгілендіру бағытын ұстанып келеді. Мұндай реформалар құқықтық жүйенің тиімділігін арттырып, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосады.

Қорытындылай келе, қылмыстық құқық бұзушылықтар жүйесі – құқықтық реттеудің маңызды тетігі. Қылмыстық теріс қылықтар қоғамдық қауіптілігі төмен құқық бұзушылықтарды қамтыса, қылмыстар қауіптілік деңгейіне қарай төрт санатқа бөлінеді. Бұл жүйе қылмыстарды әділ бағалауға, жаза шараларын тиімді қолдануға және қылмыстық заңнаманың ғылымилығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың түрлерін терең зерделеу құқық қорғау қызметінің тиімділігін арттырып, құқықтық тәртіпті нығайтады.[3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.
- 2.Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Оқу құралы. – Алматы, 2018.-66-67 бб.
- 3.Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Оқу құралы. – Алматы, 2018.-68 бб.

Махсуд Е.Қ.

Қонаев Университетінің 1 курс студенті

Ғылыми жетекшілер:

Т.Ғ.М., Рысбек А.Ғ., Желтаев Т

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚАУПІ

XXI ғасыр — технологиялық серпілістер дәуірі. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) адамзат дамуының жаңа кезеңін айқындап отырған басты феномендердің біріне айналды. ЖИ адам қабілетін имитациялай отырып, үлкен көлемдегі ақпаратты талдайды, үйренеді, шешім қабылдайды және күрделі процестерді автоматтандырады. Бұл технология бүгінде ғылымда, медицинада, өнеркәсіпте, білім беруде, көлікте, бизнес пен күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар ЖИ технологияларының жедел дамуы қауіптер мен тәуекелдердің де қатар өсуіне әкеліп отыр. Алгоритмдік қателіктер, жеке

деректердің қауіпсіздігі, кибершабуылдар, этикалық мәселелер, жұмыс орындарының қысқаруы және автономды жүйелердің бақылаудан шығу ықтималдығы мамандар арасында алаңдаушылық тудырады. Осы мақалада жасанды интеллекттің қазіргі кезеңдегі негізгі мүмкіндіктері, сондай-ақ оның қоғамға төндіруі мүмкін қауіп-қатерлері жан-жақты қарастырылады.

Жасанды интеллекттің қазіргі мүмкіндіктері:

- Медицина саласындағы табыстары- ЖИ медициналық диагностикада, ауруларды ерте анықтауда және емдеу жоспарын жасауда жоғары нәтижелер көрсетуде. Машиналық оқыту алгоритмдері рентген, МРТ, КТ сияқты зерттеулерді талдап, дәрігерлер байқамауы мүмкін ұсақ өзгерістерді анықтайды. ЖИ онкология, кардиология, генетикалық талдау сияқты күрделі салаларда шешім қабылдауды жылдамдатады.
- Білім беру жүйесін жаңғырту- ақпараттық білім беру платформалары оқушының жеке траекториясын жасауды автоматтандырып, бейімделген оқытуға мүмкіндік береді. ЖИ көмегімен жасалған виртуалды мұғалімдер, автоматты тексеру жүйелері және интерактивті контент оқу сапасын арттырады.
- Өнеркәсіп және өндірістегі тиімділік- өндіріс орындарында ЖИ роботтарды басқарып, қателерді болжау, жабдықтардың күйін бақылау және логистиканы оңтайландыру жұмыстарын атқарады. Бұл шығынды азайтып, өнімділікті арттыруға ықпал етеді.
- Күнделікті өмірдегі ыңғайлылық- смарт үйлер, дауыспен басқарылатын көмекшілер, автономды көліктер және автоматтандырылған сервистер адамның уақытын үнемдеп, тұрмысты жеңілдетеді. Бүгінде ЖИ әлеуметтік желілерде ұсыныс беру, навигация, аударма, қауіпсіздік жүйелерінің ажырамас бөлігіне айналды.

Жасанды интеллекттің қауіптері мен тәуекелдері:

- Этикалық және моральдық мәселелер- ЖИ шешімдері әрдайым әділ бола бермейді. Алгоритмдердің қателігі немесе деректердегі біржақтылық (bias) дискриминацияға әкелуі мүмкін. Мысалы, кадрлық іріктеуде, несие беру жүйелерінде немесе сот шешімдерінде ЖИ қолдану қоғамда талас тудырып отыр.
- Жеке деректердің қауіпсіздігі- ЖИ үлкен көлемдегі деректерге сүйенетіндіктен, жеке ақпараттың таралу қаупі жоғары. Кибершабуылдар, биометриялық мәліметтердің ұрлануы және бақылау технологиялары – үлкен әлеуметтік проблемаға айналған салалар.
- Жұмыс орындарының қысқаруы- автоматтандырудың дамуы кейбір мамандықтардың жойылуына немесе қысқаруына әкеледі. Әсіресе өндіріс, логистика, қызмет көрсету салаларында робото-техникалық жүйелер адамдардың орнын баса бастады. Бұл еңбек нарығында жаңа талаптарды қалыптастыруда.
- Технологиялық тәуелділік және бақылаудан шығу қаупі- өте күрделі автономды жүйелердің адам бақылауынан шығу мүмкіндігі жайлы қауіптер жиі айтылады. Қару-жарак, қауіпсіздік жүйелерінде ЖИ-дің қолданылуы ерекше

сақтықты қажет етеді. Технологиялық тәуелділік адамның сыни ойлау қабілетінің төмендеуіне де әсер етуі мүмкін.

Қорытынды

Жасанды интеллект- қазіргі заманның ең күшті инновациялық технологияларының бірі. Ол адамзаттың дамуына, ғылым мен экономикаға, өндіріс пен білімге жаңа серпін беріп отыр. ЖИ-дің арқасында көптеген күрделі міндеттер тиімді шешіліп, жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Сонымен қатар бұл технологияны шексіз және бақылаусыз қолдану — елеулі қауіптерді туындататыны анық. Сондықтан ЖИ-ді енгізу барысында этикалық нормалар, қауіпсіздік стандарттары, деректерді қорғау саясаты, адам мен машинаның жауапкершілігі нақты айқындалуы тиіс. ЖИ мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және тәуекелдерді азайту-мемлекет, қоғам және мамандар бірлесе шешетін ортақ міндет. Тек сонда ғана жасанды интеллект адамзаттың игілігіне қызмет ететін қауіпсіз әрі пайдалы құралға айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіраманов Б. Жасанды интеллект негіздері. — Алматы: Қазақ университеті, 2021.
2. Мәженова Г. Цифрлық трансформация және жасанды интеллекттің қоғамдағы рөлі. — Алматы, 2022.
3. Security and Privacy for Artificial Intelligence: Opportunities and Challenges — Oseni A., Moustafa N., Janicke H. и т.б. (2021) <https://arxiv.org/abs/2102.04661?>
4. Artificial Intelligence: Benefit and Risks — Seeta M. Chauhan (2020) <https://www.ijtsrd.com/papers/ijtsrd30232.pdf>

Мұратбек А.

Қонаев Университетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекшілер:

Аға оқытушы Лаушанова С.Б.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДАҒЫ РӨЛІ

Қазіргі заманда цифрлық технологиялар қоғам өмірінің барлық саласына еніп, құқықтық қатынастардың сипатын түбірімен өзгертіп жатыр. Сол өзгерістердің маңызды бағыттарының бірі - тұрғын үй құқығын қорғау саласындағы цифрлық трансформация. Қазақстан үшін бұл мәселе ерекше өзекті, себебі тұрғын үй - әр азаматтың өмір сапасын, әлеуметтік тұрақтылығын және мемлекеттің гуманистік бағыттылығын айқындайтын негізгі құқықтардың бірі.

Қазақстанда тұрғын үй қызметі мәселелерін реттейтін негізгі заң «Тұрғын үй қатынастары туралы» [1] Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады, ол тұрғын үйлерге меншік құқығы, олардың пайдаланылуы, басқаруы, меншік

иелерінің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ коммуналдық қызметтерді көрсету және тұрғын үйді пайдалану кезіндегі құқықтық қатынастарды реттейді. Бүгінде тұрғын үй құқығын қамтамасыз ету тек тұрғын үй беру немесе оны тіркеумен шектелмейді. Бұл - құқықтық қауіпсіздік, ақпараттың қолжетімділігі, ашықтық, жылдамдық, жемқорлықсыз қызмет көрсету және азаматтардың өз құқықтарын тиімді іске асыру мүмкіндігі. Осы тұрғыдан цифрлық технологиялар жана мүмкіндіктерді ұсынады және бұрын шешімі қиын болған көптеген мәселелерді жеңілдетіп отыр. Цифрлық технологиялардың енгізілуі ол азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер болып табылады. Себебі, Қазақстан Республикасының кез келген азаматы ашық түрде тұрғын үй кезегіне тұрып, ол кезектің жүруін қадағалап, ашық түрде барлығын цифрлық тұрғыдан қадағалай алады.

Цифрлық экожүйенің негізгі элементтеріне тоқталатын болсақ, Қазақстанда соңғы жылдары eGov порталы[2], eOtinish [3], «Азаматтарға арналған үкімет» [4] қосымшалары, жылжымайтын мүлік бойынша бірыңғай кадастрлық жүйе, онлайн тіркеу қызметтері секілді цифрлық механизмдер дамыды. Осы жүйелер тұрғын үй құқығын қорғаудың бірқатар маңызды аспектілерін тиімді етеді. Біріншіден, құқықтардың ашықтығы мен дәлдігі. Әр азамат жылжымайтын мүлікке қатысты мәліметтерді онлайн көре алады. Бұл бұрын технология дамымаған кезде жиі кездесетін алаяқтық, құжат жоғалуы немесе жалған рәсімдеу сияқты қауіптерді азайтады. Екіншіден, жылжымайтын мүлікті тіркеудің жеңілдеуі. Бұрын ғимарат немесе пәтерді тіркеу бірнеше күндік кезекпен, қағазбастылықпен жүретін. Қазір тіркеу, анықтама алу, құқық белгілеуші құжаттарды тексеру онлайн форматта жасалады. Бұл азаматтардың уақытын үнемдеп қана қоймай, мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін күрт төмендетеді. Үшіншіден, Мемлекеттік бағдарламаларға онлайн қатысу. Бұл дегеніміз «Бақытты отбасы», «7-20-25», «Жас отбасы» сияқты тұрғын үй бағдарламаларына құжат жинау, өтінім жіберу, мәртебені тексеру - бәрі автоматтандырылған. Бұрын бұл процесс айлап созылатын болса, қазір бірнеше сағаттың ішінде алып-қосуға болатындығын дәлелдей алды. Сонымен қатар, "Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу" мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі [5] Қазақстан халқына Жолдауынан да анық көре аламыз.

Ал енді, тұрғын үй құқығын қорғаудағы маңызды рөлдері цифрлық технологиялардың тұрғын үй құқығын нақты қорғауға ықпал ететін аспектілерін қарастырып көрсек, оларды үш бағытқа бөліп қарастыруға болады екен:

1) Құқықтық қауіпсіздікті арттыру, жылжымайтын мүлікке қатысты ақпараттың бірыңғай базада сақталуы - азаматтың құқығының ең сенімді кепілдіктерінің бірі. Мысалы: әрбір мәміленің цифрлық ізі қалады, құрылыс компанияларының мәртебесін, рұқсаттарын тексеруге болады, пәтерді жалға алу немесе сатып алудағы тәуекелдер төмендейді.

2) Құқық бұзушылықтардың алдын алу, цифрлық бақылау жүйелері тұрғын үй саласындағы заңсыздықтарды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді: Заңсыз құрылыстар, төлқұжатсыз немесе техникалық рұқсатсыз салынған нысандар, жер учаскелерін мақсатсыз пайдалану, пәтерді жұмыстарсыз

бөліп сату. Осындай құбылыстарды автоматты түрде белгілеу - тұрғын үй нарығының тәртібін сақтауға ықпал етеді.

3) Азаматтың құқыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету, цифрландыру азамат пен мемлекеттік орган арасындағы қашықтықты барынша қысқартты. Бұрын бір анықтама алу үшін азамат бірнеше мекемеге барады, уақыт жоғалтады, ұзын-сонар кезекке тұруға мәжбүр болатын. Қазіргі кезде eGov арқылы құқық бұзушылыққа шағым түсіруге болады, «eOtinish» арқылы өтініштің қадағалануы мүмкін, мемлекеттік орган жауап беруге міндетті және бұл процесс бақылауда болады. Осы тұрғыда Қазақстанның 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы тұжырымдамасының маңыздылығын атап өту керек[6]. Бұл азаматтың өз құқықтарын жүзеге асыруын жеңілдетеді әрі қорғалу деңгейін арттырады.

Енді цифрлық технологиялардың тұрғын үй нарығына әсеріне тоқталсақ, Қазақстанда цифрлық платформалар тұрғын үй нарығының өзіндік инфрақұрылымы ретінде қалыптасып келеді. Онлайн карталар, кадастр базалары, цифрлық құжаттар, электрондық қолтаңба - барлығы тұрғын үй саласын жаңа деңгейге шығарды. Солардың риэлторлық, құрылыс және сот процесі саласын талдап көрейік:

Риэлторлық нарық- цифрлық карта мен деректер алаңы риэлторлардың жұмысын ашық етті. Азаматтар риэлтормен де, өзара да тікелей мәміле жасай алады.

Құрылыс саласы - құрылысшылардың лицензияларын, рұқсаттарын, қаржылық жағдайын онлайн тексеру - үлескерлердің құқығын қорғаудың маңызды құралы. Бұл «алаяқ компаниялар» мәселесін азайтады.

Сот процестері - тұрғын үй даулары бойынша құжаттарды цифрлық форматта беру, онлайн-сотқа қатысу - азаматтарға үлкен жеңілдік береді екен.

Әрине, кез келген цифрландыру белгілі бір қиындықтарды да тудырады. Олардың бірнешеуіне тоқталып өтсек жүйелердің интеграциясының толық болмауы, цифрлық сауаттылықтың төмендігі, қосымшалар мен базаларда техникалық ақаулар, киберқауіпсіздік мәселелері, кейбір қызметтің әлі де офлайнға тәуелді болуы. Міне осы мәселелерді шешу үшін біз болашақта :

1. Жылжымайтын мүлік туралы деректерді толық біріктіретін бірыңғай цифрлық платформа.

2. Смарт-контракт негізінде онлайн мәмілелерді автоматты тіркеу.

3. Киберқауіпсіздікті күшейту.

4. Азаматтарға арналған толыққанды «цифрлық тұрғын үй әмияны».

5. Әлеуметтік аз қамтылған топтарға цифрлық қолдау механизмдерін кеңейту қажетпіз.

Қорытындылай келгенде, цифрлық технологиялар Қазақстанда тұрғын үй құқығын қорғаудың мазмұнын түбегейлі жаңартып, азаматтардың құқықтық мүмкіндіктерін кеңейтіп отыр. Бұл тек техникалық жаңалық емес - бұл қоғамның әлеуметтік әділдікке, ашықтыққа және тиімділікке қарай жасаған маңызды қадамы. Цифрландырудың арқасында тұрғын үй саласы бұрынғыдан да

қолжетімді, ашық әрі қауіпсіз бола бастады. Жүйелерді әрі қарай дамыту арқылы біз азаматтардың құқықтарының сақталуын күшейтіп қана қоймай, тұрғын үй нарығының өркениетті әрі сенімді жұмыс істеуіне жағдай жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000094>
2. «Мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат» порталы <https://egov.kz/cms/kk>
3. «Мемлекеттік органдарға өтініш беру» порталы <https://eotinish.kz/kk>
4. «Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ <https://gov4c.kz/>
5. «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K25002025_1
6. «2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269>

Мусаева Ж. М.

Еуразия технологиялық университетінің
2 курс студенті

Ғылыми жетекші:

заң ғылымдарының магистрі
Кулажанова А.Н.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ РЕТТЕУДІҢ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСІ

Сыбайлас жемқорлық — қоғамның дамуына кедергі келтіретін, мемлекеттік және қоғамдық институттардың тиімді қызметіне нұқсан келтіретін, азаматтардың билікке деген сенімін төмендететін әрі әлеуметтік әділеттілік принциптерін бұзатын жағымсыз құбылыс. Ол тек экономикалық саланы ғана емес, сонымен қатар саяси және құқықтық жүйелерді де терең зардапқа ұшыратады. Осы себепті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қалыптасуы мен дамуы — сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендетуге және алдын алу тетіктерін күшейтуге бағытталған күрделі әрі көпқырлы үдеріс болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеудің алғашқы құқықтық нышандары ежелгі өркениеттерден бастау алады. Мәселен, Ежелгі Римде парақорлықпен күресуге арналған арнайы заңдар қабылданып, мемлекеттік қызметшілердің мүліктік жағдайына қатысты декларация тапсыру міндеттелген. Орта ғасыр кезеңінде де әртүрлі мемлекеттер сыбайлас жемқорлықты шектеу шараларын

енгізгенімен, олардың көпшілігі іс жүзінде тиісті бақылау тетіктерінің болмауына байланысты тиімді болмады[1].

Қазіргі заманғы антикоррупциялық заңнаманың қалыптасуы XX ғасырдың басынан бастау алады. Индустриалды қоғамның дамуы парақорлықтың әлеуметтік-экономикалық салдарына деген алаңдаушылықты күшейтіп, әр елдің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық механизмдерді енгізуіне себеп болды.

Ежелгі қоғамдарда сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою көбінесе моральдық және этикалық нормаларға сүйенді. Мысалы, Ежелгі Египетте мемлекеттік лауазымды тұлғаларға мүлік декларациясын тапсыру міндеті қойылған — бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған алғашқы құқықтық шаралардың бірі ретінде танылды. Сонымен бірге, Ежелгі Римде парақорлықты болдырмау мақсатында арнайы заңдар қабылданып, мемлекеттік қызметкерлердің қызметін бақылау үшін комиссиялар құрылған. Рим құқығы бойынша пара алу ауыр құқық бұзушылық саналып, қатаң жазалауға жатқызылған[2].

Қытайда да осы кезеңдерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін түрлі заңдар қабылданған. Мысалы, Цин әулетінің заңдарында парақорлыққа қарсы күреске ерекше көңіл бөлінді. Қытайдың дәстүрлі құқықтық жүйесінде парақорлық мемлекеттік қызметкерлердің беделін түсіретін фактор ретінде қарастырылды[3].

XX ғасырда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жаңа деңгейге шықты, себебі ол ұлттық және халықаралық деңгейде маңызды мәселеге айналды. 1948 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың бір бөлігі ретінде мойындады.

XX ғасырдың соңында және XXI ғасырдың басында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес барлық елдердің құқықтық жүйесінде маңызды орын ала бастады. 2003 жылы БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы қабылданып, сыбайлас жемқорлықпен күресудің халықаралық құқықтық негізі құрылды. Бұл конвенция сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау үшін мемлекеттерге тиімді шараларды енгізуді талап етеді[4].

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әлемнің көптеген елдерінде маңызды мемлекеттік саясаттың бір бөлігіне айналды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар, халықаралық келісімдер мен келісімшарттар сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған, сонымен қатар жаңа технологиялар мен бақылау жүйелері, қоғамның ақпараттануы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске тиімді әсер етуде.

Мысалы, Қазақстанда Тәуелсіздік алғаннан кейін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қалыптастыру және дамыту бойынша көптеген шаралар қабылданды. 1998 жылы Қазақстанда "Сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы заң" қабылданды, ал кейінірек сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жүйелі стратегиясы мен агенттіктері құрылды.

Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек қана ұлттық емес, халықаралық деңгейде де жүргізіледі. Бұл бағытта Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Еуропалық одақ

сияқты ұйымдар маңызды рөл атқарады. 2003 жылы қабылданған Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы халықаралық құқықтық негізді бекітіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүйелі және кешенді жүргізуді талап етеді[5].

Бұл құжат сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға, елдер арасында ақпарат алмасуды арттыруға, жемқорлық әрекеттеріне қарсы қатаң шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенция мемлекеттік қызметкерлердің декларацияларын, мемлекеттік сатып алу процестерін және құқық қорғау органдарының тиімділігін қамтамасыз етуді талап етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық күрестің бастауын Біріккен Ұлттар Ұйымы береді. БҰҰ 2003 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенцияны қабылдады. Бұл конвенцияның мақсаты — әлемдік қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу үшін мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайту және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу. Конвенцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресудің негізгі принциптері мен шаралары айқын көрсетілген, соның ішінде:

- Мемлекеттік қызметкерлердің пара алуына қарсы қатаң шаралар.
- Мемлекеттік сатып алу жүйелерін жариялау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу.
- Қоғамдық және жеке сектор арасындағы сыбайлас жемқорлықты болдырмау.
- Халықаралық құқық қорғау органдары арасында ақпарат алмасу.

БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы мемлекеттерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіруге, алдын алу шараларын енгізуге және құқық қорғау органдарының жұмысын үйлестіруге бағытталған міндеттер жүктейді. Сонымен қатар, конвенцияда жемқорлықтың салдарын жою үшін қаржылық және құқықтық көмек көрсету туралы ережелер де қарастырылған.

OECD (ОЭСР) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте маңызды рөл атқарады. 1997 жылы OECD мемлекеттерінің жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі келісімі[6].

"Парақорлыққа қарсы күрес туралы Конвенция" қабылданды. Бұл келісім халықаралық құқықтық құралдардың бірі болып, мемлекеттерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрес бойынша міндеттемелер жүктейді. OECD Конвенциясы парақорлыққа қарсы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысатын органдардың жұмысын реттейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес халықаралық деңгейде мемлекеттер арасында ынтымақтастықты талап етеді. Бұл үшін көптеген мемлекеттер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі екіжақты және көпжақты келісімдер мен конвенцияларға қол қойған. Мысалы, "Коррупцияға қарсы іс-қимыл туралы келісімдер", "Мемлекетаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылау" сияқты келісімдер, бұл мемлекеттерге жемқорлыққа қарсы құқық қорғау органдары мен сот жүйелерін нығайтуға көмектеседі.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қалыптасуы Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңге сәйкес келеді. 1998 жылы Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы" алғашқы заң қабылданды, бұл заң мемлекеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыруға құқықтық негіз берді. Алайда, бұл заң тек жалпы ережелерді қамтып, нақты іс-қимылдарды жүйелендірмеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселесіне ел басшылығы ерекше көңіл бөліп, 2000 жылдардың басында жаңа реформалар мен стратегиялар қабылдана бастады. 2015 жылы қабылданған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат туралы" жаңа заң Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа кезеңін бастады. Бұл заңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметкерлердің транспаренттілігін қамтамасыз ету, олардың әрекеттерін бақылау жүйесін күшейту шаралары енгізілді.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық механизмі үнемі жетілдіріліп, 2020 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды. Агенттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің барлық салаларында жүргізілетін шараларды үйлестірумен айналысады және азаматтық қоғамды тарту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыруға бағытталған[7].

Қазіргі таңда Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы халықаралық стандарттарға сай жетілдірілуде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құқықтық құралдар мен механизмдер тұрақты түрде жаңартылып, қоғамдық және мемлекеттік институттар арасындағы өзара әрекеттесу күшейтілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін қабылданған жаңа заңдар мен нормативтік актілердің қатарында:

- Мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізетін жеке бақылау органдарын құру.
- Қаржылық есептілік пен ашықтықты арттыру.
- Қоғамдық бақылауды күшейту және азаматтық қоғамды тарту.

Сонымен қатар, Қазақстан халықаралық қауымдастықпен ынтымақтастық орнатып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті халықаралық деңгейде үйлестіріп келеді. Елде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында әртүрлі халықаралық келісімдер мен конвенцияларға қосылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың тиімділігі, ең алдымен, мемлекеттік органдардың жұмысының ашықтығына, қоғамдық бақылау механизмдерінің дамуына, мемлекеттік қызметкерлердің этикалық нормаларға сәйкес әрекет етуіне байланысты. Әрбір жаңа заң, реформа немесе стратегия сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен болдырмауға бағытталған құқықтық құрал ретінде қарастырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күрес үшін халықаралық стандарттарға сәйкес келетін заңдар қажет. Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, өзінің жеке

ерекшеліктерін ескере отырып, тұрақты түрде жетілдірілуде. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күресетін қоғамды қалыптастырудағы маңызды фактор - білім беру мен ақпараттандыру.

Сыбайлас жемқорлық - қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуына теріс әсер ететін, мемлекеттік басқарудың тиімділігіне күмән келтіретін үлкен мәселе. Әлемнің барлық елдерінде сыбайлас жемқорлықпен күреске бағытталған заңдар мен нормативтік актілер қабылданып, әр түрлі механизмдер мен шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстан да осы бағытта көптеген қадамдар жасап келеді. Бірақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың тиімділігі оны жүзеге асыру мен бақылаудың деңгейіне байланысты болады. Бұл заңдардың тиімділігін бағалауда бірнеше негізгі факторлар ескеріледі.

- Заңдардың қабылдануы мен өзектілігі
- Заңдардың орындалуы мен тиімділігі
- Құқық қорғау органдарының жұмысын бақылау және тәуелсіздігі
- Қоғамдық және азаматтық қоғамның рөлі
- Халықаралық ынтымақтастық
- Білім беру және алдын алу шаралары

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың тиімділігі заңдардың қабылдануымен ғана шектелмейді, ол олардың іске асырылу деңгейіне, құқық қорғау органдарының тәуелсіздігіне, қоғамдық бақылауға және халықаралық ынтымақтастыққа да байланысты. Қазақстанда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар мен шаралар өз нәтижесін бере бастағанымен, олардың тиімділігін арттыру үшін қоғамның барлық салаларының бірлескен жұмысын қажет етеді. Сыбайлас жемқорлықты жою үшін мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның белсенді қатысуы маңызды. Тек осындай кешенді шаралар сыбайлас жемқорлықты толықтай жоюға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың эволюциясы тек құқықтық құжаттардың қабылдануымен ғана шектелмейді, ол мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты арттыру, қоғамдық институттарды дамыту, азаматтық қоғамды нығайту сияқты көптеген аспектілерді қамтиды. Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы халықаралық тәжірибелерді ескере отырып жетілдіріліп, қоғамның жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Осы бағытта тағы да бірқатар реформалар мен жаңартулар қажет болуы мүмкін, бірақ қазіргі таңда Қазақстан бұл мәселе бойынша үлкен қадамдар жасауда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. (1995). *Қазақстан Республикасының негізгі заңы*. Алматы: ЮРИСТ.
2. Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы бағдарламасы". (2005). Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламасы. Астана.
3. Мемлекеттік қызмет туралы заң. (2015). Қазақстан Республикасы заңы. Астана.

4. OECD (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы). (1997). Коррупцияға қарсы іс-қимыл туралы Конвенция. Париж: OECD.
5. Халықаралық валюта қоры және Дүниежүзілік банк. (2010). Сыбайлас жемқорлықты азайтуға бағытталған бастамалар. Вашингтон, Д. С.
6. Қорғаушылар мен сарапшылар тобы. (2018). Қазақстандағы сыбайлас жемқорлық: мәселелер мен шешімдер. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
7. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі. (2024). Қазіргі жағдай мен болашаққа арналған стратегия. Астана.

Никонова Ж.

Студент 4 курса Университета Кунаева

Научный руководитель:

кандидат юридических наук,

доцент Курманалиева Э. Б.

ЭТИКА ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА, ВЛИЯНИЕ, И ПОСЛЕДСТВИЯ

Введение

Казахстан активно развивает цифровые технологии и внедряет системы искусственного интеллекта в государственном секторе, телекоммуникациях, логистике, банковской сфере и образовании. Проекты на основе ИИ повышают эффективность сервисов, автоматизируют процессы и упрощают взаимодействие граждан с государством. Но одновременно усиливаются вопросы этики: как ИИ принимает решения, кто несет ответственность за ошибки алгоритмов, насколько защищены персональные данные, возможна ли дискриминация уязвимых групп и как избежать чрезмерного контроля над населением.

На фоне ускоренной цифровизации государственные и частные структуры сталкиваются с потребностью выработки этических стандартов, которые учитывают как международные практики, так и особенности казахстанской социально-экономической среды. Без решения вопросов этики ИИ несет риски для общества, бизнеса, системы образования и государственного управления.

Цель статьи: проанализировать ключевые этические проблемы внедрения искусственного интеллекта в Казахстане, показать их влияние на общество и экономику, а также определить возможные пути минимизации негативных последствий.

Результаты и обсуждение

Этические вызовы при использовании искусственного интеллекта в Казахстане охватывают широкий спектр — от алгоритмической предвзятости до угроз конфиденциальности и социальной безопасности. Одним из наиболее обсуждаемых вопросов является проблема прозрачности алгоритмов, которые применяются в государственных сервисах и банковском секторе. Граждане

зачастую не понимают, на основании каких критериев ИИ принимает решения: одобряет кредит, определяет риск, оценивает благонадежность или распределяет доступ к госуслугам. Отсутствие прозрачности снижает доверие и создает предпосылки к дискриминации.

Алгоритмическая предвзятость становится реальной угрозой, особенно в сферах, где ИИ обучается на неполных или искаженных данных. Например, если государственные системы идентификации лица или автоматической оценки рисков используют наборы данных, которые плохо отражают многообразие населения, это может привести к ошибочным решениям. Уязвимые социальные группы — жители сельских районов, люди с ограниченными возможностями, этнические меньшинства — могут столкнуться с систематическими ошибками ИИ, усиливающими социальное неравенство.

Особую значимость имеет тема приватности. Казахстан активно развивает платформы электронного правительства, создавая огромные массивы персональных данных: медицинских, финансовых, биометрических. Использование ИИ для анализа таких данных требует строгой защиты. Любая утечка, неправомерный доступ или некорректная обработка приводит не только к персональным рискам для граждан, но и подрывает доверие к цифровой инфраструктуре. В условиях когда государство использует ИИ в системах видеонаблюдения, прогнозирования преступности, цифровых документов и социальных службах, этические нормы должны определять границы допустимого контроля и прозрачность процедур.

Серьёзным вызовом становится проблема ответственности. Если система ИИ ошиблась — неправильно начислила штраф, заблокировала карту, ошибочно выдала социальный статус — непонятно, где проходит линия ответственности: у разработчика, госоргана, владельца платформы или самого пользователя. Отсутствие ясных правил замедляет развитие ИИ, поскольку бизнес боится юридических рисков, а граждане — последствий автоматизированных ошибок.

Влияние этических нарушений заметно и в экономике. Недостаток регулирования и стандартизации приводит к снижению доверия населения к цифровым услугам, что тормозит внедрение ИИ в бизнесе. Компании вынуждены тратить дополнительные средства на собственные системы безопасности, аудит данных и юридическую защиту. Малый и средний бизнес оказывается в худшем положении, так как не имеет ресурсов для соответствия высоким требованиям безопасности и вынужден отказываться от технологий, снижая свою конкурентоспособность.

Последствия отражаются и в образовательной среде. Студенты, будущие специалисты по ИИ и кибербезопасности, сталкиваются с нехваткой локальных материалов по этике, что усложняет формирование культуры ответственного использования ИИ. Если страна не будет развивать этическую инфраструктуру параллельно с технологической, Казахстан рискует сформировать рынок, где технологии развиваются быстрее, чем общественные механизмы контроля.

Таким образом, ключевые риски — непрозрачность алгоритмов, угрозы приватности, дискриминация, неопределенность ответственности и снижение доверия общества — создают комплексное влияние на социальную

стабильность, цифровую безопасность и экономическое развитие. Эти этические вызовы требуют системных решений.

Заключение

Этические аспекты внедрения искусственного интеллекта имеют решающее значение для устойчивого и безопасного развития цифровой экономики Казахстана. Без прозрачных алгоритмов, защиты персональных данных, механизмов ответственности и предотвращения дискриминации ИИ может усилить социальные проблемы, снизить доверие общества и замедлить внедрение инноваций. Формирование национальных стандартов этики ИИ, развитие культуры ответственного использования технологий и повышение цифровой грамотности граждан — ключевые шаги для минимизации рисков. Казахстан может успешно использовать потенциал ИИ только при условии, что этические нормы будут интегрированы в развитие страны наравне с технологическими решениями.

Список использованной литературы:

1. Этические аспекты и риски искусственного интеллекта — Shankulova G.K. https://eurasia-science.org/index.php/pub/article/view/551?utm_source
2. «Нужно ли регулировать развитие искусственного интеллекта» — материал СМИ 24.kz. <https://24.kz/ru/news/social/679608-nuzhno-li-regulirovat-razvitie-iskusstvennogo-intellekta>
3. «Этика и регулирование искусственного интеллекта: вызовы и перспективы в ЕАЭС». https://kazpress.kz/news/etika-i-regulirovanie-iskusstvennogo-intellekta-vyzovy-i-perspektivy-v-eaes/?utm_source
4. «Закон Республики Казахстан «Об искусственном интеллекте»

Оспанхан А.

Студент 4 курса Университета Кунаева

Научный руководитель:

кандидат юридических наук,

доцент Курманалиева Э. Б.

ОТРИЦАТЕЛЬНОЕ ВЛИЯНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА ЭКОНОМИКУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Введение

Развитие ИИ предъявляет повышенные требования к вычислительным ресурсам. По мере того как мировые компании инвестируют в обучение крупномасштабных моделей, спрос на серверные мощности, включая ОЗУ, стремительно растёт. Это приводит к глобальному дефициту памяти и росту цен на цифровые устройства и услуги. Для Казахстана, экономика которого зависит от импортируемых технологий, подорожание ОЗУ и других комплектующих

становится значительным фактором давления на потребителей и бизнес. Ухудшение доступности техники, рост тарифов на цифровые сервисы и снижение качества жизни граждан формируют комплексное негативное влияние на экономику страны.

Цель статьи — проанализировать негативное влияние развития ИИ на экономику Казахстана, выявить механизмы воздействия на ключевые экономические секторы и показать, каким образом рост цен на ОЗУ отражается на доступности технологий, уровне цифровизации и качестве жизни граждан.

Результаты и обсуждение

Развитие искусственного интеллекта в Казахстане происходит на фоне глобального роста спроса на вычислительные ресурсы, что приводит к целому комплексу социально-экономических последствий. Одним из наиболее заметных эффектов становится усиление технологического неравенства. Крупные города — Астана, Алматы и частично Шымкент — концентрируют основные ИТ-компании, учебные центры и инфраструктуру. Они получают доступ к новым цифровым сервисам первыми, быстрее внедряют ИИ в бизнес-процессы и образование. В то же время региональные и сельские районы остаются в стороне: у школ нет достаточного финансирования для обновления компьютерной техники, у местного бизнеса — для внедрения цифровых решений, а у населения — для покупки современных устройств. Таким образом, ИИ, вместо того чтобы сокращать разрыв, фактически его увеличивает, формируя две параллельные реальности: регионы с высокой цифровой доступностью и территории, где инновации остаются недоступной роскошью.

Ситуацию усугубляет импортная зависимость Казахстана от зарубежных производителей компьютерных комплектующих и серверной инфраструктуры. Вся высокопроизводительная техника — графические процессоры, сервера, память, сетевое оборудование — полностью закупается за рубежом. Рост глобального спроса на мощность для ИИ приводит к тому, что ведущие производители перенаправляют значительную часть своих линий на выпуск компонентов для дата-центров и крупных AI-кластеров. Это повышает мировые цены и сокращает доступность комплектующих для стран-импортёров. Для Казахстана это означает повышение валютных расходов и давление на бюджет, поскольку государственные ИТ-проекты, дата-центры, образовательные платформы и госуслуги вынуждены закупаться по возросшим ценам. В конечном итоге эти затраты перекладываются на население через тарифы, стоимость услуг и бюджетные приоритеты.

Особое значение имеет рост цен на оперативную память (ОЗУ), который стал одним из наиболее ощутимых последствий бурного расширения ИИ. Мировые производители переориентируют мощности на выпуск HBM и серверной DDR-памяти, что приводит к удорожанию обычной потребительской памяти для ноутбуков, ПК и мобильных устройств. Для граждан Казахстана это чувствуется напрямую: растут цены на ноутбуки, смартфоны, планшеты, а значит, доступ к базовым инструментам образования, работы и коммуникаций становится дороже. Семьи с невысоким доходом вынуждены откладывать

покупку новой техники или пользоваться устаревшими устройствами, которые плохо поддерживают современные приложения, и сервисы.

Рост цен на ОЗУ отражается не только на «железе», но и на стоимости мобильных тарифов и интернета. Операторы связи используют серверы, маршрутизаторы, кэш-станции и другое оборудование, которое требует регулярного обновления и расширения памяти для обработки растущих объёмов трафика. Когда память дорожает, увеличиваются расходы операторов на обслуживание и модернизацию сети. Эти затраты постепенно переносятся в конечную стоимость тарифов. Поэтому повышение цен на оперативную память на мировом рынке приводит к подорожанию интернета, мобильных пакетов данных, облачных сервисов и цифровых платформ. Граждане фактически платят больше не только при покупке техники, но и за её использование.

Для малого и среднего бизнеса последствия особенно ощутимы. Предприятия вынуждены закупать дорогое оборудование для работы с ИИ или модернизации систем автоматизации, что увеличивает первоначальные вложения и операционные расходы. Малые компании часто не имеют ресурсов для обновления серверов и рабочих станций, что снижает их конкурентоспособность по сравнению с крупными корпорациями. Подорожание ОЗУ и других компонентов также отражается на стоимости облачных сервисов, хостинга, хранения данных и онлайн-обработки заказов, что повышает себестоимость продукции и услуг. В ряде случаев малый бизнес вынужден ограничивать масштаб проектов, откладывать внедрение новых технологий или полностью отказываться от цифровизации. Это тормозит рост предпринимательства, замедляет инновационную активность и снижает общую экономическую динамику на локальном уровне.

Таким образом, негативное влияние ИИ на экономику Казахстана проявляется не в самом факте существования технологий, а в их стоимости, доступности и структурных перекосах. Рост технологического неравенства, зависимость от импорта, удорожание ОЗУ, повышение цен на интернет и мобильные услуги создают цепочку социально-экономических проблем, которые затрагивают граждан, образование, малый и средний бизнес, а также национальную конкурентоспособность. Именно эти факторы формируют основную зону риска на ближайшие годы.

Заключение

Развитие ИИ в Казахстане создает серьезные экономические и социальные вызовы. Рост цен на ОЗУ и другие комплектующие повышает стоимость техники, интернета и мобильной связи, что сказывается на гражданах и ограничивает возможности малого и среднего бизнеса. Технологическое неравенство между регионами усиливается, а образовательные и инновационные учреждения сталкиваются с ограничением ресурсов. Чтобы минимизировать негативные эффекты, необходимы меры по поддержке цифровой инфраструктуры, субсидирование оборудования, развитие локального производства и программы переквалификации.

Список использованной литературы:

1. Почему подорожала оперативная память: причины». <https://gogov.ru/news/924252>

2. Дадашев, З.Ф. «Влияние искусственного интеллекта на экономику». <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-iskusstvennogo-intellekta-na-ekonomiku/viewer>
3. Аналитика на тему «ИИ изменит мировую экономику» от International Monetary Fund (МВФ) https://www.imf.org/ru/blogs/articles/2024/01/14/ai-will-transform-the-global-economy-lets-make-sure-it-benefits-humanity?utm_source
4. «The impact of artificial intelligence: from cognitive costs to global inequality» (авторы Guy Paic и Leonid Serkin, 2025). https://arxiv.org/abs/2503.16494?utm_source

Орынбасар Д.Е.

студент 1 курса Школы КЭиП

специальности «Юриспруденция»

Научный руководитель:

Кандидат юридических

наук, ассоц.профессор Оспанова Ж.Б.

ТЕОРЕТИКО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Искусственный интеллект (ИИ) стремительно меняет современные социальные, технические и правовые процессы, становясь ключевой технологией XXI века. Его активное внедрение в право порождает новые вызовы — необходимость определения ответственности за действия алгоритмов, обеспечения прозрачности автоматизированных решений, защиты персональных данных и недопущения нарушения прав человека. Эти проблемы возникают на фоне того, что правовое регулирование ИИ развивается значительно медленнее, чем сами технологии, что формирует противоречие между потребностями общества и возможностями законодательства [1].

ИИ в юридической сфере рассматривается прежде всего как сложная система алгоритмов, способная анализировать данные, обучаться, делать прогнозы и принимать решения, которые ранее требовали участия человека. Он одновременно выступает инструментом правоприменения (например, в аналитике судебной практики, подготовке документов), объектом правового регулирования (требующим норм безопасности, правил ответственности и защитных механизмов), а также предметом теоретических дискуссий о возможной частичной правосубъектности — концепции «электронного лица» [2].

Современное право сталкивается с рядом трансформаций, связанных с развитием цифровых технологий. Одним из ключевых вопросов является распределение ответственности за вред, причинённый системами ИИ. Не всегда ясно, должен ли отвечать разработчик, владелец, оператор или пользователь алгоритма. Обсуждаются модели строгой ответственности владельца,

делегированной ответственности разработчиков и комбинированные схемы, которые могут учитывать вклад всех участников [3]. Дополнительную сложность создаёт проблема «чёрного ящика»: многие алгоритмы ИИ принимают решения, процесс формирования которых невозможно прозрачно объяснить, что затрудняет оценку законности и справедливости таких решений [4].

Существенную угрозу создаёт и алгоритмическая дискриминация, возникающая в случаях, когда ИИ обучается на неполных или предвзятых данных. Это может приводить к нарушению принципов равенства и недопущения дискриминации, что требует введения обязательного тестирования ИИ на наличие биоза и аудита алгоритмов [5]. Кроме того, массовая обработка персональных данных ИИ требует строгого регулирования вопросов конфиденциальности, хранения и использования информации, а также механизмов предотвращения утечек и злоупотреблений [6].

В сфере интеллектуальной собственности возникают новые вопросы: кому принадлежат результаты, созданные ИИ? Большинство правовых систем считают, что искусственный интеллект не обладает сознанием, волей и моральной ответственностью, а значит, не может быть признан автором. Авторство обычно закрепляется за человеком — разработчиком или пользователем системы [7]. В международном контексте разные страны формируют собственные подходы к регулированию ИИ, что создаёт необходимость в координации стандартов между государствами, чтобы избежать правового вакуума и обеспечить безопасность пользователей [8].

На сегодняшний день регулирование ИИ опирается на базовые принципы законности, прозрачности, подотчётности, недискриминации и защиты приватности. Для обеспечения безопасного развития технологий предлагается внедрять комбинированную модель распределения ответственности среди разработчиков, владельцев и государства; вводить требования к объяснимости решений ИИ в социально значимых процессах, таких как медицина, судопроизводство, кредитование; проводить независимый аудит систем; создавать специализированные государственные органы по контролю и разработке стандартов ИИ; а также развивать международное сотрудничество.

Практические рекомендации включают подготовку юристов и судей к работе с автоматизированными системами, внедрение пилотных проектов автоматизации правоприменения только после независимой экспертизы, оценку воздействия технологий на права человека, а также формирование междисциплинарных команд, объединяющих юристов, инженеров, аналитиков данных и специалистов по этике.

Таким образом, ИИ радикально меняет правовой ландшафт, открывая значительные возможности повышения эффективности и качества правоприменения, но параллельно создавая риски, связанные с ответственностью, прозрачностью, дискриминацией и защитой прав человека. Эффективное и безопасное внедрение ИИ возможно лишь при комплексном правовом регулировании, которое сочетает технические стандарты,

юридические нормы и международное сотрудничество, обеспечивая баланс между инновациями и защитой личности.

Список использованных источников:

1. Ashley K. D. Artificial Intelligence and Legal Analytics. Cambridge University Press, 2017.
2. Turner J. Robot Rules: Regulating Artificial Intelligence. Palgrave Macmillan, 2019.
3. Barfield W., Pagallo U. Research Handbook on the Law of Artificial Intelligence. Edward Elgar, 2018.
4. O'Neil C. Weapons of Math Destruction. Crown, 2016.
5. Noble S. U. Algorithms of Oppression. NYU Press, 2018.
6. Zuboff Sh. The Age of Surveillance Capitalism. PublicAffairs, 2019.
7. Calo R. Robotics and the Lessons of Cyberlaw // California Law Review, 2015.
8. Tegmark M. Life 3.0. Knopf, 2017.

Рабатов А.

Қонаев Университетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекші:

Заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Мамырова С.Т.

ҰЛТТЫҚ КОД – ЕЛІМІЗДІҢ БАҒДАРЫ

Қазақстан - әлемдегі ең көп этносты мемлекеттің бірі. Ұлттық мәдениетіміз сан ғасырдан мұраға қалған. Әлемде ұлттық мәдениетіміз орта немесе төмен дейтін халық жоқ. Барлығы да жоғары деп санайды, айтады, жазады. Біз де сондай ұлттар қатарындамыз.

Шын мәнінде, қазақ мәдениетінің ұлттық сипатын ұлттық код деп атауға болады. Мұндай кодтардың бірі біздің туысқандық қатынастарымызда жатыр. Туысқандық қатынастың көрініс табатын жері – салт-дәстүрімізде. Қазақтың салт-дәстүрі – ұлттық мәдениетінің биік тұғыры. Осы салтпен, дәстүрмен ғасырлар бойы халқымыз «тал бесіктен жер бесікке дейін» өз ұрпағының саналы, мәнді, қызықты, философиялық мәні зор өмір сүріп келгенін бізге дейінгі ғылыми еңбектерден көреміз.

Мен ұлттық код деген ұғымға ұлттың тілін, дәстүрін, дінін, ділін жатқызамын. Ерліктің ертеңін ойлайтын кез келген азамат осы төрт құндылығын жоғалтпауы тиіс деп ойлаймын. Бірақ менің ойымша қазір жаңару процесіндегі елміз деп айта алмаймын. Біз әлі күнге дейін Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтере алмай жүрміз. Бәрібір егерде материалдық мәртебеміз көтеріліп жатса да рухани жағынан шорқақпыз. Әлихан атамыз айтпақшы «Ұлтқа қызмет білімнен емес - мінезден». Бізде қазір ұлттық сана мен мінез, рух жоқ. Қазақтың тіпті, қазақ тіліне деген құрметі қалмады. Ұлттық тіліміз Қазақ тілі бола тұра, өзге

тілде сөйлесеміз. Неге бізде ұлттық мүдде жоқ. Қазақстан 30 жыл бойы мемлекеттік маңызы бар жиналыстар, сенат және мәжіліс отырыстарын мемлекеттік тілде емес өзге тілде өткізген әлемдегі жалғыз мемлекет. Бірақ осылай отырып, ұлттық код жайлы айтудың қажеті жоқ дейтіндер де аз емес. Ұлттық код жайлы айтқанда, ұлы күндерімізді, ұлы тарихымызды ұлықтауымыз керек. Неге біз «Желтоқсан көтерілісі» жайында тек желтоқсан айында ғана еске алуымыз керек? Тәуелсіздіктің тұғыры болған Желтоқсанды әр айда, әр күнде еске алсақта артық болмайды деп ойлаймын. Ортақ тілге оралсақ, Қазақстанда тұратын халықтарға мемлекеттік тіл ортақ болу керек. Ардақты Асылы Осман апайымыз айтпақшы, «Қазақтың наны тәтті де, тілі ащшы ма? Жоқ! Қазақтың нанын жеген адам, тілінде үйренсін!» Басқа тілде сөйлеме демеймін, бірақ ана тілді жетік меңгеру қажет. Бұнсыз ұлттық кодты құрамыз деу қателік. Ұлттық код құқықтық тұрғыдада өте маңызды. Құқықтағы «Сотқа беремін» деген термин өзінің құқықтық рөлін жоғалтқандай. «Маған бәрібір, қайда барсаң сонда бар» деген сөздің синониміне айналып кетті. Ұлттық құндылықтарымызды құрметтемейтін небір адамдар бар. Сотталғаны аз. Сондықтан ұлтымызға келгенде бей жәй қарамауымыз керек. Өзімізге берілген құқық шеңберінде қорғауымыз қажет. Кез келген өнімнің қажеттілігін тудырмаса оны халық қолданбайды. Дәл сол секілді Ұлттық кодымызды керекті қылуымыз қажет. Оксфордта қазақ тілін оқытатын болды деген жаңалықты естей салып бәрі жерден жеті қоян тапқандай мәз-мейрам болды. Ал сол ағылшындар біз мықты университеттімізге ағылышын тілі оқытамыз дегенде бірдеңе деді ме? Жоқ. Міне біздің қателігіміз. Әрқашан біз сыйлай алмайтын нәрсені өзге ұлт құрметтесе қуанамыз. Қазақ тілін білмесең нан жоқ деген қағиданы жұртымызға шегелейік. Өзге тілдің бәрін біл ол дұрыс. Құдайберген Жұбанов 18 тіл білген қазақ. Халел Досмұхаммедұлы былай дейді: «Ана тілін біліп, өзге тілде сөйлеу-сүйініш, ал ана тілін білмей, өзге тілде сөйлеу-күйініш» Сондықтан Ана тілімізді құрметтейік. Әлемді қазіргі күні мойындатып жатқан қазақстандықтар аз емес. Оған мысалы әлемді дауысымен бағындырған Димаш Құдайберген, жекпе жек майталманы Шавхат, шахматтан чемпион Жансая, әлемдік бокс ұйымын басқарып отырған Геннадий Головкин айта берсек шегі жоқ. Осындай қазақстандықтар мен жаспын деп жатып алмай еңбекке салынып, өздерін танытып отыр. Бізде елдің ертеңін ойлайтын халық боламыз десек осы принциппен жұмыс істеуіміз қажет. Ұсыныстарыма келетін болсақ жоғрыда айтқандай бізге Ұлттық код институтын құру қажет. Ұлтымыздың барлық жойылуға жақын мәдениеттеріміздің капсуласын құрып солардың жойылуының алдын алу керек. Осы механизм арқылы ұлт мұрасының мұртын бұзбай келешек ұрпаққа жеткізу бізге міндет. Ұлтты ұлт қылатын адам ал оны ұлы қылатын ұлттық код. Ұлтымыздың ұлылығын білейік және ол үшін бірлікпен жұмыс жасайық. Мен әрқашанда айтамын: «Қазақстанды дамыту үшін, оған адал қызмет ету үшін, қазақ болу не Қазақстанда туылудың қажеті жоқ! Тек қана «қазақстандық» болсаң жеткілікті.» Сол үшін анау жаман мынау жаман дей бермей бірлікті білек сыбанып тұрып Ұлттық құндылықтарымызды сақтауымыз керек.

Солдатова Д.

Студентка 4 курса Университета Кунаева

Научный руководитель:

кандидат юридических наук,

доцент Курманалиева Э. Б.

АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ ИСТОЧНИКИ ЭНЕРГИИ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСТАНА

Введение

Современный мир сталкивается с необходимостью перехода на альтернативные источники энергии (АИЭ) из-за истощения природных ресурсов и экологических угроз. Казахстан, обладая значительным потенциалом в сфере возобновляемых источников энергии (ВИЭ), сталкивается с рядом вызовов при их внедрении. В статье рассматриваются экономические аспекты развития альтернативной энергетики, ее преимущества перед традиционными видами генерации и сравнение с развитием атомной энергетики в стране.

1. Экономический потенциал альтернативных источников энергии

АИЭ включают в себя гидроэнергетику, солнечную и ветровую энергетику, биогазовые технологии, геотермальные источники и водородную энергетику. Их использование приводит к сокращению зависимости от ископаемого топлива и улучшению экологической ситуации.

Согласно отчету Международного энергетического агентства (IEA), глобальные инвестиции в ВИЭ составили около \$500 млрд в 2023 году [1]. В Казахстане, согласно Министерству энергетики, в 2023 году суммарная мощность ВИЭ достигла 2,4 ГВт, что составляет 4,5% от общего энергобаланса страны [2].

2. Финансовая составляющая внедрения альтернативной энергетики

Развитие ВИЭ требует значительных капиталовложений, но обладает долгосрочными экономическими преимуществами. Например, средняя стоимость строительства солнечных электростанций (СЭС) составляет \$900–\$1200 за 1 кВт установленной мощности, в то время как для традиционных угольных станций этот показатель достигает \$1500 [3].

Экономическая эффективность ВИЭ обеспечивается за счет:

- Снижения затрат на топливо (в отличие от традиционных электростанций, использующих уголь или газ);
- Государственных субсидий и «зеленых» тарифов;
- Экспорта углеродных квот в рамках Парижского соглашения.

Несмотря на высокий первоначальный капитал, возврат инвестиций в ВИЭ происходит в течение 7-10 лет, а эксплуатационные расходы значительно ниже по сравнению с традиционной энергетикой.

3. Основные проблемы развития ВИЭ в Казахстане

Несмотря на преимущества, Казахстан сталкивается с рядом препятствий при внедрении альтернативной энергетики:

- Высокие начальные инвестиции и ограниченный доступ к финансированию;
- Недостаточное развитие энергосетевой инфраструктуры для интеграции ВИЭ;
- Низкий уровень локализации производства оборудования;
- Конкуренция со стороны традиционной углеводородной энергетики.

4. Альтернативная энергетика vs. Атомная энергетика

Вопрос развития атомной энергетики (АЭС) в Казахстане остается актуальным, учитывая богатые запасы урана. Однако при сравнении АЭС с ВИЭ выявляются следующие аспекты:

- **Стоимость строительства:** АЭС требует инвестиций \$4000–\$6000 за 1 кВт установленной мощности, что значительно выше по сравнению с СЭС и ВЭС [4].
- **Экологические риски:** АЭС сопряжена с проблемами утилизации радиоактивных отходов, тогда как ВИЭ практически не загрязняют окружающую среду.
- **Энергетическая безопасность:** АЭС обеспечивает стабильную выработку энергии, но зависимость от импорта технологий и оборудования может быть серьезным ограничением.

С учетом вышеизложенного, приоритетное развитие ВИЭ представляется более перспективным направлением для Казахстана, учитывая потенциал страны в области солнечной и ветровой энергетики.

Заключение

Развитие альтернативной энергетики является стратегически важным направлением для Казахстана. Несмотря на существующие барьеры, преимущества ВИЭ включают снижение зависимости от углеводородов, экологическую устойчивость и экономическую эффективность. В сравнении с АЭС, альтернативная энергетика предлагает менее рискованные инвестиции и более устойчивое развитие. Для успешного внедрения ВИЭ в Казахстане необходимы меры государственной поддержки, инвестиционные стимулы и модернизация энергетической инфраструктуры.

Список использованной литературы:

1. International Energy Agency (IEA). Renewables 2023 Global Status Report.
2. Министерство энергетики Республики Казахстан. Статистический обзор энергетики за 2023 год.
3. Bloomberg New Energy Finance. Cost of Renewable Power 2023.
4. Всемирный банк. Экономика атомной энергетики, 2023.
5. Интернет-ресурсы

Тоқтасын Э. Ж.

Қонаев Университетінің 4 курс студенті

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы Буранбаева С.Р.

ҚР КАСПИ, АРАЛ ТЕҢІЗДЕРІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазақстандағы экологиялық мәселелердің ішінде Каспий теңізінің жағдайы ерекше алаңдаушылық тудырады. Ғалымдар соңғы жылдары теңіздің деңгейі күрт төмендеп жатқанын, бұл құбылыс Арал теңізінің қайғылы тағдырын қайталатуы мүмкін екенін жиі айтып жүр. Егер Аралдың тартылуы ХХ ғасырдағы ең ірі экологиялық апаттардың бірі ретінде тарихта қалса, Каспийдің жоғалуы бүкіл Еуразия аймағына ғана емес, ғаламдық деңгейде ауыр зардап әкелуі ықтимал. Өйткені Каспий теңізі – бірегей экожүйе, онда тек осы су айдынында ғана тіршілік ететін көптеген жануарлар мен өсімдіктер бар. Сонымен қатар, бұл теңіз миллиондаған адамның күнкөріс көзі, туризм мен балық шаруашылығының тірегі, ал табиғи ресурстары – мұнай мен газ – әлемдік экономиканың маңызды бөлігі болып отыр.

Каспийдің тартылуы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына, әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздыққа және халықаралық деңгейдегі қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеу, оның себептерін анықтау және ықтимал салдарын болжау бүгінгі таңда аса маңызды міндеттердің бірі болып саналады.

Қазақстанның ішкі сулары елдің экологиялық тұрақтылығына, әлеуметтік және экономикалық дамуына тікелей ықпал етеді. Соңғы онжылдықтарда бұл жүйелер үлкен күйзелістерге ұшырады: Каспий теңізі тартылып барады, мұнай-газ өндіруден және өнеркәсіптен ластануда; Арал теңізі адамзат тарихындағы ең ірі экологиялық апаттардың бірі ретінде құрғап қалды; ал Алматы маңындағы Сорбұлақ қоймасы ағынды сулардың жиналуына байланысты қауіпті экологиялық ошаққа айналды. Бұл құбылыстардың барлығы қоғамдық денсаулыққа, биоәртүрлілікке және аймақтың тұрақтылығына теріс әсер етуде.

Каспий теңізі – әлемдегі ең үлкен тұйық су айдыны. Соңғы жылдары оның деңгейі төмендеп, жағалау сызығы шегініп барады. Бұған өзен ағысының азаюы, климаттың өзгеруі және суармалы егіншіліктің ұлғаюы әсер етті. Сонымен қатар, мұнай мен газ өндіру жұмыстары теңіз суын ластап, бекіре сияқты бағалы балық түрлерінің азаюына әкелді. Бұл жағдай аймақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайына кері ықпал етіп отыр.

Каспий теңізі Аралдың тағдырын қайталауы ықтимал. Бүгінгі таңда экологтар бұл мәселені жиі көтеріп жүр және теңіздің неге таязданып бара жатқанын түрлі ғылыми дәйектермен түсіндіреді. Егер Каспий толық тартылып кетсе не болады? Мұның салдарын ойлаудың өзі қорқынышты... Қазірдің өзінде Каспий экожүйеге зор пайда әкеліп отыр, ал оның жойылуы табиғатқа ғана емес, бүкіл әлемдік экономикаға да орасан зиян тигізеді. Ең әуелі бірқатар экологиялық және әлеуметтік қызметтер жоғалады. Мысалы, акваөсіру шаруашылықтары тоқтап, онда еңбек етіп жүрген мамандар жұмыссыз қалады.

Қоректік заттардың айналымына байланысты экологиялық тізбектер бұзылады, туризм мен демалыс саласына қатысты мәдени қызметтер де жойылады. Миллиондаған адамның тұрмыс-тіршілігі осы теңізбен байланысты болғандықтан, ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар туындауы мүмкін, тіпті Каспий маңындағы елдер арасында шиеленістер пайда болу қаупі бар.

Зерттеушілерінің мәліметінше, Каспий теңізінің суы шегінсе, 93 мың шаршы шақырым жаңа құрлық пайда болады. Судың азаюына байланысты көптеген балық түрлері, Каспий итбалығы, омыртқасыз жәндіктер мен шаянтәрізділердің бірқатары мүлдем жоғалады. Әсіресе тек осы теңізде ғана тіршілік ететін эндемик түрлердің жойылу қаупі жоғары. Мысалы, Каспий итбалығының 99 пайызы теңіздің солтүстігіндегі қысқы мұз үстінде көбейеді екен. Ал болашақта сол мұздар жоғалса, өсімдіктер мен жануарлардың жаппай қырылуы әбден мүмкін. Каспий теңізі – биологиялық тұрғыдан бірегей ресурс көзі. Бекіре балығының әлемдік қорының 80 пайызы осы жерде шоғырланған, бұл бағалы қара уылдырықтың негізгі көзі болып саналады. Сонымен қатар, теңіздің ихтиофаунасында шамамен 150-ге жуық ерекше балық түрі мен басқа да жануарлар әлемдік генофондты құрап отыр.

Каспийдің жоғалуы тек аймақтық емес, ғаламдық апатқа айналуы ықтимал. Себебі экожүйенің бұзылуымен қатар, көптеген елдердің экономикасына да ауыр соққы береді. Каспий – мұнай, газ және биоәртүрлілік қоры жағынан теңдесі жоқ су айдыны. Бұл ресурстарды қазіргі таңда бес мемлекет – Ресей, Қазақстан, Түркіменстан, Әзербайжан және Иран бөлісіп отыр. Бірақ мұнай өндірісінің өзі теңізге үлкен зиян келтіріп жатыр. Бұл тақырып бөлек зерттеуді қажет ететін үлкен мәселе.

Журналда жарияланған мақалада былай делінген: «Жаңа ғылыми болжауларға сәйкес, ХХІ ғасырда Каспий теңізінің деңгейі бұрынғы климаттық модельдер көрсеткеннен екі есе қатты төмендейді. Су деңгейінің 9-18 метрге дейін құлдырауына байланысты теңіздің кең солтүстік қайраңы (Қазақстан акваториясының жартысынан астамы), түркімен қайраңы және оңтүстік жағалаулар түгел дерлік құрғап қалады. Ал шығыстағы Қара-Боғаз-Гол шығанағы толықтай жойылады. Егер деңгейі 9 метр төмендесе, Каспийдің жалпы ауданы 23 пайызға азаяды, ал 18 метрге төмендесе – 34 пайызға қысқарады».

Бұл мәселені тез арада шешу қажет. Дегенмен, теңізден пайда көріп отырған мемлекеттердің өз мүдделері бар. Ғалымдардың айтуынша, климаттың өзгеруі мен Каспийдегі дағдарыстың басты себебі – көмірқышқыл газының (CO_2) әлемдік деңгейде көбеюі. Ал оны азайту тек халықаралық келісімдер арқылы ғана мүмкін. Кеңес дәуірінде ғалымдар Аралды сақтап қалу үшін Сібір өзендерін бұруды ұсынған болатын. Сол сияқты кей сарапшылар Қара теңізден Каспийге канал салу идеяларын да алға тартуда. Бірақ мұндай қадамдар экологиялық және геосаяси тұрғыдан аса қауіпті.

Ғалымдардың болжауынша, тіпті ең нашар сценарийдің өзінде 2100 жылға қарай Каспий теңізінің 1000 метрге дейінгі тереңдігі бар аймақтарының 66 пайызы сақталады. Дегенмен, аумақтың үштен бір бөлігінің жойылуы Каспийді биологиялық тұрғыдан «өлі теңізге» айналдырады. Қазіргі таңда теңіз деңгейі жылына шамамен 7 сантиметрге төмендеп отыр.

Каспий теңізін қоректендіретін өзендерден суды тым көп алу салдарынан теңіз Аралдың жолын қайталауы мүмкін. Әзірге Каспийде 78 000 гигатонна су қоры бар, бұл шамамен тағы үш мың жылға жетеді» деп жазылған.

Арал дағдарысына қатысты алғашқы маңызды қадам Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстан басшыларының Ташкенттегі келіссөздері негізінде Қызылорда қаласында өткен Арал проблемалары жөніндегі тұңғыш халықаралық конференцияда қабылданған шешімдер болды.

Бұл келісімде Өмудария мен Сырдария атырауы аумағында және теңіз түбінің құрғап қалған бөліктерінде экожүйенің бұзылған тепе-теңдігін қалпына келтіру, су ресурстарын пайдалануды қатаң тәртіпке келтіретін мемлекетаралық құқықтық және нормативтік құжаттар дайындау, экологиялық зардаптар үшін өтемақы тетіктерін қарастыру, сондай-ақ аймақ халқының санитарлық-гигиеналық және медициналық жағдайын жақсарту мәселелері көтерілді.

Конференция барысында Аралды құтқару жөніндегі халықаралық қор құру туралы шешім қабылданды. Арнайы шешімге сәйкес, қордың президенті болып Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сайланды. Бұл қадам аймақ елдерінің ортақ жауапкершілігін көрсетіп, проблеманы шешуге бағытталған алғашқы институционалдық бастама болды.

Соңғы жылдары Арал маңының экологиялық ахуалын жақсартуға арналған жобалар да қолға алынуда. Мәселен, Германияның Экономикалық әріптестік және даму федералды министрлігі қаржыландырып отырған жоба аясында (8 млн еуро көлемінде) Қызылорда мен Маңғыстау облыстарында, сондай-ақ Өзбекстанның Қарақалпақстан және Хорезм аймақтарында бірқатар экологиялық шаралар жүзеге асырылмақ. Бұл туралы Қазақстанның Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев жұмыс сапары барысында хабарлаған еді.

Статистикалық деректерге сүйенсек, Арал тартылғаннан кейін 4,6 миллион гектар жер құрғап қалған. Оның ішінде 2 миллион гектардан астамы Қазақстан аумағына, ал 2,3 миллионы Өзбекстанға тиесілі. Құрғаған теңіз түбінен жыл сайын шамамен 100 миллион тонна тұзды шаң көтеріледі. Бұл тек аймаққа емес, бүкіл әлемдік экологияға кері әсер етуде.

Арал аймағында құмды тоқтату үшін сексеуіл егу бағдарламасы басталды. Ғалымдардың айтуынша, бір түп сексеуіл шамамен 4 тоннаға дейін құмды ұстап қала алады. Бүгінге дейін мыңдаған гектар аумаққа екі миллионға жуық көшет отырғызылды. 2025 жылға дейін тағы 213 мың гектар жерге сексеуіл егу жоспарланып отыр.

Арал теңізінің экологиялық дағдарысы — табиғатты дұрыс пайдаланбаудың ең айқын мысалдарының бірі. Бұл тек бір аймақтың ғана емес, бүкіл әлемдік қауымдастықтың назарында болуы тиіс күрделі мәселе.

Қазақстандағы экологиялық проблемалардың ішінде Алматы облысында орналасқан Сорбұлақ қоймасының жағдайы ерекше алаңдатады. Бастапқыда ол қаладағы тұрмыстық және өндірістік ағынды суларды уақытша жинақтап, экожүйеге зиян келтірмеу үшін салынған еді. Алайда уақыт өте келе қажетті инфрақұрылымның жетіспеуі, ағынды сулардың тиісті деңгейде тазартылмауы

және бақылаудың әлсіздігі салдарынан Сорбұлақ аймағы экологиялық апат ошағына айналып отыр.

Сорбұлақ қоймасы 1970 жылдары Алматы қаласының халық саны күрт өскен тұста, канализация жүйесінен шығатын суларды жинақтау үшін жасанды жолмен пайда болған. Оның басты мақсаты – Алматыдағы ағынды суларды тазалап, залалсыздандырып барып жіберу болатын. Бірақ жылдар өте қоймаға құйылатын судың көлемі көбейіп, тазарту жүйелері бұл көлемді игере алмай қалды.

Қазіргі таңда Сорбұлаққа құйылып жатқан сулардың басым бөлігі толық тазартылмаған. Осының салдарынан онда улы қалдықтар, ауыр металдар, тұрмыстық және химиялық заттар жиналып, көл суының экожүйесін қатты лаптап отыр. Жаз айларында судың бетінен жағымсыз иіс шығып, ол жақын маңдағы ауылдардың тұрғындарына қолайсыздық тудырады. Сонымен қатар, судың сапасы төмендегендіктен, көлге қонып жүрген құстардың, әсіресе сирек кездесетін түрлердің жаппай қырылу жағдайлары да тіркелген.

Сорбұлақтың ластануы тек көл маңындағы табиғатқа ғана емес, жер асты суларына да қауіп төндіруде. Жерге сіңген улы қалдықтар жергілікті ауыл шаруашылығына, егін мен малдың жайылымына зиян келтіруі мүмкін. Егер бұл мәселе шешілмесе, ұзақ мерзімде Алматы облысының су көздері де бүліну қаупі бар.

Экологтардың айтуынша, Сорбұлақтағы жағдайдың күрделене түсуіне бірнеше фактор ықпал етеді. Біріншіден, ағынды суларды тазалау инфрақұрылымы ескірген және толық қуатпен жұмыс істей алмайды. Екіншіден, Алматы халқының саны артқан сайын шығатын тұрмыстық қалдық көлемі де көбейіп отыр. Үшіншіден, бақылау мен қаржыландыру жеткіліксіз.

Егер бұл мәселе дер кезінде шешілмесе, Сорбұлақ экологиясының салдары ауыр болуы мүмкін.

Жергілікті халықтың денсаулығына қауіп артады: тыныс жолдары аурулары, аллергиялық реакциялар, су арқылы таралатын жұқпалы дерттердің таралуы күшеюі мүмкін.

Жануарлар мен құстардың табиғи тіршілік ортасы жойылады. Жер асты сулары улануы ықтимал, бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасына әсер етеді.

Жағдайдың ушығуы экологиялық апат ретінде халықаралық деңгейде де резонанс тудырады.

Сорбұлақ проблемасы – экологиялық жауапсыздықтың айқын көрінісі. Бұл мәселені шешу үшін ағынды суларды терең тазарту жүйелерін жаңғырту, көл суын кезең-кезеңімен қалпына келтіру, қоршаған ортаға мониторинг жүргізуді күшейту қажет. Сонымен бірге, халық арасында экологиялық мәдениетті арттырудың да маңызы зор. Егер Сорбұлақтағы жағдайға дер кезінде көңіл бөлінбесе, ол Алматы облысы ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін күрделі экологиялық қатерге айналуы мүмкін.

Қазақстандағы су айдындарының тағдыры – Сорбұлақ қоймасы, Арал теңізі және Каспий теңізі елдің экологиялық болашағы үшін аса маңызды сынақ болып отыр. Бұл үш мысал да табиғатты дұрыс пайдаланбаудың, ғылыми

негізделмеген шаруашылық саясаттың және уақытылы шешім қабылдамаудың салдары қандай ауыр зардаптарға әкелетінін айқын көрсетеді.

Арал теңізінің апаты адамзат тарихындағы ең ірі экологиялық қателіктердің бірі ретінде белгілі. Ол су ресурстарын тиімсіз басқарудың нәтижесінде тұтас аймақтың климатына, экономикасына және халық денсаулығына зиян келтірді. Каспий теңізі бүгінде дәл сондай қауіптің алдында тұр: теңіздің тартылуы биоәртүрліліктің жоғалуына, халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауына және аймақтық тұрақсыздыққа алып келуі ықтимал. Ал Сорбұлақ көлінің мәселесі – урбанизация мен өндірістік дамуды экологиялық бақылаусыз жүргізудің салдары. Ол жергілікті жердің ауасы мен суын ластап, адам денсаулығына нақты қауіп төндіріп отыр.

Бұл проблемалардың барлығы бір ортақ шындықты дәлелдейді: табиғатты елемеу, экожүйе заңдылықтарын бұзу тек аймақтық емес, жаһандық зардаптарға әкеледі. Су тапшылығы, жердің құнарсыздануы, биоәртүрліліктің жоғалуы мен халықтың көші-қоны – бұл тек экологияның ғана емес, елдің әлеуметтік-экономикалық қауіпсіздігінің мәселесі.

Сондықтан Сорбұлақ, Арал және Каспий тағдырынан алынған сабақ – табиғатқа жасалған әрбір немқұрайлық әрекет ертеңгі күні орны толмас шығынға айналатынын түсіну. Қазақстан үшін басты міндет – су ресурстарын басқаруды халықаралық стандарттарға сай жетілдіру, ағынды суларды тазарту инфрақұрылымын жаңғырту, трансшекаралық ынтымақтастықты нығайту және халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыру.

Егер бүгіннен бастап нақты шаралар қабылданса, бұл айдындарды сақтап қалуға мүмкіндік бар. Ал әрекетсіздік жағдайында, Сорбұлақтың уланған сулары, Аралдың тұзды дауылы мен Каспийдің тартылуы болашақ ұрпаққа ауыр мұра болып қалуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзағалиев М. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми мәліметтері.
2. «Каспий теңізінің деңгейінің төмендеуі жөніндегі жаңа ғылыми болжамдар» – экологтардың сараптамалық мақалалары.
3. Аралды құтқару жөніндегі халықаралық қордың (Халықаралық Арал қоры – IFAS) ресми материалдары.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Арал аймағындағы экологиялық жағдай» бойынша статистикалық деректері.
5. «Арал апаты: экологиялық, әлеуметтік-экономикалық салдарлар» – ғылыми жинақ.
6. Алматы қаласының ағынды су жүйелері мен Сорбұлақ қоймасына қатысты экологиялық мониторинг есептері.
7. Орталық Азиядағы су ресурстарын басқаруға арналған халықаралық ұйымдардың (GIZ, UNEP, UNDP) баяндамалары.
8. Ғылыми журналдардағы Каспий теңізінің экожүйесі, биоресурстары және климаттық өзгерістер әсері туралы зерттеулер.

Төлеуғазы Ш. Қ.

Қонаев Университетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекшілер:

аға оқытушы Сюрикпаева А.О.

БАНКТЕРДЕГІ КИБЕРҚАУІПСІЗДІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бүгінде банктер тек қаржы институты емес, үлкен көлемдегі деректерді өңдейтін цифрлық инфрақұрылымға айналды. Клиенттердің ақшасы, төлем тарихы, құпия деректері – барлығы ақпараттық жүйелерде сақталады. Сондықтан банктерге жасалатын кибершабуылдар тек бір ұйымның емес, бүкіл экономиканың қауіпсіздігіне әсер етеді. Осы тұрғыдан біз «Ақпараттандыру туралы» заң негіздерін талдай келе «Ақпараттандыру саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мақсаттары ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және оны дамытуды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін ақпараттық жағынан қамтамасыз ету үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер өндірісінде елішілік құндылықты дамыту үшін жағдайлар жасау болып табылады» [1] деген бапқа сүйене отырып, банктік киберқауіпсіздікті құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселесі мемлекет, банк және клиент деңгейінде өзекті екенін аңғарамыз. Әсіресе банктер клиенттердің жеке деректерін, төлем ақпаратын, есепшоттардағы қаражат қозғалысын сақтайтындықтан, киберқауіпсіздік мәселесі мұнда аса маңызды. Соңғы жылдары Қазақстанда және әлемде банктерге жасалатын фишинг, DDoS-шабуылдар, зиянды бағдарламалар, мобильді банкинг арқылы алаяқтық едәуір көбейді.

Осыған байланысты банктік қызметтің үздіксіздігі мен клиенттердің мүдделерін қорғау үшін киберқауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету тақырыбы күн тәртібінде тұр.

Банктік киберқауіпсіздік – банктің ақпараттық жүйелерін, деректерін, бағдарламалық қамтамасыз етуін және клиенттердің қаржылық ақпаратын киберқылмыстардан қорғау шараларының жиынтығы. Қарапайым тілмен айтқанда, банктік киберқауіпсіздік — банктің барлық электрондық жүйелерін хакерлерден қорғау. Банктік киберқауіпсіздіктің негізгі мақсаттары:

- Банктің ақпараттық ресурстарын қорғау.
- Клиенттердің деректерін құпия сақтау.
- Жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.
- Қаржылық фрод пен алаяқтық әрекеттерді тоқтату.
- Қауіптерді алдын ала анықтау және инциденттерге дер кезінде жауап беру
- Заңнамалық талаптарды орындау.

Кибершабуылдардың банктерге тигізетін ықпалы: клиенттердің қаражатын жоғалтуына, банк жүйесінің уақытша тоқтауына, деректердің интернетке таралуына, банктің беделінің төмендеуіне әкеледі. Мәселен, соңғы

жылдары Қазақстанда мобильді банкингті қолданатын клиенттер саны күрт артты. Бұл – киберқылмыскерлер үшін жаңа мүмкіндіктер: жалған қосымшалар, фишингтік сайттар, әлеуметтік инженерия тәсілдері кеңінен қолданылуда. Қазақстанда банктердің ақпараттық қауіпсіздігін реттейтін бірнеше негізгі құқықтық құжаттар бар: «Ақпараттандыру туралы» [1] Заң — ақпараттық жүйелерді қорғау талаптарын бекітеді. «Жеке деректер туралы» [2] заң — клиент деректерін заңсыз пайдалануға жол бермейді. ҚР Қаржы нарығын реттеу агенттігінің нормативтері - банктерге ақпараттық қауіпсіздік саясатын, резервтік орталықтарды, мониторинг жүйесін міндеттейді. Ұлттық Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы - банктерді киберқауіптер картасына енгізіп, мемлекеттік бақылауды күшейтеді. Осыған байланысты әр банк жүйесі ішкі актілерлерімен қамтамасыз етеді. Мысалға, ақпараттық қауіпсіздік саясатын қабылдайды, қызметкерлердің деректерге қолжетімділік деңгейін реттейді, техникалық қорғаныс жүйелерін қолдайды, резервтік серверлерді іске қосады, инциденттерді тіркеу және оларға әрекет ету протоколын орнатады.

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заң негізінде бұл 61-5 бапта [3] қарастырылған. Қазіргі банк жүйесі тек ішкі актілермен шектелмейді. Банктер халықаралық стандарттарды да қолдануға міндетті. Оларға:

- ISO/IEC 27001 — ақпараттық қауіпсіздік менеджменті;
- PCI DSS — төлем карталары деректерін қорғау;
- Basel III — операциялық тәуекелдер, соның ішінде киберқауіптерді бағалау;
- NIST Framework — шабуылдарды анықтау мен жауап берудің үлгілі моделі.

Бұл стандарттар құқықтық талаптармен бірге қолданылғанда банктердің цифрлық тұрақтылығын күшейтеді. Банктік киберқауіпсіздік саласында шешімін таппаған мәселелер бар:

1. Киберқауіптер заңнамадан жылдам дамуда.
2. Клиенттердің ақпараттық сауаттылығы әлі де төмен.
3. Банктердің технологиялық мүмкіндігі бірдей емес.
4. Fintech компанияларымен өзара әрекеттесуде құқықтық олқылықтар бар.
5. Трансшекаралық кибершабуылдар үшін бірыңғай халықаралық механизм жоқ.

Салалық талаптарды да тілге тие кеткен жөн, мысалы ақпараттық қауіпсіздік саясатын құру; тәуекелдерді бағалау; ақпараттық жүйелердің үздіксіздігін қамтамасыз ету; төлем жүйелері қауіпсіздігін сақтау міндеттерін жүктейді. Банктік киберқауіпсіздіктің басым қауіп түрлері: Фишинг және SMS-/email-алаяқтық, клиенттерді алдап, шоттан қаражат шығару мақсатында жалған сайттар мен хабарламалар қолдану. Зиянды бағдарламалар (malware), банктің ішкі жүйесіне еніп, мәліметтерді ұрлау немесе өзгерту. DDoS-шабуылдары, жүйені істен шығару арқылы банк қызметін тоқтату. Инсайдерлік қауіп, банктің өз ішіндегі қызметкерлер тарапынан жасалатын заңсыз әрекеттер, мобильді банкингке және төлем жүйелеріне шабуылдар.

Банктердегі киберқауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудің негізгі бағыттары:

1. Құқықтық реттеуді жетілдіру: банктік алаяқтықтың жаңа түрлеріне қатысты нақты құқықтық нормалар енгізу; кибершабуылдар үшін жауапкершілікті күшейту; төлем сервис провайдерлерінің құқықтық мәртебесін нақтылау.

2. Дербес деректерді қорғауды күшейту: клиенттердің биометриялық деректерін сақтау бойынша қосымша талаптар; деректерді беру және өңдеу қауіпсіздігін бақылау.

3. Банктің ішкі регламенттері: Банктерде міндетті түрде: ақпараттық қауіпсіздік саясаты; қолжетімділік құқықтарын бөлу; қызметкерлерді оқыту; шифрлау технологияларын қолдану; резервтік орталықтар (DRP/BCP) болуы қажет.

4. Инциденттерге жедел жауап беру жүйесін дамыту: CSIRT/ SOC орталықтары құру; мемлекеттік органдарға ақпаратты уақытылы хабарлау; threat intelligence қолдану.

«Банктердегі киберқауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету» тақырыбында нақты өмірден алынған мысалдар құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық аспектілерді көрсету үшін өте пайдалы. Мысалы:

1. Фишинг шабуылы (Қазақстан мысалы) 2022 жылы Қазақстандағы бір коммерциялық банктің клиенттері фишингтік сайт арқылы алданған. Клиенттерге SMS арқылы «Төлем жүйесінде жаңарту қажет» деген хабарлама келіп, оларға жалған сілтеме берілген. Нәтижесінде кейбір клиенттердің шотынан заңсыз ақша аударымдары жасалған [4].

2. Ransomware шабуылы (Халықаралық мысал) 2021 жылы Capital One Bank (АҚШ) компаниясының серверлеріне шабуыл жасалып, 100 млн-нан астам клиент деректері ұрланған. Хакерлер жүйені шифрлап, ақшалай талап қойды [5].

3. DDoS шабуылы (Еуропа мысалы) 2020 жылы Германиядағы бір ірі банкке DDoS шабуылы жасалды. Шабуыл кезінде интернет-банкінг және мобильді қосымшалар бірнеше сағатқа істен шықты [6].

4. Ішкі қауіп (Қазақстан мысалы) 2021 жылы Қазақстандағы бір банктің ішкі қызметкері өзіне рұқсат берілген жүйелер арқылы клиент деректерін заңсыз шығарып, сатпақ болған. Нақты өмірдегі оқиғалар көрсеткендей, құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық стандарттарды енгізу банктерге киберқауіптерге қарсы тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қазақстандағы банктердегі алаяқтыққа қарсы заңдар Банктік алаяқтықпен күрес Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің [7] арнайы заңдарымен және Ұлттық Банк талаптарымен реттеледі. Негізгі қылмыстық кодекстің келесі баптары: 190-бап – алаяқтық, 192-бап – ақпаратты қорқытып алу, 200-бап – жалған төлем құжаттары, 201-бап – ақпараттық жүйеге заңсыз кіру, 207-бап – IT арқылы ұрлық қамтиды. Осы баптар арқылы қылмыскерді тез әрі тиімді түрде табуға болады.

Қорытындылай келе, банктердегі киберқауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету – қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен азаматтардың мүдделерін қорғаудың маңызды шарты. Қазақстанда киберқауіпсіздік бойынша заңнамалық база

қалыптасқанымен, цифрлық банкінгтің даму қарқыны құқықтық жүйеден жылдам өзгеріп отырады. Сондықтан құқықтық реттеу, технологиялық қорғаныс және клиенттердің цифрлық мәдениетін арттыру – банк секторындағы киберқауіпсіздіктің негізгі элементтері болып қала береді. Құқықтық базаны күшейту, халықаралық тәжірибені енгізу, банктердің өз ішкі саясаттарын цифрлық талаптарға сәйкестендіру және клиенттердің ақпараттық мәдениетін арттыру – осы саланың негізгі бағыттары. Тек осы шаралар кешені арқылы банктер киберқауіптерге қарсы тұра алады және қаржы жүйесінің тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Қазақстанда бұл салада жеткілікті құқықтық база қалыптасқанымен, кибершабуылдардың күрделенуі құқықтық нормаларды үнемі жаңартуды талап етеді. Тиімді құқықтық реттеу, заманауи технологиялық қорғаныс және халықтың ақпараттық мәдениеті — банктердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі үш элементі болып табылады. Технологиялық процестердің жылдам өзгеруі құқықтық нормалардың тұрақты жаңартылуын талап етеді. Ұлттық заңнама, халықаралық стандарттар және банктердің ішкі саясаты үйлескен жағдайда ғана киберқауіпсіздіктің тиімді жүйесі қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>
2. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>
3. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заңы. «Банк және банк қызметі туралы» ҚР Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444>
4. «Фишингтік шабуылдар» [Электрондық мақала] <https://www.gov.kz/memleket/entities/kgdzko/press/news/details/923606?lang=kk>
5. «АҚШ-тың ірі банк холдингіне хакерлік шабуыл жасалды» [Электрондық мақала] <https://inbusiness.kz/kz/news/aksh-tyn-iri-bank-holdingine-hakerlik-shabuyl-zhasaldy>
6. «Vласть басылымы жаппай DDoS-шабуылға ұшырағанын хабарлады» [Электрондық мақала] <https://www.azattyq.org/a/vlast-basylymy-zhappai-ddos-shabuylga-ushyragany-habarlady/33610907.html>
7. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

Устабаева К.

Студентка 4 курса Университета Кунаева

Научный руководитель:

кандидат юридических наук,

доцент Курманалиева Э. Б

ЦИФРОВОЙ КАЗАХСТАН: КОМПЛЕКСНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЭКОНОМИКИ И ОБЩЕСТВА

Программа «Цифровой Казахстан» — это долгосрочная стратегия, нацеленная на то, чтобы страна уверенно вошла в число государств с развитой цифровой экономикой. Она охватывает ключевые сферы: государственное управление, промышленность, социальную инфраструктуру, бизнес-среду и развитие цифровых навыков населения. По сути — это переход от традиционных методов работы к современным технологическим моделям, которые повышают эффективность, прозрачность и конкурентоспособность всей экономики.

Одной из основных задач программы стало развитие цифровой инфраструктуры. Расширение доступа к скоростному интернету, строительство дата-центров, внедрение облачных технологий — всё это создаёт фундамент, на котором выстраиваются цифровые сервисы и инновации. Для государства это делает управление более быстрым и прозрачным. Для бизнеса — снижает затраты и ускоряет процессы. Для населения — повышает качество услуг и улучшает уровень жизни.

Важное направление — цифровизация государственного сектора. Переход услуг в онлайн, электронные лицензии, цифровые документы, автоматизация государственных процессов значительно сократили очереди, исключили лишнюю бюрократию и уменьшили человеческий фактор. Сегодня многие операции выполняются дистанционно, а данные интегрируются между ведомствами, что ускоряет принятие решений и повышает безопасность информации.

Цифровая трансформация затронула и экономику. Промышленность активно внедряет технологии индустрии 4.0 — датчики, роботизацию, системы мониторинга, искусственный интеллект. Это помогает предприятиям контролировать качество, снижать издержки и прогнозировать риски. Малый и средний бизнес получил доступ к цифровым платформам, онлайн-торговле, маркетинговым инструментам и сервисам автоматизации, что расширяет возможности для роста и выхода на новые рынки.

Отдельное внимание уделено развитию человеческого капитала. Цифровые навыки становятся обязательным условием не только для специалистов IT-сферы, но и для представителей любых профессий. В школах внедряется обновлённая программа по информатике, развиваются кружки программирования, открываются технопарки и образовательные хабы. Для взрослого населения доступны курсы по цифровой грамотности, что помогает уверенно пользоваться технологиями и не выпадать из цифровой среды.

Социальная сфера также меняется. В медицине внедряются электронные карты, телемедицина, системы записи к врачам. В образовании — онлайн-

платформы, электронные дневники, дистанционные форматы обучения. Это делает услуги доступнее, особенно для жителей отдалённых регионов Казахстана.

В итоге программа «Цифровой Казахстан» стала не просто технологическим проектом, а драйвером глубоких изменений. Она формирует современную инфраструктуру, расширяет экономические возможности, поднимает качество государственных услуг и повышает цифровую культуру всего общества. Впереди ещё много задач — развитие искусственного интеллекта, укрепление кибербезопасности, стимулирование инноваций, поддержка стартапов. Но базу уже заложили, и она позволяет стране уверенно двигаться к цифровому будущему.

Список использованной литературы:

1. Государственная программа Республики Казахстан «Цифровой Казахстан». — Астана.
2. Указ Президента Республики Казахстан о мерах по реализации цифровой трансформации экономики.
3. Закон Республики Казахстан «Об информатизации».
4. Закон Республики Казахстан «О персональных данных и их защите».
5. Официальный интернет-ресурс электронного правительства Республики Казахстан (e-gov.kz).

копир&ка

Адрес типографии:

г. Алматы, ул. Шемякина д.73

rex8800@mail.ru

Подписано в печать 18.12.2025 г.

Формат 60х90 1/16.

Печать цифровая. Бумага офсетная.

Усл. печ. л. 12,5.

Тираж 100 экз.

Заказ № 09012026=20.

